




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М. Сейтқазықызы



**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ  
ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ**

Алматы, 2012

**М. Сейтқазықызы**

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ  
ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ**

**Оқулық**

ӘОЖ 347.9 (075.8)  
КБЖ 67.72 я 73  
С 31

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
«Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығы бекіткен*

*Пікір жазғандар:*

заң ғылымдарының кандидаты, доцент **Р. Акпарова**;  
заң ғылымдарының докторы, профессор **К. А. Жириеншин**;  
заң ғылымдарының кандидаты, доцент **Н. М. Батырбаев**.

**Сейтқазықызы М.**

**Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау:**  
Оқулық. – Алматы: 2012. - 256 бет.

С 31

**ISBN 978-601-217-338-3**

Оқулықта прокурорлық қадағалау туралы заңдар, прокурор қызметінің теориясы мен практикасы жеткілікті қамтылған. Прокурор қызметінің негізгі бағыттары берілген. Оқулық заңгерлер дайындайтын жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына арналған.

ӘОЖ 347.9 (075.8)  
КБЖ 67.72 я 73

ISBN 978-601-217-338-3

© М. Сейтқазықызы, 2012  
© ҚР Жоғары оқу орындарының  
қауымдастығы, 2012

---

## КІРІСПЕ

«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсы – дербес құқықтық пән. Оның құрамына прокурорлық қадағалау туралы заңдар, қадағалаудың дәстүрлі қалыптасқан салаларында прокурор қызметінің теориясы мен практикасы және прокурор қызметінің негізгі бағыттары туралы білімдер енеді.

Прокурорлық қадағалау Қазақстан Республикасында заңды нақты және біркелкі орындау республикадағы құқық тәртібін және заңдылықты нығайту бойынша міндеттердің табысты орындалуын, әлеуметтік әділдік қағидаларын іске асыруын қамтамасыз ететін мемлекеттік қызметтің дербес түрлерінің бірі болып қарастырылады.

Прокурорлық қадағалау - адам мен азаматтардың заңды мүдделерін және құқықтарын қорғаудың маңызды кепілдіктерінің бірі.

Заңгерлер дайындайтын оқу орындарында «Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсы ең маңызды құқықтық пәндердің бірі, оны оқу өте қажет, өйткені бұл курстың аясында Қазақстан Республикасының прокуратура органдары ұйымдастырылуының, қызметінің және өкілеттілігінің мәселелері қарастырылады.

«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсы оқу бүкіл заң саласындағы жоғары оқу орындардың оқу бағдарламаларына енгізілген.

Құқық қызметінің әрбір саласының прокурорлық қадағалауға тікелей қатынасы бар, немесе керісінше, прокурорлық қадағалау немесе прокуратура органдарының басқа қызметтері қоғамдық өмірде пайда болатын құқықтық қатынастардың барлық түрлеріне қатысты болады.

Прокурорлық қадағалау туралы сөз көптеген құқық пәндерінде (мемлекет және құқық теориясы, қылмыстық іс жүргізу өндірісі, азаматтық іс жүргізу, әкімшілік құқық, құқық қорғау органдарының курсы және т.б.) айтылады.

Аталған пәнді оқу әдістері жалпы ғылыми, жеке ғылыми және арнайы болып бөлінеді. Жалпы ғылыми әдістердің құрамында – талдау, синтез, индукция, дедукция, аналогия және басқа әдістер. Заң ғылымдарында пайдаланатын жеке ғылыми және арнайы әдістердің құрамында – модель жасау, тәжірибе, қисын-зандық, салыстырмалы-құқықтық және басқа әдістер.

«Қазақстан Республикасында прокурорлық қадағалау» оқу курсы құрылысы жалпы және ерекше бөлімдерінен тұрады.

Жалпы бөлімінде прокуратура органдарының түсінігі, мәні, міндеттері, даму тарихын зерттеу мәселелері, прокуратураның ұйымдастырылуы мен қызметі туралы қағидалар, прокуратура жүйесі мен құрылысы, прокурорларға қойылатын талаптар және прокурорларды қалыптастыру тәртіптері туралы ілімдер оқытылады.

Курстың ерекше бөлімінде прокуратура органдары қызметтерінің басты бағыттары зерттеледі.

Курстың жеке тараулары прокуратураның өзге де қызметінің мазмұны мен мақсаттарын қолдану тәсілдеріне арналады. Олар: прокуратураның құқық қорғау органдарының қылмыспен күрес, оның алдын алудағы, заңдылық пен тәртіптің нығаяуына бағытталған жұмыстарын үйлестіру міндетін атқаруы; халықаралық ынтымақтастық саласында прокуратура органдарының қызметі мен өкілеттігі; мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдылықты қадағалауды жүзеге асыру қызметі.

Прокуратура органдарының ұйымдастырылуы және қызметі біріншіден Конституцияның – Қазақстан Республикасының Ата заңының ережелеріне негізделеді және Қылмыстық істер жүргізу, Азаматтық істер жүргізу, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерімен, «Прокуратура туралы» Заңымен, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрықтары мен нұсқаулықтарымен және т.б. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен қатаң шектеледі.

«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» пәнін игеруге арналған бұл оқулық заңгерлер дайындайтын жоғары оқу орнының студенттеріне арналып, олардың осы пәнді тез, толық игеруіне, емтихандарға, сынақтарға дайындалуларына, өз

беттерімен жұмыс істеулеріне қолайлы болуын ескере отырып жасалынған.

Оқулықта пәнді оқыту жоспарына сай тақырыптар топтастырылып, тарауларға бөлініп, соңында прокурорлық құқықтық актілердің, прокуратураның жұмысын үйлестіретін кейбір актілерінің үлгісі мен бақылау сұрақтары берілген.

«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсының табысты меңгерудің шарттарының бірі - жоғары оқу орындарының бағдарламасына сай, студенттермен өткізілетін өндірістік тәжірибенің дұрыс ұйымдастырылуы.

## **ЖАЛПЫ БӨЛІМ**

### **1-тарау. «Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсының пәні мен жүйесі**

#### **§1. «Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсының пәні, жүйесі мен мазмұны**

«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» оқу курсының пәні - прокуратураның міндетін, мақсатын және оның органдарының ұйымдастырулары мен қызметтерінің принциптерін, прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттарын жүзеге асырудағы өкілеттігін реттейтін құқықтық нормалар.

«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» құқық саласының бір түрі ғана емес, ол заң ғылымдарының саласы. Осы заң ғылымы арқылы прокуратураның мағынасы, маңызы, оның пайда болу және даму заңдылығы зерттеледі.

Заң ғылымдарының бір саласы ретінде «прокурорлық қадағалау» жалпы зерттеу объектілеріне ие.

«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсы прокурорлық қадағалаудың мәселелері мен прокуратураның қызметіндегі басқа да салаларды зерттейтін теориялық ілімдердің негізін оқытады.

Мемлекет, құқық және заңдылық туралы ілім – прокуратураның ұйымдастырылуы мен қызметінің теориялық негізі.

«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» пәнінің оқу объектісі – республика аумағындағы заңдар, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары және басқа нормативтік құқықтық актілерін, олардың бұзылуын өз уақытында анықтау және жою шараларын қабылдау, кінәлілерді жауапқа тарту, заңмен белгіленген шектерде және тәртібінде қылмыстық қудалауды іске асыру жолымен, заңдардың нақты және біркелкі орындалуына толық жоғарғы қадағалауды қамтамасыз ету.

Прокурордың қадағалау әрекеттерінің ерекшеліктерін ең жүйелі ашатын заңдылықтың құқықтық категориясы – прокуратура органдарының қадағалау компетенциясы таратылатын заң-

да көрсетілген органдарының, ведомстволарының және тұлғаларының әрекеттері мен актілері.

Қазақстан Республикасында әрекеттегі заңдардың және Конституцияның сақталуын прокуратураның қадағалауымен пайда болатын қоғамдық қатынастар прокурорлық қадағалаудың заты болады. Құқықтық реттеу пәніне қарай құқықтық реттеу әдісі құқықтық нормалардың салаларға бөлінуіне негіз болады, яғни қоғам өмірінің бұл саладағы құқықтық қатынастары – қатысушыларының мінез-құлықтарына құқық нормаларымен белгіленген құқықтық әсер етудің әдісі.

Прокурорлық қадағалаудың мәні – мемлекет атынан Қазақстан Республикасы Президентінің бақылауымен, тек қана Қазақстан Республикасы Бас прокурорына бағынатын прокурорлардың жергілікті органдарға тәуелденбей іске асыру. Прокурорлық қадағалау мемлекеттің бүкіл аумағында және барлық министрліктер мен ведомстволарға, оларға бағынатын мекемелер мен кәсіпорындарға, атқару және өкімші органдарға, қоғамдық ұйымдарға, лауазымдық тұлғаларға және азаматтарға қызмет етеді.

Прокуратура кез келген заңды бұзушылықты анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен өзге де құқықтық актілерге наразылық жасайды, сотта мемлекеттің мүддесін қорғайды, заңда белгіленген жағдайларда тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Прокуратураның мақсаты, оның басты міндеті – заңдылықты қамтамасыз ету, ол қоғам өмірінің барлық басты салалары бойынша прокурорлық қадағалауды іске асыру нысандарының әралуандығы арқылы жүзеге асырылады.

Прокуратураның маңызды белгісі – жаппай сипаттағы, адамдардың көпшілігінің құқықтары мен бостандықтарына, мемлекеттің заңды мүдделеріне әсер ететін заң бұзушылықтарына тосқауыл қою қабілеті.

Прокуратура статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады, арнайы есепке алуды жүргізеді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады.



«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсының жүйесі жалпы және ерекше бөлімнен тұрады.

Курстың жалпы бөлімі прокуратураның даму тарихын зерттеу, прокуратураның ұйымдастырылуы мен қызметі туралы қағидалар, прокуратура жүйесі мен құрылысы, прокуратураның басқа мемлекеттік органдар арасындағы орны, қызметінің негізгі бағыттары, құқықтық актілері, қызметінің құқықтық кепілдігі, прокурорларға қойылатын талаптар және оларды қалыптастыру тәртiптерi туралы ережелерден тұрады.

Ерекше бөлімде прокуратура органдары қызметтерінің басты бағыттары мен өзге де қызметі зерттеледі. Арнайы тараулары прокурорлардың адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, заңды тұлғалардың және мемлекеттің мүдделерінің сақталуын, жедел іздестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің заңдылығын қадағалау, азаматтық және қылмыстық істерге қатысу, атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды ұйымдастырулары мен қызметіне арналған.

«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсына прокуратура органдарының республикада заңдылық пен тәртіптің нығаяюына бағытталған міндеттері, заңдылық жөніндегі ұғым және оның мемлекеттің әрі қарай дамуына ықпалы, прокуратураның басқа құқық қорғау органдарымен, қоғамдық құрылымдармен қарым-қатынасы зерттеледі.

Курстағы ерекше бір орын алған, ол прокурорлық қадағалау кезіндегі заңсыздықты жоюға бағытталған прокуратураның құқықтық актілері туралы ұғым мен олардың мазмұнын ашу мәселесі.

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңына сай прокуратураның құқықтық актілері мыналар: наразылық, қаулы, ұйғарым, өтініш, санкция, нұсқау, ұсыныс, алдын ала ескерту, үндеу, заңды түсіндіру – бұлар прокурорлық қадағалау актілері.

Прокуратураны ұйымдастыру және оның қызмет мәселелерін реттейтін актілер: бұйрықтар, нұсқаулар, өкімдер, ережелер, нұсқаулықтар.

Прокуратураның ережелері мен нұсқаулықтары тиісті прокурорлардың бұйрықтарымен бекітіледі. Нормативтік құқықтық актілердің қолданылуын тоқтата тұратын прокурорлық қадаға-

лау актілері Әділет министрлігінің тиісті мекемесінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жатады.

Сонымен қатар курста Қазақстан Республикасы прокуратурасының құқықтық статистиканы қалыптастыру, арнайы есепке алуды жүргізу және осы саладағы заңдардың қолдануын қадағалаудың маңызы, қылмыспен күрес және оның алдын алудағы құқық қорғау органдарының жұмысын үйлестіру жөніндегі қызметінің маңызы мен мақсаты, басқа шет елдер прокуратурасымен халықаралық құқықтық қатынастары мәселелері де қаралады.

«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» оқу пәні бірқатар оқу пәндерімен, атап айтқанда, қылмыстық құқықпен, қылмыстық іс жүргізумен, азаматтық құқықпен, азаматтық іс жүргізумен, әкімшілік, атқарушылық және т.б. құқықтық пәндермен тығыз байланыста болады.

Мұның өзі заң күшінің барлық жерде шүбәсіздігін бекітуге бағытталған прокурорлық қадағалаудың, мемлекеттік қызметтің ерекше түрі екенін білдіреді.

## **§2. Прокуратура Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық институттарының жүйесінде**

Мемлекеттік-құқықтық институт жүйесіндегі прокуратураның орнын дәл белгілеу, прокуратура органдарының маңызын, құқықтық статусын, қызметінің түрі мен тәсілінің ұйымдастыруды анықтау үшін өте маңызды.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сай Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады. Ал Республика Президенті - халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі. Сонымен қатар Республика Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді. Қазақстан Республика-

сы Президентінің осы үлкен міндетін атқаруына тікелей көмек көрсететін прокуратура органдары.

Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңына сай прокурорлық қадағалау мемлекеттік қызметтің дербес, арнайы саласы болып табылады. Мемлекеттік қызметтің түрі ретінде прокурорлық қадағалаудың дербестігі оның республика көлемінде заңдар мен Президент Жарлықтарының, басқа да нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл, бірыңғай қолданылуына жоғарғы қадағалау жасап, заңсыздықты анықтап, оны жоюға барлық шара ала алатындығында. Бұл қызметті прокуратурадан басқа бірде-бір мемлекеттік немесе басқа органдар атқара алмайды, яғни прокуратураның міндеті басқа мемлекеттік құрылыстың міндеттерінен айрықша.

Прокурорлық қадағалаудың ерекшелігі оның ешбір билік тармақтарына жатпай, тәуелсіз, біртұтас, орталықтандырылған, тек Қазақстан Республикасы Президентіне есеп беретін мемлекеттік орган прокуратура органдары арқылы ғана жүзеге асырылатындығында.

«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсы прокурорлардың жоғарғы қадағалауды іске асырудағы міндеттерін орындау әдістері мен тактикасын ашады.

Заңсыздықты анықтап, оны жоюда прокурордың құзыреті үнемі бірдей бола бермейді. Мысалы, тергеу мен анықтама заңдылығына қадағалау жасау кезінде прокурорлар заңсыздықты анықтап, оны жоюға шара алып қана қоймайды, өз бетінше шешімдер де алады. Қылмыстық істі қысқарту, заңсыз қамауда отырған адамды босатып жіберу немесе қылмыстық іс қозғап, оны тергеу органына жіберу, т.б.

Ал мемлекеттік органдардың іс-әрекетінің заңдылығына қадағалау жасау кезінде прокурорлар олардың шаруашылық, басқару қызметіне араласпауы керектігі заңмен шектелген. Сол сияқты прокурорлар соттың заңсыз шешімдеріне наразылық келтіргенмен, олар бойынша заңды шешім алу соттың ғана құзыретінде. Сол сияқты прокурорлар басқа мемлекеттік органдардың бақылау функциясын алмастырмайды.

Барлық құқықтық қатынасқа түсетін субъектілердің заң талап-

тарын орындауы, заңмен реттелген құқықтарын қолдануы және заң шеңберіндегі өкілдіктері арқылы шешімдер мен құқықтық актілер қабылдау қызметі де прокурорлық қадағалау объектілері болып табылады.

Құқықты қолданатын субъектілер: атқарушылық органдары, сот билігі, мекемелер әкімшілігі, әртүрлі инспекциялар және қоғамдық ұйымдар.

Өзінің мемлекеттік құқықтық табиғаты бойынша прокурорлық қадағалау республика аумағында заңдардың қолданылуының жоғары мемлекеттік қадағалаудың негізгі және әмбебап түрі болып табылады. Әр субъект өзіне бағынышты ведомстволардың жұмыстарына бақылау жасап отырады, ал жоғары прокурорлық қадағалау дегеніміз прокуратура мемлекет атынан барлық субъектілердің, заңдардың дәлме-дәл, біркелкі қолдануына, іс-әрекеттері мен шығарған актілерінің заңдылығына қадағалау жасап, заңсыздықтың жолын кесуі.

Қазақстан Республикасының Конституциясының прокуратура органдарына заңдардың дәлме-дәл, біркелкі орындалуына жоғары қадағалауды жүктеуінің маңызы зор. Қадағалаудың жоғары деп аталу себебі, прокуратура мемлекет атынан және бүкіл республика аумағында құқыққолданушы субъектілерге қадағалау жасайтындығы.

Республикада бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік, ведомстволық, қоғамдық органдар мен ұйымдардың кең жүйесі қызмет етеді. Көптеген министрліктер, ведомстволар, агенттіктер, департаменттер, инспекциялар өз саласы бойынша бақылау, енді бірі қадағалау қызметін атқарады. Мысалы, Қаржы министрлігі азаматтар мен заңды тұлғалардың қаржы тәртібін сақтауына бақылау мен қадағалауды жүзеге асырып, мемлекеттік және бюджеттен тыс қаржының өз бағытында жұмсалыуына бақылау жасайды.

Халық Банкі – банктердің қызметіне бақылау мен қадағалауды, республикада валютаның айналымы мен валюталық бақылауды, сол сияқты басқа да министрліктер мен ведомстволар заңмен өздеріне жүктелген бақылау және қадағалау қызметтерін іске асырады. Санитарлық қадағалау, өртке қарсы қадағалау, жарық тұтынуды (энергонадзор) қадағалау, т.б.

Прокурорлық қадағалау ведомстволық бақылаудан жоғары тұрып, бұл ведомстволардың өздерінің заңды қолдануына жоғарғы қадағалауды жүзеге асыруымен ерекшеленеді.

1995 жылы қабылданған Конституцияға сай «заңдардың қолданылуына қадағалау» жаңалығы прокурорлық қадағалаудың тәжірибелік қызметінде ерекше маңызды. Бұл мәселені құқық теориясы жағынан қарасақ, онда құқық нормасы – қоғамдық қатынас мүшелеріне заңдық құқық бере отырып, оларға заңдық жауапкершілікті жүктейтін мемлекет санкциялауымен не белгілеуімен анықталған және мемлекетпен қорғалатын жалпылама мінез-құқық тәртібінің ережесі.

Құқық нормасының мазмұнымен құқықты іске асыру төрт түрге бөлінеді: сақтау, орындау, пайдалану және құқықты қолдану.

**Сақтау** нысанында тыйым салушы нормалар іс жүзіне асырылады, олар пассивті тәртіпті (әрекеттен бас тарту) талап етеді.

**Орындау** (атқару) нысанында міндеттеуші нормалар іс жүзіне асырылады және оларды іске асыру белсенділік тәртіпті әрекетті талап етеді.

**Пайдалану** – заңмен берілген мүмкіншілікті іске асыру түрі. Мұнда өкілетті басқарушы іске асыру процесінен өзіне қажетті қасиетті, игілікті алады да, өз мүддесін қанағаттандырады. Пайдалану белсенді, не пассивті тәртіппен орындалуы мүмкін (мысалы, қорғану құқығы, сайлауға және сайлануға құқығы, т.б.).

Құқықты **қолдану** дегеніміз арнайы өкілеттік берілген субъектілердің билік әрекеті және ол **ерекше** нысан ретінде қаралады. Осыған байланысты мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар қызметтерін іске асыруда өздерінің құзыреттерін және басқа ұйымдар мен азаматтар арасындағы байланыстарын реттейтін құқықтық актілерге ғана жүгінеді. Азаматтар құқық нормаларын сақтап, орындаушылар болып табылады. Олар құқық нормаларын қолданушылар субъектісі болмайды. Құқықты қолданушы субъектілер атқарушылық органдар, сот билігі, мекеме әкімшілігі, әртүрлі инспекциялар мен қоғамдық ұйымдар болып табылады.

Прокуратура заңдардың қолданылуына қадағалауды жүзеге асыра отырып, мемлекеттік биліктің барлық бөліктерімен тығыз байланыста болады.

Парламент – Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғарғы өкілді органы. 1995 жылғы Конституцияны қабылдағанға дейін прокуратура заң шығарушы биліктің бақылауында болып, Республиканың Бас Прокуроры қызметке Жоғары Кеңеспен тағайындалатын. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Бас Прокурорын қызметке Қазақстан Республикасының Президенті Сенаттың келісімімен 5 жыл мерзімге тағайындайды және қызметтен босатады.

Конституция бойынша прокуратура заң шығарушылық қабілетке құқылы емес. Бірақ бұл прокуратураның заң шығарушылық қызметке белсене араласуына кедергі болмайды.

Прокуратура өз ынтасымен Үкімет пен Парламентке қоғамдық өмірдің кейбір саласындағы қарым-қатынасты реттейтін заңдардағы кемшіліктер, республикадағы заңдылықтың жағдайы және оны жақсартуға бағытталған заң актілерінің жетімсіздігі туралы хабарлауға құқылы. Сонымен қатар, прокуратура комитеттер мен парламент отырысының жұмыстарына қатысу арқылы, заң шығарушылық процеске ықпал етеді.

Прокуратура атқарушылық билік органдарымен әртүрлі жолдармен қарым-қатынаста болып, азаматтардың конституциялық және басқа құқықтарының қорғалуына байланысты Үкімет қаулыларын қабылдауға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы «Прокуратура туралы» Заңының 4-бабының 9-тармағында прокурор өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың норма шығарушылық қызметіне қатысады деп көрсеткен.

Прокуратура дербес мемлекеттік институт ретінде атқарушылық билік саласының қызметінің заңдылығына, Үкіметтің, министрства мен ведомстволардың, жергілікті атқарушылық және өкілетті органдардың, бақылау және ведомстволық қадағалау органдары, олардың лауазым иелерінің құқықтық актілерінің заңдылығына қадағалау жасайды.

Прокуратура мен соттың өзара әрекеті заңдылықты сақтау мен құқық қорғау қызметтерінің ықпалын арттыру мақсатындағы екіжақты бақылауға негізделген. Сот билігі биліктің басқа тармақтарына тәуелсіз қызмет етеді, сонымен қатар заң шығарушылық пен атқарушылық биліктермен бірге Қазақстан Республикасы Президенті басқаратын біртұтас мемлекеттік билікті құрайды.

Прокуратура мен соттың қарым-қатынасы сот билігінің конституциялық принципі, яғни соттардың тәуелсіз, тек заңға бағынатын принципі негізінде құрылады. Прокуратура сотқа қадағалау жасамайды және сот билігінің жүзеге асырылуына қол сұқпайды. Прокурордың сот актілеріне келтірген құқықтық актілерінде міндетті орындау мен алдын ала шешім алу болжамдары көрсетілмейді. Прокурорлар соттардың заңсыз немесе негізсіз шығарған актілеріне наразылықты жоғарғы тұрған сот органдарына жолдайды, ал олар бойынша заңды шешім алу тағы да сот органдарының құзыретінде. Прокурорлар мен соттардың өзара бұл қатынастары заңдылық пен азаматтардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Прокурорлардың соттарда істердің қаралуына жоғары біліктілікпен, белсенді қатысуы заңдылық пен әділеттіліктің кепілі болады.

## **2-тарау. Прокуратураның қалыптасуы мен даму тарихы**

### **§1. Прокуратураның пайда болуы және оның дамуының негізгі тарихи кезеңдері**

Прокуратура барлық мемлекеттердің саяси жүйесінің маңызды да бөлінбейтін атрибуты (белгісі) болған және бола береді.

Тергеу мен сот істерінің заңдылығын қадағалау органы болып прокуратура бірінші рет XIII-XIV ғасырларда Францияда құрылған. Бірақ прокуратура тарихы оның бұдан ертерек пайда болғанын көрсетеді.

«Прокурор» латын сөзі, «procurator (procurator)» - «қамқорлық жасаймын, қамқор боламын» немесе «басқарамын» деген мағынаны білдіреді. Көне Римнің өзінде прокурорлар азаматтардың соттағы істеріне қатысып, олардың сот ісіне байланысты шаруашылықтарын басқарған.

Прокурор сөзінің мағынасын талдау оның екі жақты ұғым беретінін көрсетеді:

1) кең мағынада – бұл мемлекеттік қызметтің ерекше түрі болып саналатын қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлға;

2) тар мағынада – бұл қадағалау қызметін жүзеге асыруға арналған арнайы мемлекеттік органның жүйесі.

Қазақстан прокуратурасының тарихы Ресей прокуратурасының тарихымен тығыз байланысты. Ресейде прокуратура I Петр тұсында дүниеге келген. Ол мемлекетте заңдардың қолданылуына қадағалау жасап, қылмыспен күресті іске асыратын бір органның қажеттілігін ескеріп, 1712 жылы 12 қаңтардағы Жарлығымен прокуратура органын құрған. Сол жылдың 27 сәуіріндегі Жарлығы «Бас прокурор қызметі» деп аталып, прокуратураның мақсаты мен міндетін айқындап, оны «мемлекеттің көзі» («око государства») деп тұжырымдаған. Осы Жарлыққа байланысты 1722 прокуратура орталықтандырылған, заңдардың орындалуына жоғарғы қадағалау жасайтын арнайы мемлекеттік орган болып құрылады.

Бас прокурор, губерния прокурорларын императордың өзі тағайындауы және олардың осы қызметке белгілі бір мерзімге



емес, өмір бақи тағайындалуы, олардың заңдылықты қадағалаудағы қызметтерін жергілікті шенеуліктерге тәуелсіз атқаруымен ерекшеленді.

Прокуратураның мемлекеттік құқықтық институт ретінде бірегейлік қасиеті 1775 жылдың 7 қарашасында қабылданған «Губернияны басқару мекемелері» атты заң актісінде айрықшаланды.

Тарихта белгілі 1864 жылғы сот реформаларына арналған заң актілерінен кейін прокуратураның құрылымында үлкен өзгеріс болып, прокуратура өзінің жалпы қадағалау қызметінен айрылып, тергеуге қадағалау жасап, сот отырысына қатысу құқығына ғана ие болды.

Ресей ғалымдары Патша үкіметі тұсындағы прокуратураның дамуын бес сатыға бөледі.

1722-1762 жылдарда Екінші Екатерина империясы кезінде («Екатерина II») прокурорлық қадағалаудың қалыптасу кезеңі. Прокуратура шетелдер, атап айтқанда француз және неміс мемлекетіндегі үлгімен жұмыс істеді.

1762-1811 жылдар аралығында прокуратура билікті бөлу принципіне сай дамып, атқарушылық биліктің құрамында болды.

1811-1855 жылдары, яғни «Александр II» билігі кезінде прокуратура Россия Империясының Әділет Министрлігі құрамында атқарушылық орган ретінде қызмет етті.

1955-1881 жылдары құқықтық реформа кезеңінде сот билігінің жүйесінде болды.

1881-1917 жылдары – революциялық кезеңде, сот жүйесіндегі прокуратураның қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын рөлі өсе түскен.

1917 жылы Патша үкіметі құлап, жеңіске жеткен Кеңес мемлекеті патшалық сот-тергеу, прокуратура, адвокатура органдарын жойып, бес жылдай бұл органдар болмаған.

1922 жылдың 6 ақпанында Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің (ары қарай БОАК орыс тілінде ВЦИК) қабылдаған шешімімен Бүкілроссиялық төтенше комиссиясынан билік Мемлекеттік саяси басқармасына берілді. Осы жылдың 25 мамырында Ресей федерациясының Қылмыстық іс жүргізу кодексі қабылданып, онда прокуратура қылмыстық қудалау органы ретінде көрсетілген. Прокуратураның жүйесі мен қызметін рет-

тейтін бірінші құқықтық акт 1922 жылдың 28 мамырында БОАК-н ІХ шақырылған 3-сессиясының қаулысымен «Прокурорлық қадағалау туралы» Ереже болды. «Мемлекеттік прокуратура» Әділет Министрлігі құрамында құрылып, оған мына міндеттер жүктелді:

а) мемлекет атынан барлық билік органдарының, шаруашылық мекемелерінің, қоғамдық және жеке тұлғалардың іс-әрекеттерінің заңдылығына қадағалау жасап, кінәлілерге қылмыстық іс қозғап, заңсыз қаулыларына наразылық білдіру;

б) қылмысты ашу кезінде анықтау, тергеу органдарының іс-әрекеттерінің заңдылығына, сол сияқты Мемлекеттік саяси басқарманың қызметінің заңдылығына қадағалау жасау;

в) сотта айыптауды қолдау;

г) қамауда отырғандардың заңдылығын бақылау.

Прокуратураға басшылықты Әділет халық комиссары Республиканың Бас Прокуроры ретінде атқарды. Республиканың Бас Прокурорына губерния мен облыстың прокурорлары бағынды. Әскери, әскери-көлік прокурорларын әскери прокурор басқарды.

Қазақстан прокуратурасының құрылуының алғашқы сатысы 1922 жылдың 13 шілдесінен, яғни сол күні Орынборда Қазақ Автономиялық Республикасы Орталық Атқару Комитетінің 2-ші шақырылған 3-ші сессиясы қаулысымен «Прокурорлық қадағалау туралы» Ереже бектіліп, Әділет халық комиссариатының құрамына енген прокуратураның құрылуынан басталады. Ол шешімге сай Халық әділет комиссары республика прокуроры міндетін де атқарды.

Қазақстан прокуратурасының дамуының екінші сатысы 1933 жылы оның қызметінің кеңеюінен басталады деп тұжырымдауға болады.

1933 жылдың 20 маусымында СССР Орталық атқару комитетінің қаулысымен СССР прокуратурасы құрылып, оны Орталық атқару комитеті тағайындайтын СССР Бас Прокуроры басқаратын болды. СССР прокуратурасына барлық билік органдарының шешімдерінің заңдылығын, сот органдарының заңды дұрыс қолданылуын, қылмыстық іс қозғау, сотта айыптауды қолдау, құқық қорғау органдарының қызметінің заңдылығына қадағалау жасау және одақтық республикалар прокуратураларына басшылық жасау құқығы берілді.

1936 жылдың 5 желтоқсанында Кеңестер одағының жаңа Конституциясы қабылданып, оның IX тарауы «Сот және прокуратура» деп аталып, прокуратураға жалпы қадағалау жүргізу және прокуратура өз өкілеттігін жүзеге асыруда ешбір мемлекеттік органға тәуелді болмау құқығы берілді.

Осы Конституция негізінде Қазақстан автономиялықтан Одақтың тәуелсіз бір республикасы болып құрылды.

Қазақ елінің бірінші прокуроры Сүлеймен Есқараевтың 11 қарашадағы 1936 жылғы бұйрығымен прокуратура Әділет халық комиссариатынан бөлініп, тек Кеңестер Одағының бас прокурорына бағынатын болды. Прокуратураға мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық және жеке мекемелердің, жеке адамдардың іс-әрекеттерінің заңдылығын қадағалау әрі тергеу, анықтау органдарына бақылау жасау, сотта айыптауды қолдау міндеті жүктелді.

Мемлекетте жүргізілген теріс саясаттың әсерінен прокуратура өзіне жүктелген міндетті толық орындай алмаған кезеңдері болды. Жаппай қуғын-сүргін, репрессия жылдары талай прокуратура қызметкерлері де жұмыстан шығарылып, заңсыз сотталып кетті.

22.06.1941 жылы СССР Жоғарғы Кеңесі Президумының Жарлығымен «Әскери жағдай» жарияланып, барлық билік жұмыстары әскери органдарға беріліп, барлық мемлекеттік органдар сияқты прокуратура қызметі тоқтатылды.

19.03.1946 жылы қабылданған заңға сәйкес СССР Прокуроры СССР Бас Прокуроры деп аталды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында прокуратура қатарынан көптеген адамдар соғысқа аттанып, елді қорғауда ерлік көрсетті. Атырау (бұрынғы Гурьев) облысы Мақат аудандық прокуратурасының халық тергеушісі Мұса Баймұқанов 1945 жылы 18 наурызда майданда ерлікпен қаза тауып, оған сол жылы 10 сәуірде Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Отан соғысында аты аңызға айналған ұшқыш, жау эшалонының күлін көкке ұшырып ерлікпен қаза тапқан, Кеңес Одағының Батыры Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында дүниеге келген Нүркен Әбдіров Қарағанды облыстық прокуратурасында халық тергеушісі кезінде соғысқа аттанған болатын.

Соғыстан қайтқандары прокуратураның ары қарай дамуына, елде заңдылық пен тәртіптің орнығуына, экономиканың тез дамуына, кадрлар дайындауда елеулі үлестерін қосты.

Солардың бірі - Қазақстан Республикасының прокуратурасына 18 жыл басшылық еткен, Отан соғысының ардагері Өтеген Сейітұлы Сейітов.

1961 жылы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Қылмыстық істер жүргізу кодексі қабылданып, ол бойынша тергеу жүргізу құқығы прокуратура, Ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік Комитеті органдарына заңмен берілді.

СССР заңдарына сай прокуратура органдарының рөлі жылдан-жылға кеңейіп отырды.

16.06.1987 жылы «СССР прокуратурасы туралы» Заңға өзгерістер енгізіліп, бірінші рет адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған заңдардың бұзылуына қарсы күресті күшейту міндеті прокуратураға жүктелді. Сол сияқты прокурорларға мемлекеттік билік органдары мен басқармаларының жиналыстарына қатысуға құқық берілді. Заңдарға ары қарай өзгерістер енгізіліп, лауазым иелерінің заңсыз әрекеттеріне сотқа жүгіну құқығы беріліп, ол жөніндегі істерге прокурорлар қадағалау жасап, соттың заңсыз актілеріне наразылық келтіру құқығы бекітілді.

Кеңестер Одағы кезеңіндегі прокурорлық қадағалаудың даму сатысын мына кезеңдерге бөлуге болады:

26.10.1917 жылдар мен 01.08.1922 жылдар аралығы – революциялық заңдылықтың қалыптасу кезеңі;

01.08.1922 жыл мен 20.06.1933 жылдар кеңестік прокуратураның қалыптасу кезеңі;

20.06.1933 жыл мен 22.06.1941 жылдар аралығы прокуратураның конституциялық реформа кезеңі;

22.06.1941 жыл мен 19.03.1946 жылдар – соғыс кезеңі;

19.03.1946 жыл мен 07.10.1977 жылдар – соғыстан кейінгі кезең;

07.10.1977 жыл мен 02.01.1992 жылдар - өтпелі кезең.

Қазақстан Кеңестер Одағының құрамында болғандықтан, республика прокуратура органдары осы кезеңдерден өтті.

Қазақстан мемлекетінің дамуына байланысты прокуратура органдарының мемлекеттік органдар арасындағы орны мен рөлі өзгеріп, оның қызметі жаңарып, толықтырылып отырғанымен, оның негізгі заңдылық пен тәртіпті ары қарай нығайтуға, мемлекеттің мүддесін, азаматтардың саяси, әлеуметтік және жеке құқықтары мен бостандықтарын қорғау, құқықтық бұзушылықты жоюға бағытталған мақсаттары мен міндеттері өзгерген емес.

Мемлекеттің барлық даму сатысында прокуратураның рөлі жоғарылап, оның алдында әрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғауда прокуратура бірінші көмекшісі екенін біліп, түсінуіне бағытталған жұмыстарды атқару тұрды.

Кеңестер Одағында адам мүддесінен мемлекет мүддесі жоғарғы тұрған кездің өзінде прокуратура адамдардың конституциялық құқықтарын қорғауға, елде заңдылықтың үстемдік етуіне ерекше еңбек еткен бірден-бір мемлекеттік орган болды. Дегенмен де оның қызметі кіршіксіз болды деп айту да қиын, оған әртүрлі саяси жағдайлар әсер етті (1986 жылғы желтоқсан оқиғасы, қылмыспен күресті күшейтуге бағытталған жаза қолдану, т.б.).

## **§2. Қазақстан Республикасының прокуратурасының даму тарихы**

Қазақстан егемендік алғаннан кейін прокуратура органы елде орнаған ахуалға байланысты заңдылықтың үстемдік етуін жеделдетуге бағытталған ізденістер мен жұмыстарды іске асыра бастады.

Елдегі және заңдардағы өзгерістер ең басты қазына адам және оның конституциялық құқықтары екендігін бекітті. Осыған байланысты прокуратураның да басты міндеті – адам мен азаматтардың құқықтарын қорғау болып саналды.

Прокуратураның ары қарай даму сатысы Қазақстанның егемендігін нығайтуға байланысты мемлекеттің жана құрылысы принциптерімен, халықаралық құқықтық кеңістікпен тығыз байланыста жүзеге асуда.

1991 жылдың 6 желтоқсанындағы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жоғары Кеңесінің «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының прокуратура органдарының біртұтас жүйесін құру, тәуелсіздігі мен еркіндігін қамтамасыз ету жөніндегі» Қаулысымен Қазақстан ССР Бас прокурорына бағынатын біртұтас прокуратура органдары жүйесі құрылды.

1992 жылы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Қаулысымен қабылданған «Қазақстан Республикасындағы прокуратура туралы» Заңмен прокуратура Жоғарғы Кеңеске есеп беретін, заңдардың қолданылуына жоғарғы қадағалау жасай-

тын орган болып қалыптасты. Бұл заң прокуратура органының құқықты қорғауға бағытталған қызметіне қолайлы жағдай жасады. Бірақ қоғамда болып жатқан өзгерістер мен мемлекет құрылысының дамуы құқықтық салаға өзгерістер жасауды талап етті. Соған байланысты 1994 жылдың 14 ақпанында Мемлекет Басшысының қаулысымен Қазақстан Республикасында құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы бекітіліп, онда прокуратура органдарындағы өзгерістердің негізгі принциптерін анықтады.

Прокуратура органдарын реформалаудың негізгі принциптері 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясы мен 21.12.1995 жылы қабылданған Заңды күші бар «Қазақстан Республикасындағы прокуратура туралы» Президент Жарлығында бекітілді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабында прокуратура бірыңғай орталықтандырылған жүйені құрап, өз өкілеттігін асыруда тәуелсіз екендігін көрсетті. Осы Конституция негізінде тергеу прокуратурадан бөлінді.

Мемлекеттік басқару органдары жүйесінде прокуратура өзінің конституциялық орнына ие болды. Ол билік жүйесінің үш тармағына да жатпайды. Прокуратура мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуына жоғарғы қадағалау жасай отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің Республика халқы мен мемлекеттік биліктің бірлігінің, Конституцияның өзгермейтіндігінің, адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретіндегі өз қызметін асырудағы құқықтық тетігі (құралы) болып табылады.

Конституцияға сай прокуратура ғана заңдар мен басқа да құқықтық актілерге, оның ішінде соттың да актілеріне наразылық келтіру арқылы Мемлекет Басшысының биліктің барлық тармақтарына бақылау жасау қызметін іске асыруын қамтамасыз етеді.

Прокуратура өзінің қызметін Республика Конституциясы мен заңдарының талаптарына сай жүргізуге міндетті. Сондықтан да прокуратура жоғарғы қадағалауды жүзеге асыруда басқа мемлекеттік бақылау мекемелерінің жұмысын алмастырмай, шаруашылық жүргізу объектілерінің ішкі басқаруына араласпауы қажет.

Прокуратураның өз қызметін заң шеңберінде атқарып, республикада заңдылық пен тәртіптің нығаюына бағытталған жұмысының белсенділігінің артуына прокуратура туралы заңдар мен заң актілеріне енгізілген өзгерістер оң нәтижесін берді.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсанындағы №2709 заң күші бар Жарлығына төмендегі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді: 19.06.1997 жылғы №134-1; 02.07.1998 ж. №266; 04.07.1999 ж. №374-1; 23.07.1999 ж. №454-1; 29.03.2000 ж. №42-11; 05.06.2000 ж. №48-11; 10.10.2001 ж. №247; 09.08.2002 ж. №346; 20.12. 2004 ж. №13 (01.01.2005 жылдан күшіне енген); 15.05.2007 ж. №253; 22.05.2007 ж. №255; 27.07.2007 ж. №320; 05.07.2008 ж. №65-1V; 10.12.2008 ж. №101-IV (2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген); 17.07.2009 ж. №188-IV; 07.12.2009 ж. №221-IV; 19.03.2010 ж. №258-IV; 02.04.2010 ж. №262-IV; 06.01.2011ж. №379-IV.

09.08.2002 жылдан «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңы болып аталады. 19.03.2010 жылы, 06.01.2011 жылы №379-1V Қазақстан Республикасы Заңдарымен өзгерістер енгізіліп, соған сай Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының прокурорлық қадағалау салаларына байланысты бұйрықтары мен нұсқаулары, ережелері, нұсқаулықтары қайта қабылданып, оларды барлық прокуратура органдарының орындауына міндеттілік жүктелді.

Еліміз тәуелсіздік алып, прокуратура туралы заң қабылданған күннен бастап республика прокуратурасы сан-саналы қызметін ұйымшылдықпен, тиянақтылықпен жүзеге асырып келеді.

Сол атқарылған маңызды жұмыстардың бірі кезінде саяси қуғын-сүргін көріп, жазықсыз жапа шеккендерді ақтау шарасы болды. «Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР Заңы қабылданған сәттен, яғни 1993 жылғы 14 сәуірден бастап 2000 жылдың қаңтарына дейінгі аралықта республика бойынша прокуратура органдары 31666 адамға қатысты 20524 архивтік қылмыстық іс қарап, соның нәтижесінде 25924 адам ақталды. 240004 арнайы жер аударылғандарға байланысты материалдар қаралып, оның 204389-ы ақталды.

Республика тәуелсіздік алғаннан бергі сәттен бастап прокуратура органдары мемлекеттің қалыптасуындағы, демократиялық

үрдістердің дамуындағы, заңдылық пен құқық тәртібін бекіте түсуде үлкен жұмыстар атқаруда. Заман талабына сай прокуратура органдары құрылымы да жаңарып, жұмыс аясы кеңеюде.

### **§3. Шетелдердегі прокуратура органдарының ұйымдастырылуы мен қызметі**

Прокуратура органдары негізінен барлық мемлекеттерде бар, бірақ атаулары әртүрлі. Прокуратураның мемлекеттік органдар құрылымындағы алатын орнына байланысты дүниежүзіндегі мемлекеттерді төрт топқа бөлуге болады:

- 1) прокуратура Әділет министрлігінің құрамындағы сот корпусында (магистратурада) болатын мемлекеттер;
- 2) прокуратура толық сот құрамында болатын мемлекеттер;
- 3) прокуратура парламентке не мемлекет басшысына есеп беретін жеке дара мемлекеттік орган болатын мемлекеттер;
- 4) прокуратура органдары жоқ мемлекеттер.

Бірінші топқа жататын мемлекеттер: АҚШ, Франция, Бельгия, Нидерландия, Дания, Канада, Польша, Румыния, Израиль, Япония, Эстония, Сирия, Туркия.

Бұлардың арасында да өзгешеліктер бар. Мысалы, АҚШ пен Канадада – Бас атторней, Польшада Әділет министрі, әрі Бас прокурор. Франция мен Эстонияда бұл лауазымдар жеке дара бөлінген.

Туркияда прокурорлар сот пен прокурорлардың Жоғарғы кеңесінің ұсынуымен тағайындалады. Республиканың Бас прокуроры мен оның орынбасарлары Жоғарғы апелляциялық соттың жиналысы ұсынған кандидаттарға жасырын дауыс беру жолымен өткен қызметкер Республика Президентімен 4 жылға тағайындалады.

АҚШ мемлекетінде прокуратураның қызметін атторней орындайды. Әділет министрлігі құрамындағы Бас атторней - Бас прокурор өте үлкен құзыретке ие лауазым иесі ретінде әртүрлі қызметтерді атқарады. Оның құзыретіне қылмыстық қудалау, сотта мемлекет мүддесін білдіруге, заңдардың орындалуын қадағалау, заң шығарушылық, сот корпусын жасақтауға қатысу, құқық қорғау органдарының жұмыстарын үйлестіру жатады.



Бас атторней Федералдық тергеу бюросы, федералдық түрмелер мен басқа да бас бостандығынан айыру мекемелері, көші-қон миграциясына басшылық етеді. Атторней қызметі құқық қорғау қызметін, қылмыстық қудалауды, қылмыстық жауапқа тартуды және сотта мемлекеттік айыптауды қолдауға құқылы, төменгі тұрған прокурорларға басшылық етеді.

Францияда прокуратура ХІХ ғасырда пайда болған. Прокуратура құрылымы бойынша Әділет министрлігіне бағынғанымен, сот жүйесі шеңберінде қызмет етеді. Бірақ прокурорлар өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде сотқа тәуелді емес. Прокуратура жүйесін Бас прокурор, әділет министрі басқарады және ол прокурорлардың іс-әрекетіне саяси жауапты. Әділет министрі мен прокурорлар алқасы арасында қылмыстық қудалауды жүзеге асыру жөнінде үнемі кеңесу жүргізіліп отырады. Прокурорлар атқарушылық биліктің құрамында болғанымен, өзінің статусы жағынан соттарға жақын. Олар бірдей дайындықта болып, лауазымдық өсу жағынан бір-біріне тең және орындарын ауыстырып, прокурорлар судьялыққа тағайындалып және судьялар прокурорлық қызметке ауыстырылып отырады.

Францияда прокурорлар қылмыстық іс қозғауға құқылы және алдын ала тергеудің заңдылығына қадағалау жасайды. Сотта мемлекеттік айыпты қолдайды, іс бойынша жақтар жағына жатпай, соттың істе қаралуында үлкен ықпал ету құқығына ие.

Германия прокуратурасы Франция прокуратурасына ұқсас. Қылмыстық қудалауды жүзеге асырады, сол сияқты полиция органына қылмыстық істер бойынша тапсырма беріп, алдын ала тергеуге қадағалау жасайды, сотта мемлекет мүддесін білдіреді, құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіреді.

Швецарияда қылмыстық істердің денін полиция органы тергейді, ал прокуратура елеулі маңызды қылмыстық істер бойынша тергеу жүргізеді. Бас бостандығынан айыру органдарында заңдылықтың сақталуына қадағалау жасайды.

Екінші топқа кіретін мемлекеттер: Испания, Колумбия, Болгария, Латвия. Испанияда прокуратура сот жанында құрылған. Оны сот билігінің Бас кеңесінің келісімімен тағайындалатын Бас прокурор басқарады. Орталықтандырылған прокуратура жүйесін: прокуратура органдарын басқаратын Бас прокурор; Бас проку-

ратура жанындағы кеңесу органы – Прокуратура Советі; Хунтой (совещание – кеңесу) - Бас прокурорға Үкімет пен басқа мемлекеттік органдарға жіберілетін актілерін дайындауға көмектеседі; Жоғарғы сот прокуратурасы; Конституциялық сот жанындағы прокуратура; Ұлттық сот жанындағы прокуратура; наркотикалық заттарды заңсыз сату және оның алдын алу жөніндегі арнайы прокуратура; сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі арнайы округтық прокуратура.

Үшінші топқа кіретін мемлекеттер, негізінен социалистік елдер: Вьетнам, ҚХР (Қытай), КХДР (Корей), Куба, Лаос және кешегі Кеңестің құрамындағы елдер (Ресей, Украина, Беларусь, Өзбекстан, Қазақстан, Армения, Тәжікстан, Түркмения).

Тәуелсіз мемлекеттер достығы (ТМД) елдеріндегі прокуратураның құқықтық орны бірдей емес. Конституция мен басқа заңнамаларын талдау негізінде Ресей, Азербайджан, Грузия, Латвия, Молдова прокуратуралары сот билігіне, ал Қырғыз бен Эстония елдерінде атқарушылық билігіне жатады.

Белорусь, Өзбекстан, Тәжікстан елдерінің Конституциясына сай прокуратура жеке тарауда көрсетілген.

Белорусь Республикасының 1994 жылы 15 наурызда қабылдап, 1996 жылы 24 қарашада өзгерту енгізілген Конституциясының 7-тарауы «Прокуратура» деп аталады. Осы Конституцияның 126-бабына сай Беларусь Республикасының Бас Прокурорын Палаталардың бірінің келісімімен Республика Президенті қызметке тағайындайды және Бас Прокурор Президентке есеп береді. Президент бұл елде атқарушылық билікке жатады. 2007 жылы 11 сәуірде қабылданған «Белорусь Республикасының прокуратурасы туралы» Заңға сай, Беларусь Республикасының прокуратурасы мемлекет атынан Республика аумағында заңдар мен заң актілерінің бірдей, дәлме-дәл қолданылуына қадағалау жасайтын және заңда көрсетілген басқа да функцияларды жүзеге асыратын біртұтас, орталықтандырылған прокуратура органдарының жүйесі болып табылады. Беларусь прокуратурасы мына функцияларды жүзеге асырады: қылмыстың тергелуін қадағалау, сотта іс қарауға қатысу, мемлекеттік айыпты қолдау. Өз кезегінде прокурорлық қадағалау төменгідей бес түрге бөлінеді: заңның қолдануын қадағалау; жедел іздестіру қызметінің заңдылығын қадағалау; сотқа дейінгі

өндірістің, анықтау мен алдын ала тергеуде заңның қолдануына қадағалау; сот қаулыларының заңға сәйкестігін және оларды орындау кезінде заңдылықтың сақталуын қадағалау; жазаны өтеу және басқа да мәжбүрлеу шараларын жүзеге асыру кезінде заңдылықтың сақталуын қадағалау.

Басқа да ТМД елдерінің прокуратурасының жүйесі мен қызметі Беларусь Республикасы прокуратурасына ұқсас, бірақ қадағалау объектілерінде өзгешеліктер бар.

Қытай Халық Республикасында халық прокуратурасы ауыр қылмыстардың тергеуіне, қоғамдық қауіпсіздік органдары тергеген істерге қадағалау жасайды, сонымен қатар заңмен берілген өз құзыреттеріне берілген қылмыстық істер бойынша тергеу жүргізеді, сот істеріне қатысады және сот актілерінің заңдылығына қадағалау жасайды. ҚХР Конституциясына сай прокуратура органдарының жүйесі: Жоғарғы халық прокуратурасы және жергілікті халық прокуратура органдарына бөлінеді. Жергілікті халық прокуратуралары: провинция, автономдық облыстық, уездік қалалық, аудандық халық прокуратуралары.

Төртінші топтағы мемлекетке Ұлыбритания жатады. Бұл елде прокуратура жоқ.

Шетелдердегі прокуратуралар конституциялық орындары әртүрлі болғанымен, олардың барлығына тән құзыреттері бар, олар - сотта айыпты қуаттау, заңсыз сот актілеріне наразылық келтіру, заңдылық пен әділдікті орнату.

### **3-тарау. Қазақстан Республикасы прокуратура органдарын ұйымдастырудың және қызметінің құқықтық негізі, принциптері**

#### **§1. Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және қызметінің құқықтық негіздері**

Қазақстан Республикасы прокуратурасын ұйымдастыру, оның қызметінің тәртібі және прокурорлардың өкілеттігі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен, заң актілерімен, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының бұйрықтарымен айқындалады.

Конституцияның 4-бабына сай, Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына сай прокуратура мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел іздестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ Республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді, заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Республика Прокуратурасы төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және Республика Бас Прокурорына бағындыра отырып, бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды.

Прокуратура органдарының қызметін ұйымдастырудың құқықтық негіздеріне республикадағы басқа да заңдар жатады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 62-бабында: Прокурор - өз құзыреті шегінде жедел іздестіру қызметінің сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуін, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық ізге түсуді өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын лауазымды тұлға деп анықтама бере отырып, прокурордың сотқа дейінгі іс жүргізу және істі соттың қарауы кезіндегі өкілеттігі осы Кодекстің 190, 190-4, 192, 197, 289, 317, 396, 458, 460-баптарына сәйкес анықталатындығы көрсетілген.

Сол сияқты прокурорлардың өкілеттігі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару кодексі, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, Қазақстан Республикасының «Жедел іздестіру қызмет туралы» Заңы және басқа да заңдармен реттеледі.

Прокурорлық құқық негіздерінің ішінде Республика бекіткен халықаралық шарттардың орны ерекше. Прокуратура осы шарттардың негізінде көптеген елдермен құқықтың әр саласында бірігіп, адамдар мен азаматтардың құқықтарын қорғау, қылмыспен күрес, оның алдын алуда үлкен жұмыс атқарумен қатар, дүниежүзілік тәжірибені игеруде.

Конституциялық Кеңес қабылданған заңдар мен халықаралық шарттардың Конституцияға сәйкестігін қарап, қорытындылар береді. Конституциялық Кеңестің шешімдері қабылданған күннен бастап күшіне енеді. Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті.

Прокуратура органдарының қызметін ұйымдастырудың құқықтық негіздеріне сонымен қатар нормативтік құқықтық актілер де жатады, солардың ішінде Бас Прокурордың құқықтық актілері бар.

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 11-бабына сай Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры прокуратураны ұйымдастыру мен оның қызметінің мәселелері мен материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру шараларының тәртібін реттейтін бұйрықтар, нұсқаулар, өкімдер, ережелер мен нұсқаулықтар шығарады.

Осы құзырет шегінде Бас Прокурор Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексі мен жедел іздестіру қызметін жүзеге асыру заңдарының анықтау мен тергеу органдарының, сондай-ақ жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың орындауы үшін міндетті нормаларын қолдану мәселелері бойынша; құқықтық статистиканың барлық субъектілері үшін міндетті құқықтық статистика мен арнаулы есепке алу мәселері бойынша нормативтік актілер және осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес басқа да нормативтік құқықтық актілер қабылдайды.

Мысалы, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 6 сәуірдегі №30 бұйрығымен «Халықаралық ынтымақтастық саласында қадағалауды ұйымдастыру туралы» Нұсқаулық бекітілген. Бұл Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, халықаралық өзге де заңнамалар негізінде біркелкі және нақты қолдану мақсатында халықаралық ынтымақтастық саласындағы қадағалауды ұйымдастыруды және жүзеге асыруды реттейді.

## **§2. Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің принциптері**

Қазақстан Республикасының прокуратура органдарын ұйымдастыру және олардың қызметі біртұтас, орталықтандырылған, тәуелсіз, заңдылық пен жариялылық принципі арқылы жүзеге асады.

**Біртұтастық принципі** – прокуратура органдарының құрылымы мен қызметтерінің, алға қойған мақсаттарының және өз қызметтерін іске асырудағы өкілеттіктері мен қолданылатын прокурорлық актілерінің бірдейлігі. Сонымен бірге, жоғарғы тұрған прокурордың өз өкілеттігін төменгі прокурор арқылы немесе төменгі прокурордың міндетін жоғары тұрған прокурордың іске асыра алуы, әрі жоғары тұрған прокурорлардың төменгі тұрған прокурорлардың шешімдерін өзгертіп не жоя алуы.

Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің **орталықтандырылған принципі** төменгі прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Республика Бас Прокуро-

рына бағынуы арқылы айқындалады. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы ұйымдастырып, таратып отырған прокурорлық қадағалау практикасының бірлігі, жоғары тұрған прокурорлардың төменгі тұрған прокурорлардың іс-әрекетіне жауаптылығы, әрі олардың жұмыстарын орталықтан бағындырып, бақылап отыруында. Төменгі прокурорлар жоғарғы прокурорлар арқылы қызметке тағайындалып, төменнен жоғары, барлық прокурорлар Қазақстан Республикасы Бас Прокурорына тікелей бағынады. Барлығының мақсаты республика көлемінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету. Сонымен қатар, әр прокуратура шешім алуда **тәуелсіз**, тек заңға бағынады.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы өз қызметін басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерден **тәуелсіз жүзеге асырады** және Республика Президентіне ғана есеп береді.

Өздерінің заңда белгіленген өкілеттігін жүзеге асырған кезде прокуратура органдарының қызметіне араласуға тыйым салынады. Прокурорлық қадағалау актілері барлық органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін міндетті. Прокурордың заңды қызметіне кедергі жасаған лауазым иелері мен жеке азаматтар заңда көрсетілген тәртіппен жауаптылыққа тартылады.

Прокурорлар, олардың орынбасарлары, көмекшілері өздерінің прокурорлық қадағалауды іске асыру кезіндегі, заңда көрсетілмеген жағдайда, материалдар, қылмыстық істер бойынша біреулерге түсінік, хабарламалар беруге міндетті емес. Прокурорлар өз қызметін тәуелсіз жүзеге асыра отырып, заңдылықпен тәртіпті нығайтуға бағытталған жұмыстарын басқа құқық қорғау және мемлекеттік органдармен тығыз байланыста жүргізуге міндетті. Прокуратура қызметкерлеріне саяси партия, қоғамдық ұйымдардың мүшесі болуға, жергілікті мемлекеттік мекемелердің сайланбалы жұмыстарына мүше болуға, жеке кәсіпкерлікпен айналысуға заңмен шектеу қойылуы да, олардың өз қызметтерін тәуелсіз, тек заңдылықты басшылыққа алып атқаруына бағытталған.

Прокурорлық қадағалауды жүзеге асырудағы негізгі бір маңызды принцип – **заңдылықты сақтау принципі**. Заңдылық – демократиялық мемлекеттің құқықтық фундамені.

Қазақстан Республикасы «Прокуратура туралы» Заңында (3-бап) «Заңда белгіленген негіз бен тәртіп бойынша шығарылған прокурорлық қадағалау актілері барлық органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін міндетті» деп көрсеткен, яғни заңдылықты қадағалауда алдымен прокуратураның өзі заңдылықты сақтауға міндетті. Оның іс-әрекеті әрқашанда заң шеңберінде болып, өз құзыреті аясында заңдылықтың үстемдік етуіне жоғарғы прокурорлық қадағалау жасауы керек.

Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің келесі принципі – прокуратура органдарының Республиканың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды сақтау туралы заңдарына қайшы келмейтіндей деңгейде **жариялы іс-қимыл жасауы**.

Прокуратура жұмысының жариялылығы Бас прокуратурада арнайы бөлім, не басқарма, ал төменгі прокуратураларды осы міндет жүктелген қызметкерлер арқылы жүзеге асырылады. Прокуратураның жұмысы туралы хабарламалар беру кезінде мемлекет пен азаматтардың мүддесіне қайшы келетін мәліметтер жарияланбауы қамтамасыз етілуі қажет.



## **4-тарау. Прокуратура органдарының жүйесі, құрылымы және олардың ұйымдастырылуы**

### **§1. Прокуратура органдары жүйесі, құрылымы түсінігі, олардың ұйымдастырылу принципі**

Қазақстан Республикасы Конституциясы және «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сай, Республика Прокуратурасы төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және Республика Бас Прокурорына бағындыра отырып, бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды.

Прокуратура органдарының жүйесі аумақтық-әкімшілік принципі негізінде құрылады. Прокуратура органдарының біртұтас жүйесін Бас прокуратура, облыстардың прокуратуралары, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасының прокуратуралары, ауданаралық, аудандық, қалалық және соларға теңестірілген әскери және мамандандырылған прокуратуралар құрайды.

Қазақстан Республикасы прокуратурасы жанынан ведомстволар, мекемелер құрылуы мүмкін.

Прокуратура органдарының өз нышандары болады, олардың сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Прокуратура органдарының біртұтас жүйесінің құрылымы және оның жеке бөлімдері Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңымен реттеледі.

Республиканың Бас прокуратурасына басшылық жасайтын Республиканың Бас Прокурорын Парламент Сенатының келісімімен Республика Президенті бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды және қызметтен Республика Президенті босатады. Бас Прокурор Президентке есеп береді. Оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған жағдайда болмаса, Сенаттың келісімінсіз тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазаға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

Республика Бас Прокурорының бірінші орынбасары мен орынбасарларын Бас Прокурордың ұсынысымен Республика

Президенті тағайындайды және қызметтен босатады. Республика Бас Прокурорының орынбасарлары сонымен бірге Бас прокуратураның тиісті департаменттерінің бастықтары болып тағайындалуы да мүмкін.

Бас прокуратураның құрылымын және оның қызметкерлерінің өкілеттіктерін Бас Прокурор белгілейді.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының құрылымы Бас Прокурордың бұйрығымен өзгеріп тұруы мүмкін. Оның құрамында департамент, басқарма, бөлімдер бар. Бөлімдер департамент пен басқармалар құрамында, не жеке дара болады.

Бас Прокурор мен оның орынбасарларының аға көмекшілері мен көмекшілері болуы мүмкін. Республика прокуратурасының құрамында Бас әскери прокуратура және Бас көлік прокуратурасы бар. Оларды Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына бағынышты Бас әскери прокурор мен Бас көлік прокуроры басқарады. Сонымен қатар Бас прокуратура жанында статистика бойынша Комитет, Қазақстанның бірінші Бас Прокуроры Сүлеймен Есқараев атындағы заңдылық пен тәртіптілікті нығайту мәселесін зерттейтін және кадрлардың білімін көтеру институты жұмыс істейді.

Республиканың Бас Прокурорының өкілеттігі Қазақстан Республикасының «Прокуратурасы туралы» Заңының 11-бабында көрсетілген.

Соған сай Республиканың Бас Прокуроры:

1) Республика аумағында заңдар мен Президент жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің қолданылуына қадағалауды жүзеге асырады, төменгі прокуратуралардың қызметіне басшылық етеді;

2) Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен өзге де құқықтық актілерге оларды қабылдаған органдар мен лауазымды адамдарға наразылық білдіреді;

3) Қазақстан Республикасының заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі Үйлестіру кеңесінің төрағасы болып табылады;

4) Қазақстан Республикасының прокуратурасын ұйымдастыру мен оның қызметінің мәселелері туралы материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру шараларының тәртібін реттейтін

Қазақстан Республикасы прокуратурасының органдары мен мекемелерінің барлық қызметкерлері мен жұмыскерлері орындауға міндетті бұйрықтар, нұсқаулар, өкімдер, ережелер мен нұсқаулықтар шығарады;

4-1) өз құзыреті шегінде:

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі мен жедел-іздістіру қызметі туралы заңдарының анықтау мен тергеу органдарының, сондай-ақ жедел іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдардың орындауы үшін міндетті нормаларын қолдану мәселелері, құқықтық статистика мен арнаулы есепке алу мәселелері және тағы басқа мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдай алады;

4-2) жедел іздістіру қызметін анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын органдар шығаратын нормативтік құқықтық актілер бойынша келісу туралы шешім қабылдайды;

5) прокуратураларды, прокуратура органдарының мекемелерін құрады, қайта құрады және таратады, олардың құрылымын, құрылымдық бөлімшелердің құқықтары мен міндеттерін, Қазақстан Республикасы Президенті бекіткен штат санының лимиті шегінде прокуратура органдарындағы штат санын және еңбекақы төлеу қорын белгілейді;

5-1) Республика Президентіне Қазақстан Республикасы прокуратурасы жанынан ведомстволарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату, олардың басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы ұсыныс енгізеді;

6) Республика Президентіне жоғарғы сыныпты шендер мен әскери атақтар беру үшін кандидатуралар ұсынады;

7) Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорларды қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

7-1) ведомстволар басшыларының орынбасарларын, облыстар прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлардың орынбасарларын, сондай-ақ аудандар, қалалар прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорларды қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

8) елдегі заңдылықтың жай-күйі және прокуратура органдарының қызметі туралы Республика Президенті алдында есеп береді;

9) белгіленген тәртіппен прокуратура органдарының қызметкерлеріне сыныптық шендер мен әскери атақтар береді;

10) прокуратура органдарының қызметкерлерін және жұмыскерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға және құрметті атақтар беруге ұсынады, ведомстволық наградалармен наградтайды;

10-1) «Прокуратураның құрметті қызметкері» атағын береді, осы атақты беру тәртібі туралы Ережені бекітеді;

11) прокуратура органдары қызметкерлерінің қару мен оқ-дәрі алу, сақтау, алып жүру және тасымалдау тәртібін айқындайды;

11-1) Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қарауына сот практикасының мәселелері бойынша түсіндірмелер беру туралы ұсыныстар енгізеді;

12) өзіне Қазақстан Республикасының заңдарында берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы (12-бап 5,5-1,6-бөлімдері):

1) Республика прокуратура органдарының іс-қимылдарын олардың қызметтерінің негізгі бағыттары бойынша үйлестірілуі мен орайластырылуын қамтамасыз етеді;

2) Республикада заңдардың орындалуын, заңдылықтың жай-күйін қадағалау практикасына талдау жасайды;

3) прокурорлық қадағалауды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

4) Республика прокуратура органдарының заңдардың орындалуын қадағалау жөніндегі жұмысын бақылайды;

5) жедел іздестіру қызметін, анықтауды және тергеуді жүзеге асыратын басқа да республикалық құқық қорғау органдарымен өзара әрекет жасайды және олардың қызметін үйлестіріп отырады;

5-1) қылмыстар профилактикасы, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін қорғау, халық тарапынан сенім мәселелеріне басымдық беріп, өкілді органдар мен жұртшылық беретін сыртқы бағалау тетіктерін айқындай отырып, сыбайлас жемқорлық деңгейінің рейтингтік бағасын енгізіп, есептілік және қызметті бағалау жүйесін жетілдіреді, сондай-ақ азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастықтың әртүрлі нысандарын белгілейді;

6) кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады және жүргізеді;

7) норма шығарушылық қызметіне қатысады;

8) халықаралық ынтымақтастық саласында прокуратура органдарының атынан өкілдік етеді.

Прокуратура органдарының екінші сатысын облыстық және оларға теңестірілген прокуратуралар, Астана мен Алматы (республикалық маңызы бар қалалар) қалаларының прокуратуралары құрайды.

Облыстардың прокуратураларына және оларға теңестірілген прокуратураларға (Бас әскери прокуратура, Бас көлік прокуратурасы, т.б. мамандандырылған прокуратуралар болуы мүмкін) Республика Президентінің келісімімен Республиканың Бас Прокуроры бес жыл мерзімге тағайындайтын тиісті прокурорлар басшылық етеді.

Облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлардың бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері болады.

Облыстардың прокурорларының орынбасарлары облыстық прокуратуралардың тиісті басқармаларының бастықтары болып тағайындалуы мүмкін. Аталған прокуратураларда басқармалар мен бөлімдер болады. Басқармалар мен бөлімдердің бастықтары тиісінше облыстар прокурорларының аға көмекшілері және көмекшілері болып табылады. Басқармалар мен бөлімдерде аға прокурорлар мен прокурорлардың лауазымдары белгіленеді.

Прокуратура органдарының келесі негізгі сатысы қалалық, аудандық және оларға теңестірілген әскери және мамандандырылған прокуратуралар. Бұл прокуратураларға Республиканың Бас Прокуроры бес жыл мерзімге тағайындайтын тиісті прокурорлар басшылық етеді. Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлардың орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері болады. Оларда бөлімдер де құрылуы мүмкін.

Төменгі тұрған прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға бағынып, жоғарғы тұрған прокурорлардың ұйымдастыру және қызмет мәселелері жөніндегі нұсқауларын төменгі прокурорлар бұлжытпай орындауға міндетті, әрі қызмет міндеттерін орындауда жауапкершілікте. Жоғары тұрған прокурорлар қажет болған

жағдайда төменгі прокурорлардың өкілеттігін жүзеге асырады және олардың актілерінің күшін жоюға, қайтарып алуға, өзгертуге, олардың іс-әрекеттері мен актілеріне жасалған шағымдарды шешуге құқылы.

Бас прокуратурада, ведомстволарда, облыстардың прокуратураларында және оларға теңестірілген прокуратураларда алқалар құрылады. Алқа отырысында прокуратура органдары қызметінің мәселелері, сондай-ақ заңдардың бұзылуының анықталуына байланысты Бас Прокурордың, ведомство басшысының, облыс прокурорының немесе оған теңестірілген прокурордың ұйғарымы бойынша заңды бұзған лауазымды адамдардың қатысуымен алқалы түрде қарауды қажет ететін өзге де мәселелер қаралады. Алқа шешімдері оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Алқаның шешімдері тиісті прокурорлардың бұйрықтарымен іске асырылады және прокуратура қызметкерлері үшін міндетті. Заңның бұзылуының анықталуына қарай прокурорлық қадағалау актілері қабылданып, тиісті органға жолданады. Алқа жұмысының регламентін және алқа мүшелерінің мәртебесін Республиканың Бас Прокуроры айқындайды.

Прокуратура органдары жүйесінің қосымша бөлігі: іс-қағаздар жүргізу (делопроизводство), есепке алу, есеп беру, заңдар мен заң актілерін жүйелеу, материалдық-техникалық және қаражатпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

## **§2. Әскери және мамандандырылған прокуратураларды ұйымдастыру мен қызметінің мақсаты**

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, өзіне заңмен берілген өкілеттік шегінде, облыстық немесе аудандық прокуратураларға теңестірілген әскери және мамандандырылған прокуратураларды құра алады. Бұл прокуратуралар да барлық прокуратураларға тән принциптер негізінде құрылып, аумақтық прокурорлардың алдына қойылған міндеттер мен құқықтарға ие болумен қатар, олардың қадағалау объектілері арнайы объектілер болып табылады.

**А) Қазақстан Республикасының Бас әскери прокуратурасы**  
Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 08.10.2009

жылғы №56 бұйрығымен Қазақстан Республикасының Бас әскери прокуратурасы туралы Ереже бекітілген. Бұл Ереже Қазақстан Республикасы Бас әскери прокуратурасының қызметін реттейді, оның міндеттері мен қызметін белгілейді.

Бас әскери прокуратураның қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 20 наурыздағы №595 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында қызмет өтеу туралы Ережесіне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және көрсетілген Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Бас әскери прокуратурасының мәртебесі облыс прокуратурасының мәртебесіне теңеседі. Бас әскери прокуратураның Астана және Алматы қалалары мен облыстарында аумақтық бөлімшелері – аймақтар, гарнизондар және оларға теңестірілген әскери прокуратуралары бар.

«Қазақстан Республикасының Бас әскери прокуратурасы» мемлекеттік мекеме Бас әскери прокуратураның толық атауы болып табылады. Бас әскери прокуратураның құрылымы мен штабтың Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры белгілейді.

Бас әскери прокуратураны Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры бес жыл мерзімге тағайындаған, Қазақстан Республикасының Бас әскери прокуроры басқарады. Бас әскери прокурордың орынбасарларын, аймақтық, гарнизондардың және оған теңестірілген әскери прокурорларды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тағайындайды және бұл қызметтен босатады.

Бас әскери прокуратура заң үстемдігін қамтамасыз ету, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту мүддесіне мемлекет атынан іс-әрекет жасайды.

Бас әскери прокуратура өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес, Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы Президентінің заңдары мен актілерін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің бұзылуын анықтауға және заңсыздықты жоюға шара белгілейді.

Әскери прокуратуралар өз құзыреттері шегінде қызметін

әскери міндеттерін өтеп жүрген азаматтардың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарының сақталуына, әскери құрылымдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асыра отырып, әскери тәртіптің нығаюына бағыттайды. Сонымен бірге, әскери прокуратура өз қызметі арқылы әскери мекемелердің лауазымды иелерінің, барлық әскери қызметкерлердің, әскерге шақырылған азаматтардың Қазақстан Республикасының Конституциясын, Заңдарын, әскери устав пен әскери антты бұлжытпай орындауға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының Бас әскери прокуратурасының қадағалау объектілері Қазақстан Республикасы Бас әскери прокуратурасы туралы Ережемен анықталған, олар:

Қазақстан Республикасының қорғаныс Министрлігі, оның ведомстволары, аймақтық қолбасшылық, әскери бөлімдер, мекемелер мен кәсіпорындар;

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік Комитеті, оның ведомстволары, аумақтық және өзге бөлімшелер, оқу орындары, кәсіпорындар мен әскери бөлімдер;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлер Комитеті және оған ведомстволық бағынысты әскери бөлімдер, оқу орындары және мекемелер;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери-тергеу органдары;

Қазақстан Республикасының Республикалық Гвардиясы және оған ведомстволық бағынысты әскери бөлімдер;

Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі және оған ведомстволық бағынысты ұйымдар мен мекемелер;

«Сырбар» Қазақстан Республикасы сыртқы барлау қызметінің және оған ведомстволық бағынысты ұйымдар мен мекемелер;

Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар орталық атқару органының Азаматтық қорғаныс бөлімдері мен басқарма органдары;

Қазақстан Республикасы «Әскери міндет пен әскери қызмет туралы» және «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңдарының қолданылуы мәселелері бойынша, меншік түріне қарамастан, өзге мемлекеттік органдар мен ұйымдар;



Қарулану, әскери техника, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды әзірлеумен, өндірумен, іске асыру және кәдеге жаратумен айналысатын, меншік түріне тәуелсіз кәсіпорындар.

Сонымен қатар, Бас әскери прокуратура әскери жиындардың өту кезінде толыста болған азаматтарға; қызметтік міндеттерін атқарумен немесе әскери объектілер аумағында қылмыс жасаумен байланысты Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлерінің және әскери құрылымдарының қызметкерлер құрамының азаматтық тұлғаларына, әскери қызметшілерге қатысты қылмыстық қудалау органдарының қылмыстық істі тергеу және тергеу алды тексерулер заңдылығына; Қазақстан Республикасы Бас Прокурорымен белгіленген құзыры шегінде жедел іздестіру қызметінің заңдылығына; әскери прокурорлардың бас-тамасымен қозғалған немесе олардың қатысуымен өңірлік және мамандандырылған соттарда қаралған азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот актілері мен атқару өндірісінің заңдылығын; әскери немесе аумақтық соттармен әскери прокурорлардың қатысуымен қаралған және Республика Бас Прокурорының тапсырмасы бойынша қылмыстық істер бойынша сот қаулыларының заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады, сотта өкілдік етеді.

Бас әскери прокуратура заңмен белгіленген тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады; жұмылдыру дайындығын ұйымдастыру және оның жай-күйін әскери прокуратура органдарында бақылауға алу; прокуратура органдарында қарулар мен оқ-дәрілердің айналымын ұйымдастыру және бақылау; Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының тапсырмасы бойынша әскери прокуратура органдарының басқа мемлекеттермен халықаралық келісімдер, ведомстволық келісулер және олардың хаттамалары негізінде ынтымақтастықты қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасы заңнамасымен жүктелген өзге де қызметтерді атқарады.

Қазақстан Республикасының Бас әскери прокуроры басшылықты ұйымдастырады және әскери прокуратура органдары қызметін бақылауды қамтамасыз етеді, оларға жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауапты.

Ол өз құзыреті шегінде бұйрық, өкім және нұсқау беруге, Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңнамасы қалыптарына қайшы келетін, оның қарамағындағы лауазым-

ды тұлғалардың қабылдаған бұйрықтарын өзгертуге құқылы. Қазақстан Республикасы әскери басқару және қылмыстық қудалау органдарының Үйлестіру Кеңесін басқарарып, қылмыс пен заңсыздықтың алдын алуға шара көреді. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорын әскери прокуратура органдарының қызметі туралы хабардар етеді. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының тапсырмасы бойынша Бас әскери прокуратураны Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарымен, шет мемлекеттердің әскери прокуратура органдарымен өзара қарым-қатынаста көрсетеді.

Қазақстан Республикасы «Прокуратура туралы» Заңы мен Ережеге сай, Бас әскери прокуратура мен төменгі әскери прокуратуралардың қызметкерлерін қызметтік ауыстыру және лауазымдарынан босату туралы шешім қабылдайды; офицерлік құрамының бірінші рет әскери атағынан басқа, әділет капитанына дейін әскери атақ береді; белгіленген тәртіпте Бас әскери прокуратура, аймақтар, гарнизондар және оған теңестірілген әскери прокуратуралардың қызметкерлерін мадақтау, оларға материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану және алу мәселелерін шешеді; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет және әскери прокуратура органдары қызметкерлерінің прокурорлық әдеп қалыптарын сақтау жұмысын қамтамасыз етеді.

Бас әскери прокуратура, аймақтар, гарнизондар және оларға теңестірілген прокуратуралардың құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Әскери прокуратура органдары қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету, прокурорлық қадағалау және кадрлармен жұмыстың мейлінше маңызды мәселелерін қарау, сол бойынша келісілген шешімдердің қабылдануы үшін Бас әскери прокуратурада алқа құрылады. Алқа құрамына Қазақстан Республикасының Бас әскери прокуроры (алқа төрағасы), Бас әскери прокурордың орынбасарлары, Бас әскери прокуратура құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және басқа лауазымды тұлғалар кіреді және олардың міндетін Бас әскери прокурор бекітеді.

Әскери прокуратура органдарындағы қызметтің аумақтық прокуратуралардағы қызметтен өзгешелігі - әскери прокуратуралардың қызметкерлері әскери қызметшілер статусына ие.

Әскери прокуратура органдарына әскери қызметке шақыру туралы шешім қабылдау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының белгілеген тәртібінде және әскери қызмет өткеру Ережесіне сәйкес Бас әскери прокурорға жүктелген.

Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери өткеру туралы келісімшарты Бас прокуратураның ұсынысын ескеріп, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен типтік нысан бойынша жасалады. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге ниеті бар азаматтардың арызы Қазақстан Республикасы прокуратура органдарына жұмысқа қабылдау және резервке кіргізу үшін үміткерлерді іріктеу Ережесімен белгіленген тәртіпте қаралады.

### **Б) Бас көлік прокуратурасы**

Көліктегі заңдылықтың жағдайы, адамдарды тасымалдауда олардың денсаулықтары мен өмірлерінің қауіпсіздігі, тұтынушылар ретіндегі құқықтарының қорғалуы, жүктерді тасымалдауда меншік құқығының сақталуы, жалпы қауіпсіздіктің сақталуына прокурорлық қадағалаудың қажеттілігі республика прокуратурасының құрылымына Бас көлік прокуратурасын құруға негіз болды.

Қазақстанда көлік прокуратурасы 1980 жылдан қызмет етуде, бірақ оның жүйесі мен құрылымы өзгеріп отырды.

Қазақстан Республикасының Бас прокурорының бұйрығымен алдымен көлік жолдарының шоғырлануына байланысты облыстық прокуратураға теңестірілген үш көлік прокуратурасы құрылған болатын, олар Оңтүстік-Шығыс, Орталық, Батыс аумақтық көлік прокуратуралары және оларға бағынысты аудандық көлік прокуратуралары қызмет етті.

Қазақстан Республикасы Президентінің №1039 17.08.2010 жылғы «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығының 4-бөлімінде «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы көлік прокуратурасы жүйесін өңірлік үш көлік прокуратурасын Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы біреуіне біріктіру жолымен оңтайландырылсын» деп көрсеткен.

Осы Жарлық негізінде Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 01.12.2010 жылғы №241/6 бұйрығымен Оңтүстік-Шығыс аумақтық көлік прокуратурасы, Батыс аумақтық көлік прокуратура-

сы, Орталық аумақтық көлік прокуратуралары таратылып, «Бас көлік прокуратурасы» мемлекеттік мекемесі құрылды.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрығымен мемлекеттік мекеменің мақсаты мен өкілеттігін анықтап, қызметін реттейтін Бас көлік прокуратурасы туралы Ереже бекітілді.

Бас көлік прокуратурасы да өз қызметін Конституция, Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңы, басқа да нормативті құқықтық актілер, Қазақстан Республикасы Президентінің 20.05.2008 жылғы №595 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы прокуратура органдарында қызмет ету және Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының қызметкерлерінің Анты туралы Ереже мен Бас көлік прокуратурасы туралы Ережеге сай атқарады.

Бас көлік прокуратурасы прокуратура органдарының жүйесінде мамандандырылған облыстық прокуратура мәртебесіне теңестірілген прокуратура. Бас көлік прокуратурасы өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түсе алады, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастар тарапынан сөйлеуге құқылы.

Бас көлік прокуратурасының құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры анықтайды. Бас көлік прокуратурасының жүйесі Бас көлік прокуратурасы және оған бағынысты аудандық көлік прокуратураларынан тұрады. Бас көлік прокурорын ҚР Президентінің келісімімен ҚР Бас Прокуроры бес жыл мерзімге осы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Бас көлік прокуратурасы да заң үстемдігін қамтамасыз ету, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту мүддесіне мемлекет атынан іс-әрекет жасайды.

Оның негізгі мақсаты мемлекеттік биліктің орталық аппараты мен басқармаларының, меншік нысанына қарамастан шаруашылық субъектілерінің көлік саласындағы заңдардың (теміржол, автомобиль, ішкі су, әуе, қалалық электр, оның ішінде метро, құбыр магистралдары) дәлме-дәл, біркелкі қолданылуының заңдылығына қадағалау жасау.

Прокурорлық қадағалау арқылы көрсетілген субъектілердің шығарған нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға,

зандарға және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сай болуын; көлік саласында адамдар мен азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының, мемлекет мүддесінің сақталуын; мемлекет мүддесі мен ұлттық қауіпсіздіктің қорғалуын, оның ішінде терроризм мен есірткі заттарын тасымалдау, заңсыз көші-қонға жол бермеу; барлық көлік саласында қолданылатын объектілердің қауіпсіздігін сақтау; әуе жолдары мен ұшудың, оның ішінде космостық қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; көліктегі тұтынушылардың құқықтарының сақталуын; барлық көліктерде экологиялық қауіпсіздіктің сақталуын, оның ішінде қауіпті жүктерді тасу кезінде; стратегиялық мәні бар жүктердің сақталуын қамтамасыз ету; көлік құқық қорғау органдары тарапынан анықтау, тергеу жүргізу кезінде адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына; көлікте құқық бұзушылық жөніндегі тексеру мен алынған шаралардың заңдылығын қадағалайды.

Бас көлік прокуратурасы көлік саласындағы құқық қорғау органдарының жұмысын үйлестіріп, заңдылықтың нығаюына шара қолдана алады.

Бас көлік прокуратурасы заңмен өзіне жүктелген міндеттерді Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңы мен «Бас көлік прокуратурасы туралы» Ережемен реттелген өкілеттігі арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы прокуратура органдары жүйесіндегі басқа мамандандырылған прокуратуралар қатарында табиғат қорғау, түзеу мекемелерінде заңдылықты қадағалау прокуратурасы, аса маңызды объекті және ерекше тәртіптегі объектілерге прокурорлық қадағалауды жүзеге асыратын прокуратуралар жатады. Олардың түрлері мен құрылымы қажеттілігіне қарай өзгеріп тұрады.

Бұл прокуратуралар аудандық прокуратура мәртебесіне ие және барлық прокуратуралар сияқты өздері қадағалау жасайтын объектілерде заңдар мен заң актілерінің қолданылуына жоғары қадағалау жасай отырып, адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, мемлекет мүддесінің сақталуын, заңдылықтың үстемдігін орнықтыру.

Мамандандырылған прокуратуралар аумақтық прокуратураларды алмастырмайды, қажеттілігіне қарай олар бір-бірінің

қызметін толықтырады. Анықталған заңсыздықтар туралы мәліметтер алмасу арқылы әр прокуратура өз өкілеттігін қолданады.

### **§3. Прокуратура органдарында жұмысты ұйымдастыру**

Прокуратура органдарындағы басқару - ұйымдастыру қатынастарын реттеу процесі.

Прокуратура органдарының жұмысын ұйымдастыру - прокуратура органдарының алға қойған міндеттерін іске асыруда бірбірімен тығыз байланыста атқаратын қызметтерінің жиынтығы.

Прокуратураның жұмысының нәтижесі мен алға қойған мақсатының орындалуы алдымен прокурорлық қадағалаудың негізгі бағыттарын іске асырудағы қызметінің дұрыс, өз деңгейінде ұйымдастырылуына байланысты, олар: прокурорлық қадағалау, қылмыспен және басқа құқық бұзушылықпен күресте құқық қорғау органдарының жұмысын үйлестіру.

Прокуратура органдарының жұмысын ұйымдастыру республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен Президенттің прокуратура органдарының алдына қойған тапсырмаларына сай жүргізіледі.

Прокуратура органдарының қызметін ұйымдастыру, басқару әдісі, түрі, тәсілі үнемі өсіп, нығайып, дамып отырғанда ғана барлық прокуратура алдарына қойған міндеттерін заман талабына сай іске асыра алады. Сондықтан да басқару әдісі мен тәсілі үнемі жетілдіріліп отыруы тиіс, әрі оның дамуына мына үш жағдай тікелей әсер етеді: саяси, ұйымдастырушылық және психологиялық. Саяси бағыт «мемлекет – прокуратура» және «халық – прокуратура». Бұл арада мемлекет пен халық бірбіріне қарсы тұрған жоқ. Бұл қарым-қатынастардың құқықтық мазмұны прокуратураның мемлекеттік құрылымдағы орны мен оның заңдылығының сақталуын қадағалайтын, яғни халықтың мүддесін қорғайтын орган екендігін көрсетеді.

Ұйымдастырушылық бағыты - төменгі және жоғары тұрған прокуратуралардың басқару субъектілері мен объектілерінің қарым-қатынасының дамуымен айқындалып отыратындығында. Мұндай қарым-қатынастар барлық прокуратуралардың орталықтандырылуымен қатар, олардың алдарына қойған міндеттерді орындауындағы еркіндігі. Мемлекеттегі әлеуметтік, экономи-

калық, саяси өзгерістерді ескере отырып, прокуратура органдары заңдардың мүлтіксіз қолданылуына, қылмыспен күресте заңдылықтың сақталуына қадағалауды қамтамасыз етеді.

Бұл міндет Бас прокуратура мен төменгі тұрған прокуратуралардың жұмыс жоспарларымен іске асады. Мақсаты мен орындалу мерзіміне қарай прокуратура органдарының жұмыс жоспары перспективалы және ағымдағы прокурорлық қадағалауды жүзеге асыруға қарай түзіледі. Әр прокуратура өзі қадағалау жасайтын аумақтағы заңдылықтың сақталуы мен қылмыстың деңгейіне қарай жұмысын жоспарлаумен қатар, жоғарғы тұрған прокуратураның орындалуы барлық прокурорларға жүктелген жоспарын негізге алады.

Басқарудың психологиялық бағыты дегеніміз - «прокуратура - прокурор», яғни прокурор лауазымы қызметінің жоғарылығы емес, оның кәсіби шеберлігі, жеке тұлға болып қалыптасуымен бағалы екенін орнықтыру.

Прокурор тек қана заңды біліп, прокурорлық қадағалауды бұлжытпай орындаушы ғана емес, нақты экономиканың негізін білетін, басқарудың жаңа әдісін меңгерген, ұжым мүшелерінің жұмысын ұйымдастырумен қатар, олардың әрбірінің үлесіне әділ баға бере біліп, өзара сыйласымдылықта жұмыс істеуін қамтамасыз ете алатын, адал, адамгершілігі жоғарғы тұлға болуға тиіс.



## **5-тарау. Прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттары**

### **Прокуратураның құқықтық актілері**

#### **§1. Прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттарының түсінігі мен мақсаты**

Қазақстан Республикасының прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттары мен мазмұны Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабының 1-тармағы мен “Прокуратура туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 1,4-баптарында айқындалған.

Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарының үстемдігін қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында прокуратура мемлекет атынан:

1) Конституцияның, заңдардың және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын жоғары қадағалауды жүзеге асырады;

2) Конституцияны, заңдарды, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұзұшылықтарды анықтайды және оларды жою шараларын қолданады;

3) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдарына және басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді;

4) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, заңды тұлғалар мен мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуына қадағалауды жүзеге асырады;

5) жедел - іздестіру қызметінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады;

6) анықтама мен тергеудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады;

7) әкімшілік іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады;



8) атқарушылық істер жүргізудің заңдылығына қадағалауды жүзеге асырады;

9) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың норма шығармашылық қызметіне қатысады;

10) сотта мемлекет мүддесін білдіреді;

11) заңда белгіленген тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;

12) статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады, арнайы есепке алуды жүргізеді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдардың қоланылуын қадағалауды жүзеге асырады;

13) заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіреді;

14) халықаралық құқықтық ынтымақтастық саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады;

15) Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Прокуратура органдары қызметінің бұл негізгі бағыттары бір-бірімен тығыз байланыста. Барлығы да прокурорлық қадағалауды жүзеге асырумен ұштасады әрі сол арқылы туындайды. Көрсетілген прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттарын жүзеге асыру кезінде, заңсыздықты анықтап, олардың жойылуына шара қабылдайды, қылмыстың сипаты анықталған кезде қылмыстық қудалауды жүзеге асырып, қылмыстық іс қозғайды немесе заңсыз қозғалған қылмыстық істерді қысқарту, заңсыз қаулыларды бұзу т.б. шаралар қабылдайды.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады, арнайы есепке алуды жүргізеді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдардың және халықаралық құқықтық ынтымақтастық саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады.

Сонымен бірге прокуратура органдары құқық қорғау және

өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді осы органдардың өзара іс-қимылына қол жеткізу, өзара ақпарат алмасу және ортақ міндеттер мен мақсаттарды іске асыру үшін олардың іс-әрекеттерін үйлестіру арқылы жүзеге асырады. Прокуратура органдары көрсетілген қызметті Бас прокуратураның, облыстардың прокуратуралары мен оларға теңестірілген прокуратуралардың жанынан құрылатын тұрақты жұмыс істейтін Үйлестіру кеңестерінің шеңберінде жүзеге асырады.

Үйлестіру кеңестері өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республкасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі Үйлестіру кеңесі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады. Ол ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

## **§2. Прокуратура органдарының жоғары қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметі және қызметінің құқықтық кепілдігі**

Заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілердің дәл әрі бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалау тексерулер және заңдылықтың жай-күйіне талдау жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Заңдардың қолданылуына тексерісті прокурор өз өкілеттігі шегінде тексеріс жүргізу туралы қаулы шығарғаннан кейін:

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына;
- 2) заңды бұзушылық туралы өтініштерге, шағымдарға, хабарларға және басқа да мәліметтерге;
- 3) заң бұзушылық белгілерінің тікелей анықталуына;
- 3-1) жоспарлы тексерулер жүргізудің жыл сайынғы жиынтық жоспарына;
- 4) жоғары тұрған прокурордың тапсыруына және сұрау салуына байланысты жүргізеді.

Сонымен қатар тексеруді прокурор өзге де тиісті құзыретті органға тапсыруы мүмкін, ол тексерістің нәтижелері туралы прокурорға заңда немесе прокурор белгілеген мерзімде хабарлауға міндетті.

Заңдардың қолданылуын тексеру бір ай мерзімнің ішінде жүргізіледі. Тексерісті тағайындаған прокурор жоғары тұрған прокурордың келісімімен оның жүргізу мерзімін ұзарта алады.

Прокурордың барлық іс-әрекеттері мен прокурорлық қадағалау актілері, егер олар ҚР «Прокуратура туралы» Заңында және басқа нормативтік-құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен нысандарда жасалған болса, заңда белгіленген салдарларға әкеліп соғады.

Прокурордың өз өкілеттігін жүзеге асыруына кедергі келтіру немесе оған заңсыз шешім қабылдату мақсатында қандай да болсын нысанда ықпал ету, прокурорлардың қаулыларын, ұйғарымдарын, нұсқауларын, талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеліп соғады.

Прокуратураның талап етуі бойынша тиісті органдар мен өкілетті адамдар:

1) Қажетті материалдар мен мәліметтерді өтеусіз (ақысыз) және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып беруге;

2) тексеріске қатысу және қорытынды беру үшін мамандарды бөлуге;

3) прокурорлардың қадағалау қызметін қамтамасыз ету және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өзге де қажетті шаралар қолдануға міндетті.

Прокурордың өз құзыреті шегінде берген талаптары (сұрау саулары, тапсырмалары, нұсқаулары) мемлекеттік органдардың, лауазымды, жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті. Талап етілген ақпарат прокуратура органдарына заңдарда белгіленген нысандарда, сол сияқты прокурор белгілеген тәртіппен мерзімде беріледі.

Прокурорлардың өз құзыреті шегінде тексеру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың, меншік нысанына қарамастан, ұйымдардың үй-жайларына кідіріссіз кіруге, олардың басшыларында және басқа да лауазымды адамдарында кідіріссіз қабылдануға, іс материалдары тікелей сот ісін жүргізуде жатқан кездегі жағдайларды қоспағанда, құжаттар мен материалдарға

сот істерімен танысуға қол жеткізуге және оларды соттан талап етіп алдыруға құқығы бар.

Лауазымды адамдар мен азаматтар прокурордың талап етуі бойынша айғақтар беру үшін оларға белгіленген уақытта келуге міндетті. Шақыру жазбаша хабарлама шақырумен рәсімделеді және қолхат алынып тапсырылады. Хабарлама телефонограммамен, жеделхатпен немесе оның тиісінше берілуін қамтамасыз ететін басқа байланыс құралдары пайдаланыла отырып та жіберілуі мүмкін.

Прокурордың заңды талаптарын орындамау не прокурордың талабы бойынша дәлелсіз себептермен келмей қалу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады. Прокурор ұйғарымдары мен қаулылары орындалмаған жағдайда өз құзыреті шегінде оларды мәжбүрлеп орындатуға құқылы.

Прокурор заңда көзделген басқа жағдайлар мен тәртіпті қоспағанда, өзі жүргізіп жатқан істер мен материалдардың мәні бойынша қандай да бір түсініктемелер беруге, сондай-ақ оларды кімге де болсын танысу үшін беруге міндетті емес. Өзі жүргізіп жатқан тексерулер мен істердің материалдарын олар аяқталғанға дейін прокурордың рұқсатынсыз жария етуге ешкімнің құқығы жоқ.

### **§3. Прокуратураның құқықтық актілерінің жүйесі мен мазмұны**

Қазақстан Республикасы прокуратурасы өзінің басты міндеті заңдар мен заң актілерінің бірыңғай, дәлме-дәл қолданылуын қадағалауды жүзеге асыруда анықтаған заң бұзушылықты жою жөнінде заңда белгіленген негіз бен тәртіп бойынша прокурорлық қадағалау актілерін шығарады.

Прокуратураның құқықтық актілерінің жүйесі ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 18-бабында көрсетілген. Оларды төмендегідей екі топқа жүйелеуге болады:

1) прокурорлық қадағалау актілері: наразылық, қаулы, ұйғарым, өтініш, санкция, нұсқау, ұсыныс, үндеу, алдын ала ескерту, заңға түсіндірме;

2) прокуратураны ұйымдастыру және оның қызмет мәселелерін реттейтін актілер: бұйрықтар, нұсқаулар (указание), өкімдер, ережелер, нұсқаулықтар (инструкция).

Прокуратураның ережелері мен нұсқаулықтары тиісті прокурорлардың бұйрықтарымен бекітіледі

Прокурорлық қадағалау актілері заң бұзушылықты жою, әділеттікті орнықтыру, келген зиянды қалпына келтіру, заңсыздықтың алдын алуға бағытталып, дәл уағында, заң шеңберінде шығарылып, орындалуы қамтамасыз етілуімен де тиімді.

Нормативтік құқықтық актілердің қолданылуын тоқтата тұратын прокурорлық қадағалау актілері бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

Прокурор Конституцияға, заңдарға және Республика Президентінің актілеріне қайшы келетін нормативтік және өзге де актілерге, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне жазбаша **наразылық** білдіреді.

Наразылықта прокурор заңсыз актінің күшін жоюды не оны Конституцияға және заңдарға сәйкес келтіруді, сондай-ақ лауазымды адамның заңсыз әрекеттерін тоқтатуды және бұзылған құқықты қалпына келтіруді талап етеді. Сонымен қатар прокурор наразылық жасалған актінің не іс-әрекеттің орындалуын наразылық бойынша шешім қабылданғанға дейін тоқтата тұруға хақылы. Бірақ заңдарға жасалған наразылық олардың қолданылуын тоқтатпайды.

Прокурор наразылықта қандай заңның нормалары бұзылды, оны қалай жою керектігін көрсетеді. Наразылықты келтірген адамның аты жөні, лауазымы, жазылған орны мен уақыты көрсетіледі. Наразылықты аудан, қала, облыс, Бас прокурор және олардың орынбасарлары келтіріп, қол қоя алады. Наразылық оны шығарған органға немесе жоғарғы тұрған органға беріледі.

Лауазымды адамдардың заңсыз шешімдері мен іс-әрекеттеріне наразылық дәл осындай тәртіппен білдіріледі. ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 19-бабының талаптарына сай прокурордың наразылығын тиісті орган немесе лауазымды адам он күн мерзім ішінде қарауға тиіс, әрі наразылықтың қаралатын күнін прокурорға хабарлауға міндетті. Прокурор наразылықты қараған кезде қатысуға құқылы.

Прокурор апелляциялық не қадағалау жолымен соттың үкіміне, шешіміне не басқа қаулыларына наразылық жасайды. Ол наразылықтардың сотта қаралу мерзімі процессуалдық заңдарда белгіленеді. Наразылық заң талаптарына сай немесе уағынан кешіктіріліп келтірілген жағдайда оны келтірген прокурор, не жоғары тұрған прокурор арқылы қайтарылып алынуға тиісті.

Прокурордың көп қолданатын құқықтық актілерінің бірі – **қаулы**.

Заңның бұзылу сипатына қарай прокурор қылмыстық іс қозғау, тәртіптік іс жүргізу туралы, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу жөнінде қаулы шығарады. Сонымен қатар прокурор заңның қолданылуына тексеріс жүргізу туралы, заңсыз құқықтық актіні алдырып тастау, қарау, тұмшалау салу (арест) туралы, тиым салу-шектеу сипатындағы шараларды жою немесе алып тастау туралы, күшін тоқтата тұру туралы, жеткізу (күштеп әкелу) туралы және заңда көзделген басқа да реттерде қаулы шығаруға құқылы.

Прокурордың қаулысын уәкілетті орган немесе лауазымды адам заңмен белгіленген мерзімде, ал мұндай мерзім болмаған кезде, прокурордың көрсеткен мерзімінде міндетті түрде орындауға тиіс. Қаулының орындалу нәтижесі прокурорға жазбаша хабарлануға жатады. Бұл міндеттерді орындамау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке әкеліп соғады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексінің 520,521,521-1-баптары прокурордың шақыруына келмеу не оның қаулыда көрсеткен талаптарын орындамау, хабарламау кезіндегі әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауапкершілікті қарайды.

Прокурорлық қадағалау кезінде нақты да заңды шешім алу үшін мамандарды қатыстыру не сараптама жүргізу керек болған жағдайда прокурор қаулы шығарып, оны тиісті мекеме орындауға міндетті. Прокурорға керекті құжаттар, хабарламалар тегін беріліп, мамандар тексеруге ақысыз тартылады.

ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 21-бабының талаптарына сай прокурор жазбаша түрде мына төмендегі жағдайда санкция береді:

- қылмыстық іс жүргізу заңдарында көзделген жағдайларда тінтуге (ҚР ҚІЖК-ң 232-бабы);

- айып тағылған адамды қызметтен шеттетуге, сезік келтірілген немесе айып тағылған адамды сараптама жүргізу үшін медициналық мекемеге орналастыруға;

- Конституциямен және заңмен қорғалатын хат жазысу, телефонмен сөйлесу, телеграф хабарлары мен почта жөнелтімдері құпиясына, сондай-ақ тұрғын үйге қол сұғылмау құқығына қатысты жедел іздестіру шаралары мен тергеу әрекетін жүргізуге;

- шетелдіктерді әкімшілік тәртіппен аластау үшін ұстауға (заңсыз келіп, заңсыз тұрып жатқан);

- бейне-аудиотехниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау мен жазып алуға, телефондар және басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау мен жазып алуға;

- мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының (ҚР Ұлттық Банкінің және қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лауазымды адамдарын қоспағанда) банктік құпиясы бар құжаттарға қол жеткізуге;

- Қазақстан Республикасы аумағында қылмыс жасаған және тергеуден жасырынып жүрген адамға қатысты халықаралық іздестіру жариялауға;

- тікелей заңмен көзделген өзге жағдайларда санкция (келісім) береді.

Санкция беру немесе одан бас тарту кезінде прокурор санкция сұрауға негіз болған материалдарды зерделегеннен кейін лауазымды адамның қаулысына қарар түрінде немесе жазбаша нысанда жиырма төрт сағаттың ішінде ресімдейді. Санкция туралы мәселені шешу тек аудан, қала, облыс прокурорлары не олардың міндетін атқарушылары, не облыс прокурорының орынбасарлары мен Бас Прокурор және оның орынбасарлары құзыретті.

Сонымен бірге прокурорлар адамның және азаматтың бостандық құқықтарын шектеуі мүмкін, жедел іздестіру және өзге қызмет мәселелері жөніндегі ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің қолданылуына келісім береді.

Прокурордың қылмыс жасаған адамды қамауға алу кезінде санкция беру құқығы ҚР 2002.07.05 №65-IV Заңымен алынып тасталып, сот құзыретіне берілді. ҚР ҚДЖК-ң 150-бабының та-

лаптарына сай прокурор анықтаушы мен тергеушінің қылмыс жасады деп күдіктелген немесе айып тағылған адамға қатысты бас шарасын қамауға алу жөніндегі талап қойған қаулысы бойынша жинақталған барлық материалдарды оқып, зерттеп тергеу жүргізу субъектісінің қойған талабын қуаттау не қуаттамау туралы қаулы шығарады.

Прокурор заңдылықтың сақталуына қадағалау жасау кезінде ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 22-бабын басшылыққа алып:

- 1) қылмыстық істерді қозғау мен тергеу жүргізуге байланысты анықтама және тергеу органдарына;
- 2) жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдарға;
- 3) заңмен көзделген өзге де жағдайларда нұсқау (указание) береді.

Республика Бас Прокурорының жедел іздестіру қызметі, анықтама және тергеу мәселелері жөніндегі нормативтік сипаттағы нұсқауын тергеу және анықтама органдары, жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдар орындауға міндетті.

Прокурорлық қадағалау актілері қабылданбаған немесе олар заңда белгіленген мерзімде қаралмаған жағдайларда прокурор органдар мен лауазымды адамдардың іс-әрекеттері мен актілерін жарамсыз деп тану туралы, сондай-ақ заңды бұзушылықты болдырмау туралы сотқа **өтініш** беруге құқылы. Мұндай өтініштің негізгі мақсаты – заңға сәйкес бұзылған құқықтарды қалпына келтіру және мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қорғау. Өтінішті сот заңда белгіленген тәртіппен қарайды. Прокурордың өтінішіне мемлекеттік баж бен өзге де алымдар салынбайды. Прокурор наразылық келтірілген актінің күшін арызды сот қарағанға дейін өз қаулысымен тоқтата тұруға құқылы.

**Ұйғарым** (предписание) прокурорлық қадағалау актісі ретінде тек ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 24-бабында көзделген талаптардың жиынтығы негізінде қоланылады, яғни егер заңды бұзу төмендегідей болса:

- 1) ашық сипатта болса;
- 2) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, заңды тұлғалардың, қоғам және мемлекеттің заңды мүшелеріне елеулі зиян келтірілсе;
- 3) дереу жоюды қажет етсе.



Ұйғарым нормативтік құқықтық актілерге байланысты қолданылмайды. Ұйғарымда Конституцияның, заңдар мен Республика Президенті актілерінің бұзылған нормалары көрсетіліп, құқық бұзушылықтың сипаты мен заң бұзушылықты жою жөніндегі шаралар туралы нақты ұсыныстар болуы тиіс.

Ұйғарым прокурор көрсеткен мерзімде міндетті түрде орындалуы тиіс және оның орындалғаны туралы прокурорға дереу хабарланады.

Прокурордың ұйғарымын орындамау Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеліп соғады.

Ұйғарыммен келіспеген жағдайда жоғарғы тұрған прокуратураға не сотқа шағымдануға болады.

Сот пен жоғарғы тұрған прокуратура шағымды қарағанға дейін ұйғарымның орындалуын тоқтата тұруға құқылы, басқа жағдайда ұйғарымның орындалуы тоқтатылмайды.

Прокурор өз құзыреті шегінде (25-бап):

- 1) заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы;
- 2) қылмыс жасауға және басқа тәртіп бұзушылыққа ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы;
- 3) ҚР Конституциясына сәйкес қол сұғылмау құқығы бар адамдарды (депутат, т.б.) одан айыру мәселелері бойынша;
- 4) заңда белгіленген өзге жағдайларда **ұсыныс** енгізеді.

Ұсынысты қабылдаған орган немесе лауазым иесі прокурор көрсеткен мерзімдерде, бірақ күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей қарап, заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жоюға шара алып, ол жөнінде прокурорға жазбаша хабарлауға тиіс. Қажет деп тапса прокурор ұсынысты қарауға қатысуға хақылы, ол жөнінде көрсеткен кезде ұсынысты қарайтын орган немесе лауазым иесі қаралатын күні туралы 3 күн бұрын прокурорға хабарлауға тиіс.

Аталған Заңға 2010.12.29. №374-VI ҚР Заңымен толықтырулар енгізілді (25-1,25-2,26-1-баптар). Соған орай ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 25-1-бабы негізінде құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен мен бостандықтарын қорғау мақсатында немесе дайындалып жатқан құқыққа қарсы әрекеттер туралы мәліметтер болған кезде прокурор жазбаша нысанда жеке және заңды тұлғаларға заңды бұзуға жол берілмейтіні туралы **алдын**

**ала ескерту** жасайды және оларға заңда белгіленген жауаптылық туралы ескертеді.

25-2-бабына сай прокуратура органдары заңдылықты қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында лауазымды адамдарға, мемлекеттік органдарға, заңды және жеке тұлғаларға **үндеу** жасауға құқылы. Бұл ретте үндеу бұқаралық ақпарат құралдары пайдаланыла отырып немесе өзге де жария ету тәсілімен таратылады.

Егер тексеру кезінде лауазымды адамның не азаматтың заңдарды білмеуі немесе дұрыс түсінбеуі салдарынан оларды дұрыс қолданбауға әкеліп соғатын жеткілікті негіздер бар деп саналса, прокурор заңның мазмұнын, ал қажет болған жағдайда заңды бұзғаны үшін көзделетін жауапкершілікті түсіндіреді, яғни заңды түсіндіру актісін қолданады (26-бап).

Құқықтық актінің жобасы заңға сәйкес келмеген жағдайда прокурор актіні қабылдайтын органға немесе лауазымды адамға заңның талабын түсіндіреді.

Заңның 26-1-бабының талаптарына сай, прокурордың қаулылары мен ұйғарымдарын өз еркімен орындамаған жағдайда, ол мүлкінен мәжбүрлеп айыруды қоспағанда, прокурордың талаптарын мәжбүрлеп орындату туралы қаулы шығаруға және оны орындау үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберуге құқылы.

Уәкілетті мемлекеттік органдар прокурордың тиісті қаулысын алған бойда оны орындау үшін дереу шаралар қолдануға міндетті.

Лауазымды адамдар, азаматтар айғақтар беру үшін прокуратура органдарына келуден бас тартқан жағдайда, прокурор ондай адамды прокуратура органдарына жеткізу (күштеп әкелу) туралы қаулы шығаруға құқылы (26-1-бап) және оны жиырма төрт сағат ішінде ішкі істер органдары орындайды.

Бас Прокурор төменгі тұрған прокурорлардан прокурорлық қадағалау актілерінің сапалы дайындалуын қамтамасыз етуді талап етіп, оларды үнемі қадағалап отырады. Прокурорлық қадағалау актілерінде заң нормаларына міндетті түрде сілтеме жасай отырып, заң бұзушылықтың құқықтық мәні баяндалып, осыған орай заңның келеңсіз бұзылу салдары, себептері мен жағдайлары көрсетіліп және кемшіліктерді болдырмау, кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту туралы мәселе қойылуы қажет.

Сонымен қатар прокурорлық қадағалау актісінің орындалуына және іс-жүзінде заң бұзушылықтың жойылуына бақылауды қамтамасыз етуі тиіс. Сонда ғана прокурорлық қадағалау өз мақсатына жетіп, оның пәрменділігі артады.

Өз қызметінің жариялылығын қамтамасыз ету үшін прокуратура органдары адамның және азаматтың конституциялық және заңмен қорғалатын өзге де құқықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүдделерін бұзған органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттері мен шешімдеріне прокурорлық қадағалау актілерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай алады (27-бап). Прокуратура қызметінің жариялылығының тағы бір тиімді жағы – азаматтардың құқықтық білімін арттырып, құқық бұзушылықтың алдын алу.

Прокурордың құқықтық актілеріне қойылатын жалпы талап, олар заңды, толық, әділ шындық, уақтылы, тіл мен эстетикалық талапты сақтай отырып түзілуі керек.

Прокурорлық актілердің заңдылығы дегеніміз - прокурорлық актілердің мазмұны құқықтық-нормативтік актілерге сай және оны сол актіге қол қоюға өкілетті прокурор қызметкері қол қоюымен анықталады.

Прокурорлық құқықтық актілерге қойылатын келесі талап, олардың толық болуы, яғни онда заңдық мағынасы бар керекті хабарламалар көрсетілуінің қажеттілігі. Прокурорлық актіде көрсетілген хабарламалар ешбір бұрмалаусыз, тек шындыққа сай болуы қажет. Сонымен қатар, құқықтық актілер уақтылы рәсімделіп, тиісті органға жіберілуі тиіс.

Тіл мен эстетикалық талап - қысқа, логикалық және сауаттылық.

Құқықтық актілерге көрсетілген жалпы талаппен қатар, ерекше талаптар қойылады, олар алынған шешімнің негізділігі, яғни жинақталған материалға сай болуы; дәлелділік – құжатта алынатын шешімнің дұрыстығына жеткілікті дәлелдердің болуы; әділеттілігі - алынатын шешім істің мән-жайына және соған қатысты субъектінің жеке басының жағдайына сай болуы.

Прокурорлар өз құзыреті шегінде прокуратура органдарының жұмысын ұйымдастыруға байланысты бұйрық, өкім, нұсқау, нұсқаулық, ереже қабылдайды. Ережелер мен нұсқаулықтар тиісті прокурордың бұйрығымен бекіт

## **6-тарау. Прокуратура органдарындағы қызмет**

### **§1. Прокурорлар, прокуратура органдарының қызметкерлері, оларға қойылатын талаптар**

Қазақстан прокуратурасы - мемлекеттік орган, ал оның қызметкерлері мемлекеттік қызметкер болып саналады. Сондықтан да прокуратура органындағы қызмет Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңдарына негізделеді.

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 48-бабына сай, прокурор, өз құзыреті шегінде, заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуын, жедел іздестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің, әкімшілік және атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды, сотта мемлекет мүдделерінің өкілі болуды, сондай-ақ заңда белгіленген жағдайларда, тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын лауазымды адам.

Прокурорлар: Республиканың Бас Прокуроры, оның бірінші орынбасары мен орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері, ерекше тапсырмалар жөніндегі көмекшілері, прокуратура органдары департаменттерінің, басқармалары мен бөлімдерінің бастықтары және олардың орынбасарлары, барлық төмен тұрған прокурорлар, олардың орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері, қадағалау саласындағы прокурорлар, прокуратура органдарының басқармалары мен бөлімдерінің аға прокурорлары және прокурорлары, сондай-ақ әскери, уәкілетті және арнаулы прокурорлар.

Әскери, табиғат қорғау, көлік, сондай-ақ арнайы объектілердің прокуратуралары мамандандырылған прокуратуралар болып ұғынылады.

Прокуратура органдарының қызметкерлері: прокурорлар қызметінде аттестациядан өткен адамдар және тікелей ғылыми-зерттеу немесе оқытушылық жұмыс жүргізетін прокуратура ғылыми және білім беру мекемелерінің аттестациядан өткен қызметкерлері.

Прокуратура органдарына қызметке жоғарғы заң білімі бар, қажетті іскерлік қабілетке ие, ғибратты-өнегелі, өзіне жүктелген міндеттерді орындауға денсаулығы жарайтын Қазақстан Республикасының азаматтары ерікті түрде қабылданады.

Прокуратура органдарына қызметке алу мемлекеттік қызметшілер кадрлары туралы республикалық деректер орталығына алдын ала сұрау салынған және азаматтар міндетті арнаулы тексеруден өткен жағдайда жүзеге асырылады. Бұрын сотталған және қылмыстық жауапкершіліктен ақталмаған негіздер бойынша босатылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен, өзге де құқық қорғау органдарынан, соттар мен әділет органдарынан жағымсыз қылықтары бойынша босатылған адамдар прокуратура органдарына қызметке қабылданбайды.

Облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар лауазымына, аудандық, қалалық және оларға теңестірілген прокурорлар лауазымына 25 жасқа толған, прокуратура органдарында кемінде үш жылдық жұмыс стажы бар адамдар тағайындалады.

Әскери прокурорлар сонымен бірге әскери қызметшілер болуы керек, оларға әскери қызмет және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің мәртебесі туралы Қазақстан Республикасы заңдары толық көлемде қолданылады.

Прокуратура органдарының қызметкерлері ҚР Бас Прокуроры белгіліген тәртіппен үш жылда бір рет аттестациядан өткізіледі.

Прокуратура органдарына қызметке тұңғыш рет тағайындалған адам мәтінін Республика Президенті бекіткен ант береді.

Прокуратура қызметкерлеріне белгіленген үлгідегі куәлік беріледі. Республиканың Бас Прокурорына, оның орынбасарларына куәлікті Республика Президенті береді. Республиканың Бас Прокуроры, облыстардың прокурорлары қарауындағы қызметкерлерге белгіленген үлгідегі куәлікті береді.

Прокуратура органдарында қызмет өткеру тәртібі Қазақстан Республикасы Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында қызмет өткеру туралы ережемен реттеледі.

Прокуратура органдарының негізгі міндеттері мен функцияларын атқаратын прокуратура органдарының лауазымды адамдарына сыныптық шендер немесе әскери атақтар беріледі.

Прокуратура органдарының сыныптық шендер немесе әскери атақтар берілетін лауазымды адамдардың тізбесін, сондай-ақ орталық және аумақтық бөлімшелердегі соларға сәйкес шекті сыныптық шендерді немесе әскери атақтарды Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Әскери міндетті прокуратура қызметкерлері прокуратура органдарында арнаулы есепте тұрады.

Прокуратура органдарында Бас Прокурор айқындайтын тәртіпте жоғарғы лауазымға ілгерлету үшін кадрлар резерві қалыптастырылады.

## **§2. Прокуратура органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, тәрбиелеу және әлеуметтік, құқықтық қорғау**

Кадр қызметі – кез келген мемлекеттің ажырамас бөлігі. Прокуратура органдары алдында тұрған міндеттерді орындауда кадрларды қалыптастыру факторлары ықпалды рөл атқарады.

Прокуратура жұмысының ерекшелігі оның кадр қызметіне қосымша жауапкершілік жүктейді. Прокуратура өздеріне заңмен берілген құқықтар арқылы жергілікті жерде сан-саналы жұмыс атқарады, қоғамның барлық саласына өз ықпалын тигізеді.

Кадр қызметінің міндеті – прокуратураға тән қасиеті бар адамды тауып, оның бойындағы ізгілік пен біліктілікті дамыту. Прокуратура қызметкері – бұл алдымен кәсіби біліктілігі жоғары маман, бірақ ол психолог та, саясаткер де, дипломат та, дүниетанымы кең де болуы тиіс, өйткені оған күрделі әрі қоғамдық үдістерді үнемі екшелеп, талдап отыруға тура келеді.

Прокуратура қызметкерлерінің кәсіби ерекше. Олардан жоғары кәсіби біліктілікті, жан аямай жұмыс істеуді, табанды да іскерлікті, ұшқыр ойлы, адамгершілігі мол әрі адал болуды талап етеді және осының бәрі бір арнаға тоғысып жатуы тиіс. Прокуратура қызметкерлерінің басынан осы қасиеттердің бәрінің табылуына ұмтылу кадр қызметінің алға қойған басты мақсаты болып табылады. Аталған принципті сақтау тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтары және мүдделерін қорғайтын прокурордың шын мәнінде талап дәрежесінен көрінуіне әсер етеді.

Сондықтан да прокуратура органдарының маңызды міндет-

терінің бірі кадрлардың кәсіби шеберлігі мен біліктілігін арттыру. Білімді ұдайы толықтырып отыру - өткізілетін реформалардың тиімділігін арттыру мен прокуратура органдары қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін жоғарғы дәрежеде орындаудың маңызды шарттары болып табылады. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының арнайы бұйрығында көрсетілген мерзімде прокуратура органдарының басшылары мен қалған қызметкерлері біліктілікті арттыру курстарынан өткізіледі.

Прокуратура органдары қызметінің кәсіби дайындығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында үздіксіз оқыту және біліктілігін арттыру жүйесі, соның ішінде халықаралық ынтымақтастық шегінде жұмыс істейді. Біліктілігін арттыру прокуратура органы қызметкерлерінің қызметтік міндеті болып табылады. Прокуратура органы қызметкерінің атқарып жүрген лауазымына сәйкестігі туралы, оны көтермелеу және қызметі бойынша жоғарлату туралы мәселерді шешу кезінде оның оқуға деген көзқарасы мен кәсіби тәжірибесінің деңгейі есепке алынады.

Ғылым, ғылыми және оқу орындары теоретикалық талдауды, әдістемелік ұсыныстарды практика жүзінде тұрақты түрде іске асырады. Қазіргі кезде ғылымның маңызы прокуратура органдары үшін өсу үстінде. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 1992 жылдың наурыз айындағы бұйрығы бойынша мамандандырылған оқу орталығы негізінде прокуратура органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру Институты құрылды.

Сүлеймен Есқараев атындағы бұл Институт тиісті курстар, семинарлар өткізеді, прокурорлық іс-дағды, ғылыми және ғылыми-практикалық конференциялар материалдары мен басқа да ақпараттық материалдар негізінде баспаға прокуратура қызметінің барлық бағыты бойынша монография, әдістемелік және оқу құралдарын дайындайды.

Институт қабырғасында тыңдаушылармен психология жөнінде, шетел азаматтарымен, басқа мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен бірге өзара қарым-қатынасының негізі туралы белсенді түрде сабақтар өткізіледі.

Институт Бас прокуратураның салалық құрылымдарымен бірге прокурорлық тексеру жүргізудің әдістемелік, практикалық ұсыныстарын жасаудан басқа да, әртүрлі деңгейде-

гі прокурорлардың біліктілігін жоғарылату курсы ұйымдастырады. Бас прокуратураның Құқықтық статистика және ақпарат орталығында ізге түсу органдарының, қазіргі кезге сәйкес техникалық-криминалдық құралдарды қолдана алуы, қылмыстарды ашу, тергеу қызметтерінің өзара қарым-қатынасын, сонымен қатар қылмыскерлерді мемлекетаралық іздестірудің негізгі принциптерін жүзеге асыруды оқытады. Институтта жетекшілік практикасы қызмет істейді. Тыңдаушылардың алдында облыс, қала, аудан прокурорлары прокуратура органдарының құрылымдық бөлімшелерінің басшылары баяндама жасайды.

Соңғы кезде Европалық қауіпсіздік ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) өкілеттілігімен, Біріккен ұлттар ұйымының (БҰҰ) Жоғарғы Комиссарлары Басқармасымен, Тәуелсіз мемлекеттер достығы (ТМД) және басқа да мемлекеттер прокуратураларымен, халықаралық қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, адам мен азаматтық құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қылмыспен күрес, қылмыскерлерді беру, бала құқығы, т.б. мәселелерді талқылауға арналған ғылыми конференциялар өткізіп, олар жөнінде алынған шешімдерді барлық прокуратура қызметкерлеріне таныстырып, іске асыру жолдарын үйретіледі.

Бас прокуратураның басшылары, барлық деңгейдегі прокурорлар кадр біліктілігін арттыруға тікелей қатысуға міндетті.

Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша Институт жас мамандарды іріктеуге, олардың білімдерін арттыруға шаралар қарастырады.

Қызметтік міндеттерін үлгілі атқарғаны, мінсіз қызметі, аса маңызды әрі күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін және жұмыстағы өзге де жетістіктері үшін қызметкерлерге мына төмендегі көтермелер тағайындалады:

- 1) тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алу;
- 2) қосымша ақшалай төлемақы беру;
- 3) бағалы сыйлықпен марапаттау;
- 4) сыныптық шенін немесе әскери атағын жоғарылату;
- 5) 1 немесе 2-дәрежелі «Прокуратура озаты» кеуде белгісімен марапаттау;
- 6) Бас прокурордың Құрмет грамотасымен марапаттау;
- 7) «Прокуратураның құрметті қызметкері» атағын беру.



Ерекше сіңірген еңбектері үшін прокуратура органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалар және құрметті атақтармен марапатталуға ұсынылады.

Прокуратура қызметкерлері мемлекет қаржысынан нысанды киіммен (формалармен) қамтамасыз етіледі.

Қызметтік міндетін тиісінше орындамау не құқық бұзушылық жасау Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады. Тәртіптік жазалар прокуратура органдары қызметкерінің істеген теріс қылығының ауырырлығын, оны жасау кезіндегі мән-жайларды, сондай-ақ бұрынғы тәртібі мен қызметіне қатысты ескеріле отырып қолданылады.

Тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрық жөнінде жазаланушы Бас Прокурорға немесе сотқа шағымданыла алады.

Прокуратура органдарының қызметкерлері мемлекеттік өкімет өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

Прокурордың заңды талаптарын орындамау, прокурорды немесе оның отбасы мүшелерін оның қызмет бабындағы жұмысына байланысты қорлау, қорқыту, күш көрсету немесе олардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне қол сұғу, прокурордың қызметтік міндетін орындауына кедергі келтіретін басқа да әрекеттер заңда белгіленген жауапкершілікке әкеліп соғады.

Прокурор жасаған әкімшілік құқық бұзу фактісі прокуратура органдары өкілдерінің қатысуымен тексеріледі. Қызметтік міндеттерін атқару кезінде заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, прокурорды әкімшілік жолмен ұстауға, жеке басын тексеріп қарауға, оның заттары мен пайдалануындағы көлігін тексеріп қарауға жол берілмейді.

Прокуратура органдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңында көзделген ерекшеліктер ескеріліп, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен реттеледі.

Прокуратура қызметкерлерін материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 53-бабына сай реттеледі.

Соған орай прокуратура органдары қызметкерлеріне еңбекақы

төлеу Қазақстан Республикасы Президенті бекіткен Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді.

Прокуратура органдары қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру, оларға мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік-әлеуметтік жәрдемақылар төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Прокуратура органдарындағы қызмет (жұмыс) мемлекеттік қызметтің арнаулы түрі болып табылады. Арнаулы қызмет (жұмыс) стажына прокуратура органдарындағы қызметтен басқа Қарулы Күштердегі, Ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік және басқа да құқық қорғау, сот органдарындағы, мемлекеттік қызметте болған қызмет (жұмыс), заң мамандығы бойынша ғылыми және педагогтық жұмыс, өкілдік биліктің мемлекеттік органдардағы сайланбалы лауазымдағы жұмыс уақыты есептеледі.

**7-тарау. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, заңды тұлғалардың және мемлекеттің мүдделерінің сақталуын қадағалау**

**§1. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, заңды тұлғалардың және мемлекеттің мүдделерінің сақталуын қадағалаудың маңызы мен міндеті**

Прокурорлық қадағалаудың бұл түрі Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздеріне сай, адам құқығы мен бостандығының басымдылығын тани отырып, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттілікті нығайтуға бағытталған заңдар мен заң актілерінің дәл және бірыңғай қолданылуына қадағалау міндеті көрсетілген Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңында бекітілген.

Осы Заңының 4-бабына сай адамның және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, заңды тұлғалардың және мемлекеттің мүдделерінің сақталуын қадағалау прокуратура органдарының қызметінің басты бағыты болып табылады.

Заңның 4-тарауы «Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, заңды тұлғалардың және мемлекеттің мүдделерінің сақталуын қадағалау» деп аталып, қадағалаудың маңызы мен міндетін, прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі прокурорлардың өкілеттігін реттейді (28, 29-баптары).

Прокурорлық қадағалаудың атауы, мазмұны жеке тұлға мен заңды тұлғаның және мемлекеттің мүдделерінің мемлекет тарапынан тең тұрғыда қорғалатынын көрсетеді. Оған негіз Ата Заңның 1-бабы: Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Заңның 28-бабы негізінде прокурорлық қадағалаудың міндеттері:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың құқықтық актілері мен іс-әрекеттерінің заңға сәйкес келуін қамтамасыз ету;

2) заңдылықтың кез келген бұзылуын, осындай заң бұзушылыққа ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтап, жою, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру шараларын қолдану болып табылады.

Прокуратура республика территориясында барлық заңдар мен құқықтық нормативтік актілердің дәлме-дәл, біртұтас қолданылуына жоғары қадағалау жасайтын орталықтандырылған бірден-бір мемлекеттік орган болғандықтан, адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға ерекше мүмкіншілігі бар және құқық бұзушылықты жоюды соттан тыс және сот арқылы да жүзеге асыра алады.

Өкілдік өрісі мейлінше кеңейіп, заңдылықтың бұрмалауының кез келген көрінісін қалт жібермеу құқығына ие болған прокуратура органдары басты назарды заңдылықтың неғұрлым актуалды мәселелеріне, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың қызметіне аударып, әлеуметтік-экономикалық саланың алуан түрлі мәселелеріне тікелей килікпейді.

Прокуратура басқа мемлекеттік органдарды алмастырмайды және ұйымдардың қызметі мен азаматтардың жеке өміріне араласпайды.

Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының бұйрығымен бекітілген «Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдардың қолданылуына, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына қадағалауды ұйымдастыру туралы» арнайы Нұсқаулықта осы прокурорлық қадағалаудың мақсаты мен маңызын ашатын, басты бағыттары белгіленіп берілген, олар:

1) адам мен азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының міндетті түрде сақталуын қадағалау;

2) сыбайлас жемқорлықпен күрес, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған заңдардың нақты және бірыңғай қолданылуын;

3) мемлекеттік органдардың құқықтық актілерінің Конституцияға, Республика Президентінің заңдары мен жарлықтарына сәйкес келуін;

4) қоршаған ортаны қорғау және оның ресурстарын тиімді пайдалану туралы заңдардың қолданылуын;

5) кәсіпкерлікті қолдау және қорғауға бағытталған заңдардың қолданылуын;

6) кәмелетке толмағандар туралы заңнамалардың қолданылуын қадағалауды қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл басым бағыттарды іске асыру барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше назар аудару прокуратураға тапсырылған.

Прокуратураның заңсыз актілерді ашу мен тоқтату жолындағы белсенді қызметі республикадағы құқықтық қатынасқа, құқықтық мелекет құруға игілікті ықпалын тигізіп, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен басқа да заңдық актілерін нақты және мүлтіксіз орындау арқылы бүкіл республика ауқымында біртұтас мемлекеттік саясатты ықпалды жүргізуді қамтамасыз етеді. Құқықтық мемлекет – адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуының мызғымас кепілі.

## **§2. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуының құқықтық негіздері**

Еліміздің негізгі заңына сай Республиканың Президенті Конституцияның мызғымастығының, адам және адамзат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады (ҚР Конституциясы 12-бап).

Конституцияға сай Қазақстан Республикасында әркімнің өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар. Адамның қадірқасиетіне қол сұғылмайды. Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. Мемлекетте әрбір адам жеке тұлға ретінде қаралып, ол мемлекет тарапынан қорғалады. Сондықтан да Конституцияның 98-бабының 30-тармағы азаматтардың құқығы мен міндеттеріне

арналған. Қазақстан Республикасында адамның құқықтарын қорғауға сенімді құқықтық база құрылған. Мемлекет адамдардың заңды құқықтарын қорғай отырып, олардың өз құқықтарын қорғау кезінде басқа адамдардың құқықтарына зиян келтірмеуін қадағалайды.

Конституция мен адамдардың құқығы жөніндегі халықаралық құқықтық құжаттарда көрсетілген адамдардың құқығы – конституциялық құқықтары деп аталады.

Бұл негізгі фундаменталдық құқықтар және одан туындайтын басқа да құқықтары мен бостандықтары, адам өмірінің әр саласындағы, яғни саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени құқықтарын қамтамасыз етеді.

БҰҰ Жарғысы, Адамдардың құқықтары жөніндегі Халықаралық Билля және Қазақстан Республикасының Конституциясы негізінде адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын мынадай үш үлкен топқа бөлуге болады:

1) Жеке құқығы мен бостандығы. Олар: әркімнің өмір сүруге құқығы, жеке басының бостандығы және теңдігі, ар-ожданын қорғауға, еркін жүріп тұру, тұрғылықты мекенжайды өз еркімен таңдауға, тұрғын үйіне қол сұғылмаушылық, сөз еркіндігі, ұлттық, діни көзқарастардың еркіндік құқықтары;

2) Саяси құқығы мен бостандығы: керекті мәліметтерді алу және тарату, бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге хақылы, Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға, мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар;

3) Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары. Олар: әркімнің еңбек ету бостандығы, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығы, өз мүлкіне иелігі, неке және отбасы, ана мен балалық құқығы, денсаулығын қорғауға кепілдік құқығы, тегін және ақылы білім алу құқығы, творчестволық еркіндігі, қоршаған ортаны қорғау, еңбегі үшін сыйақы алу, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалу, зейнетақы алуға, мүгедектік немесе жасына және асыраушысынан айырылған жағдайда мемлекет тарапынан жәрдемақы алуға, қорғалуға, ақысыз дәрігерлік көмекке құқылы.

Өмір сүру құқығы осы саладағы барлық басқа құқықтар мен бостандықтардың бастапқы негізін құрайды. Ол әлемдік өркениеттің абсолютті құндылығы болып табылады, өйткені адам қайтыс болған жағдайда қалған құқықтардың барлығы мағынасы мен мәнін жоғалтады. Бұл іргелі құқықты адамның жеке басының мемлекет, оның өкілдері не болмаса жеке тұлғалар тарапынан оның өміріне кез келген заңсыз қол сұғушылықтан еркін болу құқығы ретінде қарастыруға әбден болады.

Өмір сүру құқығының әлеуметтік шарттары бірқатар конституциялық қағидалармен: қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай келетін еңбек ету жағдайына құқығымен (ҚР Конституциясы 24-бабының 2-тармағы); жасына келген және науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда әлеуметтік қамсыздандырылумен (28-бап); денсаулығын сақтау мен мемлекеттік және жекеменшік емдеу мекемелерінде медициналық жәрдем алумен (29-бап) және басқа да кепілдіктермен қамтамасыз етіледі.

Іс жүзінде қалған барлық құқықтар қалай да болмасын өмір сүру құқығының айналасында бірігеді. Мысалға, әлеуметтік қорғалуға, қолайлы қоршаған ортаға, лайықты өмір сүруге құқығы, сол сияқты азаптаулардан және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жаза-лау түрлерінен еркін болу құқығы оның тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етудің қосымша құралдары болып табылады. Мемлекет бұл құқықтарды мойындауға және қолда бар барлық құралдармен адамның өмір сүруі үшін қолайлы жағдай жасауға міндетті. Жеке адамның өмірі мен денсаулығына қарсы жасалатын қылмыстың аса ауыр қылмыстық жазаланатын іс-әрекет санын құрайтыны кездейсоқ емес.

Жеке өмір (прайвеси – жеке бас мәліметтерін қорғау) – БҰҰ Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде және көптеген басқа халықаралық және өңірлік келісімдерде танылған адамның іргелі құқығы. Жеке өмір адамның ар-намысы мен жиналу бостандығы, ойлау бостандығы, бірлесу және сөз бостандығы сияқты басқа да шешуші құндылықтарының негізін қалайды. Жеке өмір қазіргі замандағы адамның маңызды құқықтарының біріне айналды.

Әлемнің барлық елдері дерлік өз конституцияларында жеке өмір құқығын мойындайды. Бұл конституциялық нормалар ең аз дегенде тұрғын үйге қол сұғушылық пен коммуникациялар құпиясы құқықтарын қамтиды.

Қазақстан заңнамасында жеке өмірді қорғауға қатысты бір-қатар нормалар бар. Олар ҚР Конституциясы (18, 25-баптары), ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі (16, 17-баптары мен 27 және 29-таралуары), ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі (10-бабы), ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 18-бап), ҚР Қылмыстық кодексінің 142-145 баптарында жеке өмірге қол сұғылмауын бұзғаны, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, почтамен, телеграф арқылы және өзге хабарламалар алмасу құпиясын, дәрігерлік құпияны жариялағаны, тұрғын үйдің қол сұғылмауын заңсыз бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленген.

Жалпыға ортақ танылған принциптер мен халықаралық нормаларға сәйкес ҚР Конституциясы «Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар» (21-баптың 1-тармағы) деп белгілейді.

Сонымен бірге, «Шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» Заңының 16-бабына сәйкес шетел азаматтары Қазақстан Республикасының шетел азаматтары үшін ашық аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпке сәйкес емін-еркін жүріп-тұрады және тұрғылықты мекенді таңдай алады. Бұл құқықтар да заңмен және заң актілерімен реттелген.

ҚР Конституциясының 23-бабының 1-тармағы «Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі» деп көрсеткен.

Қазақстан Республикасында ойлау, ар-ождан және дін бостандығына кепілдіктері ҚР Конституциясының 22-бабымен бекітілген. Қазақстанда ар-ождан мен діни сенім бостандығын құқықтық реттеу ҚР «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңы мен Азаматтық кодекс және басқа да заңнамалық актілер арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасындағы бейбіт жиналыстар бостандығының кепілдігі ҚР Конституциясының 32-бабымен белгілен-



ген: «Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы. Бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарына зиян келтірмеуі керек.

Қоғамның санасы мен күнделікті өмірде адамдардың құқықтарын қорғауды орнықтырмай құқықтық мемлекет құру мүмкін емес. Азаматтардың құқығын тану, сақтау және қорғау - мемлекеттің міндеті. Сондықтан да Қазақстан Республикасының заңдарында адам құқығын қорғауға талап күшті қойылған. Құқық қорғау жұмысына барлық мемлекеттік органдар қатысады. Адамдар мен азаматтардың құқығы мен бостандығына мемлекеттік қорғауды сот, прокуратура, адвокатура, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік және басқа мекемелер өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау тетігі алдымен соттың құзыретіне жатады, олар азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істерді қарау кезінде жүзеге асырылады. Азаматтардың саяси, әлеуметтік құқықтарының бұзылуынан келген зиянды анықтау негізінен сотта шешіледі. Бірақ азаматтар көбіне өздерінің бұзылған құқықтарын қалпына келтіруде сотқа дейін прокуратураға жүгінеді, әрі прокуратура органдары азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауда үлкен жұмыстар атқарады.

Заңдылықтың сақталу жағдайы туралы хабарламалар прокуратураға әр түрлі жолдармен түседі. Соның ішінде көбіне азаматтардың өздерінің құқықтарының бұзылуы туралы арыздары, бұқаралық ақпараттардағы хабарламалар, материалдар мен статистикалық анықтамалар, қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істер.

Прокуратура заң бұзушылық туралы хабарламаларды алғаннан кейін өз құзыреті шегінде тексеру жұмыстарын жүргізе алады немесе ол туралы басқа тиісті органдарға тапсырма береді.

Прокуратураның құқық қорғау функциялары, соның ішінде денсаулығына немесе жасына байланысты өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше талап етуге қабілетсіз азаматтар мен адамдардың едәуір бөлігінің құқықтары мен бостандықтарына

тиесілі көпшілік сипаттағы заңның бұзылуын жою сотқа талап-арыз беру арқылы орындалады. Қалған жағдайда әр азаматқа өз құқығы мен бостандығын сот арқылы қорғау тәртібі түсіндіріледі.

### **§3. Органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың құқықтық актілері мен іс-әрекеттерінің заңға сәйкес келуін қадағалау**

Органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың құқықтық актілері мен іс-әрекеттерінің заңға сәйкес келуіне прокурорлық қадағалаудың маңызы қоғам мен мемлекет алдына Конституция қойған адамдар мен азаматтардың құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету міндетін жүзеге асыруға ықпал етуі болып табылады.

Ал қадағалаудың пәні - Республика аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарының және өзге де құқықтық актілердің дәл әрі бірыңғай қолданылуына және адамдар мен азаматтардың әлеуметтік-экономикалық саладағы құқықтары мен бостандықтарының сақталуы. Басқа сөзбен айтқанда, орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, олардың лауазым иелерінің, басқа ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің Конституцияны сақтауы мен заңдарды қолдануларына қадағалау жасау. Олардың ішінде алдымен осы аталған органдардың шығарған актілерінің, әсіресе нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға, Республика Президентінің заңдары мен жарлықтарына сәйкес келуін қадағалаудың маңызы зор.

Прокуратура Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерінің заңдылығына қадағалау жасауға міндетті.

Прокурорлық қадағалаудың бұл бағыты басқа бағыттарына қарағанда көлемі жағынан едәуір кең және жан-жақты. Прокурорлық қадағалау объектілеріне Үкімет, министрліктер мен ведомстволар, комитеттер, жергілікті атқарушы және өкілетті органдар, басқа да мемлекеттік және шаруашылық пен бақылау органдары, меншік нысанына қарамастан кәсіпорындар мен мекемелер, ұйымдар жатады.

Қадағалаудың объектілеріне сонымен қатар қоғамдық ұйымдар мен ағымдар, әртүрлі қоғамдық қорлар, діни бірлестіктер және азаматтар жатады.

Бірақ азаматтар қадағалаудың тікелей объектісіне жатпайды, олар прокурорлық қадағалаудың көзіне тиісті мемлекеттік органдар тарапынан құқық бұзушылық үшін жауапқа тартылмай қалған немесе прокурордың заңды талаптарын орындамаған кезде ғана түседі.

Заң бұзушылық туралы ақпараттың түсу-түспеуіне қарамай, уақытында және үнемі өз өкілеттігі шеңберінде мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің заңдылығына прокурорлар тексеру жүргізуге міндетті. Мемлекеттік органдар өздері жаңадан қабылданған барлық нормативтік құқықтық актілерін ерікті түрде прокуратураға жолдап тұрулары заңмен қарастырылған. Прокурорлар әрбір нормативтік құқықтық актілерді зерделеу нәтижесі туралы анықтамалар мен тұжырымдамалар дайындап, заңсыз құқықтық актілердің күшін жоюға немесе заңға сәйкестендіруге шаралар қолданады.

Адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, мемлекеттің заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіретін құқықтық актілер анықталса, наразылықта оларды тоқтату туралы талап қоса қойылуға жатады. Мұндай наразылықтар қанағаттандырылмаған жағдайда, бірден сотқа талап арыз жолданып, ол қаралғанша тиісті қаулы қабылдау арқылы наразылық келтірілген актіні қолдану тоқтатылады.

Жалпыға бірдей міндетті, ведомствоаралық сипаттағы немесе азаматтардың құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу туралы заң талаптарының орындалуына үнемі назар аударып, мемлекеттік тіркеуге жататын, бірақ тіркелмеген нормативтік-құқықтық актілер анықталса, оларды қолдану міндетті түрде тоқтатылуы қажет. Заң талаптарын орындамаған лауазым иелері заңда анықталған тәртіп бойынша жауапкершілікке тартылуы тиіс.

Анықталған заңсыз нормативтік құқықтық актілерге наразылық келтіруге прокурордың өкілеттігі болмаған жағдайда, материалдар қадағалау бағыныстылығына сай жоғары тұрған прокурорға жолданады.

Нормативтік құқықтық актілерді қолдануды тоқтату туралы прокурорлық қадағалау актілері бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жатады.

Мемлекеттік органдар қабылдаған тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың заңдылығын қадағалауды қамтамасыз етіп, егер осы органдардың лауазымды тұлғаларының тарапынан заңдылықтың көпе-көрнеу және өрескел бұзылуы анықталса, онда ол шаралардың күшін жою немесе алып тастау туралы қаулы қабылдануы қажет.

#### **§4. Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдардың қолданылуына, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру**

Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, заңды тұлғалар мен мемлекет мүдделерінің сақталуына тиісті қадағалауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры өзінің арнайы бұйрығымен (№60 21 қараша 2002 жыл) «Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдардың қолданылуына, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы нұсқаулықты» бекітіп, оның орындалуын барлық прокурорларға жүктеген болатын.

Прокурорлық қадағалауды одан әрі нығайтуға байланысты аталған Нұсқаулыққа өзгертулер мен қосымшалар енгізіліп, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 01.10.2011 жылы №60 бұйрығымен қайта жасақталды.

Нұсқаулық Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңына және заңдардың қолданылуына, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру тәртібін анықтайтын Қазақстан Республикасының басқа да заң актілеріне сәйкес қабылданды.

Бас Прокурордың немесе жетекшілік ететін орынбасарларының тікелей тапсырмаларынсыз шаруашылық жүргізуші субъектілердің азаматтық-құқықтық дауларына прокуратура органдарының араласуына жол берілмейді. Заңды тұлғалардың мүдделеріне қатысты талап-арыздар сотқа Бас Прокурордың немесе оның орынбасарларының келісімімен ғана жолданады.

Нұсқаулықтың 2-тарауы прокурорлық қадағалаудың жеке

бағытындағы міндеттерді жүзеге асыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру тәртібін қарастырып, оларды 9 топқа бөлген.

1. Әлеуметтік саладағы заңдылықты қадағалау.

Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласында заңдылық жағдайы жүйелі талданып, кәмелетке толмағандар туралы заңнаманың қолдануын тексеру мемлекеттік органдар мен жүйелі алдын-алу мекемелерінде, ал қажет болған жағдайда балалар үйінде, мектеп-интернаттарда және балаларды күтіп, тәрбиелейтін басқа да мекемелерде өткізілуі тиіс. Жетім және ата-ана қамқорынсыз қалған балаларды есепке алу туралы заң талаптарының сақталуы және олардың құқықтарының, оның ішінде мүліктік құқықтарының қорғалуы үнемі прокурордың қадағалауында болу қажет.

Өкілетті мемлекеттік органдарда қаралатын кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын шектеу туралы істерге прокурорлар міндетті түрде қатысып, оларды уақытша оқшаулау, бейімдеу және ақтау орталықтарында ұстау заңдылығын қамтамасыз етуге тиіс.

Тиісті өкілетті мемлекеттік органдарда кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған білім, неке және отбасы, денсаулықты қорғау, халықты еңбекпен қамту, еңбекті қорғау туралы заңнамалардың қолданылуы прокуратура тарапынан тексеріліп тұруы қажет.

Білім туралы заңнаманың қолданылуын қадағалау білім мекемелерінің тарапынан бюджет және қаржы тәртібінің, лицензиялау мәселелерінің, мемлекеттік жалпы білім стандартының сақталуына, барлық жасөспірімдердің оқуға қамтылуын, тегін білім алу туралы конституциялық құқықтарының сақталуына қадағалау тұрақты жүргізілуге тиісті.

Прокурорлар денсаулық сақтау заңнамасында белгіленген мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары тарапынан көрсетілетін медициналық-санитарлық, медициналық-әлеуметтік және дәрі-дәрмек көмектерінің тегін болуы мен қол жетімділігі, сондай-ақ халықты аурудан сақтандыру және қолайлы санитарлық-эпидемиялық ахуалды қамтамасыз ету талаптарының сақталуын, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау және оларды төлеу заңдылығын қадағалауға тиіс.

Еңбек, көші-қон, азаматтық туралы заңнамалардың қолданылуы, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауда өкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамалардың қолданылуындағы заңдылықтың сақталуына прокурорлар тарапынан үнемі қадағалау ұйымдастырылады.

Мемлекеттік өкілетті органдарда (қабылдаушы-бөлуші, әкімшілік тәртібімен қамауға алынған адамдарды арнайы қабылдау мекемелері, ішкі істер органдарындағы медициналық айықтырғыш тарапынан) кемінде аптасына бір мәрте тексеру жүргізіп (оның ішінде түнгі мезгілде, демалыс, мереке күндері де), азаматтарды арнайы мекемеге әкелу заңдылығы мен онда болу мерзімінің сақталуы, мекемелерде белгіленген режим және ұстау тәртібінің қамтамасыз етілуін қадағалап, егер заңсыз әкелу, ұстау фактілері анықталса, тез арада оларды босату, заңсыздыққа жол берген лауазым иелерінің жауапкершілігін шешу – прокурорлардың басты міндеттерінің бірі.

2. Қаржы-несие саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалау.

Прокуратура органдарының қаржы-несие саласындағы негізгі міндеттері бюджет, банк, кеден, салық пен бюджетке төленетін төлем мен басқа да міндетті төлемдер туралы, оның ішінде жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы төлемдерінің толық және дер кезінде төленуі жөніндегі заңнамаларының орындалуын қадағалау, банктегі есепшот бойынша шығыс операцияларын тоқтату туралы салық және кеден органдарының өкімдерін санкциялау кезінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету болып табылады. Бюджет қаражатын жұмсау заңдылығын тексеру республикалық және жергілікті бюджеттің шығыс бөлімінің қорытындысы мен қаржы бақылау органдарының тексеру актілері негізінде жоспарланып, шығыны көп бюджеттік бағдарламаларға баса назар аударылады.

«Банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңында банк құпияларын құрайтын мәліметтер мен оларды заңды негізде жариялауға болатын мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының тізбесі белгіленген. Осыған орай, заңды тұлғалардың банк есепшоттары, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлікпен

айналысатын жеке тұлғаның ағымды есепшоттары, ол есепшоттардағы ақша қалдығы мен қозғалысы туралы деректер бойынша мемлекеттік органдардың банктерге жолданған сұраныстарын санкциялау кезінде прокурорлар, анықтама мен тергеу органдарындағы қылмыстық іспен танысып, сұратылып отырған мәліметтер қылмыстық іс бойынша елеулі маңызы мен дәлелдеме ретінде қолданылуы мүмкіндігін мұқият тексеруі керек. Банктегі ақша мен мүлікке тыйым салу қауаларына, кеден органдары мен атқару ісін жүргізу органдарының заңда көрсетілген қауаларына санкция заң талаптарына сай берілуін қамтамасыз ету прокурорларға міндеттелген.

Банк құпиясына жататын мәліметтер заңсыз жарияланса, банктердің және мемлекеттік органдардың кінәлі лауазымды қызметкерлерін прокурор заңда белгіленген жауапкершілікке тарту шараларын қолданады.

3. Жекеменшік және кәсіпкерлікті қорғау заңдарының қолданылуын қадағалау.

Жекешелендіру және мемлекеттік мүлікті басқару органдарында мемлекет мүлкін жекешелендіру, басқару және жалға беру туралы шешімдерінің заңдылығы, мемлекеттік сатып алу заңнамасының қолданылуы, мемлекеттік жұмылдыру және материалдық қорларының сақталуы, жер туралы заңнаманың қолданылуын қадағалау, мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретін экономикалық контрабанда, қасақана банкротқа ұшырату, лицензиясыз қызмет көрсету, салық төлемінен жалтару, мемлекет мүлкін талан-таражға салу фактілерін анықтауға бағытталған тексерулер жүргізіп, анықталған заң бұзушылықты жоюға нақты шаралар алу, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау прокурорлардың келесі бір негізгі міндеттері.

Тиісті тіркеуге алынбай жүргізілген шаруашылық субъектілеріндегі тексерістерді анықтау мақсатында, прокурорлар тоқсанына бір рет арнайы есепке алу және құқықтық статистика саласындағы өкілетті органдардағы мәліметтер бақылау және қадағалау органдарындағы мәліметтермен салыстырып, тексереді.

Коммуналдық саладағы тарифтерді бекіту туралы өкілетті мемлекеттік органдар шешімдерінің заңдылығына, сондай-ақ

монополист-кәсіпорындардың заңдарда анықталған тауарларды сатып алу және қызмет көрсету процедураларының сақталуына баса назар аудара отырып, прокурорлар монополияға қарсы заңнаманың қолданылуына үнемі тексеру жүргізулері тиіс.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша үнемі тексеру жүргізіліп, бұл бағыттағы жұмыс нәтижелері тоқсан сайын қорытындыланып отырады.

Мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен сапасын арттыру, бизнес белсенділігін ынталандыру мемлекеттік саясаттың ұзақ мерзімді басымдықтары болып табылады. Осы стратегиялық міндетті ойдағыдай іске асыру прокуратураның құқық қорғаушы әлеуетін қарқынды пайдаланумен тығыз байланысты. Қадағалаушы органдар шағын және орта бизнесті қорғау саласындағы заңдылықты бақылаудың дәрменді тетіктерін жетілдіру және заң бұзушылықтарды жедел жою бойынша үлкен нысаналы жұмысты жүзеге асырып отыр. Осыған орай барлық мемлекеттік органдардың өздерінің тексеру жоспарларын Бас прокуратураның сайтында жариялау міндеті туралы прокуратура органының бастамасы заңдастырылды. Бұл мемлекеттік органдардың кәсіпкерлердің қызметіне жөнсіз араласуын бақылауға мүмкіндік беріп, бизнесті қорғаудың пәрменді құралы болды. Бас прокуратураның ұсынысы бойынша бизнестің дамуына кедергі жасайтын заңдардың нормалары қайта қаралды. Кәсіпкерлердің құқығын қорғауға байланысты сенім телефондары құрылып, өңірдегі прокурорлардың басшылығымен ұтқыр топтар құрылған, олар заңсыз тексеру туралы бірінші дабыл бойынша кәсіпкерге дереу жетіп, тексерушілердің заңсыз әрекеттерінің жолын кеседі.

Тек 2011 жылдың 11 айында прокурорлардың ұтқыр топтарының сенім телефондарында 240-тан астам кәсіпкер хабарласып, 144 жағдайда заңсыз тексеру туралы мәліметтер расталған.

Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес заңдарының қолданылуын қадағалау саласында өкілетті органдардың өздеріне жүктелген есірткі мен психотроптық заттардың заңсыз айналымын бақылау, олардың алдын алу және салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау функцияларын атқаруына баса назар аудару да Бас Прокурор тарапынан барлық прокурорларға жүктелген.



2011 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының прокуратура органдары мемлекет басшысы мен Бас Прокурордың заңдылықты күшейту, қылмыспен күрес және азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауға бағытталған тапсырмаларын орындауды жалғастырып, 2200-ден астам тексеру нәтижесінде 47 мың заң бұзушылықты анықтап, оларды жою мақсатында 36 мыңға жуық прокурорлық ықпал ету шаралары қолданылып, 41 мыңнан астам заң бұзушылықтар нақты жойылған. Нәтижесінде 26 мыңнан астам тұлғаның конституциялық құқықтары қорғалып, 11 мың жұмысшының айлық жалақысы бойынша қарыз сомасы өндірілген. Қолданылған шаралар негізінде 5800-ге жуық тұлға түрлі жауапкершіліктерге тартылып, мемлекет пайдасына 1,5 миллиард теңге қаржы түскен. Мемлекеттік органдардың 3800-ден астам құқықтық актілері оның ішінде 38 нормативтік-құқықтық сипаттағы актілері бұзылып, өзгертілді. Жалпы прокурорлық тексеру қорытындысымен 30 қылмыстық іс қозғалып, олардың 29 сотқа жолданып, 24 тұлға әртүрлі қылмыстық жазаға тартылды.

Әрбір прокурорлық тексеру және анықталған заң бұзушылықтар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында жүргізіліп, нәтижесінде 2273 заң бұзушылықтар анықталып, 229 тұлға түрлі жауапкершілікке тартылды.

Осы мерзімде 9822 жасөспірімдердің конституциялық құқықтары қорғалып, 1200 астам тұлға түрлі жауапкершілікке тартылып, 24 млн теңгені құрайтын залал өндірілді. Тексеру нәтижесінде 13 мүгедек баланың 2,6 млн теңге көлемінде жәрдемақыларын заңсыз иелену дерегі бойынша қылмыстық іс қозғалып, оған кінәлі мекеме басшысы ҚР ҚК-ң 176-бабының 3-бөлімінің «б» тармағымен сотты болды.

Жеке кәсіпкерлердің жұмысына заңсыз араласу бойынша 674 заң бұзушылық анықталып, 738 кәсіпкердің құқықтары қорғалып, 107 тұлға түрлі жауапкершілікке тартылған. Арнайы құрылған мобилдік топтармен 30 заңсыз тексеру тоқтатылып, заң бұзушылықтарды жою туралы енгізілген 9 ұсыныстарды қарау нәтижесінде 16 тұлға түрлі жауапкершілікке тартылған.

Табиғат қорғау саласында облыс прокуратура органдарының ықпалымен 53 млн теңге құрайтын залал өндіріліп, 3 қылмыстық іс қозғалып, 4 тұлға сотты болған («Заң және заман» журналы №02 ақпан 2012 жыл 9 -11 б).

Оңтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасының 11 айдағы прокурорлық қадағалаудың бір бағыты бойынша атқарған жұмысының нәтижесі, Республика прокуратура органдары адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүдделерінің қорғалуына елеулі қызмет ететіндігін көрсетеді.

4. Қазақстан Республикасы Қарулы күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарда заңдардың қолданылуын қадағалау.

Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының бұйрықтарымен белгіленген тәртіппен, өз құзыреттері шегінде әскери прокурорлар Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінде, басқа әскерлер мен әскери құрылымында заңдылық пен тәртіпті нығайтуға бағытталған заңдардың қолданылуына қадағалауды жүзеге асырады.

Басты міндеттері ҚР Қарулы күштерінің қауіпсіздігі мен әскери қызметті атқарудағы тәртіптіліктің сақталуы, әскери қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтары мен бостандықтарының заң талабына сай қорғалуы, мемлекеттік шекараны күзетуді, әскери мүліктердің, оның ішінде қару-жарактың сақталуына, мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражаттың өз саласына жұмсалуды, т.б. заңнамалардың қолданылуына қадағалау жасап, заңсыздықтың алдын алу, заңсыздықты жою шараларын қолдану.

5. Көлік саласында заңдардың қолданылуын қадағалау.

Көлік прокурорлары көліктегі өкілетті мемлекеттік органдардың тарапынан теміржол, су, әуе, құбыр көліктерінің шаруашылық субъектілерінің, көлік инфрақұрылымы объектілерін салып, пайдаланатын ұйымдардың тарапынан заңдардың дұрыс қолданылуын қадағалайды. Қадағалаудың негізгі міндеттері аталған объектілерде қауіпсіздіктің сақталуын қамтамасыз ету. Жолаушыларға қызмет көрсету және тұтынушыларға көлік қызметін көрсету кезінде прокурорлық қадағалаудың құқық қорғау функцияларына баса назар аударылуы талап етіледі. Көлікте жүру қауіпсіздігі мәселелері бойынша тексеру қажеттігіне байланысты жоспарланады және жылына екі мәртеден кем болмауы қарастырылған. Көлік прокурорлары кемінде жарты жылда бір мәрте темір жол, әуе және су көлігінің жүруі қауіпсіздігі бойынша заңдылық жағдайын және көліктегі төтенше оқиғалардың

себеп-салдарын қортындылап, нәтижесін Бас прокуратураға жаз-баша хабарлайды. Төтенше оқиғалар болған жерге прокурорлар дереу барып және мұндай оқиғалардың әрбір фактісі бойынша 24 сағаттың ішінде Бас прокуратураға арнайы хабарлама жолдайды.

Төтенше оқиғалар болған жерлерден көлік прокуратуралары алыс болса, жақын тұрған аумақтық прокурорлар Бас прокуратураға алдын ала хабарлап, жиналған барлық тексеру материалдарын көлік прокуратурасына беруі тиіс.

6. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы заңнамалардың қолдануын қадағалау.

Прокурорлық қадағалау кезінде табиғи ресурстарды пайдалану құқығын заңсыз беру фактілерін анықтауға және тосқауыл қоюға, құқыққа қайшы әрекеттердің нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген зиянның орнын толтыруға, ерекше қорғаудағы табиғи аумақтардың, сирек және жоғалып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктердің сақталуын қамтамасыз етуге, аса қолайлы экологиялық жағдайларды қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларға баса назар аударылады.

Бас прокуратураның едәуір әрекеті жер қойнауын пайдаланушылардың қызметінде заңдылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Прокурорлық араласу шаралары мемлекетке шынайы тең мағыналы әріптестік қатынастарды қамтамасыз етіп, осы компаниялардан мемлекеттік бюджетке әділ түсімдердің болуы туралы келіссөздер жүргізуге мүмкіндік берді. Прокурорлар қабылдаған шаралар нәтижесінде табиғатты пайдаланушылардың қоршаған ортаға эмиссияларды төлеуі есебінен мемлекеттік бюджет толықтырылды.

7. Қоғамдық діни бірлестіктер және бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамалардың қолданылуын қадағалау.

Аталмыш қадағалау саласында прокурорлардың ерекше назар аударатын мәселелері:

1) қадағалау аумағында қоғамдық, діни бірлестіктердің, басқа үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметіндегі заңдылықты үнемі талдау;

2) Конституцияға қайшы қандай да болмасын іс-әрекеттерді тиюға, экстремизм мен терроризм себептерінің алдын алу және

тосқауыл қоюға, кінәлі тұлғаларды анықтап, оларды заңда белгіленген жауапкершілікке тартуға бағытталған түбегейлі іс-шаралар қабылдау.

Конституция мен заң нормаларының бұзылу белгілерін дәлелдейтін материалдар бойынша дереу, қажетті жағдайда сараптама тағайындау арқылы тексеру жүргізіп, олар бойынша тиісті қадағалау әрекеттері қабылданып, аталған ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін тоқтату немесе қысқарту туралы мәселелері қойылады.

Прокурорлар бұл бағыттағы қадағалау жұмысын Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қаржы полициясы комитеті, Кедендік бақылау комитеті және Әділет министрлігінің жергілікті органдарымен бірлесе отырып атқаруға құқылы.

Елде орын алған оқиғалар аясында Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры басшылық ететін Үйлестіру кеңесі алдына экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған өзекті мәселелерді шешу қойылып, діни бірлестіктердің заңсыз қызметінің алдын алуға, экстремистік әдебиетті және өзге де жік салушы ақпаратты жеткізу арналарына, оның ішінде интернет-ресурстарына тосқауыл қоюға, көші-қон үдерістерінің заңдылығын қамтамасыз етуге және мемлекеттік шекараны қорғау режимін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді және кең ауқымды шаралар қабылдады.

8. Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамалардың қолданылуын қадағалау.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдарда жүргізілетін тексеру тематикасына қарамай, сыбайлас жемқорлық пен оған жағдай жасайтын құқық бұзушылықтарды анықтау, бұлтартпау және алдын алу прокуратура органдарының басты міндеттерінің бірі деп белгілеген.

Прокурорлар мемлекеттік органдарда мемлекеттік тәртіптің жай-күйі, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізіп жатқан күрес шараларының тиімділігін зерделеп, құқық қорғау органдарымен мемлекеттік органдардың лауазымды қызметкерлерінің заңдарды орындамауы немесе тиісті дәрежеде орындамауы туралы материалдар алмасуы негізінде тексеру жүргізеді. Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу мақсатында прокурорлар мем-

лекеттік органдар қызметіне қатысты қылмыстық және азаматтық істер бойынша сот тәжірибесін үнемі талдап, құқықтық статистика органдарының сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзған субъектілері туралы мәліметтер банкісін пайдаланады. Осы мәселе бойынша түскен хабарламалар дереу қаралып, осындай деректер алу үшін адамдарды жеке қабылдау, халықпен кездесу ұйымдастырылып, сенім телефоны орнатылып, бұқаралық ақпаратта жарияланған фактілерге үнемі назар аударып, керегіне қарай тексеру жұмыстары ұйымдастырылады.

9. Бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынас.

Прокуратура органдарының қызметінің принциптерінің бірі - азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды сақтау туралы заңдарына қайшы келмейтіндей деңгейде жариялы іс-қимыл жасауы. Осы талапты сақтай отырып прокуратура органдары ақпарат агенттіктері, баспа, радио және теледидар арқылы халыққа заңдылық пен құқық тәртібінің жағдайы туралы жүйелі түрде хабарлап отыруға тиісті. Қоғамның назарын аударатын, заңның өрескел бұзылуын анықтаған прокурорлық тексерудің нәтижелері, мемлекеттік мүддеге, жеке азаматтарға келтірілген зиянның орнын прокурорлық шаралармен толтыру туралы мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында жедел хабарланады. Бірақ орынсыз сенсацияларға, дүрлігулер мен жеңіл-желпі мәліметтерге жол беруге болмайды.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен, азаматтардың және қоғамдық діни бірлестіктерімен қарым-қатынастар жасағанда, оларға тиісті ақпарат беруден негізсіз бас тартуға жол бермей, прокурорлық қадағалау мен қылмыстарды тергеу барысына араласуға тыйым салатын заң талаптары қалтықсыз қадағалануы қажет.

Материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарына беру кезінде Конституцияда белгіленген әр азаматтың жеке өміріне, жеке басы мен отбасының құпиясына қол сұқпаушылық, ар-ожданым қорғау кепілдігі туралы талаптар қатаң басшылыққа алынады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми хабарлары тек Бас Прокурордың келісімімен оның баспасөз қызметі арқылы ғана жолданады.

Прокуратура органдарының әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдардың қолданылуына, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына прокурорлық қада-

ғалауды жүзеге асырудағы қызметін бағалаудың негізгі шарты конституциялық заңдылықтың жағдайын жақсартудағы қабылданған шаралардың тиімділігі болып саналады.

Олар:

- қоғамдық қарым-қатынастың барлық салаларында құқық бұзушылықтарды уақытында анықтау және оны нақты жою, сондай-ақ олардың туындау себеп-салдарын прокурорлық қадағалау шараларымен жою;

- сандық көрсеткіштерге жіктеуді аластай отырып, қоғамдық қатынастардың әр саласында тиісті прокурорлық ықпалды қамтамасыз ету арқылы заңдылыққа қол жеткізу;

- заң бұзушылардың, соның ішінде мемлекеттік билік пен басқару органдарының лауазымды тұлғаларының олардың қызмет деңгейіне қарамай, жауапкершілікке тартылуын бұлтартпай қамтамасыз ету;

- мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, меншік нысанына қарамай, және олардың лауазымды тұлғаларының заңсыз іс-әрекеттері салдарынан мемлекетке келтірілген зиянның орнын толтыру.

Бас әскери прокуратура, облыс прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар қажетті жағдайда жоспарлы және өзге тексеру жүргізген кезде республиканың басқа аймақтарының прокурорларымен ақпарат алмасып, жеке тапсырмаларды орындауда прокуратура қызметкерлері мен мамандарын бөлу арқылы тікелей және жедел өзара қарым-қатынасты қамтамасыз етулері тиіс. Сонымен қатар, олар Бас прокуратураның Деректер жиынтығына прокурорлық қадағалау актілері мен оларға жауаптарының көшірмелерін жүйелі түрде және дер кезінде ұсынуды қамтамасыз етуге міндетті.

Тексеру заң талаптарына сай, қадағалау құзырындағы аумақтарда заңдылық жағдайын мұқият талдау негізінде, сондай-ақ Бас Прокурордың тапсырмалары бойынша жоспарланып, орындалады. Бұл мақсатта, прокурорларда өзінің қадағалау аумағындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері, демографиялық жағдайы, сондай-ақ халықтың қоғамдық, діни және саяси белсенділігі толығымен сипатталған, үнемі жаңартылып отыратын паспорты болуы керек.

Аумақтағы жалпы ахуал және заңды қолданудың аса пробле-

малы саласын зерделеу мақсатында прокуратурада сотта қаралған қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша қажетті мәліметтер жинақталуға тиіс.

Тексеру қатаң түрде өз құзыреті шеңберінде және бір айлық мерзімде жүргізілуі қажет. Бұл мерзім жоғары тұрған прокурор арқылы ұзартылуға жатады. Тексеру қаулы шығарылғаннан кейін ғана жүргізіледі. Шаруашылық субъектілерін тексеру туралы қаулы құқықтық статистика органдарында тіркеледі. Тексеру алдында тексерілетін субъектінің лауазымды тұлғасы тексеруді тағайындау туралы қаулымен таныстырылуы керек.

Тексеру жүргізу туралы қаулыны шығаруға Бас Прокурор, оның орынбасарлары, Бас прокуратура департаменттерінің бастықтары, облыс прокурорлары мен оларға теңестіріліген прокурорлар, олардың орынбасарлары, қала, аудан, арнайы прокуратуралардың прокурорлары, олардың міндеттерін атқарушылар құқылы.

## **§5. Қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі прокурорлардың өкілеттігі мен қадағалау актілері**

Қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі прокурордың өкілеттігі Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 29-бабында көрсетілген, олар:

1) жүргізілетін тексеріс мәселелері бойынша азаматтар мен лауазымды адамдарды шақыруға және олардан айғақтар алуға;

2) қызметтік куәлігін көрсетіп, мемлекеттік органдардың, меншіктің барлық нысанындағы ұйымдардың аумағы мен ұйжайларына кедергісіз кіруге;

2-1) жүргізілетін тексеріс мәселелері жөнінде банктерден жеке және заңды тұлғалардың операциялары мен шоттары бойынша коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпия болып саналатын мәліметтердің жариялануға болмайтын талаптарын сақтай отырып, мәліметтер алуға;

2-2) жасырын қылмыстарды анықтау мақсатында құзыретті органдардан жедел іздестіру шараларын жүзеге асырып, олардың нәтижелері туралы хабар беріп отыруды талап етуге;

3) басшылардан және басқа да лауазымды адамдардан заңды-

лықтың жай-күйі және оны қамтамасыз ету жөніндегі қажетті құжаттарды, материалдарды, статистикалық деректерді алуға;

4) тексеріске қатысу және қорытынды беруі үшін мамандарды тартуға;

5) прокуратураға түскен материалдарға, арыздарға өзінің құзыретіне сәйкес тексеріс жүргізуді басқа лауазым иелерінен талап етуге және бұлардың нәтижелері туралы хабарлауды міндеттеуге;

6) қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін тексерісті жүзеге асыруға басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тартуға;

6-1) сараптамалар тағайындауға;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да тексеріс әрекеттерін жасауға құқылы.

Тексеру нәтижелері бойынша прокурор құқық бұзушылықты жою үшін төмендегі прокурорлық актілерді қабылдауы мүмкін:

1) наразылық енгізеді;

2) заң бұзушылықты болдырмау жөнінде ұйғарым береді;

3) қылмыстық іс қозғау, тәртіптік іс жүргізу немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу, прокурордың талабын мәжбүрлеп орындату, жеткізу (күштеп әкелу) жөнінде қаулы шығарады, материалдық залалдың өтелу шараларын қолданады;

4) адамның және азаматтың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, заңдардан басқа, заңсыз актінің күшін тоқтата тұрады;

5) мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары енгізген тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін жояды немесе алып тастайды;

6) мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен олардың заңмен қорғалатын мүдделерін сақтауды соттан өтінеді;

7) органға немесе лауазымды адамға заңдылықты бұзуды болдырмау туралы ұсыныс енгізеді;

8) заң бұзушылыққа жол берілмейтіні туралы алдын ала ескертеді;

9) осы Заңда көзделген өзге де прокурорлық қадағалау актілерін енгізеді.

Прокурорлық қадағалау актілерінде заң нормаларына міндетті түрде сілтеме жасай отырып, заң бұзушылықтың құқықтық мәні



баяндалып, осыған орай заңның келеңсіз бұзылу салдары, себептері мен жағдайлары көрсетіліп және кемшіліктерді болдырмау, кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту туралы мәселе қойылады. Сонымен қатар прокурорлар прокурорлық қадағалау актілерінің орындалуына және іс жүзінде заң бұзушылықтың жойылуына бақылауды қамтамасыз етуге міндетті.

Прокурорлық қадағалау актілерінің заңдылығын жоғары тұрған прокурорлар тексеріп, егер олар заң талаптарына қайшы шығарылған жағдайда, нақты шешім қабылданғанға дейін оларды қолдануды тоқтатуға, заңда не Бас Прокурордың арнайы бұйрығында белгіленген құзырет шеңберінен шығып кеткен жағдайда прокурорлық актілерді қайтарып алуға, прокурорлық актілер Конституцияға, заң актілеріне, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына, Бас Прокурордың бұйрықтары мен нұсқаулықтарына қайшы келсе, олардың күшін жояды.

Бас Прокурордың бұйрығына сай мемлекеттік органдар қабылдаған тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың заңдылығына, сондай-ақ заңдарда көзделген жағдайда олардың қолданылуы туралы прокурорды уақытша хабардар ету қамтамасыз етіліп, олардың заңдылығын екі күннің ішінде тексеру қажет. Заңсыздық анықталған уақытта олардың күшін жою немесе алып тастау туралы қаулы шығарылуы тиіс. Мемлекеттік органдардың тиісті хабарламаларды мүлде бермеу немесе уақытында бермеу фактілерін анықтау мақсатында прокурорларға өз аумағында жылына, кем дегенде, бір мәрте тиісті тексеру ұйымдастыруы жүктелген. Мемлекеттік органдардың жүргізген жұмыстары туралы заң актілеріне сәйкес прокурорды хабардар етпеу немесе уақытылы хабардар етпеу фактілері анықталса, кінәлі лауазымды тұлғаларды заңда белгіленген әкімшілік жауапкершілікке ( ҚР ӨҚБ Кодексі 355-бап) тарту мәселесін тиісті прокурор міндетті түрде шешуі қажет.

Прокурорлық тексеру барысында жасырын заң бұзушылықты анықтау қажеттігі туындаған жағдайда және оны анықтауды жүзеге асыру үшін өзге мүмкіндік болмаса, прокурор құзыретті органдар тарапынан жеделізвестіру шараларын жүргізу мәселесін шешеді. Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге негіз Бас Прокурордың, оның орынбасарларының, облыс прокурорлары

мен оларға теңестірілген прокурорлардың ғана қаулылары болып табылады. Қаулыда жедел іздестіру іс-шараларының негізі, олардың өткізілу мерзімі, тексерілетін субъектілердің ауқымы және алынған нәтижелердің берілу нысаны көрсетіледі.

Қажетті жағдайда тексеруге мамандар тартылады. Ал сараптама арнайы ғылыми білім қажеттілігі туындағанда ғана және оның нәтижесінсіз прокурорлық тексеруді жүзеге асыру мүмкін болмайтын жағдайда ғана тағайындалады. Сараптаманы тағайындау туралы қаулыны Бас Прокурор, оның орынбасарлары, Бас прокуратура департаменттерінің, дербес басқармалары мен бөлімдерінің бастықтары, облыс прокурорлары, оған теңестіріліген прокурорлар мен олардың міндеттерін атқарушылар және облыс прокурорымен келісе отырып аудан, қала прокурорлары шығарады. Сараптама тағайындау туралы қаулыда: сараптаманы тағайындау негізі, уақыты, орны, сараптауға жолданған объектілер мен сарапшының қарауына берілетін өзге де құжаттар, сарапшының тұжырымына негіз болатын тексеру материалдарында бар мәліметтер, сарапшының алдына қойылатын сұрақтар, сот сараптама органының атауы немесе сараптама жүктелген маманның аты-жөні көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы «Прокуратура туралы» Заңының 7-бабының талаптарына сай, прокуратура органдары заңдарда белгіленген тәртіппен заң бұзушылық туралы арыздарды қарай келіп, адамның және азаматтың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуын жою, бұзылған құқықты қалпына келтіру шараларын қолданады.

Егер адам бойындағы, психикасындағы немесе өзге де кемістіктері салдарынан өз құқықтарын қорғауды жүзеге асыра алмайтын болса, прокурор оны қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қолдануға міндетті.

Қандай да болмасын өкілетті органның құзыреті туралы азаматтар мен заңды тұлғалардың алғашқы арыздары Қазақстан Республикасы «Әкімшілік процедурасы туралы» Заңының талаптарына сай ведомстволық бағыныстылығы бойынша тиісті мемлекеттік органға жолданады және арызданушыға осы орган қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда прокуратураға қайта шағымдану мүмкіндігі туралы түсіндіріледі.

Барлық прокуратураларда азаматтар мен заңды тұлғаларды жеке қабылдау жүргізіледі және олардың ауызша, жазбаша арыздары қаралып, заң талаптарына сай шешім қабылданып, ол жөнінде хабарланады.

Прокуратура органдары заңда белгіленген тәртіппен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүдделерін қорғау жөнінде өздеріне жүктелген міндеттерді орындамайтын лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту шараларын қолданады.

## **§6. Қазақстан Республикасы прокуратура органдары мен мекемелерінде жеке және заңды тұлғалардың өтінішін қарау**

Прокуратура органдары мен мекемелеріне жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, сондай-ақ депутаттық сауалдар мен өтініштер түсіп тұрады. Оларды қарау тәртібі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрығымен бекітілген арнайы Нұсқаулығы негізінде іске асырылады.

Нұсқаулық Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңдарға және өзге де заңнамаларға сәйкес Қазақстан Республикасының прокуратура органдары мен мекемелерінде азаматтардың өтініштерін, депутаттық сауалдар мен өтініштерді қарау мәселелерін нақтылайды.

Прокуратура органдарында азаматтардың арыздары мен хабарламалары да қаралатыны белгілі. Сондықтан арыздар мен хабарламалардан өтініш пен сауалнамалардың айырмашылығын ажырату қажет.

**Өтініш** – заңды тұлғалардың немесе олардың тиісті уәкілеттелген өкілінің дербес немесе жазбаша, ауызша нысандағы ұжымдық немесе электрондық сандық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысандағы ұсынысы, арызы, шағымы, пікірі, сауалдары.

**Депутаттық сауал** – Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңының 27-бабына сәй-

кес Парламент сессиясында жарияланып, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына сауал түрінде рәсімделіп жолданған Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының талабы.

**Депутаттық өтініш** – Қазақстан Республикасының Парламенті депутатының, комитеттері мен комиссиялары мүшелерінің прокуратура органдарына өтінішті қарау және ол бойынша ақпарат беру туралы жолдаған депутаттық сауал түрінде рәсімделмеген өтініші.

Ұжымдық өтініш – жеке және заңды тұлғалардың екі немесе одан да көп өтініші, сондай-ақ митингте немесе жиналыста қабылданған және митингті, жиналысты ұйымдастырушылардың және қатысушылардың қолы қойылған өтініш.

Нұсқаулықтың ережелері прокуратура органдары мен мекемелеріне, соның ішінде мемлекеттік органдар арқылы келіп түсетін жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне, сондай-ақ депутаттық сауалдар мен өтініштерге қолданылады.

Жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстар туралы арыздар мен хабарламалар, қылмыстық іс өндірісін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың әрекеттері мен шешімдеріне берілетін шағымдар қылмыстық іс жүргізу заңында көзделген тәртіпте қаралады.

Қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша қабылданған сот актілеріне берілетін шағымдар, өтініштер қылмыстық іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу, әкімшілік заңдарда көзделген тәртіп пен өкілеттік шекте қаралады. Осы аталған заңнамамен реттелмеген жағдайда Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңның және Нұсқаулықтың ережелері қолданылады.

Ақтау туралы арыздар Қазақстан Республикасының «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңында көзделген тәртіпте қаралады. Азаматтарды ақтауға қатысты өтініштер бойынша депутаттық сауалдар көрсетілген Нұсқаулыққа сәйкес қаралады.

Шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалардың өтініштері Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен оларды қараудың өзге тәртіптері көзделмесе, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қаралады.

Прокуратура органдарына келіп түскен өтініштер, сондай-ақ

депутаттық сауалдар мен өтініштер қосымша тіркелген құжаттарымен бірге келіп түскен күні тіркеледі және олар бойынша статистикалық карточкалар жасалады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына келіп түсетін өтініштердің бәрі алдымен Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры Аппаратының Азаматтардың өтініштерін қарау және іс жүргізу заңдардың қолданылуын қадағалау басқармасында, ал төмен тұрған прокуратураларда – тиісті бөлімшелерде тіркеліп, бар материалдары мен қадағалау өндірістері зерделеніп, алдын ала қаралады.

Бас прокуратурада алдын ала қаралғаннан кейін Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына немесе оның міндетін атқарушы адамға:

1) Қазақстан Республикасының Президентінен, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінен, Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты мен Мәжілісінің басшыларынан, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Хатшысынан, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысынан және оның орынбасарларынан, Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесінің Хатшысынан, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының төрағаларынан келіп түскен алғашқы өтініштер, заңнамаға сәйкес рәсімделген депутаттық сауалдар, сондай-ақ Бас Прокурордың орынбасарларының, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ведомство мен мекеме басшыларын шешімдері мен (немесе) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданған өтініштер;

2) мемлекеттік қызмет туралы заң бойынша саяси мемлекеттік қызметкерлерге жататын лауазымды тұлғалардың тарапынан сыбайлас жемқорлық және қызмет бабын теріс пайдалану фактілері туралы, сондай-ақ мемлекеттің ұлттық, экономикалық және қоғамдық қауіпсіздіктеріне қауіп төндіретін басқадай елеулі заң бұзушылықтар туралы өтініштер баяндау үшін тапсырылады.

Келіп түскен өтініштер мен сауалдардың рәсімделуі мен мазмұнына байланысты оларды қарау Бас Прокурордың орынбасарларымен, Бас прокурор Аппаратының Азаматтардың өтініштерін қарау және іс жүргізу заңдарының қолданылуын қадағалау

басқармасымен, Бас әскери прокурор, облыс және оларға теңестірілген прокурорлармен жүзеге асырылады.

Әрбір өтініш бойынша прокуратура органдарында мына шешімдердің бірі қабылдануға тиіс:

- өз өндірісіне қабылдау туралы;
- шешу үшін төмен тұрған прокуратураларға жолдау туралы;
- тиістілігіне қарай басқа органдарға жолдау туралы;
- бар материалдарға (алдында қаралған болса) тіркеу туралы.

Өтініштерді, депутаттардың сұрау салуларын шешу кезінде прокурор онда келтірілген дәлелдерді жан-жақты және объективті тексеруге, өтінішке қатысты нақты жағдайларды анықтауға және зерттеуге, қажет болған жағдайда әрекеттері мен шешімдеріне шағым жасалған лауазымды және өзге адамдардан түсініктеме алуға, қажетті материалдарды талап етуге және зерттеуге, өтініш бойынша шешім қабылдау үшін қолдануға жататын заңдардың нормаларын дұрыс айқындауға және қолдануға міндетті. Қажет болған жағдайда прокурорлар тексеруге мамандарды тартуға, басқа құқық қорғау органдарына тапсырма беруге құқылы.

Заң бұзушылық анықталған жағдайда прокурор өз өкілеттігінің шегінде құқық бұзушылықты жою, оған жол бермеу, алдын алу жөнінде, жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру жөнінде кідіріссіз, толық шаралар қабылдауға міндетті.

Прокурор қызметкерлерінің әрекеттеріне шағымдарды олардан жоғары тұрған лауазымды тұлғалар қарайды. Өз әрекеттері мен шешімдеріне шағым түскен лауазымды тұлға жоғары тұрған прокурорға өзінің түсініктемесімен бірге шағымды кідіріссіз жолдайды. Егер шағымдалған заңсыз әрекеттермен немесе шешімдермен азаматқа моральдық, дене немесе мүліктік зиян келтірілсе, оған заңда көрсетілген зиянды өтеуге не жоюға оның құқығы мен осы құқықты жүзеге асырудың тәртібі түсіндірілуі тиіс. Өтініштерді, депутаттардың сұрау салуларын шешу кезінде заңды күшіне енген соттың шешімімен немесе үкімімен анықталған фактілер, жаңадан ашылған мән-жайлардан басқа, қайтадан тексеруге жатпайды.

Өтініштерді шешудің қорытындысы бойынша төмендегі шешімдердің біреуі қабылдануы мүмкін: өтінішіті толық немесе

ішінара қанағаттандыру туралы; осы шешімді қабылдаудың негізділігімен қатар, өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы; өтініштің мән-жайы бойынша түсініктеме беру туралы; өтінішті қарауды қысқарту туралы.

Арыз иесінің өтініші бойынша оның өтінішін қарауға қатысты материалдармен (танысу тәртібі іс жүргізушілік заңнамада белгіленген сот істері мен материалдардан басқа) танысуға өтінішін қарау барысына қатысуға мүмкіндік беріледі, егер бұл басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбайтын болса. Арыз иесіне құжаттармен танысуға мүмкіндік беру туралы жазбаша шешім прокуратура басшыларының келісімі бойынша қабылданады.

Өтініштерге берілетін жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, мазмұны бойынша дәлелді және негізделген, мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде болуға, арыз иесінің қабылданған шешімге шағым жасау құқықтарын түсіндіре отырып, оның дәлелін растайтын немесе жоққа шығаратын нақты деректерді қамтуға тиіс.

Өтініш толық немесе ішінара қанағаттандырылған кезде, оны қарау қорытындысы бойынша наразылық енгізілсе, талап-арыз берілген не прокурорлық шара қолданудың басқа шаралары қабылданған жағдайда, өтініш иесіне ол жайында прокурорлық қадағалау актілерінің қаралу қорытындысы туралы ақпарат қоса хабарланады.

Өтініш пен депутаттардың сұрау салуларын қараудың қорытындылары өтініш бойынша жүргізілетін статистикалық қарточкаға жазылады, олар әр құрылымдық бөлімшенің статистикалық есеп беруі болып табылады. Осы қарточкаларда көрсетілген мәліметтердің объективтілігі мен толықтылығы үшін жауап беретін орындаушылар қарточкаларды толтырады және оларға қол қояды.

Прокуратура органдары мен мекемелерінің бірінші басшылары азаматтардың өтініштерімен жұмыстың ұйымдастырылуы үшін жеке жауапты. Өндірісіне өтініш келіп түскен қызметкерлер, олардың сапалы және уақтылы қарастырылуына жеке жауапты.

## **8-тарау. Жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың заңдарды қолдануын прокурорлық қадағалау**

### **§1. Прокурорлық қадағалаудың маңызы мен міндеті**

Қазақстанда жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың қызметіне прокурорлық қадағалау бірінші рет 1994 жылдың 15 қыркүйегінде қабылданған «Жедел іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен реттелді. Одан бұрын Кеңестік Үкімет және Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін де ведомстволық бұйрықтар мен нұсқаулықтарға сүйеніп, жедел іздестіру қызметін атқаратын құқық қорғау органдарының қызметі мен олардың актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалау жүзеге асырылатын.

«Жедел іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сай: Жедел іздестіру қызметі - азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті қорғау, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың арнаулы қызметтерінің қылмысты қол сұғуынан, сондай-ақ барлау-бүлдіру әрекетінен қоғам мен мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Заңға, Қазақстан Республикасының басқа да заңдары мен қалыптық құжаттарына сәйкес жүзеге асыратын жария және жасырын жедел іздестіру, ұйымдық және басқару шараларының ғылыми негізделген жүйесі.

Жедел іздестіру қызметінің міндеттері (2-бап):

- азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін және меншікті (нысандарына қарамастан) заңға қарсы қол сұғудан қорғау;

- қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оның экономикалық әлеуеті мен қорғаныс қабілетін нығайтуға жәрдемдесу;

- қылмыстарды анықтау, алдын алу, болдырмау және ашу;

- жауап алу, тергеу және сот органдарынан жасырынған, қыл-



мыстық жазадан жалтарған адамдарды, хабар ошарсыз кеткен азаматтарды және заңмен көзделген реттерде басқа да адамдарды іздестіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

- шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың арнаулы қызметтерінің барлау-бүлдіру әрекетін анықтау, алдын алу және болдырмау;

- Қазақстан Республикасы Президентінің және басқа күзетілуге тиіс адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- Мемлекеттік шекараны күзетуді қамтамасыз ету;

- мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпия мағлұматтардың сақталуын қамтамасыз ету, коммерциялық құпияны қорғауда кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға (меншік нысандарына қарамастан) жәрдемдесу;

- бас бостандығынан айыру орындарында қылмыстық-атқару заңдарымен белгіленген режимді қолдау;

- жедел іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Заңның 3-бабының талаптарына сай, жедел іздестіру қызметі заңдылық, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау, қадір-қасиетін құрметтеу, азаматтардың заң алдындағы теңдігі қағидаттарына сәйкес, астыртын әрекет ету, жария және жария емес әдістерді ұштастыру кәсіби әдеп негізінде жүзеге асырылуы қажет.

Осы Заңмен көзделмеген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін жедел іздестіру қызметін жүзеге асыруға, сондай-ақ оларды жүргізу барысында алынған хабарламаларды пайдалануға жол берілмейді. Жедел іздестіру қызметінің нәтижесінде алынған адамның жеке өміріне, ар-ожданы мен қадір-қасиетіне қатысты мағлұматтар, егер оларда заңмен тыйым салынған іс-әрекеттер жасағаны туралы хабарлама болмаса, сақталмайды және жойылуға тиіс (5-бап).

Заңда сонымен қатар, жедел іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдар, олардың міндеттері мен құқықтары, жедел іздестіру шараларын жүргізу, оның шарттары қарастырылған.

Жедел іздестіру қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Жедел іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және Республиканың

өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының «Жедел іздестіру туралы» Заңындағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады. Республика Бас Прокурорының келісімі бойынша жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдар өз құзыреті шегінде осы Заң негізінде жедел іздестіру шараларын ұйымдастыру мен жүргізу тактикасын реттейтін нормативтік құқықтық актілер шығарады.

Сонымен өздерінің міндеттерін атқару кезінде жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдар тарапынан азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына шектеу келтіретін жария немесе жасырын іс-әрекеттер жасалады. Олар үнемі заң талаптарына сай болмауы мүмкін.

Аталған Заңның 25-бабымен жедел іздестіру қызметінде заңдардың орындалуын қадағалау Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оған бағынатын прокурорларға жүктелген.

Ал Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 34-бабына сай, жедел іздестіру қызметін жүзеге асыру, жедел іздестіру шараларын жүргізу барысында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы, сондай-ақ жедел іздестіру қызметін жүзеге асыруға өкілетті органдар мен лауазымды адамдардың актілері мен іс-әрекеттерінің заңдылығын қадағалау - прокурорлық қадағалаудың бір саласы, әрі прокурорлық қадағалаудың маңызы мен мақсаты болып табылады.

Мұндай қадағалау кезінде прокуратура органдары құқық қорғау органдарының екі жеке қызметіне прокурорлық қадағалау жүргізеді: жедел-іздестіру қызметіне және қылмыстық процессуалдық заңдардың қолданылуына.

Бірінші қызмет түрі «Жедел іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қолданылуына байланысты болса, екінші түрі қылмысты ашу мен қылмыс жасаған адамды анықтауға байланысты жедел іздестіру органдарының міндеттері мен құқықтарын реттейтін Қазақстан Республикасы заңдары мен заң актілерінің қолданылуымен байланысты.

Жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың заңдылықты сақтауына прокурорлық қадағалаудың объектісі

«Жедел іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабымен анықталған осы қызметті жүзеге асыратын органдар, олар:

- а) Ішкі істер органдары;
- б) Ұлттық қауіпсіздік органдары;
- б-1) сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган;
- в) Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары;
- г) Қаржы полициясының органдары;
- д) Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі;
- е)-ж) (16.03.2001 жылы ҚР Заңымен алынып тасталған);
- з) ( ҚР Заңы №338 10.07.2002 жылы алынып тасталған)
- и) Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдары (2011 жылы алынып тасталды, қайтадан ІІМ берілді);
- к) кеден органдары.

Жедел іздестіру қызметін жүзеге асыру органдарының тізбесі тек қана заңмен өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

«Жедел іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңына қабылданғаннан бері бірнеше өзгертулер енгізілді.

Жедел іздестіру қызметіне прокурорлық қадағалау Қазақстан Республикасы «Прокуратура туралы» Заңының 6-тарауында 34,35,36 - баптарының талаптарына сай жүргізіледі.

## **§2. Прокурордың өкілеттігі және құқықтық актілері**

Жедел іздестіру қызметінде заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі прокурордың өкілеттігі «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабымен айқындалған. Соған орай жедел іздестіру қызметіне қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор:

1) жедел іздестіру қызметінің тоқтатылған немесе жүргізіліп жатқан істерін, жедел іздестіру қызметінің барысы туралы материалдарды, құжаттар мен басқа да қажетті мәліметтерді алады, бұған жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдарда жасырын негізде қызмет ететін немесе қызмет еткен азаматтардың жеке басы туралы мәліметтер қосылмайды;

2) арнаулы жедел іздестіру іс-шараларын, оның ішінде байланыс желісінде жүзеге асырудың заңдылығын тексеруді жүргізеді;

3) жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдарының іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдар мен өтініштерді қарайды;

4) жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдар шығарған жедел-іздестіру шараларын ұйымдастыру мен өткізу тактикасын реттейтін, Конституцияға, заңдарға және Республика Президентінің актілеріне қайшы келетін нормативтік құқықтық актілерге наразылық білдіреді;

5) жедел іздестіру қызметін жүзеге асырған кезде заңның, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылғаны анықталған жағдайда өзінің қаулысымен жедел іздестіру шараларын тоқтатады;

6) жедел іздестіру шараларын жүзеге асырған кезде құқыққа қарсы әрекеттерге жол берген қызметкерлер жөнінде қылмыстық және тәртіптік іс қозғау туралы қаулы шығарады;

7) жедел іздестіру қызметінің заңдылығына қадағалауды жүзеге асырған кезде заңды бұзудың анықталған фактілері бойынша прокурорлық қадағалаудың осы Заңда көзделген өзге де актілерін шығарады;

8) заңсыз ұсталған адамдарды өзінің дәлелді қаулысымен босатады;

9) қажет болған кезде жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдар басшыларынан заң бұзушылықты жою мақсатында өздеріне бағынысты органдарда тексеріс жүргізуді талап етеді;

10) заңдарда белгіленген жағдайларда жедел іздестіру шараларын жүргізуге санкция береді.

Бас Прокурор өз құзыреті шегінде, жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың орындауы үшін міндетті жедел іздестіру қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңдары нормаларының қолданылу мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілер қабылдайды.

Жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдар тарапынан заңдылықтың бұзылуын анықтау мақсатында прокурор арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, прокуратура органдарының мамандары мен өзге мамандарды тартуға құқылы.

### **§3. Жедел іздестіру қызметінің заңдылығына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру**

Жедел іздестіру қызметі арнайы қызметке жатады. Бұл қызмет көбіне жасырын, астыртын жүргізіліп, оны іске асыру тәсілі, құралы мемлекеттік құпия болып келеді. Сондықтан да жедел іздестіру қызметінің заңдылығына қадағалау жасауға өкілетті прокурорлар заңмен шектелген.

Жедел іздестіру қызметінің заңдылығына қадағалауды Республиканың Бас Прокуроры және өзге прокурорлар заңдарда белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырады (Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 36-бабы және «Жедел іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы).

Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының арнайы бұйрығына сай аталған қызметті жүзеге асыратын прокурорлар белгіленген. Олар Бас прокуратураның, Бас әскери прокуратураның қызметкерлері, облыс, Астана, Алматы қалаларының прокурорлары мен оған теңестірілген прокурорлар, аудан, қала және оларға теңестірілген прокурорлар, аймақ және гарнизон әскери прокурорлары, көлік және табиғат қорғау прокурорлары.

Облыстар мен Астана, Алматы қалаларының прокурорлары өздерінің бұйрықтарымен аудан, қала прокурорларынан басқа, өздеріне бағынышты прокурорлар арасынан жедел іздестіру қызметіне қадағалау жасайтын прокурорларды іріктеп, оларға осы міндетті жүктейді. Ол қызметкерлер арнайы тексеруден өтіп, құпия құжаттармен жұмыс істеуге рұқсаттары болуы керек.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің барлау жұмыстарына прокурорлық қадағалау осы мекемелердің басшылары мен Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының өзара келісімінен кейін құзыретті прокурорлар арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметіндегі жедел-іздестіру қызметінде заңның қолданылуын қадағалауды Қазақстан Республикасы Бас Прокурорымен тағайындалған арнайы прокурор жүзеге асырады.

Қадағалау қызметін жүзеге асыру кезінде, прокурорлар өз құзыреті шегінде үнемі төмендегі істер бойынша тексеру жұмыстарын жүргізуге міндетті:

- ауыр және аса ауыр қылмыстар жөніндегі, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық пен экономикалық қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу және ашуға бағытталған жедел-іздігі туралы істер;

- тергеу мен сот органдарынан жасырынған адамдар мен із-түзсіз жоғалып кеткен адамдарды іздеу жөніндегі істер;

- танылмаған мәйіттерді анықтау жөніндегі істер бойынша.

Тексеру кезінде жедел іздігі өндірісінің қозғалуының, оның жүргізілу әдісінің, тоқтатылуының заңдылығына ерекше назар аударылуы қажет.

Сонымен қатар тексеру жұмыстары Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы немесе жоғары тұрған прокурорлардың тапсырмасы және азаматтардың арыздары негізінде жүргізілуі мүмкін. Барлық прокурорлар тоқсан сайын жедел іздігі қызметінің заңдылығына талдау жасап, қорытындысы бойынша тиісті шара алуға міндетті.

Жедел іздігі қызметінің заңдылығына прокурорлық қадағалау заңда көрсетілген талаптарға сай кейбір жедел іздігі қызметін іске асыру шараларына санкция беру кезінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 236, 237-баптары және Қазақстан Республикасының «Жедел іздігі қызметі туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 5-1) тармағының талаптарына сай заңмен қорғалатын хат жазысу, телефонмен сөйлесу, телеграф хабарлары мен почта жөнелтімдері құпиясын, сондай-ақ тұрғын үйді қол сұғудан қорғау құқығын қозғайтын жедел іздігі шаралары тек ауыр және ерекше ауыр қылмыстарды, сондай-ақ қылмысты топтар әзірлеп жатқан және жасаған қылмыстарды анықтау, алдын алу және ашу үшін прокурордың рұқсатымен (санкция) ғана жүзеге асырылады. Мұндай шараларды жүргізуге санкцияны жедел іздігі қызметін жүргізуші органдардың қаулысы бойынша Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасарлары, Қазақстан Республиканың Бас әскери прокуроры, облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар береді.

Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, шет мемлекеттер мен шетел ұйымдарының арнаулы қызметтері-

нің барлау-бүлдіру мақсатында қол сұғушылықтарын анықтау, алдын алу және болдырмау мақсатында тек қана барлау хабарламасын алу үшін жедел-ізвестіру шаралары Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісілген тәртіппен жүзеге асырылады.

Кейінге қалдыруға болмайтын және террорлық әрекет, бүлдіру және басқа да ауыр қылмыстар жасауға әкеліп соғуы мүмкін жағдайларда жедел-ізвестіру қызметін жүргізуші тиісті орган басшылары бірінің дәлелді қаулысы негізінде прокурорды хабардар ету және соңынан 24 сағаттың ішінде рұқсат алу арқылы жоғарыда көрсетілген 12-баптың 4-тармағында көрсетілген жедел ізвестіру шараларын жүргізуге жол беріледі. Осы материалдарды зерттей отырып, прокурор жүргізілген жедел ізвестіру шараларының заңдылығын қадағалайды. Сонымен қатар прокурор жедел ізвестіру шараларының Қазақстан Республикасы «Жедел ізвестіру қызметі туралы» Заңының 10-бабында көрсетілген негіздер көлемінде жүргізілуіне ерекше назар аударуы қажет, яғни жедел ізвестіру шараларын жүргізу үшін қозғалған қылмыстық істің болуы; жедел ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдарға келіп түскен осы бапта көрсетілген хабарламалар мен құзыретті органдардың тапсырмаларының болуы. Сонымен қатар, жедел ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдар өз құзыреті шегінде өзінің не өзге мемлекеттік органдардың бастамасы бойынша азаматтардың жеке басын сипаттайтын және шешімдер қабылдау үшін қажетті деректер (заңда көрсетілген) жинауға құқылы.

## **9-тарау. Тергеу мен анықтама заңдылығына прокурорлық қадағалау**

### **§1. Тергеу мен анықтама заңдылығына прокурорлық қадағалаудың объектісі, маңызы мен мақсаты**

Прокурор анықтама мен тергеу органдарының қылмыстық істер жүргізу және басқа заңдарды қолданудағы заңсыздықтың алдын алу, заңсыздықты анықтау және жоюға бағытталған заң шеңберіндегі қызметін жүзеге асырады.

Тергеу мен анықтама заңдылығына қадағалау жасау - Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 4-бабына сай, прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттарының бір бөлігі болып табылады.

Тергеу мен анықтама заңдылығына қадағалау жасау прокурорлар қыметінде ерекше орын алатын көлемді де жауапты міндеті. Ол прокурорлық қадағалаудың екі объектісіне, яғни тергеу және анықтама органдарының қызметінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады.

Бұл объектілердің теориялық түсінігі мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексімен реттеледі. Кодекстің 8-тарауы қылмыстық ізге түсу функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар жөнінде.

Осы тараудағы 65-бапқа сай, тергеуші – өз құзыреті шегінде қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеуді немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуді жүзеге асыруға уәкілеттілік берілген лауазымды адам, арнайы прокурор, ішкі істер органдарының тергеушісі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі және қаржы полицисы органдарының тергеушісі.

Тергеуші қылмыстық іс қозғауға, ол бойынша алдын ала тергеу жүргізуге және аталған Кодексте көзделген барлық тергеу қызметін орындауға құқылы.

Анықтаушы – өз құзыретінің шегінде қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік лауазымды адам.



Қазақстан Республикасының Қылмыстық істер жүргізу Кодексінің 65-бабының 2-бөліміне сай, қылмыстың сипатына қарай анықтама органдары:

ішкі істер органдары; ұлттық қауіпсіздік органдары; қаржы полиция органдары; контрабанда және кеден төлемдерін төлеуден жалтару туралы істер бойынша кеден органдары; Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери қызметшілер, әскери жиындарды өткеру кезінде запастағы азаматтар, әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық қызметкерлері олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты немесе бөлімдердің, құрамалардың және мекемелердің орналасқан жерінде жасаған барлық қылмыстары туралы істер бойынша әскери полиция органдары; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы заңдарды бұзу істері бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының континенталдық шельфінде жасалған қылмыстар туралы істер бойынша – шекара бөлімдерінің командирлері; заңда көрсетілген жағдайда, әскери полиция болмаған жағдайда, әскери бөлімдердің, құрамалардың командирлері, әскери мекемелер мен гарнизондардың бастықтары; өртке байланысты барлық қылмыстар туралы істер бойынша – мемлекеттік өртпен күресу қызметінің басқару органдары мен бөлімшелері.

Анықтау органының барлық қылмыстар туралы істері бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу кезек күттірмейтін тергеу қимылдарын орындау жөніндегі құқықтары мен міндеттері, көлік қатынасы болмаған кезде алысқа жүзу сапарындағы теңіз кемелерінің капитандарына, геологиялық барлау партияларының жоғырыда аталған анықтама органдарынан алыстағы басқа да мемлекеттік ұйымдар мен олардың бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.

Бұл прокурорлық қадағалаудың пәні – Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 37-бабына сай анықтама мен тергеу органдарының актілері мен қызметінің заңға сәйкестігіне, жасалған қылмыстар және тергеу жүргізу туралы өтініштер мен хабарларды шешудің заңдарда белгіленген тәртібінің сақталуына қадағалауды жүзеге асыру.

Анықтама және тергеу органдарының қызметі қылмыстық істерге қатысушы жақтардың көптеген конституциялық құқық-

тарына тиюі мүмкін. Қылмыстық істер жүргізу туралы заңдарда көрсетілген тәртіпшен анықтау мен тергеу жүргізу кезінде адамдар мен азаматтарды қылмыс жасауға сезікті ретінде ұстап, қамауға алуға, мүлкіне арест салуға, хаттар мен хабарламаларын ұстап, телефондарын тыңдауға, үй-жайын, жеке басын, жұмыс орнын тінтуге, сараптама жүргізу үшін қанын, қолтаңбаларын алуға, еріксіз түрде сараптама өткізуі тағы басқа тергеу амалдарын жүргізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі және заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады. Сонымен қатар республика азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады. Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс. Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқығы мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. Олар өз құқықтарын сот арқылы қорғауға құқылы, керек болғанда білікті заң көмегін алуға құқылы. Заңда көрсетілген реттерде заң көмегі тегін де көрсетіледі.

Прокурор сезікті ретінде ұсталған және қамауға алынған адамның конституциялық құқықтарының, оның ішінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабында көрсетілген айыптаушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес, адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады деген қағидасының іске асуына қадағалау жасауға міндетті.

Прокурор алдын ала тергеу мен анықтау жүргізуге қатысушы сезікті, айыпкер және жәбірленушілердің Қазақстан Республикасының Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 68, 69, 75-баптарының талаптарына сай олардың құқықтары мен міндеттерінің уағында түсіндіріліп, іске асырылуын қадағалауы керек.

Тергеу мен анықтауда органдарда хабарлар мен арыздардың заң талаптарына сай уағында тіркеліп, қаралып, заңды шешім алынып, қылмыстан келген зиянның орны толтырылып жатса, ол

жәбірленушінің конституциялық құқығының сақталуы болып табылады.

Анықтау мен алдын ала тергеу органдарының қызметі қылмыстық істер жүргізу заңдарымен реттеледі, олар қылмыс туралы хабарлар мен арыздарды тіркеу, қарау, олар бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тарту, қылмыстық іс қозғау, қылмыстық істі өз өндірісіне алу, айып тағу, процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдану, қылмыстық іс бойынша айыптау қортындысымен тергеуді аяқтау, қылмыстық істі қысқарту туралы немесе медициналық мәжбүрлеу шарасын қолдану үшін істі сотқа жолдау, істің тергеуін тоқтамға алу немесе тергеуді жандандыру туралы қаулылар алу.

Прокурорлық қадағалау қылмыс туралы хабарлар мен арыздардың анықтама мен тергеу органдарына түскен мезгілінен басталып, заңды шешім алынғанға дейін тұрақты жүргізіледі.

Прокурорлық қадағалаудың келесі сатысы анықтама мен тергеу органдарының шығарған процессуалдық шешімдерінің қылмыстық іс жүргізу заңнамасының талаптарына сай болуы. Жоғарыда аталған процессуалдық шешімдерді алуда анықтама жүргізуші мен тергеуші белгілі бір қиыншылықтарға тап болып, ол шешімдерді алуда қателіктер жіберуі, заң нормаларын дұрыс қолданбауы, қылмыстық істерге қатысушы жақтардың конституциялық құқықтарына елеулі зиян келуі мүмкін. Прокурор сапалы қадағалау жасай отырып, заңсыздықтың алдын алуға, анықтауға, жоюға шара қабылдай алады. Анықтама мен тергеу органдарының қызметіндегі азаматтар мен адамдардың конституциялық құқықтарының сақталуы, олардың қылмыс туралы хабарлар мен арыздарды шешу тәртібінің, тергеу амалдары мен алынған шешімнің заңдылығымен тығыз байланыста болады.

Прокурорлардың басты міндеті - прокурорлық қадағалау әдісімен анықтау мен тергеу органдарының Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 8-бабында көрсетілген қылмыстық процестің міндеттері қылмысты тез және толық ашу, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауапқа тарту жөніндегі талаптарын жүзеге асыруға және заңдарды қолдануда бірде-бір адамның заңсыз жауапқа тартылмауы және қылмыс жасаған адамның жауаптан заңсыз

босатылуына жол берілмеуін қамтамасыз ету. Осы кодекстің 24-бабының талаптарын нақты орындап, істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге ықпал ету. Сонымен қатар алдын ала тергеу кезінде адамдардың конституциялық құқықтарының бұзылуының алдын алу, анықтау, жою, қылмыс туралы хабарлар мен арыздардың қаралу тәртібін бұлжытпай сақтау. Әрбір сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде прокурордың міндеті айқындалып, тергеудің сатысы мен аяқталу түріне қарай, арнайы сипат алып отырады.

Қылмыстық-процессуалдық және басқа да заңдармен қылмыстық істердің тергелу реті әртүрлі тергеу органдарына жүктеледі (ҚІЖК-ң 192-бабы). Сондықтан прокурор әр тергеуші заңда көрсетілген ретпен өзі тергеуіне жататын істерді ғана тергеп, ал анықтама органдары заңда көрсетілген құзыреттерін басшылыққа алып, одан шығып кетпеуін қадағалауға міндетті.

Прокурорлық қадағалаудың пәрменділігі жүргізілген тексерудің санымен емес, оның қылмыспен күрес және елде заңдылықтың сақталу деңгейімен анықталады.

## **§2. Тергеуге дейінгі тексерістің заңдылығын қадағалау**

Қадағалау қызметін ұйымдастыру аймақтық-тақырыптық қағида бойынша жүзеге асырылады.

Қылмыстық ізге түсу органдарында қадағалауды тиімді жүзеге асыру мақсатында қылмыстық ізге түсу органдарының қаладағы қалалық, аудандық және облыстық ведомстволарында орналасқан «прокурор кабинеттерінде» прокуратура қызметкерлерінің кезекшілігі ұйымдастырылады.

Тергеуге дейінгі тексерісті қадағалау барысында Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 183-188 баптарының талаптарының сақталу мәселесіне баса назар аударылады.

Кодекстің 183-бабында қылмыс туралы арыздар мен хабарларды қабылдау мен қараудың міндеттілігі қаралған. Қылмыстық ізге түсу органы кез келген жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы арыздарды немесе хабарды қабылдауға, тіркеуге және қарауға міндетті. Арыз берушіге арызды немесе хабар-

ды қабылдаған адам оны тіркеген уақыт пен арыз немесе хабар бойынша шешім қабылдануға тиісті уақытты көрсете отырып, қылмыс туралы қабылданған арыздың немесе хабардың тіркелгені туралы құжат береді. Қылмыс туралы арызды немесе хабарды қабылдаудан негізсіз бас тартуға прокурорға немесе сотқа шағымдануға болады.

Осы кодекстің 184-бабының талаптарына сай қылмыс туралы арыз немесе хабар бойынша шешім ол түскен күннен бастап үш тәуліктен кешіктірілмей қабылдануға тиіс. Қажет болған жағдайда қосымша мәліметтер алу, құжаттарды немесе өзге де материалдарды талап ету, оқиға болған жерді қарау, сараптама жүргізу үшін мерзімді анықтау органының бастығы, тергеу бөлімінің бастығы он тәулікке дейін, ал ерекше жағдайларда – бір айға дейін ұзартады және бұл туралы жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға хабарлауға тиіс. Ал прокурор оның заңдылығын қарап, тиісті шешім алады.

Кодекстің 185-бабына сай қылмыс туралы немесе хабарларды алған әрбір жағдайда немесе қылмыс тікелей анықталғанда анықтаушы, анықтау органы, тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші немесе прокурор төменгі шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) қылмыстық іс қозғау туралы;
- 2) қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы;
- 3) арызды, хабарды тергеу ретімен, ал жеке айып тағу істері бойынша сот ретімен беру туралы;
- 4) сотқа дейін жеңілдетілген іс жүргізуді осы Кодекстің 23-1-тарауында көзделген тәртіппен жүзеге асыру туралы.

Алынған шешімдер арыз иесіне хабарлануға жатады. Сол сияқты алынған шешімдер жөнінде прокурорға заң талаптарына сай әртүрлі формада хабарланады: алынған қаулылардың көшірмесі 24 сағаттың ішінде прокурорға жолданып, прокурор олардың заңдылығын қадағалайды.

Қадағалаудың пәрменділігін арттыруға бағытталған Бас Прокурордың арнайы Нұсқаулығының талабына сай қала, аудан прокурорлары адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтары бұзылуына байланысты қылмыстар бойынша, оның ішінде қинау фактісі бойынша, сондай-ақ апаттар, күйреулер, авариялар және басқа да төтенше жағдайлар орын

алған жерлерге жеке өздері баруға міндетті. Облыс прокурорлары Бас прокуратураның арнайы Департаментіне 24 сағат ішінде терроризм мен экстремизм фактілері, қоғамдық ахуал туғызатын қылмыстар және басқа төтенше жағдайлар туралы арнайы мәліметтер жолдайды.

Есепке алу, тіркеу тәртібінің, оның ішінде арыздар және қылмыс пен оқиғалар бойынша өзге ақпараттарды қабылдау, тіркеу және қараудағы заңдылықтың бұзылуымен байланысты мәселелер «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6,7 баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің (ары қарай ҚСЖАЕК) және оның аумақтық құрылымдарының құзыретіне жатады.

Облыс, қала, аудан прокуратуралары қылмыстық ізге түсу органдарының іс жүргізу шешімдерінің заңдылығын тексеруге шаралар қолданады.

Қылмыстарды есептен жасырылған, әсіресе ауыр және аса ауыр санаттағы фактілер бойынша, прокурорлар қызметтік тексеру жүргізілуін және олар бойынша процессуалдық шешімнің қабылдануына қол жеткізулері қажет.

Аумақтағы прокурорлар ҚСЖАЕК-ң аумақтық құрылымдарымен бірлесіп, өз аумақтарындағы қылмыстық ізге түсу органдарында қылмыстылық жағдайының ашылу, тергеу жұмысы мен анықтау көрсеткіштерінің статистикалық мәліметтерінің шынайлығына, есепке алу, тіркеу тәртібінің сақталуына тексерулер жүргізіп тұрады. Жарты жылдық және жылдық қорытындысымен есеп-тіркеу тақырыбының сақталуының жай-күйін талдап, нәтижелері бойынша жоғарғы тұрған прокурорларға хабарлайды.

Прокурорлар тексеруге міндетті болып табылатын қылмыстық іс қозғаудан бас тарту өндіріс құжаттары:

- 1) өтініштер түскенде;
- 2) ақталмайтын негізінде қылмыстық іс қозғаудан бас тартылғанда;
- 3) арыздар бойынша;
- 4) жеке тұлғаға қатысты қылмыстар;
- 5) сыбайлас жемқорлық қылмыстар;

6) құқық қорғау және арнайы органдарының қызметкерлерімен жасалған қылмыстар;

7) кәмелет жасына толмағандарға қатысты қылмыстар;

8) есірткі құралдардың және психотроптық заттардың заңсыз айналымының сипаты туралы тергеуге дейінгі тексеріс құжаттары міндетті түрде тексерілуге жатады.

Прокурор осы бағыттағы прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру кезінде сонымен қатар тексеретін органдардың өтініштері мен хабарларды қарау тәртібін реттейтін ведомстволық Нұсқаулықтарының да талаптарының орындалуына қадағалау жасап, тексерудің нәтижесі бойынша тиісті прокурорлық актілер қабылдайды.

### **§3. Прокурордың анықтама мен тергеу заңдылығын қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттігі**

Қылмыстық-процессуалдық заңдармен берілген құзыреті шегінде қылмысты тез, әрі толық ашу кезінде адамдардың конституциялық құқықтарына кейбір шектеулерді қолдана отырып қызмет ететін тергеу мен анықтама органдарының заңдарды қолдануына қадағалау жасау үшін прокурорлар тергеудің барлық сатысында қадағалау жүргізуге лайықты өкілеттікке ие болуы қажет.

Прокурорлардың анықтама мен тергеу заңдылығын қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттігі Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 38-бабы мен Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінің 197-баптарының талаптарына сай жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 38-бабы бойынша анықтама мен тергеудің заңдылығына қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор:

1) анықтама мен тергеу органдарынан тексеріс үшін қылмыстық істерді, жасалған қылмыстар, жедел іздестіру қызметінің, анықтаманың, тергеудің барысы туралы құжаттарды, материалдар мен өзге мәліметтерді алып, заңдылығын тексеріп, нәтижесі бойынша тиісті шара алады;

2) жасалған немесе әзірленіп жатқан қылмыстар туралы

өтініштер мен хабарларды қабылдағанда, тіркегенде, шешкенде заңдылықтың сақталуын тексереді;

3) қылмыстық қудалау органының айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуға және күзетпен ұстауға немесе үйде қамауда ұстауға санкция беру туралы өтінішін қолдайды не қолдаудан бас тартады;

4) қажет болған жағдайларда қылмыстық іс қозғайды, қылмыстық істерге тергеу жүргізу жөнінде жазбаша нұсқаулар береді;

5) тергеушілер мен анықтама жүргізуші адамдардың заңсыз қаулыларының күшін жояды;

6) егер анықтама мен тергеу барысында процеске қатысушылар мен басқа азаматтардың құқықтарының бұзылуына жол берілсе, кінәлі адамдардың жауапкершілігі туралы мәселе қояды;

7) тергеу мен анықтама толық болмаған, сондай-ақ тергеу мен анықтама барысында заңдылықтың бұзылуына жол берілгені белгілі болған жағдайларда, қылмыстық істерді қосымша тергеуге қайтарады немесе оны толық көлемінде не нақтылы адамдарға қатысты тоқтатады;

8) анықтама мен тергеу органдарынан келіп түскен қылмыстық істерді түптеп қарау үшін сотқа жібереді;

9) қажет болған жағдайларда тергеу бөлімшелері мен анықтама органдары басшыларынан оларға бағынысты органдарда заңды бұзушылықты жою, қылмыстардың толық ашылуын қамтамасыз ету мақсатында тексеріс жүргізуді талап етеді;

10) анықтама жүргізуші адамның, тергеушінің анықтама мен тергеу органдары басшыларының іс-әрекеттерімен шешімдеріне жасалған шағымдарды қарайды;

11) бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алуға шешім жасалған адамдарды қамауда ұстаудың заңдарда белгіленген тәртібі мен шартының сақталуын тексереді;

11-1) Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған және тергеуден жасырынып жүрген адамға қатысты халықаралық іздестіру жариялауға санкция береді;

12) заңмен белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Прокурорлардың өз құзыреті шегіндегі нұсқаулары жазбаша нысанда беріледі және анықтама мен тергеу жүргізетін адам үшін міндетті.

Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінің 197-бабында көрсетілген құзыреті шегінде прокурор:



1) оқиға болған жерді қарауға қатысуға, сараптама тағайындауға, сондай-ақ қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешуге қажетті басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы;

2) қылмыстық іс қозғайды немесе оны қозғаудан бас тартады, тергеу іс-әрекеттерін жүргізу туралы, сондай-ақ жедел іздестіру қызметінің материалдарын қылмыстық іске қосу туралы жазбаша нұсқаулар береді;

3) өзі қозғаған қылмыстық істі алдын ала тергеу жүргізу үшін береді;

4) заңдарда көзделген жағдайларда алдын ала тергеу жүргізетін лауазымды адамдардың іс-әрекетіне санкция береді;

5) жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысады;

6) қылмыстық ізге түсуден иммунитеті бар адамды қылмыстық жауапқа тартуға келісім алу үшін ұйғарым шығарады;

7) алдын ала тергеу органдарынан келіп түскен қылмыстық істі сотқа жібере отырып, істі мәнісі бойынша қарау үшін айыпталушыны сотқа тапсырады;

8) қылмыстық ізге түсу органдарынан тексеру үшін қылмыстық істерді, құжаттарды, материалдарды және жасалған қылмыстар туралы жедел іздестіру қызметі, анықтау мен тергеу барысы туралы өзге де мәліметтерді алады;

9) жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстар туралы арыздар мен хабарларды қабылдау, тіркеу, шешу кезінде заңның сақталуын тексереді;

10) анықтаушы мен тергеушінің, сондай-ақ анықтау органы мен тергеу бөлім бастықтарының заңсыз қаулыларының күшін жояды;

11) тергеу мен анықтау толық болмаған, сондай-ақ тергеу мен анықтау барысында заң бұзушылыққа жол берілгені анықталған жағдайда қылмыстық істі қосымша тергеуге жібереді не оны толық көлемінде немесе белгілі бір адамдарға қатысты қысқартады;

12) анықтау органынан қылмыстық істі алып қояды және алдын ала тергеу органына береді; айрықша жағдайларда тергеудің толық және объективті болуын қамтамасыз ету мақсатында алдын ала тергеу органының өтініші бойынша не өз бастамасымен істі алдын ала тергеудің бір органынан екінші органына береді не өзінің іс жүргізуіне қабылдайды және осы Кодексте белгіленген тергеуде болу ретіне қарамастан оған тергеу жүргізеді;

13) анықтаушы мен тергеушінің, анықтау және тергеу органдары басшыларының іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдарды қарайды;

14) алдын ала тергеу, анықтау ісін жүргізуде заң бұзушылықты анықтаған кезде тергеушіні, анықтаушыны қылмыстық істі одан әрі тергеуден шеттетеді;

15) осы Кодексте көзделген жағдайлар мен тәртіпте алдын ала тергеудің мерзімдерін ұзартады;

16) бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған адамдарды күзетпен ұстаудың заңдарда белгіленген тәртібі мен шарттарының сақталуын тексереді;

17) заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қылмыстық істердің жекелеген санаттары бойынша іс жүргізудің ерекшеліктеріне орай, кәметке толмағандар жасаған қылмыстар мен оларға қарсы жасалған қылмыстық істер прокурорлардың ерекше қадағалауында болады.

Прокурордың тергеушіге, тергеу бөлімінің бастығына, анықтау органына, анықтау органының бастығына және анықтаушыға Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген тәртіппен берген нұсқаулары міндетті болып табылады. Жоғарғы тұрған прокурорға алынған нұсқауларға шағымдану, олардың орындалуын тоқтатпайды.

Кодекстің 198-бабының 3-тармағы негізінде Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры ерекше жағдайларда тергеудің толық және объективті еместігі фактілері анықталған, іс күрделі және маңызды болған кезде, алдын ала тергеуді жүзеге асырушы бірнеше органның тергеушілері арасынан тергеу тобын құра алады, бұл орайда прокурорды осы топтың жетекшісі етіп тағайындап, бұл шешімді өз қаулысымен ресімдейді. Мұндай тергеу тобы жүзеге асыратын тергеудің заңдылығын қадағалау Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына жүктеледі.

Заңмен берілген бұл өкілеттіктер прокурорларға сотқа дейінгі іс жүргізу кезеңінің барлық сатысында қылмыспен күресті күшейтуге, заңсыздықты жоюда, азаматтардың конституциялық құқықтарын, мемлекеттің және қоғамның мүддесін қорғауда белсенді қызмет етуіне толық мүмкіншілік береді.

Осы үлкен де көпқырлы өкілеттігін прокуратура қызметкерлері

басқа органдар мен лауазымды адамдардан, саяси және қоғамдық ұйымдардан тәуелсіз, тек заңдар мен Бас Прокурордың нұсқаулықтарына сүйене отырып қана іске асырады.

Қадағалаудың негізгі қағидасы қылмыстық ізге түсу органына жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы хабарламаның түскен сәттен бастап қылмыстық іс бойынша түпкілікті процессуалдық шешімі қабылданғанға немесе сот үкімі заңды күшіне еңгенге дейін заңдылықты қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрығымен бекітілген «Алдын ала тергеу және анықтау заңдылығына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы» Нұсқаулықта қадағалау жүргізген кезде прокуратура органдары қызметінің басымдық бағыттары көрсетілген, олар:

1) қылмыстық іс жүргізуде адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау;

2) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қолданылуын қадағалау;

3) жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстар туралы арыздар мен хабарларды қабылдау, есепке алу, тіркеу, шешу кезінде заңдылықтың сақталуын қадағалау;

4) есірткі және жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы күреске бағытталған заңнаманың қолданылуын қадағалау;

5) экономика және қаржы саласындағы қылмыстарға қарсы күреске бағытталған заңдардың қолданылуын қадағалау;

6) қылмыстылықтың ұйымдасқан нысандарына, терроризм мен экстремизмге қарсы күреске бағытталған заңдардың қолданылуын қадағалау;

7) қылмыстыққа қарсы күресті күшейту және қылмыс жасауға мүмкіндік туғызатын жағдайлар мен себептерді жою жөнінде ұсыныстар дайындау арқылы қылмыстың және қылмыстардың ашылу жағдайын зерттеу.

Қылмыстық істер бойынша прокуратураларда қадағалау өндірісі жасақталады, онда іс жүргізу құжаттарының көшірмелері, прокурорлық қадағалау актілері, сондай-ақ тергелетін қылмыс-

тық істің тергеумен байланысты арыздар мен өтініштер бойынша хат алмасу міндетті түрде тіркеледі. Қадағалау өндірісінің толық жүргізілуіне қылмыстық іс бойынша қылмыстық процес-те заңдылықты қадағалауды жүзеге асыратын прокурор жауап береді. Бір қылмыстық іс бойынша оған біріктірілген қылмыстық істерді қосып, бір қадағалау өндірісі жасақталады. Аса ауыр, не үлкен қоғамдық резонанс туғызған қылмыстарға байланысты қылмыстық істер бойынша міндетті түрде электрондық қадағалау өндірісі жасақталады.

Қылмыстық істі тергеудің толықтылығын, объективтілігі мен жан-жақтылығын қамтамасыз ету мақсатында прокурор алдын ала тергеу және анықтау сатысында жазбаша нұсқаулар береді. Қылмыстық істер бойынша тергеу органы қабылдаған іс жүргізу шешімін бұзу кезінде нақты тергеу әрекеттерін жүргізу қажеттілігі туралы нұсқаулар берілуі мүмкін. Оның орындалуы прокурордың қадағалауында болады.

Қылмыстық істер бойынша адамды ақталмайтын негіздермен қылмыстық жауапкершіліктен босату туралы шешіммен келіскен болса, осындай келісім Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің ережелеріне сәйкес талап етілсе, прокурор қаулының бірінші парағы оң жақ шекесіне жоғарыдан келіскені туралы қол қояды.

Прокурор іс жүргізу шешімімен келіскен жағдайда, онда тұлғаны тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілікке тарту негіздері көзделген болса, сондай-ақ мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау мақсатында, прокурор қылмыстық ізге түсу органынан заңмен белгіленген жауапкершілікке тарту үшін қажетті құжаттарды мемлекеттік уәкілетті органдарына жолдауды талап етеді.

Сонымен қатар прокурор тергеу мен анықтаудың жан-жақты, толық жүргізілуінің заңдылығына қадағалау жасап, тергеу мерзімі мен айыпкерді қамауда ұстау мерзімінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің талаптарының мүлтіксіз орындалуына ықпал етеді. Кодекстің 196-бабына сай қылмыстық істер жөніндегі алдын ала тергеу қылмыстық іс қозғалған күннен бастап екі ай мерзімнен кешіктірмей аяқталуға тиіс.

Прокурорлар барлық қылмыстық істерге прокурорлық қадағалауды үздіксіз жүргізе отырып, айыпкерлер қамауда отырған қылмыстық істерге ерекше назар аударуға міндетті. Осыған орай айыпкерлер қамауда отырған қылмыстық істер бойынша тергеу мерзімі заң талаптарына сай болуын, егер істегі мән-жағдайларға байланысты оны ұзарту керек болған жағдайда, ол мәселенің дер кезінде қойылуына қадағалау жасайды. Тергеу мен қамауда ұстау мерзімі ұзартылған қылмыстық істер ерекше бақылауда болады.

Алдын ала тергеудің заңдылығына қадағалау жасау кезінде прокурор тергеушілердің жұмысына басшылық жасайтын басқа да лауазымды адамдардың шығарған актілері мен іс-әрекеттерінің заңдылығына, олардың заңмен берілген өз құзыреттерін заң талаптарына сай орындауына қадағалау жасайды (тергеу бөлімі, не басқармаларының бастықтары, тергеу органдары басшылары, т.б.).

#### **§4. Прокурорлық қадағалауды жүзеге асыратын субъектілер және құқықтық актілері**

Заңдардың мазмұны бойынша тергеу мен анықтаудың заңдылығын барлық прокурорлар қадағалау жасауға міндетті, әрі құқылы.

Бірақ бұл қадағалаудың пәрменділігі оны дұрыс ұйымдастыруына байланысты. Арнайы Нұсқаулықта Бас прокуратураның, аймақтық және арнайы прокурорлардың функцияларын нақты жіктеп, олардың қызметтерінде қайталануға жол бермеу мақсатында алдын ала тергеу және анықтау заңдылығына қадағалау жүргізудің тәртібі белгіленген.

Республикада тергеу мен анықтама заңдылығына қадағалауды ұйымдастыруға бақылау Бас прокуратурадағы осы қадағалауды жүзеге асыратын Департаментіне жүктелген. Бұл Департамент республика бойынша алдын ала тергеу мен анықтау заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ Бас Прокурордың және оның аталған қадағалау саласына жауапты орынбасарының тапсырмасымен Қазақстан Республикасы Президенті тағайындаған; Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары сайлаған; Қазақстан Республикасы

Парламент депутаттарына қатысты тергеуге дейінгі тексеріс жүргізу мен қылмыстық істерді тергеу кезінде заңдылықтың сақталуына, сол сияқты арнайы прокурорлармен тергеліп жатқан қылмыстық істерден басқа өзге қылмыстық істер мен материалдары бойынша қадағалауды тікелей жүргізеді.

Облыстар, Алматы, Астана қалалары мен оларға теңестірілген прокуратураларда алдын-ала тергеу мен анықтама заңдылығына қадағалау жасауды жүзеге асыратын басқармалар құрылған. Ал аудан, қала және облыстарға бағынатын қалалық прокуратураларда алдын ала тергеу мен анықтама заңдылығына қадағалауды прокурорлардың орынбасарлары мен оларға бағынышты прокурордың аға көмекшілері мен көмекшілері іске асырады. Прокуратура басшылары әр салада прокурорлық қадағалауды іске асыратын қызметкерлерін анықтап, өкіммен оларға жүктейді.

Бас әскери прокуратура, Бас көлік прокуратура, облыстық прокуратуралары және қадағалау мен аумақтық реттілігі бойынша оларға теңестірілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік Комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарына қарсы күрес жөніндегі Агенттігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден бақылау Комитеті, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдай жөніндегі Министрлігінің Өртке қарсы күрес Комитетінің орталық аппараттары құрылымдарымен тергеуге дейінгі тексеріс жүргізуі және қылмыстық істердің тергелу барысында заңдылықтың сақталуына қадағалауды жүзеге асырады.

Ерекше жағдайларда Бас әскери прокуроры және Бас көлік прокуроры аталған санаттағы істер бойынша қылмыстық процессте заңдылықты қадағалауды жүзеге асыруды тиісті көлік прокурорларына және аумақ пен гарнизондардың әскери прокурорларына тапсыруы мүмкін.

Бірнеше прокурорлардың қадағалауына бағынысты қылмыстық ізге түсу органдарының аймақаралық және ауданаралық құрылымдарындағы қылмыстық істер мен тергеуге дейінгі тексеріс құжаттар бойынша қылмыстық процессте заңдылықты қадағалауды қылмыс жасалған аумағына байланысты прокурорлар жүзеге асырады.

Аталған қылмыстық ізге түсу органдарындағы қылмыстық іс жүргізудегі адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандығын қорғау және есепке алу, тіркеу тәртібінде заңдылықты сақтау мәселелері бойынша тексерістерді олар орналасқан жердегі прокурорлар қылмыс жасалған жеріне байланысты аумақтық прокурорлармен бірігіп тергелетін жері бойынша қадағалаушы прокурорлармен жүзеге асырады.

Басқа әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жүргізілетін қылмыстық ізге түсу органдарының іс жүргізу әрекеттерін санкциялау қылмыстық іс тергелетін жері бойынша қадағалаушы прокурорлармен жүзеге асырылады.

Қылмыстық істі (тергеуге дейінгі тексеріс құжаттар) тергеудің аумақтық тергеу бағыныштылығын облыс (қала) шегінде облыс прокурорлары, Республика шегінде Бас Прокурор қылмыстық процесте заңдылықты қадағалау саласына жауапты орынбасарлары немесе Департамент бастығы анықтайды, көлік прокурорларының қадағалау реттілігіне жататын істер мен құжаттар бойынша – Бас көлік прокуроры, ал әскери қызметшілерге қатысты – Бас әскери прокуроры анықтайды.

Қылмыстық істі (тергеуге дейінгі тексеріс құжаттарды) елдің басқа аймағына жолдау, (қадағалау бағыныштылығына жатпайтын тергеу реттілігі органның) Бас прокуратурадағы Департаментке хабарлай отырып, тек облыс прокурорлары ғана жүзеге асыруға құқылы.

Облыс прокурорларымен қылмыстық істі қылмыстық ізге түсу органдарының төменде тұрған ведомствосынан осы немесе басқа ведомстваның орталық аппаратының өндірісіне Департамент арқылы жолданады.

Қала, аудан прокурорлары қылмыстық істерді немесе тергеуге дейінгі тексеріс құжаттарын облыстағы (аймақта) басқа ауданға облыстық прокуратураға хабарлай отырып (қылмыстың болған жеріне, т.б) жолдауға құқылы

Тергеу мен анықтама органдарының заңдарды қолданылуына прокурорлық қадағалау жасаудағы прокурордың құқықтық актілері қылмыстық-процесуалдық заңда көрсетілген прокурордың шешімдерінің белгілі бір сипат алуы болып табылады. Құқықтық актілер прокурордың заңсыздықты анықтап, оны жою

немесе оның алдын алудағы өкілеттігін іске асыруының заңды көрінісін білдіреді.

Прокурорлық қадағалаудың актілері мына түрде болуы мүмкін: қаулы, жазбаша талап, жазбаша нұсқау, санкция, жазбаша келісім.

Прокурордың қаулысы тергеу мен анықтама органдарының қылмыстық іс бойынша шығарған заңсыз қаулыларының күшін жою, сонымен қатар оларға нұсқау ретінде не іс бойынша нақты шешім алу жөнінде болуы мүмкін.

Мысалы, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы заңсыз қаулыны бұзып, қылмыстық іс қозғау, заңсыз қозғалған қылмыстық іс бойынша қылмыстық іс қозғау туралы қаулынының күшін жойып, қылмыстық істі қысқартуға, заңсыздыққа жол берген лауазым адамды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы, т.б.

Жазбаша талап арқылы қылмыстық істерді, не материалдарды тексеру үшін сұратады. Ұсыныс заңсыздыққа жол беру себептерін жою, заңсыздықтың алдын алу мақсатында беріледі.

Қылмыстық істер жүргізу заңнамасының талаптарына сай жазбаша санкция береді.

Қадағалаушы прокурор қылмыстық ізге түсу органдарына прокурорлық қадағалау актілерін жолдаған кезде оларды тиісті мерзімде қарап, жіберілген заң бұзушылықтарды жоюды және кінәлі адамдарды жазаға тарту бойынша қажетті шараларды қабылдауды ведомствоның басшылығынан талап ету арқылы қол жеткізуге міндетті.

Қажетті жағдайларда, тікелей тексеру жүргізген прокурор, ведомствоның тәртіптік өндірісті және ұсынысты қарайтын мәжілісіне қатысады.

Нұсқау және өзге қадағалау актілері орындалмаған жағдайда, прокурорлармен қылмыстық ізге түсу органдарының кінәлі адамдары заңда белгіленген жауапкершілікке тарту мәселесі шешіледі.

Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінің 190-4, 281-284, 289, 514 баптарына сәйкес, айыптау қорытындысымен және хаттамамен (сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасымен) прокурорға түскен қылмыстық істердің сотқа дейінгі іс жүргізудің толықтығына, жан-жақтылығына және заңдылығына мұқият тексеру жүргізеді. Осы кодекстің та-



лаптарын орындамаған жағдайда қылмыстық істер прокурордың қаулысымен қосымша тергеу әрекеттерін жүргізу үшін кері жолданады. Қылмыстық істер қосымша тергеу әрекеттеріне нақты тергеу амалдары көрсетілген жазбаша нұсқау арқылы жолданады, олар тиісті қаулыда да көрсетілуі мүмкін.

### **§5. Тергеу мен анықтама органдарының сезікті адамдарды ұстауының заңдылығына прокурорлық қадағалау**

Тергеу мен анықтау органдарының қылмыс жасады деп сезік тудырған адамды ұстағанда заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету прокурорлық қадағалаудың ең маңызды мақсатының бірі болып табылады. Өйткені сезікті адамды ұстауды тергеу мен анықтама органдары прокурор мен соттың санкциясынсыз жүзеге асырады, әрі бұл көбіне тергеу процесінің алғашқы сатысында орындалады.

Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу кодексінің 132-бабының талаптарына сай қылмыс жасады деп сезік келтірілген адамды ұстау - оның қылмысқа қатыстығын анықтау және оған қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында қолданылатын іс жүргізулік мәжбүрлеу шарасы.

Қылмыс жасады деп сезік келтірілген адамды ұстау тәртібі аталған кодекстің 134-бабымен реттеледі. Нақты ұстау сәтінен бастап үш сағаттан аспайтын мерзімде тергеуші немесе анықтаушы ұстаудың негізі мен дәлелдері, жері мен уақыты (сағаты мен минутын көрсете отырып), жеке тінтудің нәтижелері, сондай-ақ хаттама жасалған уақыт көрсетілетін хаттама жасайды. Хаттама ұсталған адамға жарияланады және осы Кодекстің 65-бабында көзделген сезік келтірілген адамның құқықтары түсіндіріліп, соның ішінде оның қорғаушы шақыру және оның қатысуымен жауап беру құқығы түсіндіріліп, бұлар хаттамада көрсетіледі. Ұстау хаттамасына оны жасаған адам мен ұсталған адам қол қояды. Жүргізілген ұстау туралы анықтаушы мен тергеуші ұстау хаттамасы жасалған сәттен бастап он екі сағаттың ішінде прокурорға жазбаша хабарлауға міндетті, ал прокурор бірден оның заңдылығына қадағалау жасайды.

Ұсталған адамнан кодекстің ережелеріне сәйкес жауап алынуға тиіс. Жауап алыну басталғанға дейін ұсталған адамға қорғаушымен оңаша және құпия жолығу қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық іс қозғау туралы шешімнің заңдылығы прокурормен 10 тәулік ішінде, ал заң тәртібімен ұсталған адам болған жағдайда 24 сағат ішінде тексеру жүргізіледі.

Кәмелетке толмағандарды, мүгедектерді, әйелдерді, жасы ұлғайған адамдардың ұстаудың негізділігіне ерекше назар аударылады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінің 138-бабының талаптарына сай анықтаушы, тергеуші он екі сағаттың ішінде сезікті ретінде ұсталған адамның отбасының кәмелетке толған мүшелерінің біреуіне, ал олар болмаған жағдайда – басқа туыстарына немесе жақын адамдарына сезіктінің ұсталғандығы және оның қай жерде екендігі туралы хабарлауға немесе мұндай мүмкіндігін сезіктінің немесе айыпталушының өзіне беруге міндетті.

Кәмелетке толмағандардың ұсталғаны туралы туысқандарына хабарламаның және оны ата-аналарының, қамқоршыларының және т.б. қарауына беру мәселесі жөніндегі шаралардың дер кезінде жолдануы және қабылдануы бөлігінде кодекстің 138, 147, 491-баптары талаптарының сақталуын прокурор мұқият тексеріп, кәмелетке толмаған адамның құқығын қорғауға өз құзыреті шегінде шара қолданады.

Іс-тәжірибе көрсеткендей ұсталған адамның бұл құқықтары көбіне бұзылып, оның салдарынан конституциялық құқықтары мен бостандықтарына елеулі зиян келеді.

Егер ұсталған адам басқа мемлекеттің азаматы болып табылса, онда көрсетілген мерзімде ол мемлекеттің елшілігі, консулдығы немесе өзге де өкілділігі хабардар етілуге тиіс. Мемлекеттік және орыс тілін білмесе, өзі білетін тіл бойынша аудармашымен қамтамасыз етілуі қажет. Прокурорлар тексеру кезінде осы және басқа да мән жайларға көңіл аударуға міндетті.

Қылмыстық іс жүргізудің осы сатысында қадағалау жүргізу барысында прокурор қылмыстық істің қозғалуының заңдылығы мен негізділігін және қозғауға негіз болған жедел іздестіру қызметінің құжаттарын зерделейді, қылмыс белгілерін көрсететін

жеткілікті негіздердің бар-жоғын, іс бойынша өндірісті тоқтату жағдайлары мен мерзімнің және іс жүргізу тәртібінің сақталуын тексереді.

Тексеру нәтижесі бойынша қылмыс жасады деген сезік бойынша ұсталған адам, егер: қылмыс жасады деген сезік расталмаса; ұсталған адамға қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға негіз болмаса; ұстау Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу кодексінің 134-бабының талаптарын бұзу арқылы жүргізілсе, прокурор өз қаулысымен ұсталған адамды босатып, заңсыздыққа жол берген лауазым иесінің жауапкершілігін қарау жөнінде тиісті шара алады.

Прокурорлар қылмысты ашу кезінде адамдар мен азаматтарды заңсыз ұстауға жол бермеу мақсатында, қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органдарда «кезекші прокурор» кабинетін жасақтап, күнделікті тексеру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады. Адамдар мен азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында тәуліктің мезгіліне қарамай Уақытша ұстау изоляторлары мен қылмыстық қудалауды жүзеге асырушы қызметкерлердің қызметтік бөлмелерін тексеруге құқылы. Уақытша ұстау изоляторларының қамауда ұстау камераларында отырған адамдарды анықтап, оларды уақытша ұстауға негіз болған құжаттардың заң талаптарына сай рәсімделгенін тексереді. Қажет болған жағдайда ұсталған адаммен жеке кездесіп, ұсталған мерзімі, заңмен берілген қорғау құқығының сақталуы, жақындарына, жұмыс орнына өзінің ұсталғаны туралы хабарлауға мүмкіндік берілген, берілмегені, денсаулығы тағы басқа мән-жайларды анықтайды.

Нақты ұсталғанды уақытша ұстау изоляторына уақытында жеткізбеу туралы ақпараттар мен арыздар түскен жағдайда құқық қорғау органының кезекші бөліміне жеткізілген адамдарды есепке алу кітабы оқшаулау және сезіктіге қатысты ұстау хаттамасының нақты жасалған уақытының сәйкестігін анықтау үшін прокурор тарапынан тексеріледі.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының Нұсқаулығына сай уақытша ұстау изоляторларында тексеру прокурорлар тарапынан күн сайын жүргізіледі және олардың нәтижелері тексеруді есепке алудың арнайы журналында көрсетіледі. Қажет болған

жағдайда тексеруге мамандар тартылады. Заң бұзушылықтар анықталған жағдайда, тексерумен айқындалған фактілер көрсетіле отырып анықтама жасалады. Прокурорлар тексерулерді түнгі уақытта, мерекелік және демалыс күндері, оның ішінде бейнекамераны пайдаланып жүргізуге де құқылы. Тексеру барысында ұсталғандар мен тергеуге қамалғандар жеке мәселелері бойынша прокурордың қабылдауында бола алады.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасындағы Департамент, облыс және оған теңестірілген прокуратуралар, қалалық, аудандық, көліктік, әскери және мамандандырылған прокурорлар ұсталған, қамауға алынған және жазаны өтеуші адамдардың құқықтарының сақталуына прокурорлық қадағалауды өзара әрекеттері арқылы және функцияларының өкілеттік шегінде қамтамасыз етеді.

Бас әскери прокурор, оның көмекшілері және әскери прокурорлар Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (ҰҚК) тергеу изоляторлары қызметінің, гауптвахтаға, теңіз кемелері капитандарының, шекара жасақтарының басшылары айқындаған орындарындағы адамдардың ұсталуының заңдылығын қадағалайды.

Аймақтық көліктік прокурорлары, олардың көмекшілері және көліктік прокурорлармен Бас Прокурордың бұйрығымен бекітілген арнайы Нұсқаулықтың тиісті тармақтарының ережелеріне сәйкес көліктегі ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларының қызметіне қадағалауды жүзеге асырады.

Қылмыстық атқару жүйесі Комитетінің аумақтық Департаменттері мен тергеу изоляторларындағы жедел іздестіру қызметінің заңдылығына қадағалау облыстық прокуратуралардың жедел іздестіру қызметінің заңдылығын қадағалау жөніндегі құрылымдарымен жүргізіледі.

Облыс прокурорлары көмекшілерімен өзара әрекеттерінде:

1) халықаралық шарттарды қолдануды қадағалауды жүзеге асыратын бөлімшемен бірлесіп шетелдік мемлекеттердің әділет мекемелерінің олардың аумағында үкімді орындау туралы талаптарын (өтініштерін) орындаудың, сондай-ақ тергеумен қамалғандарды және сотталғандарды шетел мемлекеттеріне күзетпен транзиттік тасымалдаудың заңдылығы қамтамасыз етіледі;

2) қылмыстық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшемен бірге тергеумен қамауға алынғандарға, сотталғандарға, қызметкерлерге, сондай-ақ «Еңбек» РМК – қылмыстық атқару жүйесінің Республикалық мемлекеттік кәсіпорны және оның филиалдары қызметкерлеріне қатысты қозғалған қылмыстық істерді алдын ала тергеу және сотта қараудың барысы мен нәтижелері туралы ақпараттарды жіберу қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу кодексінің 150-бабының талаптарына сай қамауға алу бұлтартпау шарасы ретінде соттың санкция беруімен ғана жүзеге асады.

Айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуға санкция беру туралы тергеушінің немесе анықтау органының қамауға санкция беру жөніндегі өтінішін қолдау туралы мәселені шешу кезінде прокурор күзетпен ұстауға негіздерді қамтитын барлық материалдармен танысуға міндетті және айыпталушыдан, сезіктіден жауап алуға құқылы. Прокурор табыс етілген барлық материалдарды зерделеп, заңда көзделген негіздер болған жағдайда өтінішті қолдау туралы қаулы шығарады, ал қамауда ұстауға толық негіз болмаған, не заң талаптарының бұзылу фактілері болған жағдайда өтінішті қолдаудан бас тарту туралы қаулы қабылдайды.

Прокурор өтінішті қолдаудан бас тартқан кезде айыпталушы, сезікті күзетпен ұстаудан дереу босатылуға тиіс. Прокурордың бұл қаулысына тергеу және анықтау органы, сол сияқты процеске қатысушылар жоғарғы тұрған прокурорға шағым жасай алады.

Ұсталған, қамауға алынған адамдардың құқықтарының сақталуын қадағалау жөніндегі прокуратура органдарының қызметін бағалаудың негізгі өлшемдері: қылмыстық мәжбүрлеу шараларын қолданған кезде заңның үстемдігін қамтамасыз ету; ұсталғандардың, тергеумен қамалғандардың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін бұлжытпай сақтау; азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерін болдырмау.

Барлық прокурорлар жарты жылдық және жылдық жұмыс қорытындылары бойынша анықтау мен алдын ала тергеу кезіндегі заңдылықтың жай-күйіне талдау жасайды, онда заңдылықты

бұзуға әсер еткен себептер мен жағдайлар көрсетіліп, оларды жоюдың жолдары айқындалады. Сонымен қатар, қадағалауды ұйымдастырудың қазіргі заманғы әдістеріне бастамашы болуды және енгізуді, қадағалау қызметінің озық тәжірибесін тарату, қызметкерлердің біліктілігін арттыру жөніндегі жұмыстарын тұрақты жүргізіп отырады.

Прокуратура органдарының осы саладағы жұмыстарының адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына ықпалының жоғарылығын екі облыс пен бір аудандық прокуратурада 2011 жылы атқарылған жұмыстар айқындайды:

Қостанай облыстық прокуратура органдарының прокурорлары 330 қылмыстық іс қозғаған, оның 298-і бұрын тіркеуден жасырылған қылмыстар. Прокурорлар 33 заңсыз қызметтік кабинеттерде ұсталған, 20 заңсыз қамауда отырған азаматтарды босатқан. 15 затты тәркілеу, 9 тінту заңсыз деп танылған. Азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзғандығы үшін қылмыстық қудалау органдарының 53 лауазымды тұлғасы тәртіптік жауапкершілікке;

- Қызылорда облыстық прокуратура органдары прокурорлары тіркеуден жасырылған 189 қылмысты анықтап, қылмыстық іс қозғап, қызметтік кабинеттерде заңсыз ұстауда болған 12 адамды босатқан. Прокурорлардың ықпал ету актілері негізінде азаматтардың құқықтарының бұзылуына жол берген қылмыстық ізге түсу органдарының 11 қызметкері әртүрлі тәртіптік жауапкершілікке;

- Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық прокуратурамен тергеу мен анықтау заңдылығын қадағалау барысында заңсыз қызметтік бөлмеде отырған 8 адам босатылған, оның 1-і кәмелетке толмаған. Анықталған заң бұзушылықтар бойынша 54 ұсыныстар мен тәртіптік өндірістер енгізіліп, олардың қаралу нәтижесімен 48 лауазым иелері тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

(Заң және заман журналы, №01 қаңтар 2012 жыл, 9-11, 14-15, 27-30 беттер).

## **10-тарау. Сотта мемлекеттің мүддесін білдіру**

### **§1. Прокуратура органдарының сотта мемлекеттің мүддесін білдіруінің маңызы мен мақсаты**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына сай прокуратура сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді.

Прокурорлар сотта мемлекеттің мүддесін білдіре отырып, адамдар мен азаматтардың конституциялық құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етеді.

Конституцияның 76-бабында сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды делінген. Ендеше сот пен прокуратура органдарының мақсаттары бір - сот процесінің әділ де, заңды өтуі, оның актілерінің заң талаптарына сай келуі. Сондықтан прокурорлардың сотта мемлекеттік мүддені білдіруі, сот органдарының заңды қызметіне тікелей байланысты.

Жалпы сот жүйесі әр уақытта қоғам қажеттілігіне сай болуы және қызмет атқаруы тиіс. Іс жүзінде сот жүйесінде заңдарды қолдануда заңсыздыққа жол беру фактілері кездесуде. Сондықтан Қазақстан Республикасы прокуратура органдарына сотта мемлекеттің мүддесін білдіріп, заңсыздықтың алдын алуға, заңсыздықты анықтауға және оны жоюға шара қабылдау міндеттелген.

Соттарда іс қараудың заңдылығының сақталуын қадағалау, прокурорлық қадағалаудың дербес саласы және прокуратура органдарының қызметінің маңызды бөлігі болып табылады.

Қылмыстық, азаматтық немесе өзге де сот ісін жүргізу барысында сотта мемлекет мүддесін білдіре отырып, прокурор Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңына, сондай-ақ Республиканың қылмыстық істер жүргізу, азаматтық істер жүргізу және өзге де заңдарға сәйкес шағым, кассация және қадағалау тәртібімен өз өкілеттігін жүзеге асырады.

Прокурорлар өздеріне жүктелген міндетті жоғары дәрежеде орындау үшін мына өкілеттіктерді іске асырады:

- барлық сот саласында қылмыстық, азаматтық және басқа да істерді қарау кезінде істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу жөніндегі заң талаптарының орындалуын қадағалау;

- қылмыстық істер бойынша білікті мемлекеттік айыптауды іске асырып, басқа істер бойынша да заңды қорытынды беру;

- соттарға әрбір істер бойынша дәлелді, заңды, әділ шешім алуға ықпал ету;

- сот актілерінің уағында және дұрыс орындалуын қадағалау;

- заңсыз сот актілеріне өз мезгілінде наразылық келтіру;

- сот шешімдеріне берілген арыздарды мұқият тексеріп, наразылық беруге негіз болмаған жағдайда дәлелді қорытынды жазып, арыз иесіне толық жауап беру.

## **§2. Прокурордың сотта мемлекеттің мүддесін білдіру жөніндегі қызметін ұйымдастыруының маңызы**

Прокуратура органдарының өздеріне жүктелген бұл маңызды да жауапты міндетті заң талаптарына сай орындауы осы бағыттағы жұмыстарын дұрыс ұйымдастыруларына байланысты.

Прокуратура органдары осы бағыттағы жұмыстарын сотта іс қараудың заңдылығына қадағалау жұмысын ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрығымен бекітілген арнайы Нұсқаулықты басшылыққа ала отырып, жоспарлы түрде іске асырады.

Әрбір прокуратура алдымен сотта мемлекеттік мүддені білдіретін қызметкерлерді дайындап, дұрыс іріктей білуі қажет.

Аудандық және оған теңестірілген прокуратураларда сотта іс қараудың заңдылығына қадағалау жасауды прокуратура басшылары орынбасарларының бірі мен аға көмекшілері мен көмекшілеріне өз өкімдері арқылы жүктеп, олардың жұмысына басшылық етеді.

Облыс және оларға теңестірілген прокуратураларда прокурорлардың орынбасарларының бірі мен арнайы жасақталған басқарма мен бөлімдерге жүктеледі.



Бас прокуратурада бұл жұмысты Сотта іс қараудың заңдылығын қадағалау жөніндегі Департаменті ұйымдастырады. Департамент тек төменгі тұрған прокурорлардың осы саладағы жұмысын ұйымдастырып қана қоймайды, ол Бас Прокурордың бақылауында тұрған істер мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотында қаралатын істер бойынша мемлекет мүддесін білдіріп, апелляциялық және наразылық ретпен қаралатын істерді қарауда заңдылықтың сақталуына қадағалау жасайды.

Бас Прокурордың бұйрығына сай барлық прокуратура қызметкерлері сотта қаралатын істерге қатысып, білікті қорытынды беруге міндетті.

Сапалы қадағалау жасау үшін прокуратурада сотта қаралатын және қаралған істердің есебі алынып, істер пәндік принципі және бекітілуіне байланысты көмекшілерге бекітіліп, олардың сапалы қадағалау жасауына басшылық жасалып отырады. Прокуратурада әрбір қылмыстық іс бойынша қадағалау өндірісі жасақталып, олар сотқа қатысатын қызметкерлерге тапсырылып, іс бойынша заңды шешім алынып, олар заң талабына сай орындалғанынша бақылауда болады.

Прокурор сотта қаралатын істермен алдын ала танысып, істің заң талабына сай тергелгенін тексеріп, сотта зерттеуге жататын мәселелерді анықтап, жоспарлап қоюы қажет. Іс қарау кезінде туындаған мәселелер бойынша басшыларына баяндап, тәжірибе алмасып отыру, заңдылықты нығайтуға көмектеседі. Іс қаралып болғаннан кейін сотқа қатысқан қызметкер прокурорға есеп береді. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңы мен Бас Прокурордың бұйрығына сай прокурорлар өздері қатыспаған істер бойынша да сот қаулыларының заңдылығын міндетті түрде тексеріп, заңсыздық анықталған жағдайда, оны жоюға шара қарастыруы қажет.

Барлық прокуратура органдары сотта іс қараудың және сотта мемлекеттік мүддені білдіру практикасын, заңдылықтың сақталу деңгейі мен прокурорлар ықпалының пәрменділігін қорытындылап, оның нәтижесі бойынша тиісті шешім алып отыруы, олардың жұмыстарын әрі қарай жоспарлауына оңтайлы көмек етеді.

Әділ сот төрелігінің іске асуына ықпал ету мақсатында прокурорлар сотқа жіберілген істердің заңда көрсетілген мерзімінде

қаралуы, сотталушылардың қамауда отыру мерзімінің сақталуы, сот отырысының кейінгі қалдырылуының, тағайындаған жазаның заңдылығына аса назар аударып отырады.

### **§3. Прокурордың қылмыстық істер бойынша бірінші сатыдағы сотқа қатысуы**

Жоғарыда көрсетілгендей, прокурорлардың сотта айыптаушы ретінде қатысуы олардың қызметінің маңызды бір бөлігі болып табылады. Прокурордың бұл қызметінің негізгі құқықтық құжаты Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі.

Қылмыстық істердің сотта қаралуының заңдылығына прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокуратура бірнеше мақсаттарын іске асырады. Прокурор қылмыстық іс бойынша мемлекеттік айыптаушы ретінде бас сот талқылауына қатыса отырып бір жағынан қылмыстық қудалау функциясын атқарса, екінші жағынан соттың іс бойынша шындықты анықтап, қылмыстық және қылмыстық істер жүргізу заңдарын дұрыс қолданып, заңды да әділ үкім шығаруына ықпал ету. Соттың үкімі мен қаулысы заң талаптарына сай келуі міндетті. Прокурор сотта мемлекет атынан айыптауды жүзеге асыруына байланысты, оның негізгі мақсаты - адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекет пен қоғамның заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау, заңның үстемдігін, заңдылықтың бірлігі мен нығаюын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 301-бабына сай, судья осы Кодекстің 299-бабының 2-бөлігінің 2-6 тармақтарында көрсетілген шешімдерді қабылдау үшін, сондай-ақ талаптардың өтініштерін қарау және сот талқылауын қысқартылған тәртіппен өткізу туралы мәселені шешу үшін тараптардың қатысуымен істі алдын ала тыңдауды өткізеді. Істі алдын ала тыңдауды судья соттың жабық отырысында жеке-дара өткізеді. Соттың отырысына сотталушының, оның қорғаушысының және мемлекеттік айыптаушының қатысуы міндетті. Істі алдын ала тыңдаудың нәтижелері туралы судья қаулы шығарады, онда қаралған мәселелерді баяндайды. Іс бо-

йынша іс жүргізуді тоқатата тұру үшін, істі қысқарту үшін немесе істі қосымша тергеуге қайтару үшін негіздер болмаған жағдайда сот басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулы шығарады. Мемлекеттік айыптаушы міндетті түрде басты сот талқылауын тағайындауды сұрамай, қажет болған жағдайда, заң талаптарына сай, айыптауды өзгертуі мүмкін. Егер прокурордың айыптауды өзгертуі соттауға жатқызудың өзгеруіне әкеп соқса, онда судья істі айыптау қорытындысын, айыптау хаттамасын қайта жасау және істі соттауға жатқызу бойынша жіберу үшін прокурорға қайтарады.

Заң талаптары негізінде прокурор жеке айыптау істерін қоспағанда, мемлекеттік айыптаушы ретінде бас сот талқылауына қатысуы міндетті. Күрделі және көп эпизодты істер бойынша мемлекеттік айыптауды бірнеше прокурор қолдауы мүмкін. Прокурор дәлелдерді ұсынады және оларды зерттеуге қатысады, сотқа айыптаудың мәні бойынша, сондай-ақ сот талқылауы кезінде туындаған басқа да мәселелер бойынша өзінің пікірін баяндайды, сотқа қылмыстық заңды қолдану және сотталушыға жаза қолдану туралы ұсыныс айтады. Азаматтық талап қояды немесе ол жөнінде өз пікірін білдіреді. Айыптауды қолдау кезінде прокурор заң талаптарын және істің барлық жағдайларын қарау нәтижелеріне негізделген өзінің ішкі көзқарасын басшылыққа алады. Сотталушының жағдайын нашарлатпайтын және оның қорғалу құқығын бұзбайтын болса, прокурор айыптауды өзгерте алады. Прокурор, егер сот талқылауында қолдау таппады деген қорытындыға келсе, айыптаудан бас тартуға (толық немесе ішінара) міндетті. Прокурордың қылмыстық заңын қолдану туралы қорытындысы қолданыстағы заңнаманың нормаларына негізделуі керек. Сотқа сотталушыға жаза тағайындау туралы ұсыныс айта отырып, ұсынылған жаза жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік деңгейіне, айыпталушының жеке басына, сондай-ақ қылмыстық жауапкершілік пен жазаны ауырататын және жеңілдететін мән-жайларға сәйкес, әділ болуы үшін қолданыстағы заң талаптары басшылыққа алынады.

Сотта мемлекеттің мүддесін білдіру кезіндегі прокурордың айыптау не айыптан бас тарту туралы қорытынды сөзі (жарыссөз), репликасының соттың іс бойынша заңды шешім алуына ықпал

ететіндей, сотқа қатысып отырған барлық адамдарға түсінікті, заң талаптарына сілтеме жасала отырып, жоғары мәдениеттілікпен, сауаттылықпен жеткізілуінің маңызы зор. Прокурордың сөзінің, сонымен қатар тәрбиелік те мәні бар екені ескерілуі керек. Прокуратура органының қызметкерлері сотта мемлекет атынан қатыса отырып, сотқа қатысушылардың ішінде ерекше статусқа ие болады. Прокурорлар сот мәжілістеріне нысанды киіммен қатысуға, сот мәжілісінің тәртібін қатаң сақтауға міндетті. Оның соттағы іс-қимылы, этикасы, сауаттылығы, әділдігі жұрт көзінен тыс қалмайды және оның заң талаптарына сай қорытындысы іс бойынша әділ шешім алудың кепілі де бола алады. Ол үшін жоғарғы біліктілік, үлкен жауапкершілік қажет.

Қалалық, аудандық прокуратуралардың қызметкерлері әдетте, бірінші сатыдағы сот отырысына қатысады. Бас Прокурор және оның орынбасарлары бекіткен айыптау қорытындылары бар қылмыстық істер бойынша мемлекеттік айыптаушылар Бас прокуратура басшыларының келісімі бойынша тағайындалады.

Елімізде демократиялық үрдістерді одан әрі дамыту мақсатында 2006 жылдың 16 қаңтарында «Алқабилер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Бұл Заңның басты мақсаты сот әділдігін жүзеге асырудың ашықтығын халықты қатыстыра отырып қамтамасыз ету. Сот алқабилердің қатысуымен аса ауыр қылмыстар туралы істерді қарайды. Ол туралы айыпталушы өтініш беруге құқылы. Айыпталушылардың бұл құқықтарын дер кезінде түсіндіру тергеу мен сот органдарының міндеті. Қылмыстық істі қарауға қатысу үшін алқабиге кандидаттар тұрғылықты халық арасынан алдын ала кездейсоқ таңдау арқылы шақырылады, мұндай шақыруға таңдалған азаматтар келуге міндетті. «Алқабилер туралы» Заңның тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгертулер мен толықтырыулар енгізіліп, ол 01.01.2010 жылы күшіне енген. Осы өзгеріске сай қылмыстық істерді қарайтын мамандандырылған ауданаралық соттар құрылды.

Аумақтылығы бойынша облыстық прокуратуралардың қызметкерлері қылмыстық істер бойынша мамандандырылған ауданаралық соттың (бұдан былай ҚИМАС) отырыстарына қатысады, соның ішінде алқабилердің қатысуымен қаралатын аса

ауыр қылмыстық істер бойынша прокурордың қатысуы міндетті, әрі прокурорға үлкен міндет пен шектеулер жүктелген.

Прокурор ҚІМАС-тың қаралу реттілігіне жататын қылмыстық істерді зерделегенде ҚР ҚІЖК-ң 546-бабында белгіленген, тергеу органдарымен айыпталушыға алдын ала тергеу аяқталған сатысымен қатар, сотта істі алдын ала тыңдауда, бірақ соттың басты сот талқылауын тағайындалуына дейін оның істі соттың алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтініш мәлімдеу құқығын түсіндіру талаптарының сақталуын міндетті түрде тексереді. Мемлекеттік айыптаушы алқабиге кандидаттарды іріктеу процесіне белсенді түрде қатысады, іс бойынша жинақталған дәлелдемелерді объективті түрде бағалай алатын әдепті, бейтарапты азаматтардың ішінен алқаның сапалы құрамын жасақтауға үлесін қосу қажет. Ол үшін алқабилер алқасын жасақтауға және алқабиге кандидаттарға дәлелсіз қарсылық білдіруге кандидаттарға маңызы бар заңда белгіленген сұрақ беру құқықтары міндетті түрде пайдалануы тиіс.

ҚР ҚІЖК-ң 545-бабының талабына сай алқабилердің қатысуымен бүкіл сот талқылауы барысында мемлекеттік айыпталушыға, жәбірленушіге, сотталушыға және оның қорғаушысына, сондай-ақ процестің басқа да қатысушыларына осы істі қарауға қатысушы алқабилермен белгіленген тәртіптен тыс араласуға тыйым салынады. Осы Кодекстің 60-тарауында Алқабилердің қатысуымен соттың істі талқылау ерекшеліктері қаралған, сол ережелерге сай прокурордың құзыретінде де ерекшеліктер көзделген. Прокурорлар алқабилердің қатысуымен қаралған істерде мемлекет атынан айыптауды қолдау ерекшеліктерін сақтай отырып, прокурорлық қадағалауды жүзеге асыруға міндетті.

Облыс прокурорының тапсырмасы бойынша қылмыстық істер бойынша мамандандырылған ауданаралық соттың отырысына қатысуды қалалық және аудандық прокурорлар қамтамасыз ете алады.

Бас Прокурордың арнайы нұсқаулығының талаптарына сай, облыс прокурорларының орынбасарлары, тәртіп бойынша қоғамдық қауіп тудыратын қылмыстар туралы, соның ішінде кең қоғамдық ахуалға әкеп соқтыратын бірінші сатыдағы соттарда қылмыстық істерді қарауға тұрақты, жарты жылдықта бір рет-

тен кем емес, ал төмен тұрған прокуратуралардың басшылары тоқсанына бір реттен кем емес қатысады. Қылмыстық процесте заңдылықты қадағалау бөлімшелерінен басқа прокуратураның қызметкерлері прокуратура басшылығының нұсқауы бойынша қажетіне қарай бірінші сатыдағы соттарға қатысады.

Мемлекеттік айыптаушылар соттағы көзқарасының дұрыстығына жеке жауапты. Мемлекеттік айыпталушының басты сот талқылауындағы құзыреті Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 317-бабымен реттелген. Сотқа қатысушы прокурор дер кезінде апелляциялық (кассациялық) мерзімді сот қаулысын, сот талқылауының хаттамасын және процеске қатысқан жақтардан келіп түскен шағымдарды зерделейді, қажет болған жағдайда өзінің ескертулері мен қарсылықтарын жазбаша білдіреді. Сот заңсыз шешім шығарған кезде заңда белгіленген мерзімде апелляциялық (кассациялық) наразылық келтіреді. Прокурорлар сотта мемлекет мүддесін білдіру кезінде заңдармен қатар Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік-құқықтық актілерінің заңдылығына да қадағалау жасайды.

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 33-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Республика Жоғары Сотының нормативтік қаулысының Конституцияға және заңдарға сәйкес келмеу негіздері бойынша Республика Жоғары Сотының жалпы отырысына наразылық енгізеді.

#### **§4. Апелляциялық, кассациялық және қадағалау сот алқаларында прокурордың қатысуы**

Апелляциялық, кассациялық және қадағалау сатысындағы соттардың отырыстарына қатысатын прокурорлар аталған сот сатыларында іс жүргізу заңдарымен белгіленген мерзімдерде сот қаулыларының заңдылығы мен негізділігіне сапалы тексеру жүргізуді қамтамасыз етеді.

Жоғары тұрған сатыдағы сотта прокурор мемлекеттік айыптаушының позициясымен байланыспайды, олардың шағым берген-бермегеніне немесе апелляциялық наразылықтың келтірілгеніне қарамастан толық көлемде және сотталғандардың барлығына қатысты іс материалдарын тексереді, үкімнің заңдылығы және негізділігі туралы қорытынды береді.

Прокурор апелляциялық және кассациялық сатыдағы соттарда қорытынды беру барысында қылмыстық істің мән-жайымен қатар, сотта тыңдалған түсініктерді, сотқа қосымша ұсынылған материалдарды ескереді.

Прокурор наразылықта келтірілген уәждерге емес, қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 410-бабының 1-бөлігінде, сондай-ақ 402-баптың 3-бөлігі мен наразылықты кері қайтару жөнінде 446-1 бабының 2-бөлігінде қарастырылған құзыретін пайдалана отырып, заң талаптары мен нақты мән-жайларға байланысты әрекет етеді.

Прокурордың апелляциялық, кассациялық және қадағалау сатыдағы соттардағы қорытындысы:

- 1) сотталушының толық сауалнама деректері;
- 2) іс бойынша шығарылған сот қаулылары туралы мәліметтер;
- 3) жасалған әрекеттің қысқаша (фабула) мазмұны;
- 4) істің қайта қарау негізі;
- 5) шағымдағы уәждері;
- 6) шағымдағы уәждерді талдау және іс құжаттарымен салыстыруы, сонымен бірге дәлелдемелердің жеткіліктілігіне, шынайлығына және олардың дәлелдеме ретінде қабылдануына берілген бағасы;
- 7) мемлекеттік айыптаушы позициясының негізділігі немесе негізсіздігі жөнінде тұжырым;
- 8) сот қаулыларының негізділігі мен негізсіздігі жөнінде тұжырым қамтылуы тиіс.

Прокурордың апелляциялық (кассациялық) сатыдағы сотта берген қорытындысын облыс прокурорының жетекшілік ететін орынбасары бекітеді.

Апелляциялық және кассациялық наразылықтардың дайындығының сапасы мен енгізілуінің негізділігін бағалау өлшемі – оның қанағаттандырылуы болып табылады.

Сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалаудың пәрменділігін арттыру мақсатында, Бас прокуратураның Департаменті, облыс прокурорлары тоқсан сайын қадағалаудың жайкүйін төмендегі бағыттар бойынша талдап отырады:

- 1) сот төрелігін жүргізуде және мемлекеттік айыптауды қолдау бойынша атқарылған жұмыстар туралы;

- 2) сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы;
- 3) қылмыстың ұйымдасқан түрлері бойынша;
- 4) есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстар;
- 5) діни экстремизмге және терроризмге, адам саудасына байланысты қылмыстар;
- 6) кәмелетке толмағандар жасаған немесе оларға қатысты қылмыстар;
- 7) экономика саласындағы қылмыстар;
- 8) қадағалаудың жай-күйі және сотта қылмыстық істерді алқа билердің қатысуымен қарау тәжірибесі туралы.

Сонымен қатар, прокурорлар қадағалаудың жай-күйі мен соттардың қылмыстық жаза тағайындау тәжірибесіне және қылмыстық істі жүргізетін органдардың қылмыстық іс барысында азаматтардың конституциялық құқықтарын сақталуының жай-күйіне талдау жүргізіп отырады.

Іс жүргізу заңнамасымен реттелмеген бөлігінде «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның ережелері мен Қазақстан Республикасының прокуратура органдары мен мекемелерінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау жөніндегі нұсқаулық қолданылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 460-бабының 2-бөлігіне сәйкес қадағалау тәртібімен тексеру үшін Бас Прокурор немесе оның тапсырмасы бойынша орынбасарлары, облыс прокурорлары қылмыстық істі тиісті соттан талап ете алады.

Облыс прокурорлары, аудандық, қалалық прокуратуралар тоқсан сайын қылмыстық іске қатысушылардың өтініштерін қарауда заңдылықтың жай-күйіне талдау жүргізіп отырады және олардың қорытындысы бойынша Бас прокуратураға ақпарат береді. Бас прокуратураның арнайы Департаменті осы мәселе бойынша талдауды жартыжылдықтың және жылдың қорытындысы бойынша жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 07.11.2011 жылғы №105 бұйрығында Бас әскери прокурорына, Бас көлік прокурорына, Астана, Алматы қалаларының прокурорларына қылмыстық істерді сотта қарау заңдылығын қадағалау жөнінде тәжірибелі және кәсіби дайындықтары жоғары қызметкерлерден бөлімше жасақтау міндеттелген.



## **§5. Прокурордың сотта азаматтық істер бойынша қатысуының маңызы мен мақсаты**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына сәйкес азаматтардың, мемлекеттік және заңды тұлғалардың конституциялық және өзге заңдар қорғайтын құқықтарын, бостандықтарын және мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, азаматтық заңнаманың негізі - сот әділдігін жүзеге асырудың қағидаларын бұлжытпай сақтауы азаматтық сот ісін жүргізудің заңдылығына прокурорлық қадағалаудың міндеті болып табылады.

Прокурорлардың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы Қазақстан Республикасының азаматтық істер жүргізу кодексімен реттеледі.

Азаматтық сот ісін жүргізуде заңдардың дәлме-дәл және бір үлгіде қолданылуына жоғарғы қадағалау жүргізу ісін мемлекет атынан Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тікелей өзі және өзіне бағынатын прокурорлар арқылы жүзеге асырады.

Прокурорлардың азаматтық сот ісіне қатысуы мұның өзі заңмен көзделген немесе осы іске прокурордың қатысу қажеттілігін сот таныған жағдайларда міндетті. Прокурор өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында іс бойынша қорытынды беру үшін және азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін өз бастамасы немесе соттың бастамасы бойынша процеске қатысуға құқылы.

Прокурор азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау туралы сотқа талап қоюға, өтініш жасауға құқылы. Азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау туралы, егер адам дәлелді себептермен өзі сотқа жүгіне алмаса, тек мүдделі адамның өтінішімен ғана прокурор талап қоя алады (зейнеткер, көп балалы ана, т.б.). Әрекетке қабілетсіз азаматтың мүддесін қорғау үшін прокурор мүдделі адамның өтінішіне қарамастан талап қоя алады (жетім немесе ата-ана қамқорынсыз қалған кәмелетке толмағандар, мүгедектер).

Прокурор өзінің қорытындысын сот процесінде анықталған

жағдайлар негізінде, заң нормаларын басшылыққа ала отырып береді. Сонда ғана ол өзінің алдына қойған азаматтық істердің соттың бірінші сатысында қаралу кезінде заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асыру мақсатына жете алады.

Азаматтық сот ісін жүргізуде заңдардың дәл және біркелкі қолданылуына қадағалауды жүзеге асыру кезінде жеке кәсіпкерлік субъектілері арасындағы дауларға, сондай-ақ корпоративтік дауларға негізсіз араласуға жол берілмейді ( ҚР АІЖК-ң 24-бабының 2-бөлігі).

Апелляциялық, кассациялық және қадағалау тәртібінде азаматтық сот ісін жүргізу барысында соттарда мемлекеттің мүддесіне өкілдік етіп, прокурор Конституцияға, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне, Заңдарға және өзге де заңнамалық актілерге сәйкес өзінің өкілеттігін жүзеге асырады.

Көлік прокурорларының ведомстволарына жататын азаматтық істерді қарауды тиісті көлік прокуратуралары орналасқан жерлердегі соттарда тағайындаған кезде оларға қатысу және кейін қадағалау жасау көлік прокурорларына жүктеледі.

Көлік прокурорларының ведомстволығына жататын істерді қарау белгіленген соттардың орналасқан жерінде көлік прокуратуралары болмаған жағдайда, бірінші сатыдағы сотқа қатысу және апелляциялық, кассациялық тәртіпте қадағалау жүзеге асыру тиісті аумақтық прокурорларға жүктеледі.

Мамандандырылған соттарда бірінші сатыдағы сотқа қатысу басқа прокурорлардың талап арыздарын қарау жағдайларын есептегенде, осы соттардың орналасқан жерлері бойынша орналасқан прокурорларға жүктеледі.

Мамандандырылған соттарда басқа прокурорлардың талап арыздарын қарау кезінде бірінші сатыдағы істерді қарау кезінде қатысуды облыстық және оларға теңестірілген прокуратуралардың тиісті бөлімшелерінің қызметкерлері қамтамасыз етеді. Астана мен Алматы қалаларында мамандандырылған соттардың сот актілерінің заңдылығына қадағалауды жүзеге асыру тәртібін осы қала прокурорлары белгілейді.

Әскери соттарда істерді қарау кезінде қатысу осы соттардың орналасқан жерлері бойынша орналасқан әскери прокурорларға жүктеледі.

Прокурорлар мынадай істер бойынша:

- 1) ол заңда қарастырылғанда;
- 2) сот немесе жоғары тұрған прокурор оны қажет деп таныса;
- 3) мемлекеттің мүддесіне қатысты істер бойынша;
- 4) мемлекеттік басқару органдарының және лауазымды тұлғалардың шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы;

5) өндірістегі жазатайым оқиға нәтижесінде азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген залалды өндіру туралы істер бойынша міндетті түрде іс жүргізуге қатысады және қорытынды жасайды.

Сонымен қатар прокурор өздерінің бастамасымен қозғалатын істер бойынша тарап ретінде қатысуға міндетті.

Заң талаптарына сай прокурорлар ата-ана құқығынан айыру, оны қалпына келтіру, шектеу, баланы алып қою туралы, баланы асырап алу, баланы асырап алудың күшін жою, нормативтік-құқықтық актілердің заңдылығына дау айту туралы, азаматтың хабар-ошарсыз кеткендігін тану немесе азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы істерге қатысып, қорытынды беруге міндетті.

Сол сияқты мемлекеттің мүддесіне қатысты істерге мемлекеттік кәсіпорындар көрсеткен қызмет үшін берешек сомасын тұтынушылардан өндіріп алу туралы істерді есептемегенде, тараптары мемлекеттік мекемелер болып табылатын істер, мемлекет басқару органдарының және лауазымды тұлғалардың шешімдеріне және әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы істер, Конституциямен кепілдік берілген құқықтар мен бостандықтарды бұзатын шешімдерге, әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдану туралы істер міндетті түрде прокурорлардың қатысуымен қаралады.

Қадағалау қызметі барысында мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының, жеке және заңды тұлғалар тарапынан заңдылықты бұзу анықталған жағдайда, прокурор соттың алдында жеке ұйғарым шығару туралы өтініш жасайды, қосымша тексеру жүргізуге және кінәлі тұлғаларды заңда белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешуге, заңды бұзуға әкеп соққан себептер мен жағдайларды жоюға шаралар қабылдау мақсатында ол туралы жоғары тұрған прокурорға хабарлайды.

Сот қарайтын дауда прокуратура органдарының мүддесін талапкер немесе жауапкер түрінде білдіретін прокурор тараптың іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін пайдаланады (АІЖК-н 55-бабының 6-бөлігі).

Прокурорлар заң талаптары мен өз бастамасымен қатысқан істер бойынша апелляциялық, кассациялық тәртіпте заңды күшіне енбеген сот актілеріне наразылық келтіру, прокурорлық қадағалаудың өзге де актілерін енгізу арқылы сот жіберген қателіктерге уақтылы ден қоюы қажет.

Апелляциялық наразылық Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің 364-бабының 1-бөлігінде қарастырылған соттың шешімінің күшін жоюға немесе өзгертуге негіз болған жағдайда келтіріледі.

Кассациялық наразылық келтіру үшін негіз болып табылатын бірінші және апелляциялық сатылардағы соттардың материалдық және іс жүргізу құқықтары нормаларын бұзу, дұрыс қолданбау осы Кодекстің 365, 366-баптарында белгіленген.

Апелляциялық және кассациялық наразылықтар Кодекстің 335, 383-5 баптарының талаптарына сәйкес болуға тиіс.

Прокурорлар өздерінің сотқа қатысқан қатыспағандарына карамастан негізсіз және заңсыз қабылданған сот актілерін анықтап, оларға заңда көрсетілген мерзім ішінде наразылық келтіруге міндетті.

Апелляциялық іс жүргізу - соттың міндетті іс жүргізу сатысы және ол прокурордың наразылығы мен сотқа қатысушы жақтардың сот шешіміне келтірген шағымдарын қарауды қамтамасыз етеді.

Негізсіз және заңсыз қабылданған сот актілерінің күшіне енбеуіне жол бермеу – прокурорлардың негізгі міндеттерінің бірі.

Ол мақсатқа жету үшін прокурорлар соттардың азаматтық істерді қарауының заңдылығына уағында тексеру жүргізіп, заңсыз актілерге наразылық келтіруі қажет. Тексеру кезінде прокурорлар шығарылған актілердің ғана заңдылығын қарап қоймай, іс жүргізудің хаттамасын зерттеп, соттың құрамының заңдылығы, жақтардың құқықтарының түсіндірілуі, оның ішінде талап-арызды уағында алуы, істі жүргізу тілінің анықталуы, істің мән-жайы толық, объективті түрде зерттеліп, соттың тұжырымы мен оның алған қаулысының сай келуі, заңды дұрыс қолдануы тағы басқа заң талаптарының қолдануында заңсыздыққа жол берілмегендігін қарауға тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу Кодексінің 332-бабының 3-тармағына сай азаматтық істер бойынша нара-

зылық білдіру құқығы істі қарауға қатысушы прокурорларға тиесілі. Қазақстан Республикасының Бас прокуроры мен оның орынбасарлары, облыс прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар мен олардың орынбасарлары, аудандардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар мен олардың орынбасарлары істі қарауға қатысуына қарамастан өз құзыреті шегінде наразылық білдіруге құқылы.

Прокурор заңсыз шешімге берген наразылығында заңдарға, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге және материалдарына сілтеме жасай отырып, шешімнің заңсыздығы немесе негізсіздігінің негіздемесі, алынған шешімді толық немесе қандай бөлігінде өзгертуге, не жоюға жататындығын көрсетуі қажет. Сонымен қатар наразылыққа қоса тіркелген құжаттардың тізімін беруі және қосымша айғақтар, куәлер жөнінде де көрсетуі мүмкін. Назылық жоғары тұрған сотқа сол істі қараған сот арқылы беріледі. Прокурор назылық беру мерзімінен кешігіп қалған уақытта сот, наразылықты қабылдамай, кері қайтаруға құқылы. Заңды себептермен бұзылған наразылық беру мерзімі сот арқылы қалпына келтірілуі де мүмкін.

Заңды күшіне енген сот актілеріне шағым жасау, наразылық келтіру азаматтық істер жүргізу туралы заңдармен, яғни кодекстермен реттелген.

Соттың заңды күшіне енген актілеріне:

1) азаматтық істер бойынша (АДЖК-ң 385-бабы) соттың заңды күшіне енген шешімдеріне, ұйғарымдарына, қаулыларына және сот бұйрықтарына тараптар және апелляциялық шағымдар беруге құқығы бар іске басқа да қатысушылар істі қадағалау тәртібімен қайта қарауға өкілетті сотқа тікелей шағымдана алады.

2) Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры – облыстық және оған теңестірілген соттың қадағалау алқасына және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі алқасы мен қадағалау алқасына;

3) Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының орынбасарлары – обыстық және оған теңестірілген соттың қадағалау алқасына және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі алқасына;

4) облыс прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар – облыстық және оған теңестірілген соттың қадағалау алқасына наразылық келтіруге құқылы.

Наразылық келтіруге құзыреті жоқ прокурор наразылық келтіру туралы өзінен жоғары тұрған прокурорға ол жөнінде ұсыныс беруге тиіс.

Прокурор наразылықты сонымен қатар сотқа қатысушы басқа адамдардың өтініштерін қарау қорытындысы бойынша да соттың заңсыз актілеріне келтіреді. Мұндай өтініштер қанағаттандырусыз қалдырылған жағдайда заңда белгіленген мерзім ішінде дәлелдеу қорытындысы жасалып, өтініш иесіне жауап берілуі қажет. Қадағалау тәртібі бойынша наразылық білдіруге өкілетті адам, атап айтқанда облыс прокурорлары мен Бас Прокурордың жетекші орынбасарлары қорытындыны бекітеді және осы адамдар өтініш иесіне берілетін жауаптарға қол қояды.

Тиісті прокурорлар өз құзыреті шегінде істердің қадағалау тәртібімен қаралу процесіне қатысады және оның қаралу тәртібі мен алған шешімінің заңдылығына қадағалау жасайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің 396-бабы бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Бас Прокуроры және оның орынбасарлары өз құзыреті шегінде істі сұратып алумен бір мезгілде қадағалау тәртібімен тексеру үшін сот актісінің орындалуын үш айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

Наразылықты іс қадағалау сатысында қаралғанға дейін оны берген адам, сондай-ақ жоғары тұрған прокурор кері қайтарып алуы мүмкін.

Республиканың Бас Прокуроры Республика Жоғарғы Сотының азаматтық істер бойынша нормативтік қаулысының Конституцияға және заңдарға сәйкес келмеу негіздері бойынша Республика Жоғарғы Сотының жалпы отырысына наразылық келтіруге құқылы (ҚР «Прокуратура туралы» Заңы 33-бап).

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық, әкімшілік істер жөніндегі қадағалау сот алқасының отырысында қаралатын істер бойынша қорытындыларды беруді Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының тапсырмасы бойынша, ең алдымен оның орынбасарлары, ал олардың қатысу мүмкіндігі болмаса, бағыныстағы прокурорлар (Департамент бастығы, Департаменттің басқарма, бөлім бастықтары) қамтамасыз етеді.

## ***11-тарау. Әкімшілік іс жүргізудің заңдылығына прокурорлық қадағалау***

### **§1. Әкімшілік іс жүргізудің заңдылығына прокурорлық қадағалаудың маңызы мен мақсаты**

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңына сай әкімшілік іс жүргізудің заңдылығына қадағалау жасау прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттарының бірі, әрі прокурорлық қадағалаудың дербес саласы болып табылады.

Республикада жылына әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін мыңдаған адамдар мен заңды тұлғалар әкімшілік жауапқа тартылып, олардың арасында заңсыз жауапкершілікке тартылып, конституциялық құқықтарына елеулі зиян келу фактілері де болып тұрады. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сай қырыққа жуық мемлекеттік органдар мен соттар әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде іс қозғап, әкімшілік жауапкершілікті қарайды. Сол субъектілердің әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамалардың дәлме-дәл қолданылуына қадағалау жасау - прокурорлық қадағалаудың басты мақсаты мен мазмұны.

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 8-тарауы «Әкімшілік іс жүргізудің заңдылығын қадағалау» деп аталып, Заңның 40-42 баптарында қадағалаудың маңызы мен мақсаты және оны іске асырудағы прокуратура органдарының өкілеттігі, құқықтық актілері туралы көрсетілген.

Заңның 40-бабына сай әкімшілік іс жүргізудің заңдылығына қадағалауды прокуратура:

1) әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде, сондай-ақ істерді қарау мен әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жазау шараларын белгілеген кезде заңдардың дәл әрі бірыңғай қолданылуын қамтамасыз ету;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарды қолданған кезде адамның және азаматтың, лауазымды адамдар мен ұйымдардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру;

3) азаматтардың әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде жүргізілген істерге байланысты кез келген актіге шағымдану құқығын қамтамасыз ету;

4) әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарды қолданған кезде заңдарды бұзған кінәлі адамдарға шара қолдану мақсатында жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдары Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінен тұрады. Осы Кодекстің Ерекше бөлімінде көзделген құқық бұзушылық құрамының барлық белгілері бар әрекет жасау әкімшілік жауаптылықтың негізі болып табылады. Кодекс бойынша әкімшілік жауаптылықта ақылесі дұрыс, 16 жасқа жеткен жеке адам мен заңды тұлға болады.

Кодекстің 32-тарауында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің қайда қарауға жататындығы, лауазымды адамдардың істерді қарау және әкімшілік жазаларды қолдану жөніндегі құзыреті туралы көрсетілген.

Прокурорлық қадағалаудың мақсаты осы мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың әкімшілік құқық бұзушылыққа жауапқа тарту және ол істерді қарау кезіндегі іс-әрекеттері мен актілерінің заңдылығына қадағалау жасау. Кодексте көрсетілген бұл субъектілер прокурорлық қадағалаудың объектілері болып табылады, олар Кодекстің 541-576 баптарында көрсетілген. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот актілерінің заңдылығын қадағалаудың міндеттері азаматтардың, мемлекеттің және заңды тұлғалардың конституциялық және өзге де заңмен қорғалатын құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерді сотта қарау барысында уәкілетті мемлекеттік органдар мен азаматтардың тарапынан жіберілген заң бұзушылық фактілері бойынша прокурорлық ықпал ету шараларын қолдану, әкімшілік құқық бұзушылық жасауға мүмкіндік туғызған себептер мен жағдайларды жою болып табылады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Соттарда мемлекет мүддесіне өкілдік ету Департаменті (әрі қарай Департамент), облыс прокуратуралары, Алматы және Астана қалаларының прокурорлары, ауданаралық, аудандық, қалалық және



оларға теңестірілген әскери және өзге де мамандандырылған прокуратуралар әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша сот актілерінің заңдылығын тұрақты және тиімді қадағалауды қамтамасыз етеді, соттардың бұл істерді қарағанда іс жүргізу мерзімдерінің сақталуын тексереді, сот төрелігін атқаруы жөнінде заңдылықтың жағдайын жүйелі түрде талдайды. Департаментте, облыстық прокуратураларда, Алматы, Астана қалаларының прокуратураларында және оларға теңестірілген прокуратураларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің өзекті санаттары бойынша прокурорлық тәжірибені жүйелі талдау, заңдылық жағдайын болжау мақсатында аумақтық-пәндік ұстаным бойынша жұмыс ұйымдастырылады. Олардың нәтижелері пәндік жұмысшы топтарда, жедел мәжілістер мен алқаларда қаралып, жүргізілген қадағалаудың тиімділігін арттыруға нақты шаралар қолданылады. Пәндік ұстаным бойынша жұмыс көрсетілген істердің өзекті санаттарын анықтау және жауапты қызметкерлерді бекіту арқылы жүзеге асырылады. Олар прокурорлық қадағалау заңдылығының жағдайына жүйелі талдау жүргізеді, қазіргі кезде күшінде тұрған заңды, қадағалау қызметінің түрлері мен әдістерін жетілдіруге ұсыныстар енгізеді. Пәндік бағыттарды анықтауды қадағалайтын аймақтың ерекшеліктері мен заңдылықтың жағдайына, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істердің белгілі бір санаттарының сотта қаралуы кең таралғанына сүйенеді.

## **§2. Әкімшілік іс жүргізудің заңдылығына қадағалау жасаудағы прокурордың өкілеттігі, құқықтық актілері және осы бағыттағы жұмысын ұйымдастыру**

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 41-бабының талаптары мен Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің тиісті баптарының талаптарына сай, прокурорлар әкімшілік іс жүргізу заңдылығын қамтамасыз ету жөнінде мына өкілеттіктерді іске асырады:

1) уәкілді лауазымды адамдар мен органдардан әкімшілік құқық бұзушылық туралы мәліметтерді, құжаттар мен істерді талап етуге;

2) құзыретіне әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау мен жаза қолдану кіретін лауазымды адамдар мен органдардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне берілген шағымдарды қарауға;

3) азаматтарды әкімшілік ұстау мен қамаудың заңдылығын, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылыққа ықпал етудің өзге де шараларының негізділігін тексеруге;

4) әкімшілік құқық бұзушылық істерді қарауға қатысуға, өтініштер жасауға, істі қарау кезінде туындаған мәселелер бойынша қорытындылар беруге;

5) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылардың орындалуын тексеруге;

6) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын заңды тұлғалар мен мемлекеттің заңды мүдделерін бұзуға жол берген лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қолдануға;

7) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жөнінде іс жүргізуді қозғауға;

8) заңда көзделген басқа да іс-әрекеттерді жасауға хақылы.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің, олар бойынша алынған актілердің заңдылығына қадағалау жасау кезінде анықталған заң бұзушылықтарды жою мақсатында прокурор:

1) сотқа, өзге өкілетті органға немесе лауазымды адамға әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулыға наразылық енгізуге;

2) уәкілді лауазымды адамдар мен органдарға (соттан басқа) іске қосымша тексеру жүргізу туралы жазбаша нұсқаулар беруге;

3) уәкілді органдардан өздерінің бақылауындағы немесе қарауындағы ұйымдарға тексеру жүргізуді талап етуге;

4) заңмен белгіленген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді тоқтатуға;

5) әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулының орындалуын тоқтата тұруға;

6) әкімшілік жолмен заңсыз ұсталған адамды босату туралы қаулы шығаруға;

7) жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда өз міндеттерін орындауға байланысты өкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары қолданған тыйым салу немесе шек-

теу сипатындағы кез келген шараларды алып тастау туралы қаулы шығаруға немесе талап қоюға;

8) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау жөнінде қаулы шығаруға хақылы.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры әкімшілік істер бойынша субъектілердің актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыруды жетілдіру мен тиімділігін жоғарылату, қабылданған актілердің заңдылығын қамтамасыз ету мақсатында төменгі тұрған прокурорлардың осы бағыттағы жұмыстарын тексеріп, тиісті қорытындылар негізінде, нұсқаулықтар алып, олардың қалтқысыз орындалуына бақылау жасап отырады.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010 жылғы 12 тамыздағы №47 бұйрығымен бекітілген «Әкімшілік істері бойынша мемлекет мүддесіне өкілдік ету және сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі» Нұсқаулық әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша мемлекет мүддесіне өкілдік ету және сот актілерінің заңдылығын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру мен жүзеге асыруды реттейді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша прокурор мемлекет мүддесін білдіру арқылы сотқа қатысып, осы істер бойынша өз өкілеттігін апелляциялық және қадағалау тәртібінде Конституцияға, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне және өзге заңдарға сәйкес жүзеге асырады.

Бірінші сағы соттары қарайтын: заңмен көзделген жағдайда, оның ішіндегі кәмелетке толмағандарға және әкімшілік қамауға алуға қатысты істер; жоғарғы тұрған прокурор қажет деп тапса; өзі қозғаған істер бойынша; сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық бойынша; сайлау құқына қол сұғу құқық бұзушылығы бойынша, қоршаған ортаны қорғау саласында; салық салу саласында; кеден ісі саласында; әкімшілік құқық бұзушылық құралы болып табылатын және сонымен бірге әкімшілік құқық бұзушылық кезінде алынған мүлікті мемлекет меншігіне тәркілеуге әкеп соқтыратын істер бойынша; Қазақстан

Республикасы төңірегінен шығару бойынша; заңсыз көтерілген құрылысты бұзу бойынша істерге прокуратура міндетті түрде қатысады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың (лауазымды тұлғалардың) қаулыларына дау айту туралы азаматтық істер бойынша прокурордың қатысуы міндетті (АІЖК-нің 26-тарауы).

Прокуратура қозғаған әкімшілік өндіріс бойынша прокурордың сотқа қатысуын өз бастамасымен істі қозғаған құрылым қамтамасыз етеді, осы құрылымға қаралатын істердегі сот актілерінің заңдылығын тексерумен дер кезінде наразылық келтіру міндеті жүктеледі.

Мамандандырылған (көлік, әскери) прокурорлардың ведомстволарына қарасты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер қарауға тағайындалғанда мамандандырылған прокуратураларға тиісті жерлерде орналасқан соттарда ол істерге қатысу және одан кейінгі қадағалау жүргізу жүктеледі. Ведомстволарға қарасты істерді қарауға тағайындалған соттар орналасқан жерде мамандандырылған прокуратуралардың жоқ болған жағдайында аумақтық прокурорлар ол істердің қаралу мерзімдері жөнінде мамандандырылған прокуратура басшыларына дер кезінде хабарлауға міндетті. Мамандандырылған прокурорлар ол істерге қатысуға мүмкіншіліктері болмаған жағдайда бірінші саты сотына қатысу және апелляциялық тәртіпте қадағалауды жүзеге асыру тиісті аумақтық прокурорларға жүктеледі.

Соттарда қаралған істер бойынша аумақтық және мамандандырылған прокурорлар әр тоқсан сайын салыстырмалы тексеру жүргізеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша бірінші саты сотына қатысқан прокурорлар жазбаша қорытынды беруі міндетті және онда төмендегі тұжырымдар қамтылуы тиіс: істің сот мәжілісінде анықталған мән-жайлары туралы прокурордың қорытындысы; құқық бұзушының кінәлілігі немесе кінәсіздігі; оның әрекетінің дұрыс дәрежеленуі; прокурордың жоғарыда көрсетілген тұжырымдардың біріне тоқтауға негіз болған дәлелдемелері.

Істің мән-жайы мен құқық бұзушының жеке басын ескере

отырып, оған қолданылған жаза туралы немесе істі қысқарту қажеттілігі жайлы, болмаса оны уәкілетті мемлекеттік органға қайта рәсімдеу үшін беруге.

Қажет болған жағдайда прокурор қорытынды соңында құқық бұзушылық жасауға мүмкіндік тудырған себептер мен жағдайларды жою туралы жеке қаулы шығару жөнінде сотқа тиісті бағдар беру керек немесе анықталған заң бұзушылық фактілері бойынша осындай мазмұнда прокуратура тарапынан өз бастамасымен ұсыныс келтіруі керек.

Әкімшілік құқық бұзушылық істерді қарауға уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) қаулыларына дау айту туралы азаматтық істер бойынша қорытынды бергенде, прокурор әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың материалдық және іс жүргізу бөлігіндегі ережелерді уәкілетті органның дұрыс қолдануы туралы, оның ішінде қандай да бір жазаны қолдану немесе тұлғаны әкімшілік жауапкершілікке тартудың заңды болуы туралы қосымша пікір айтуы тиіс. Сондай-ақ, осы істерге қатысу нәтижесімен, егер уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан өрескел заң бұзушылық фактілері анықталған жағдайда, прокурор жеке қаулы шығару туралы сотқа бағдар беруі тиіс немесе өз бастамасымен ұсыныс келтіруі керек.

Сонымен қатар, қорғаушы қатысатын (ҚР ӘҚБ туралы кодексінің 589-бабына сәйкес) істер бойынша прокурордың қатысуы міндетті. Сот қарауына прокурордың қатысуына не қатыспауына қарамастан сот актісі заңды күшіне енгенге дейінгі мерзім ішінде заңдылығы міндетті түрде тексеріліп, заңсыз сот актілері анықталған жағдайда оларға наразылық келтіру шараларын алу барлық прокурорларға міндеттелген.

Соттармен ведомстволығына сәйкес қаралып, қысқартылған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер, апелляциялық наразылық келтіру туралы уәкілетті мемлекеттік органдардан, азаматтардан және заңды тұлғалардан прокуратураға келіп түскен шағымдар бойынша сот актілері тексеріліп, заңсыз сот актілері анықталған жағдайда оларға наразылық келтіру шаралары қолданылады.

Сот талқылауында прокурордың қатысуына қарамастан сот актісі заңды күшіне енгенге дейін Бас Прокурордың жоғарыда

көрсетілген Нұсқаулығында көрсетілген істер бойынша сот актілерінің заңдылығы міндетті түрде тексеріледі. Сонымен қатар, апелляциялық наразылық келтіру туралы уәкілетті тұлғалардың прокуратураға келіп түскен шағымдар бойынша сот актілері тексеріледі. Заңсыз сот актілері анықталған жағдайда оларға наразылық келтіру шаралары қолданылады. Заңды күшіне енген сот актілерін сот қайта қараған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы барлық істер бойынша прокурордың қатысуын Бас Прокурор міндеттеген.

Апелляциялық наразылықтардың тиімділігі қанағаттандырылған наразылықтардың қаралған істердің жалпы санына арақатынасымен есептеледі, яғни прокурорлық қадағалаудың деңгейін көрсетеді.

Облыс және оларға теңестірілген прокурорлар заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын тексеру туралы жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды. Сот актілерін бұзуға немесе өзгертуге заңмен белгіленген негіз болған жағдайда прокурорлар Бас прокуратураға шағымданған сот актілеріне қадағалау тәртібімен наразылық келтіру жөнінде ұсыныс енгізеді. Шағым қанағаттандырусыз қалдырылған жағдайда жазбаша қорытынды жасалып, оны облыс прокуроры немесе оның орынбасарлары бекітіп, арыз иесіне шағымды қанағаттандыруға негіздің жоқтығы туралы толыққанды жауап беріледі. Арыз иесіне осы жауаптың көшірмесін тіркей отырып, Бас прокуратураға шағымдану құқығы түсіндіріледі.

Облыстық, Алматы, Астана қалаларының және оларға теңестірілген прокуратуралары жарты жылда бір рет барлық санаттар бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы соттармен қысқартылған істердің заңдылығына талдау жүргізіп, ол жөнінде Бас прокуратураға ақпарат жолдайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың (лауазымды тұлғалардың) қаулыларына дау айту туралы азаматтық істер бойынша сот актілері заңды күшіне жайыланған кезден бастап енетіндігін және одан әрі сотпен жіберілген кемшіліктер қадағалау тәртібінде тек Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында түзелетіндігін ескере отырып, облыс және оларға теңестірілген прокурорлар осы санаттағы

сот актілерінің заңды болуы мәселелеріне ерекше назар аударады. Қажет болған жағдайда, наразылық келтіру туралы ұсыныс Бас прокуратураға дер кезінде енгізілуі керек.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 676-бабына сәйкес заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық келтіруге тек қана Бас Прокурор және оның орынбасарлары құқылы.

Бас Прокурор немесе оның орынбасарлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот актілерінде келтірген наразылықтардың тұжырымдарын қолдау қарамағындағы прокурорлар арқылы (Департамент бастығы, Бас Прокуратураның басқармалары мен бөлімдерінің бастықтары немесе олардың орнындағы адамдар) қамтамасыз етіледі.

Жеке тұлғалардың өтініштері мен прокурорлардың қадағалау тәртібімен келтірілген ұсыныстары қажеттілігіне қарай істі сұратып алу арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының арнайы Департаменті әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша сот актілерінің заңдылығын қадағалауда төменгі прокурорлардың қызметін басқару мен бақылауды қамтамасыз етеді. Қадағалаудың осы саласындағы жұмыстың тиімділігін арттыруға жағдай жасай отырып, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының басқа да құрылымдарымен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотымен, ғылым және білім мекемелерімен өзара бірлесіп әрекет етуді жүзеге асырады. Департамент қадағалауды ұйымдастырудың қазіргі таңдағы жетік әдістерін енгізу жөнінде, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот актілерінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыратын прокуратура органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттырып, оның ішінде шет мемлекеттердің оқу орындарында оқытып, сынақтан өткізу арқылы біліктілігін көтеру және оларға әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсету бойынша жұмыс жүргізеді. Департамент қолданыстағы заңды жетілдіруге ұсыныстар енгізу арқылы, Бас Прокурордың және оның орынбасарларының тапсырмасымен жұмысшы топтардың Парламент палаталарының комитеттері мен комиссияларының, Үкіметтің, өзге де орталық мемлекеттік органдардың құрамында, заңнамалық және өзге де нормативтік-

құқықтық актілердің жобалары бойынша қорытынды дайындалуға, оның ішінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын дайындауға қатысады. Департамент, облыс прокурорлары, Алматы, Астана қалаларының прокурорлары, ауданаралық, аудандық, қалалық және оларға теңестірілген әскери және өзге де арнайы мамандандырылған прокуратуралар заңдылық пен құқықтық тәртіптің жағдайын, қадағалау қызметінің нәтижелерін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарыққа шығарып, прокуратура органдарының бедел-бейнелік бағдарламасын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.



## **12-тарау. Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына прокурорлық қадағалау**

### **§1. Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын прокурорлық қадағалаудың маңызы мен мақсаты**

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес соттың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулылары, шешімдері мемлекеттік және мемлекеттік емес органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, заңды тұлғалардың, лауазымды адамдардың, азаматтардың бәріне бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға жатады.

Қылмыстық және азаматтық істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерінің орындалуы кезінде заңдылықтың сақталуының маңызы зор.

Іс жүзінде сот актілерін орындау кезінде заңсыздықта жол беру фактілері кездесіп жатады. Сондықтан атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына қадағалау жасау прокуратура органына заңмен жүктелген.

Бұл прокурорлық қадағалаудың пәні Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 43-бабымен айқындалған және соған сай прокурор:

1) сот тағайындаған жазалау мен мәжбүр ету сипатындағы өзге де шаралардың атқарылуы кезінде адамдардың бас бостандығынан айыру орындарында болуының заңдылығын;

2) аталған мекемелерде сотталған адамдарды ұстаудың заңда белгіленген тәртібі мен шарттарының сақталуын, олардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы;

3) бас бостандығынан айыруға қатыссыз жазаларды атқарудың заңдылығы;

4) азаматтық және өзге істер жөніндегі сот актілерін атқару заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады.

Атқарушылық іс жүргізу заңдылығына қадағалау жасау екі бөлімнен тұрады:

1) қылмыстық істер бойынша тағайындалған жазалардың орындалуы кезеңіндегі заңдылықтың сақталуына;

2) заңды күшіне енген соттың шешімдерінің орындалуы

кезеңіндегі заңдылықтың сақталуына прокурорлық қадағалау жасау.

Соттың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулылары Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару заңдары негізінде орындалады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару заңдары Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарынан, сондай-ақ жазаны және сотталғандарға қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын атқару мен өтеудің тәртібін және жағдайларын белгілейтін нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Қазақстан Республикасы қылмыстық атқару заңдарының мақсаттары әділеттілікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзеу, сотталғандардың да, өзге адамдардың да жаңа қылмыстар жасауының алдын алу болып табылады. Аталған мақсаттарға сәйкес қылмыстық атқару заңдарының міндеті жазаларды өтеудің тәртібі мен жағдайларын реттеу, сотталғандарды түзеу құралдарын анықтау, олардың құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін қорғау, оларға әлеуметтік бейімделуге көмек көрсету деп саналады. Іс жүзінде осы міндеттерді іске асырушы субъектілер тарапынан заңсыздыққа жол беріліп, сотталған адамдардың конституциялық құқықтарына елеулі зиян келеді. Сондықтан да жазаны атқару кезінде заңдардың дәлме-дәл, біркелкі қолданылуына, яғни заңдылықтың сақталуына қадағалау жасау мемлекеттік органдар ішінде тек прокуратура органына жүктелген.

Осы бағыттағы прокурорлық қадағалаудың объектілері болып:

1) Ішкі Істер Министрлігінің сот тағайындаған жазалау және мәжбүр ету сипатындағы өзге де шараларды атқарушы бас бостандығынан айыру орындары мен мекемелері (түзеу колониялары, тәрбиелеу колониялары, түрме, емдеу орындары, тергеу изоляторлары) ;

Түзеу мекемелерінде бас бостандығынан айыру және өлім жазасы жөніндегі жазалар іске асырылады (өлім жазасына маратрий жарияланған).

2) Ішкі Істер Министрлігінің қылмыстық-атқарушылық инспекциясы (бас бостандығын айыруға қатыссыз жазалардың орындалуын іске асыру);

- 3) тәртіптік әскери бөлімдер;
- 4) Денсаулық Министрлігінің психиатриялық стационары (мәжбүрлеп емдеуді іске асыру орны);
- 5) мамандандырылған арнайы мемлекеттік органдар (жасөспірімдерге арналған арнаулы тәрбиелеу немесе емдеу-тәрбиелеу мекемелері);
- 6) Ішкі Істер Министрлігінің сезіктілер мен айыпкерлерді уақытша қамауда ұстау изоляторлары.

Заңды күшіне енген соттың шешімдерінің орындалуы кезеңіндегі заңдылықтың сақталуына прокурорлық қадағалау жасаудың міндеттері азаматтардың, мемлекеттің және заңды тұлғалардың конституциялық және өзге де заңмен қорғалатын құқықтарын, бостандықтарын және мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, сот актілерінің міндеттілігі принципіні бұлжытпай сақтау, заңдылықты және құқықтық тәртіпті нығайту, құқық бұзушылықтың алдын алу болып табылады.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры заңмен көзделген осы өкілеттіктерді іске асыру, яғни прокуратура органдарының атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын пәрменді қадағалауды ұйымдастыру және жұмысын белсендіру мақсатында, өзінің бұйрықтарымен арнайы Нұсқаулықтарды бекітіп, оның орындалуын барлық прокурорларға міндеттеген.

Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалау атқарушылық іс жүргізу органдарының және олардың лауазымдық тұлғаларының, жеке сот орындашулыраның актілері мен әрекеттерін (әрекетсіздігін) тексеру және олар заңсыз болған жағдайда прокурорлық қадағалау актісін енгізу, соттардың атқарушылық іс жүргізу саласындағы азаматтық істерді қарауына қатысу, сот актілерінің заңдылығын тексеру және олар заңсыз болған жағдайда наразылық келтіру арқылы жүзеге асырылады.

## **§2. Қылмыстық істер бойынша тағайындалған жазалардың орындалуы кезеңіндегі заңдылықтың сақталуына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру**

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 44-бабына сай атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор өз құзыреті шегінде:

1) адам құқықтары туралы қамалғандар мен сотталғандарға мейірбандық тұрғыдан қарау жөнінде Конституцияның, заңдардың және Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының дәл және бірыңғай қолданылуын талап етуге;

2) азаматтың, мемлекеттің құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша, сондай-ақ прокурордың талабы мен өтініштері бойынша атқарушылық істер жүргізілуін талап етуге және тексеруге;

3) сот тағайындаған жазалау және мәжбүр ету сипатындағы өзге де шараларды атқарушы бас бостандығынан айыру орындары мен мекемелерінде тексеру мақсатымен кез келген уақытта болуға;

4) ұсталғандардан, қамалғандардан, сотталғандар мен мәжбүр ету сипатындағы шаралар қолданылған адамдардан жауап алуға;

5) осы адамдарды ұстауға, қамауға, жазасын өтеуге, сондай-ақ оларға мәжбүр ету сипатындағы шараларды қолдануға негіз болған құжаттарды талап етуге;

6) мәжбүр ету шараларын атқарушы бас бостандығынан айыру орындарында немесе мекемелерінде заңсыз отырған әрбір адамды өз қаулысымен дереу босатуға;

7) бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдарға заңды бұза отырып, қолданылған тәртіптік шаралардың күшін жоюға, оларды өз қаулысымен айыптық изоллятордан, камералық үлгідегі орындардан немесе карцерден қамаудан босатуға;

8) заңдарда белгіленген жағдайларда жазалауды атқарушы мекемелер әкімшілігінің актілерін санкциялауға хақылы.

Прокурорлар осы өкілеттіктерін Қазақстан Республикасы Конституциясына, Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, Қылмыстық атқару кодекстеріне, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және қылмыстық процесс барысында мамандандырылған мекемелерге орналастырылған және қылмыстық жазаны өтеуші адамдардың құқықтарының сақталуына прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік актілеріне сәйкес әзірленген Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының бұйрығымен бекітілген қылмыстық істер бойынша атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына прокурорлық

қадағалауды ұйымдастыру туралы Нұсқаулықты басшылыққа алып іске асырады.

Нұсқаулықта Бас Прокурордың орынбасары, Бас Прокуратураның ұсталған, қамауға алынған және қылмыстық жазаны өтеуші адамдардың құқықтарының сақталуын қадағалау жөніндегі Департамент бастығы, облыс прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, мамандандырылған прокурорлар, қала және аудан прокурорлары қадағалаудағы мекемелерде және Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігінің Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің органдарында, уақытша ұстау изоляторында, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тергеу изоляторында Заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарының және өзге де заңнамалық актілердің нақты және біркелкі қолданылуына жоғары қадағалауды қамтамасыз етіп, кез келген заң бұзушылықты анықтау және оны жоюға шаралар қабылдау керектігі көрсетілген.

Бас прокуратураның арнайы Департаменті төменгі тұрған прокурорлардың жұмыстарын үнемі талдап, ұйымдастыруына басшылық жасайды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігі мен оған бағынышты органдарының тергеу изоляторы мен түзеу мекемелеріндегі қамаудағыларды ұстау жөніндегі құқықтық-нормативтік актілерінің заңға сәйкестігін қадағалайды. Олардың заңға қайшы келетін актілерінің қолдануын дереу тоқтатып, наразылық келтіреді.

Облыстық прокурорларға, жазаның орындалуында заңдылықтың сақталуын қадағалайтын бөлімдерге (аға көмекші, көмекшілерге), арнайы прокурорларға, қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорларға қылмыстық жазаны орындауды, заңдылықтың дәлдік және біркелкі сақталуын қадағалауды, азаматтарды қамауға алу және қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарды ақтау жөніндегі заңдардың талаптары мүлтіксіз сақталуын қадағалауды қамтамасыз ету тапсырылған.

Олар азаматтарды алдын ала қамау орындарында ұстау және қамауда ұстаудың заңда белгіленген мерзімін сақтау жөніндегі заңдылықтың орындалуын қадағалап, айына бір реттен кем емес тергеу изоляторларын тексеруге, заңсыз қамауға алынған адамдарды қолма-қол босатуға, азаматтардың бұзылған құқықтарын

орнына келтіріп, оған кінәлі лауазымды қызметкерлерді жауапкершілікке тартуға құқылы.

Прокурорлар, кем дегенде, жылына екі рет барлық түзеу мекемелерінде заңдардың дұрыс орындалуына жалпы тексеру жүргізіп, сотталғандардың заң белгілеген құқықтары мен міндеттерін, еңбекке пайдалану, бас бостандықтарынан айыру жерлерінде ұстау заңдылығын қадағалау, сотталған жасөспірімдер мен әйелдерге байланысты тәртіп пен жазаны өтеп шығу туралы талаптарына баса көңіл аударып, сондай-ақ қылмыстық атқару жүйесін және бюджет есебін мақсатына қарай қолдану мәселелері мүлтіксіз орындалуына қадағалау жасауға міндетті.

Түзеу мекемелерінде ай сайын сотталғандарды жеке мәселелері бойынша қабылдау ұйымдастыру және айыпкерлер (тәртіп бұзғандар) қапасында ұстау, қапас бөлмесінен жеке қапасаға ауыстыру заңдылығы тексеріліп, заңның бұзылуын анықтап, оны шегеру үшін, сотталған адамдарды басынып, намысын қорлауды болдырмау үшін қажетті шаралар алу – прокурорлардың басты міндеттерінің бірі. Мұндай жағдайда заңда рұқсат етілген өкілеттіктің барлық түрі прокурорлық шара қолдану актісін енгізу арқылы жүзеге асырылады. Аталған мекемелерде сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес заңдылығын сақтау жөніндегі тексерістерге маңызды көңіл аударылуы тиіс.

Прокурор өз құзыреті шегінде заңдылықты, ұсталғандардың, тергеумен қамалғандардың және сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің көрінеу бұзылуына дереу мән беру мақсатында тәуліктің кез келген уақытында мамандандырылған және түзеу мекемелерін тексеруге құқылы. Тексерулерге мамандар қатыстыра алады.

Сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын және ауырғанына байланысты мерзімінен бұрын жазадан босату туралы заңның орындалуына тиісті қадағалау жүргізу, сондай-ақ заңда қарастырылған басқа негіздер бойынша, сотталғандарды түзеу мекемелерінен қоныстандыру колониясына және ұстау шарттарының бір түрінен екінші түріне ауыстыру кезінде, оларды негізсіз пайдалану немесе пайдаланудан бас тарту фактілері уақытында анықталып, заңды шешілуіне ықпал етудің маңызы зор.

Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры төменгі тұрған прокурорлардың назарын сотталған адамдарды жазадан босатуда заң белгілеген дайындау тәртібінің орындалуын тексеріп, түзеу мекемелерінің әкімшілігімен босағандарды жұмысқа орналастыру үшін уақытында және нақты шаралар қолданудың, ал жасы жеткен немесе мүгедек сотталғандарды босату кезінде, оларды мүгедектер және кәрілер үйіне орналастыруға шара қарастыруда жергілікті басқару органдары мен басқармалар, қоғамдық ұйымдар арасында өзара тиімді байланыстың қамтамасыз етілуіне аударады.

Бас әскери прокурор мен әскери прокурорлар тәртіпті түзеу батальондарында заңдардың орындалуын үнемі тексеруге, әскери қызметкерлерді уақытша қамау қапасында ұстау заңдылығын қадағалауға, заңның бұзылуы анықталса, оны жою үшін уақытында шара қолдануға міндетті.

Прокурорлар, сонымен қатар қолданып жүрген заң талаптарына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында осы мәселелерді (істерді) алға тартып, құқықтық насихаттау жұмыстарын жүргізіп, қылмыстың алдын алуға, заңдарды насихаттау мен азаматтарды заң талаптарын орындауға тәрбиелеуде өз үлестерін қосып отырады.

### **§3. Азаматтық және өзге істер жөніндегі сот шешімдерін атқару заңдылығына прокурорлық қадағалаудың маңызы мен мақсаты**

Сот шешімдерінің орындалуы – азаматтық іс жүргізудің соңғы, аяқталу сатысы. Атқару өндірісінде сот шешімдері іске асады, яғни орындалады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық іс іс жүргізу кодексінің 236-бабына сай, шешім, дереу орындалатын жағдайлардан басқа, ол заңды күшіне енгеннен кейін, заңмен белгіленген тәртіп бойынша орындалады.

Сот шешімдері заңды күшіне енгеннен кейін бірден орындала қоймайды, оған әртүрлі жағдайлар әсер етеді. Сондықтан ол істерді сотта қарауда заңдылықтың сақталуына қандай прокурорлық қадағалау болса, енді сот шешімдерінің іске асуына да сондай прокурорлық қадағалау қажет.

Бұл міндет прокурорға Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 43-бабының 4-бөлімімен жүктелген.

Азаматтық іс жүргізу жөніндегі заңдар, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы сот шешімдерінің орындалу тәртібін реттейді. Сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін атқару парағы жазылады, ол өндіріп алушыға беріледі не оның жазбаша өтініші бойынша сот оны аумағы бойынша атқарушылық іс жүргізудің тиісті органына орындау үшін жібереді. Ал соттың дереу орындалуға тиісті шешімі бойынша атқару парағы жазылып, шешім шығарылғаннан кейін дереу орындауға жіберіледі. Дерек орындауға жататын шешімдер Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексінің 237-бабында көрсетілген, олар: алимент алып беру туралы; қызметкерге жалақы, бірақ үш айдан аспайтын уақытқа алып беру туралы; жұмысқа қайта орналастыру туралы; мертігуден немесе денсаулықты өзгедей зақымдаудан, сондай-ақ асыраушысынан айырылуынан келген зиянды, бірақ үш айдан аспайтын уақытқа өтеу туралы шешімдер дереу орындалуға тиіс.

Сот шешімдерінің орындалу сатысындағы заңдылыққа прокурорлық қадағалау жасау – азаматтық істер бойынша сот шешімдерінің уақтылы әрі заңды орындалуына кепілдік беретін Қазақстан Республикасындағы азаматтық іс жүргізуге тән ерекшеліктердің бірі.

Азаматтық істер бойынша сот шешімдерінің заңдылығына прокурорлық қадағалауға қойылатын жалпы талаптар Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010 жылғы 28 желтоқсанындағы №88 бұйрығымен бекітілген “Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі” Нұсқаулығында көрсетілген.

Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыруда прокуратура органдары қызметінің басымды бағыттары:

1) атқарушылық іс жүргізу барысында денсаулық жағдайына немесе жасына байланысты дербес қорғай алмайтын жеке тұлғалардың және мемлекеттің конституциялық құқықтары мен мүдделерінің сақталуын қадағалау;

2) атқарушылық іс жүргізу органдарымен және олардың лауа-



зымды тұлғаларымен, жеке сот орындаушыларымен атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманы дәлме-дәл әрі біркелкі қолдануын қадағалау;

3) атқарушылық іс жүргізу органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының, жеке сот орындаушыларының актілері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы, атқарушылық іс жүргізу саласындағы басқа да істер, оның ішінде сотпен банкрот деп танылған ұйымдардың конкурстық өндірісі шеңберіндегі істер бойынша, сот актілерінің заңдылығын қадағалау.

Атқарушылық іс жүргізу органдары және олардың лауазымды тұлғалары актілерінің, әрекеттерінің (әрекетсіздігін) заңдылығын тексеру атқарушылық іс жүргізу өндірістерін зерттеу, тікелей атқарушылық іс жүргізу органында, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдарда тексеру жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Бас әскери прокурор, Бас көлік прокуроры және оларға бағынышты прокурорлар, табиғатты қорғау прокурорлары, осы прокурорлардың бастамасы бойынша қозғалған азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер, қылмыстық істердің мүлікгі өндіріп алу бөлігі жөніндегі соттармен жазылған құжаттары бойынша атқарушылық іс жүргізу органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының актілері мен әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) заңдылығын тексереді. Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалаудың қалған бөлігін аумақтық прокурорлар жүзеге асырады.

Қадағалау қызметі барысында мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының, жеке және заңды тұлғалардың тарапынан заң бұзушылықтарды анықтаған жағдайда прокурорлар заңды бұзуға әкелген себептер мен жағдайларды жоюға және кінәлі тұлғаларды заңда көзделген жауапкершілікке тарту туралы шаралар қолданады.

Прокурорлар келесі жағдайларда азаматтық процеске түседі және істер бойынша қорытынды береді:

- прокурордың арызы немесе прокурорлық қадағалаудың басқа да актісі бойынша шығарылған сот актісінің негізінде қозғалған атқарушылық іс жүргізу бойынша атқарушылық әрекеттерге дау айтылғанда;

- атқарушылық іс жүргізудің бір жағы денсаулық жағдайына немесе жасына байланысты өзінің құқықтары мен заңды мүддесін дербес қорғай алмайтын жеке тұлға немесе мемлекеттік мекеме болғанда;

- өндіріп алушымен немесе борышкермен, сонымен қатар, үшінші тұлғалармен және прокурормен атқарушылық іс жүргізу органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының актілері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айтылғанда.

Азаматтық іс жүргізудің барлық сатыларында аталмыш істерге қатысқан прокурорлар өздерінің ұстанымын қатаң заң талаптарына, істің материалдарына сәйкес анықтайды, оны, заңдылық, барлығының заң және сот алдында теңдігі принциптерін басшылыққа ала отырып, дәйекті қорғайды.

Қатысушы прокурор істің материалдарымен танысу нәтижелерін жоғары тұрған прокурорға немесе оның орынбасарларына алдын ала баяндайды, және соңғылар іс бойынша қорытындыны бекітеді.

Қадағалау қызметі барысында мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары, жеке және заңды тұлғалар тарапынан заң бұзушылықтар анықталған жағдайда, прокурор соттың алдында жеке ұйғарым шығару туралы өтініш жасайды, қосымша тексеру жүргізуге және кінәлі тұлғаларды заңда белгіленген жауапкершілікке тарту, заң бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мақсатында шаралар қабылдау үшін жазбаша түрде жоғары тұрған прокурорға хабарлайды.

Прокурорлар апелляциялық, кассациялық тәртіпте атқарушылық іс жүргізу немесе азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сот шешімін, қаулысын орындау және сотпен банкрот деп танылған ұйымдардың конкурстық өндірісі барысындағы шығарылған заңға сәйкес келмейтін сот актілеріне наразылық келтіреді.

Осындай істер бойынша апелляциялық наразылық Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің (ҚР АІЖК) 364-бабының бірінші бөлігінде белгіленген сот шешімін өзгертуге немесе күшін жоюға негіздер болған жағдайда ғана келтіріледі. Кассациялық наразылық келтіру үшін негіздер болып табылатын бірінші және апелляциялық сатыдағы соттардың материалдық

және іс жүргізу құқығының нормаларын бұзуы, дұрыс қолданбауы ҚР АІЖК-нің 365, 366-баптарында белгіленген.

Апелляциялық және кассациялық наразылықтар ҚР АІЖК-нің 335, 383-5-баптарының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Осындай істер бойынша апелляциялық немесе кассациялық наразылықтар соттармен негізсіз қанағаттандырусыз қалдырылған жағдайда, сонымен қатар істерді қарау кезінде соттар материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын едәуір бұзған жағдайда, төменгі тұрған прокурорлар жоғарғы тұрған прокурорларға ҚР АІЖК-ң 390-бабының талаптарына сай келетін жоғарғы тұрған сот сатысына наразылық келтіру және істі талап ету туралы ұсыныс енгізеді.

Прокурорлар жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау комитеті (САОК), оның жергілікті органдары лауазымды тұлғаларының, мемлекеттік және жеке сот орындаушыларының актілеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ атқарушылық іс жүргізу саласындағы сот актілеріне келтірілген өтініштерін сапалы және заңда белгіленген мерзімде қарайды және шешеді.

Өтініш атқарушылық іс жүргізуді, қажет болған жағдайда азаматтық, қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді талап етумен шешіледі. Прокурор атқарушылық іс жүргізуді зерттеу барысында сот орындаушысы атқарушылық әрекеттерінің, мемлекеттік бажды, атқарушылық санкцияны бюджетке өтеп алу шараларының заңдылығын, уақтылығын және толықтығын, борышкердің әрекетінде Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 524-бабында және 29-тарауының басқа да нормаларында белгіленген құқық бұзушылықтар белгілері көрінетін жағдайларда сот орындаушысының борышкерге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғауының, сот шешімін орындаудан қасақана жасырылатын тұлғаларға қатысты материалдарды, қылмыстық іс қозғау мәселесін шешу үшін қылмыстық қуғындау органдарына берудің заңдылығын, уақыттылығын және толықтығын тексереді.

Атқарушылық іс жүргізуді (істі) зерттеу нәтижесінде, оны зерттеген прокурор дәлелді қорытынды және арызданушыға

жауап дайындайды. Қорытындыны бекіту және жауапқа қол қою тәртібі Бас прокуратураның жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленеді.

Атқарушылық құжатының орындалу мерзімі аяқталмаған атқарушылық іс жүргізу бойынша өндіріп алушының немесе борышкердің құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделеріне едәуір зиян келтірілуі мүмкіндігіне әкеліп соғатын анық заң бұзушылықтары және атқарушылық әрекеттердің толық емес екендігі анықталғанда, мемлекеттік сот орындаушысына немесе сот орындаушыларының аумақтық бөлімінің жетекшісіне прокурор өз құзыретінің шеңберінде заң бұзушылықты жою туралы, ал қажет болған жағдайда, нақты атқарушылық әрекеттер жасау туралы ұйғарым енгізеді.

Мемлекеттік немесе жеке сот орындаушысы заңсыз қаулы шығарған жағдайда прокурор өз құзыретінің шеңберінде тиісінше сот орындаушыларының аумақтық бөлімінің жетекшісіне, жеке сот орындаушысына оны бұзу туралы талаппен наразылық келтіреді. Атқарушылық іс заңсыз тоқтатылған жағдайда наразылықта оны тез арада қайта жаңғыртып, атқарушылық құжатын орындауға шара қолдану туралы мәселе қойылады.

Заңды бір рет деректі немесе жүйелі түрде бұзылғандығы анықталған жағдайда прокурор өз құзыретінің шеңберінде облыс, Алматы, Астана қалаларының сот актілерін орындау департаментіне немесе сот орындаушылары аумақтық бөлімінің жетекшісіне, жеке сот орындаушылардың аумақтық алқасына тиісінше мемлекеттік немесе жеке сот орындаушысы жіберген заңдылық бұзушылықты жою туралы ұсыным енгізеді.

Мемлекеттік сот орындаушысының, атқарушылық іс жүргізу органының басқа да лауазымды тұлғасының немесе жеке сот орындаушысының тарапынан анық және дәрекі заң бұзушылық анықталған жағдайда прокурор өз құзыретінің шеңберінде кінәлі тұлғаны тәртіптік немесе заңда көзделген басқа да жауапкершілікке тартуға бағытталған шаралар қолданады.

Прокурорлық қадағалау актісінің орындалуы оны енгізген прокурордың бақылауында болады.

Прокурорлар мемлекеттің пайдасына, денсаулығына немесе

жасына байланысты өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін дербес қорғай алмайтын тұлғалардың пайдасына, прокурорлардың талап арыздары бойынша ақшалай және өзге де өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттары бойынша бөлек негіздемелермен республикалық меншікке айналған (түскен) мүлікті, сондай-ақ сот тәртібімен алынған тыйым салынған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және өткізу қызметін заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға уәкілетті органның, оның филиалдарының және басқа мамандандырылған ұйымдардың қызметінің заңдылығын тексереді.

Облыс, Алматы, Астана қалаларының прокурорлары кемінде бір рет облыс, Алматы, Астана қалаларының сот актілерін орындау департаментінің және олардың атқарушылық әрекеттерді жасауға уәкілеті бар лауазымдық тұлғаларының қызметінде атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың қолданылуын тексереді. Тексеру қорытындылары туралы ақпарат Бас прокуратураға Нұсқаулыққа көрсетілген мерзімде тапсырылады.

Аталған прокурорлар тоқсан сайын аумақта атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына прокурорлық қадағалаудың жай-күйін, сот төрелігін жүзеге асыру және атқару құжаттарын орындау кезіндегі заңдылықтың жай-күйін талдайды және оның қорытындысы туралы Бас прокуратураға жазбаша хабарлайды.

Облыс, Алматы, Астана қалаларының прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар жылдың қорытындылары бойынша мемлекеттің табысына ақшалай және басқа да өндіріп алулар туралы атқару құжаттарының, сонымен қатар, прокурорлардың талаптары бойынша шығарылған сот актілерінің орындалу барысындағы заңдылықтың жай-күйін жинақтап қорытындылайды және ол Бас прокуратураға тапсырылады.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының департаменті азаматтық, әкімшілік құқық бұзушылық істердің мүліктік өндірулер бөлігі бойынша атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды атқарушылық іс жүргізуге қатысушылардың өтініштерін, қадағалау тәртібімен наразылық келтіру туралы өтініштерді қарау, Комитеттің қызметін тексеру, атқарушылық іс жүргізудегі заңдылықтың жағдайын талдау арқылы жүзеге асырады.

Заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын Бас прокуратура тексереді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының әкімшілік және азаматтық істер бойынша қадағалау сот алқасының қарауына тағайындалған азаматтық істерді зерттеудің нәтижелері бойынша департаменттің прокурорлары, Бас Прокурордың жетекшілік ететін орынбасары бекітетін дәлелді қорытындылар жасайды. Қорытынды Нұсқаулықта көрсетілген талаптарға сәйкес жасалады.

Департамент Жоғарғы Сотпен атқарушылық іс жүргізуге байланысты прокурорлардың қатысуымен қаралған істер бойынша сот актілерінің, оларды қарау кезінде берілген қорытындылардың, сонымен қатар, жүргізілген тексерулердің, енгізілген және қаралған прокурорлық қадағалау актілерінің есебін жүргізеді.

Департамент Сот актілерін орындау комитетінің (САОК-н) атқару құжаттарын орындауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметін; бөлек негіздемелермен республикалық меншікке айналған (түскен) мүлікті, сонымен қатар, сот тәртібімен алынған тыйым салынған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және өткізу қызметін заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға уәкілетті органның және оның филиалдарының қызметін тексереді; мемлекет табысына ақшалай және басқа өндіріп алулар туралы атқару құжаттарының, сондай-ақ прокурорлардың талаптары бойынша шығарылған сот актілерінің орындалу барысындағы заңдылықтың жағдайын жинақтап қорытындылайды.

Департамент қолданыстағы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу, Бас Прокурордың және оның орынбасарларының тапсырмалары бойынша Парламент палаталары мен комитеттерінің, Үкіметтің, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік органдарының жұмыс топтары құрамына қатысу, заңнамалық және өзге де нормативтік-құқықтық актілердің жобаларына, соның ішінде Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының жобаларына қорытындылар дайындау арқылы норма шығармашылық қызметке қатысады.

Бас прокуратураның департаменті атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру жөнінде төмен тұрған прокуратуралардың қызметіне басшылық жасауды және бақылауды қамтамасыз етеді, қадағалаудың осы саласындағы жұмыстың тиімділігін көтеруге қолдау көрсетеді, Бас прокуратураның басқа да бөлімшелерімен, Жоғарғы Сотпен, Сот

актілерін орындау комитетімен, ғылыми және оқу мекемелерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Департамент қадағалаудың қазіргі заманғы әдістемелерін енгізу, атқарушылық іс жүргізу заңдылығына қадағалауды жүзеге асыратын прокуратура қызметкерлерінің біліктілігін көтеру мақсатында, оларды оқыту және тағылымалардан өткізу, оның ішінде шет мемлекеттердің оқу орындарында, әдістемелік және практикалық көмек көрсету жұмыстарын жүргізеді және барлық прокуратура органдарының осы саладағы қадағалау қызметінің қорытындыларын ақпарат құралдарында жариялау арқылы олардың бейнелік бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етеді.

## **13-тарау. Қылмыстық қудалау**

### **§1. Қылмыстық қудалау жөніндегі өкілеттік**

Прокуратура Конституцияға, Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңына сәйкес және қылмыстық іс-жүргізу заңдарымен белгіленген тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды іске асырады.

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 4-бабының мазмұнына сай, қылмыстық қудалау прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттарының бірі және ол қылмыстық іс жүргізу заңымен белгіленген тәртіп пен шекте жүзеге асырылады.

Осы Заңның 46-бабына сай қылмыстық қудалауды жүзеге асыра отырып, прокурор:

1) оқиға болған жерді қарауға қатысуға, сараптама тағайындауға, сондай-ақ қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін қажетті басқа да іс-әрекеттер жасауға хақылы;

2) қылмыстық іс қозғайды немесе қылмыстық іс қозғауға рұқсат беруден бас тартады;

3) анықтама немесе алдын ала тергеу жүргізу үшін тиісті органға прокуратура қозғаған қылмыстық істерді береді;

3-1) тергеу тобын басқарады, қылмыстық істі жүргізуге қабылдайды және алдын ала тексеру жүргізеді;

4) заңда көзделген жағдайларда жедел іздестіру қызметін, анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын лауазымды адамдардың жасайтын іс-әрекетіне санкция береді;

5) жекелеген тергеу әрекеттері бойынша іс жүргізуге қатысады;

6) қол сұғуға болмайтын құқыққа ие адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тартуға келісім алу үшін ұсыныс енгізеді;

7) істі сотқа жібереді.

Прокурор қылмыстық ізге түсу және қылмыстық процесті жүргізуші орган ретінде бұл өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (ҚР ҚІЖК) 185, 186, 189, 190-4, 192, 197, 198, 199, 281-284, 289 баптарының талаптарына сай жүзеге асырады және өкілеттігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады, тек заңға ғана бағынады.



Жалпы прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокурор анықталған қылмыстар туралы қылмыстық іс қозғап, қылмыстық іс материалдарын тиісті анықтама мен алдын ала тергеу органына жіберіп, тергеу барысын бақылауға алады. Мемлекетке, қоғамға елеулі қауіп төндіретін қылмыстық оқиғалар бойынша оқиға болған жерді қарауға, сараптама тағайындауға, сондай-ақ қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін қажетті басқа да іс-әрекеттер жасауға құқылы. Сонымен қатар қылмыстық ізге түсу мен қылмыстық істерді тергеу кезінде заңдылықты қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор анықтаушы мен тергеушінің қылмыстық іс қозғау туралы шешімін қуаттайды немесе қылмыстық іс қозғауға рұқсат беруден бас тартады; жекелеген тергеу іс-әрекеттері бойынша іс жүргізуге қатысады; заңдарда көзделген жағдайларда алдын ала тергеу жүргізетін лауазымды адамдардың іс-әрекетіне санкция береді (тұрғын үйді тексеру, тінту мен алу, почта-телеграф жөнелтімдерін тұтқындау, хабарды жол-жөнекей ұстау, яғни техникалық, оның ішінде компьютерлік байланыс арналары арқылы берілген хабарларды жолдан ұстау және компьютерлік жүйелерден тергеліп отырған іске қатысты ақпараттарды алу, бейне, аудиотехниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып сөйлесуді және сөздерді жасырын тыңдау мен жазу, т.б.)

30 тамыз 1995 жылы референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының 83-бабындағы прокуратура туралы негізгі ереже прокуратураның бірыңғай орталықтандырылған дербес жүйе екендігін жариялап, сонымен бірге, прокуратураның тергеу органдары алдын ала тергеу жүргізу міндеттерінен босатылды. Республикада алдымен жеке тергеу комитеті құрылды. Ол тарқатылып, тергеу басқа құқық қорғау органдарына жүктелді.

Республикада белең алған ахуал, сыбайлас жемқорлық, экономикалық және ұйымдасқан қылмыстардың уағында анықталып, ашылмауы, прокуратура органдарына қайтадан алдын ала тергеу құзыреттілігін беру қажеттілігі туындады.

2001 жылдың 16-наурызында ҚР ҚІЖК-ң 198-бабына толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, осы баптың 3-бөлігінде Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры ерекше жағдайларда

тергеудің толық және объективті еместігі фактілері анықталған, іс күрделі және маңызды болған кезде алдын ала тергеуді жүзеге асырушы бірнеше органның тергеушілері арасынан тергеу тобын құра алады, бұл орайда прокурорды осы топтың жетекшісі етіп тағайындап, бұл шешімді өз қаулысымен рәсімдеуге құқылы екендігі көрсетілген.

Мұндай тергеу тобы жүзеге асыратын тергеудің заңдылығын қадағалау Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына, не оның тапсырмасы бойынша орынбасарларына, сондай-ақ облыс прокурорларына жүктеледі.

Осы өзгерістер негізінде Бас Прокурордың 24.07.2001 жылғы №555 санды бұйрығымен арнайы прокурорлар басқармасы құрылды.

Басқарманың басты міндеті осы тергеу топтарына басшылық етіп, тергеудің жан-жақты, толық және объективті жүргізілуін қамтамасыз ету болып айқындалды.

23.04.2007 жылы Бас Прокурордың №14/6 бұйрығының негізінде облыстық прокуратураларда тергеу топтарына басшылық ететін прокурордың аға көмекшісі лауазымы енгізілді.

2009 жылдың шілде айында қолданыстағы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 197-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, аталған өзгерістерге сәйкес прокуратура органдарына ерекше жағдайларда тергеудің толық және объективті емес фактілері анықталған, іс күрделі және маңызды болған кезде, алдын ала тергеуді жүзеге асыруды прокуратура өз өндірісіне алуға құқылы екендігі бекітілді. Осыған орай, прокуратура органдарының тергеу жұмыстарын әрі қарай жетілдіру үшін облыстық прокуратураларда қосымша лауазымдар енгізілді.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылдың 15 сәуіріндегі №36 бұйрығымен бекітілген «Прокуратура органдарында алдын ала тергеуді ұйымдастыру жөніндегі» Ереже талаптарына сәйкес «арнайы прокурор» ұғымы пайда болды.

Арнайы прокурор - өз құзыреттілігі шегінде, тікелей немесе тергеу топтарына басшылық жасау арқылы, қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу жүргізуге уәкілетті лауазымды тұлға.

Қол сұғуға болмайтын құқыққа ие адамды қылмыстық жауапкершілікке тартуға келісім алу үшін ұсыныс енгізу жөніндегі

қылмыстық қудалауды прокурор Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің «Артықшылықтары мен қылмыстық ізге түсуден иммунитеттері бар адамдардың істері бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері» көрсетілген 53-тарауының талаптарына сай іске асырады.

Осы тараудың 496-бабы Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына қатысты алдын ала тергеу ісін жүргізу тәртібін реттейді. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатын өз өкілеттік мерзімі ішінде, қылмыс жасаған орнында қолға түсу немесе ауыр не аса ауыр қылмыстар жасау жағдайларын қоспағанда, Парламенттің тиісті Палатасының келісімінсіз қамауға алуға, мәжбүрлеп келтіруге, қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Депутатты қылмыстық жауапқа тартуға, қамауға алуға, мәжбүрлеп келтіруге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Парламенттің Сенатына немесе Мәжілісіне ұсыныс енгізеді. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына қатысты осы Кодекске сәйкес прокурор санкция беруге тиіс тергеу іс-әрекеттерін жүргізуге санкцияларды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры береді.

Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесінің Төрағасы мен мүшесі өз өкілеттіктерінің мерзімі ішінде қылмыс үстінде қолға түсу немесе ауыр не аса ауыр қылмыстар жасау жағдайларын қоспағанда Қазақстан Республикасы Парламентінің келісімінсіз қамауға алынбайды, мәжбүрлеп келтірілмейді, қылмыстық жауапқа тартылмайды. Оларды қылмыстық жауапқа тартуға, қамауға алуға, мәжбүрлеп келтіруге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсыныс енгізеді (497-бап).

Судьяға қатысты тергеу ісін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры ғана қарауы мүмкін, ол анықтау мен алдын ала тергеуді жүзеге асырушы органға тергеу жүргізуді тапсырады. Судья Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген келісімсіз не Конституцияның 55-бабының 3-тармақшасында көзделген жағдайда – қылмыс үстінде қолға түсу немесе ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасау жағдайларын қоспағанда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімінсіз

қамауға алынбайды, мәжбүрлеп келтірілмейді, қылмыстық жауапқа тартылмайды. Судьяны қылмыстық жауапқа тартуға, қамауға алуға, мәжбүрлеп келтіруге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Қазақстан Республикасының Президентіне, ал Конституцияның 55-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда – Қазақстан Республикасы Парламенті сенатына ұсыныс енгізеді (498-бап).

Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты қылмыстық істі оның бірінші орынбасары ғана қозғауы мүмкін. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған кезден бастап Бас Прокурордың бірінші орынбасарының ұсынысы бойынша тергеу аяқталғанға дейін өзінің қызметтерін атқарудан Қазақстан Республикасының Президенті шеттетеді. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорын қылмыстық жауапқа тартуға, қамауға алуға, мәжбүрлеп келтіруге келісім алу үшін Бас Прокурордың бірінші орынбасары Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына ұсыныс енгізеді. Бас Прокурордың бірінші орынбасары осы қылмыстық іс бойынша тергеу амалдарына санкция береді және айыптау қорытындысын бекітіп, істі сотқа жолдайды (499-бап).

Қылмыстың ізіне түсуден дипломатиялық иммунитеті бар адамдар Кодекстің 501-бабында көрсетілген, олар, негізінен дипломатиялық қызмет көрсетіп жүрген шет мемлекеттің азаматтары мен егер Қазақстан Республикасының азаматы болмаса олардың отбасының мүшелері. Сонымен қатар, мұндай иммунитетке ие Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өтуші шет мемлекеттердің үшінші бір елдегі дипломатиялық өкілдіктерінің басшылары, өкілдіктердің дипломатиялық қызметкерлері және аталған адамдардың қасына еріп жүретін немесе оларға қосылу немесе өзінің еліне оралу үшін келе жатқан олардың отбасыларының мүшелері және Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес өзге де адамдар. Осы баптың 1,4-7 тармақтарында аталған адамдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес өзге де адамдар қылмыстық ізіне түсушілікке шет мемлекет қылмыстық ізіне түсушілік иммунитетінен үзілді-кесілді бас тарту мәселе Бас Прокурордың ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрлігі арқылы дипломатиялық жолмен шешіледі.

Дипломатиялық иммунитеті бар адамдардың үй-жайларына кіруге, оларға тінту жүргізуге, сұрыптау алуға, құжаттарды қарауға және сұрыптау алуға дипломатиялық өкілдіктер мен консулдықтар басшыларының келісімін Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрлігі арқылы прокурор сұратады. Аталған жағдайларда тінту, сұрыптау алу, қарау прокурордың және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

## **§ 2. Қылмыстық істі сотқа жіберу**

Айыптау қорытындысымен сотқа жіберу үшін тергеу органдарынан келіп түскен қылмыстық іс бойынша прокурор іс материалдарымен толық танысып, зерделеп, мына мән-жайларды анықтауы қажет:

1) айыпталушыға танылып отырған әрекеттің жасалғанын және бұл әрекетте қылмыстың құрамының бар-жоғын;

2) істе оны тоқтатуға әкелетін мән-жайлардың бар-жоғын;

3) тағылған айыптың негізді-негізсіз екенін, оның істе бар дәлелдемелермен расталғанын;

4) айыпталушыға іс бойынша барлық анықталған және дәлелденген қылмыстық әрекеттері бойынша айып тағылғанын;

5) қылмыс жасалғаны туралы іс бойынша дәлелдер табылған барлық адамның айыпталушылар ретінде жауапқа тартылғанын, тартылмағанын;

6) айыпталушының әрекетінің дұрыс сараланған, сараланбағанын;

7) бұлтартпай шарасының дұрыс таңдалғанын, таңдалмағанын және оны өзгертуге не алып тастауға негіздердің бар-жоғын;

8) азаматтық талапты қамтамасыз ету және мүлікті ықтимал тәркілеу шараларының қабылданған-қабылданбағанын;

9) айыптау қорытындысының ҚР ҚІЖК-ң талаптарына сәйкес жасалғанын-жасалмағанын;

10) алдын ала тергеу жүргізуде қылмыстық іс жүргізу заңын елеулі бұзушылыққа жол берілген-берілмегенін.

Аса ауыр қылмыстар бойынша айыпталушыға өзіне қатысты қылмыстық істі алқабилердің қатысуымен қарау жөнінде өтініш беруге құқылы екендігі, іс материалдарымен танысқан кезде түсіндірілгендігіне прокурор назар аударуы міндетті. Осы мән-жайларды анықтап болғаннан кейін прокурор ҚР ҚДЖК-ң 282-бабымен реттелген мынандай өкілеттіктерінің бірін жүзеге асырады:

1) өзінің қарарымен айыптау қорытындысымен келісетінін білдіреді және айыпталушыны сотқа береді;

2) өзінің қаулысымен айыптаудың жекелеген тармақтарын жоққа шығарады не айыпталушының әрекетін жеңілдірек қылмыс туралы заңды қолдана отырып, қайта сараптайды;

3) қылмыстық істі толық көлемінде немесе жекелеген айыпталушыларға қатысты тоқтатады;

4) қосымша тергеу жүргізу немесе айыптау қорытындысын қайта жасау үшін жазбаша нұсқауларымен бірге істі тергеушіге қайтарады;

5) жаңа айыптау қорытындысын жасайды;

6) қорғау куәларының тізімін қоспағанда, сотқа шақырылуға тиісті адамдардың тізімін толықтырады немесе қысқартады.

Айыптау қорытындысымен келіп түскен іс бойынша прокурор дәлелді қаулысымен айыпталушыға бұрын таңдап алынған бұлтартпау шарасының күшін жоюға немесе оны өзгертуге не егер ондай бұлтартпау шарасы қолданылған болса, қамауға алудан немесе үйде қамауда ұстаудан басқа, бұлтартпау шарасын таңдауға құқылы. Егер прокурор қамауға алу немесе үйде қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын жою, өзгерту не таңдап алу қажет деп санаған жағдайда ол тиісінше Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 149,150,154 баптарын басшылыққа алуға тиіс, яғни сот алдына санкция беру туралы өтініш қояды.

Іс бойынша тергеу заң талаптарына сай жүргізіліп, айыпталушыны сотқа беруге толық негіз болған жағдайда прокурор айыптау қорытындысын бекітіп, айыпталушыны сотқа беру туралы қаулы шығарады және істі дереу қарайтын сотқа жібереді. Істің сотқа жіберілгені туралы айыпталушы, қорғаушы, жәбірленуші және оның өкілдері, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері хабарландырылады.

Прокурор айыпталушыға айыптау қорытындысының көшірмесі және оған қосымшалардың табыс етілуін қамтамасыз етеді.

Айыпталушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болған және прокуратура органдарына келуден жалтарған жағдайларда, прокурор айыптаушыға айыптау қорытындысының көшірмесін тапсырмай-ақ қылмыстық істі сотқа жібереді. Егер айыпталушының тұрып жатқан жері белгілі болса, айыптау қорытындысының көшірмесі оған почта арқылы жіберіледі. Қажет болған жағдайда прокурор бұқаралық ақпарат құралдарында, жалпы жұрттың қолы жететін телекоммуникация желілерінде айыптаушыны сотқа беру және қылмыстық істі сотқа жіберу туралы хабарлама жариялауды ұйымдастырады.

Айыптау қорытындысының көшірмесі қорғаушыға, жәбірленушіге және оның өкіліне де табыс етіледі. Айыптау қорытындысы жасалған тілді білмейтін айыптаушы мен жәбірленушіге көшірме олардың білетін тіліне аударылып табыс етіледі. Іс сотқа кеткеннен кейін келіп түскен өтініштер мен шағымдар сотқа жолданады.

Алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер бойынша анықтау жүргізу кезеңінде заңдардың атқарылуына қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексімен белгіленген өкілеттіктерге ие болады, бұдан басқа ол осы Кодекстің 289-бабын басшылыққа алып:

- 1) айыпталушыны сотқа беруге және қылмыстық істі сотқа жіберуге;
- 2) анықтау жүргізілетін қылмыстық істі алдын ала тергеу жүргізуге жіберуге;
- 3) анықтау органының бастығы бекіткен айыптау хаттамасының күшін жоюға және осы Кодексте көзделген негіздер бойынша анықтауды қысқартуға құқылы.

## **14-тарау. Қазақстан прокуратурасының халықаралық құқықтық ынтымақтастығы**

### **§1. Халықаралық құқықтық ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде заңдардың қолдануын прокурорлық қадағалаудың маңызы мен міндеттері**

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 4-бабында көрсетілген республика прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттарының бірі – халықаралық құқықтық ынтымақтастық саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асыру.

Осы Заңның 12-бабының 8-тармағына сай Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы халықаралық ынтымақтастық саласында прокуратура органдарының атынан өкілдік етеді.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін басқа мемлекеттермен қарым-қатынас орната бастады. Экономикалық қарым-қатынаспен бірге қылмыспен күрес, барлық азаматтардың құқықтарын қорғау, халықаралық заңдарды қолдану мәселесі туды. Аз уақыттың ішінде Қазақстанды басқа шетелдер танып, жүзден астам ел дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Қазақстан Тәуелсіз Елдер Достығы (ТМД) елдері арасында алғашқылардың бірі болып Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) мүшелікке қабылданды. Республикада халықаралық құқықтық база жинақталды. Олардың ішінде БҰҰ қол қойған есірткі заттарын таратумен, терроризммен, әуе жолдарын қоршап алумен күрес туралы халықаралық Конвенцияның орны бөлек. Азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған халықаралық Конвенцияны қабылдауы Қазақстанның демократиялық мемлекет құру жолында екендігінің дәлелі.

ТМД елдерінің Парламентаралық Ассамблеясында қылмыстық, қылмыстық істер жүргізу, қылмыстық-атқару Кодекстерінің моделін қабылдау, бұл елдермен құқық жүйесіндегі жақындасудың белгісі. Осы елдердің Бас прокурорларының Үйлестіру Кеңесі де осы мақсатты көздейді (желтоқсан, 1995 жыл). Мемлекеттер арасындағы экономикалық, әлеуметтік, құқықтық проблемалар-



ды шешуді оңайлату, ынтымақтастықты арттыру, азаматтардың құқықтарын қорғау - басты мақсат.

Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінің 55- тарауында көрсетілген азаматтардың құқықтарын шектейтін экстрадиция, қылмыстық қудалау, тергеу органдарының тапсырмаларын орындауға байланысты санкция беру тек прокуратура құзыретіне берілген.

Қазақстан Республикасы прокуратурасы Халықаралық прокурорлар Ассамблеясының толыққанды мүшесі болып қабылданып, Пекин, Кейптаун қалаларында өткен конференция жұмыстарына қатысты.

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңы 12.29.2010 жылы №374-IV Заңымен 10-1-тарауымен толықтырылып, Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының шет мемлекеттердің құзыретті мекемелерімен өзара іс-қимыл жасау тәртібі заңымен реттелді.

Республиканың Бас Прокуроры және (немесе) ол уәкілеттік берген прокурорлар құқықтық көмек көрсету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың, Қазақстан Республикасы Конституциясының және заңдарының қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады.

Халықаралық шарттарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде және тәртіппен Республиканың Бас Прокуроры немесе ол уәкілеттік берген прокурорлар мемлекет атынан: адамдарды ұстап беру туралы; қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы; бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды жазасын одан әрі өтеу үшін ауыстыру туралы; қылмыстық істер бойынша іс жүргізу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмалар мен өтініштерді жіберу және орындау туралы шешім қабылдайды.

Халықаралық-құқықтық ынтымақтастық саласын қадағалаудың басты мақсаты:

1) мемлекеттік органдар халықаралық шарттарды жасау, орындау және денонсациялау процесінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін сақтауды;

2) Қазақстан Республикасының аумағында шетел азамат-

тары мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтарын және бостандықтарын қамтамасыз етуді;

3) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары мен лауазымды тұлғаларының халықаралық шарттарды жасауының, орындауының және денонсациялауының заңдылығын;

4) Қылмыстық істер, қылмыс жасаған адамды ұстап беру, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру, жазасын өзі азаматы болып табылатын мемлекетте өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамды беру бойынша құқықтық көмек көрсету, сондай-ақ халықаралық-құқықтық сипаттағы өзге де құжаттарды қарау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін орындауды;

5) Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен, халықаралық ұйымдармен және қауымдастықтармен халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрығымен бекітілген халықаралық ынтымақтастық саласындағы қадағалауды ұйымдастыруды және жүзеге асыруды регламенттейтін Нұсқаулықта қадағалаудың негізгі бағыттары белгіленген, олар:

1) қылмыстық істер, экстрадициялау және транзиттік тасымалдау бойынша құқықтық көмек көрсету;

2) бас бостандығынан айыруға сотталған адамды өзі азаматы болып табылатын мемлекетке табыс ету;

3) қылмыстық-құқықтық саладағы халықаралық келісімдерді әзірлеу;

4) мемлекеттік органдардың халықаралық шарттарды жасауының, орындауының және денонсациялауының заңдылығын қадағалау;

5) прокуратура органдарының жұмысын шетелдік және халықаралық ұйымдармен үйлестіру;

6) прокуратура органдарының құзыретіне кіретін халықаралық сипаттағы өзге де мәселелер болып табылады.

Осы Нұсқаулықта пайдаланылған экстрадициялау, транзиттік тасымалдау, денонсациялау терминдерінің ұғымдары:

1) экстрадиция – қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе үкімді орындау үшін адамды бір мемлекеттен екінші мемлекетке беру;

2) транзиттік тасымалдау – бір шет мемлекеттің екінші шет мемлекетке беретін адамын Қазақстан Республикасының аумағы бойынша алып өту;

3) денонсациялау – шартты бекерлеу, бекерге шығару немесе шартты бұзғандығы туралы, оның күші жойылғандығы туралы алдын ала білдіру.

Халықаралық шарттардың қолданылуын қадағалау мәселелері бойынша тексеруді жүзеге асыратын субъектілер:

1) Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және халықаралық ынтымақтастықтың жүзеге асырылуын қадағалауға жетекшілік ететін оның орынбасары не олардың міндеттерін атқарушы тұлғалар;

2) Облыс прокурорлары және олардың орынбасарлары, аудан прокурорлары не олардың міндеттерін атқарушы тұлғалар.

2011 жылдың қазан айының 4-6 күндері Астана қаласында «Қылмыстық-құқықтық саладан тыс заңдылықты қамтамасыз етудегі прокуратураның орны» атты тақырыпта Орталық, Шығыс Еуропа және Орта Азия елдері үшін Прокурорлардың халықаралық қауымдастығының 6-шы өңірлік конференциясы өтті. Конференция жұмысына әлемнің 45 елінің бас прокуратураларының делегациялары, сондай-ақ БҰҰ, ЕҚЫҰ, Еуропа заңгерлері және басқа да беделді халықаралық ұйымның өкілдері бас қосты.

Қазақстан 1995 жылдан бастап мүшесі болып келген Прокурорлардың халықаралық қауымдастығы әлемнің 140 елінің прокурорларын біріктіреді. Прокурорлардың халықаралық қауымдастығына мүше елдердің алдында прокуратураның құқық қорғау әлеуетін дамыту және нығайту міндеті тұр. Қауымдастық заңның үстемдігі, адам құқығын құрметтеу, құқықтық реформаларды жүзеге асыру, трансұлттық қылмысқа қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықты арттыру идеяларын белсенді түрде насихаттайды.

Астанада бас қосқан әлем прокурорларының алқалы жиынының қылмыстық-құқықтық саладан тыс заңдылықты қамтамасыз етудегі прокурордың орны, ең алдымен, қоғамдық-саяси құрылымына қарамастан әр елдегі маңызды адам құқығы мен қоғам мүддесін қорғау қажеттілігімен айқындалуы басты тақырыбы болды.

Осы конференция шеңберінде азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын, кәсіпкерлікті, балалардың құқығын қорғаудағы прокуратураның орны, сонымен қатар, көпшіліктің мүддесіне, қоғамдық қауіпсіздік, дін бостандығы, ұлттаралық келісім, адам саудасы құрбандарының құқықтарын қорғаудағы қадағалаушы органдардың қызметі талқыланды.

Конференция қатысушылары әлемдегі тұрақтылық пен өркендеуді сақтау үшін өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге бағытталған ұжымдық күштерін бағыттауға дайындықтарын растайтын ортақ құжат қабылдады.

Халықаралық қатынастар арқылы прокуратура қызметкерлерінің білімін, біліктілігін арттыруға байланысты да көптеген жұмыстар атқарылуда (конференция, оқуға жіберу, жұмыс сапарымен тәжірибе алмасу, т.б.).

## **§2. Прокуратураның қылмыспен күрес саласында халықаралық ынтымақтастығы және өкілеттігі**

Кеңес Одағы ыдырап, оның құрамындағы елдердің өз тәуелсіздігін алып, жеке мемлекет болып қалыптасуы, қоғамның демократияландырылуы Қазақстан Республикасының халықаралық қатынасын елеулі ұлғайтып, елден кету мен елге келу мәселесі жеңілденді. Бірақ осы жақсы жағдайды кейбір қылмыс жасаған адамдар қылмыстық жауапкершіліктен құтылып кету жолында тиімді пайдаланды. Сондықтан әртүрлі мемлекеттердің құқық қорғау органдарының кінәлі адамдарды әшкерелеу жолында күштерін біріктіру қажеттігі туындады. Қоғамның, соған байланысты адамдардың психологиялық көзқарастарының өзгеруі, шекаралардың жақсы күзетілмеуінен халықаралық деңгейдегі топтасқан қылмыстар өсіп, олармен күрес мәселелерінде қиыншылықтар пайда болды.

1992 жылы Қазақстанның бастауымен Алматыда ТМД және Балтика елдерінің Бас прокурорларының алғашқы кездесуі өтті.

Осы кездесудің нәтижесінде 08.10.1992 жылы Алматыда Белорусь, Қырғызстан, Ресей, Қазақстанның Бас прокурорлары құқықтық көмек көрсету және прокуратура органдарының өзара ынтымақтастығы жөнінде көпжақты келісімшарт қабылда-

ды. Келесі күні, яғни 09.10.1992 жылы Латвия, Литва Молдова Республикаларының Бас Прокурорлары мен Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры құқықтық көмек көрсету және өзара ынтымақтастық туралы екіжақты келісімшарттар қабылдады.

1993 жылы Ынтымақтастық елдерінің басшылары өзара құқықтық көмек көрсету және азаматтық, некелік, қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастарды реттеу туралы Минскіде Конвенция қабылдап, осының негізінде ұйымдасқан және басқа да қауіпті қылмыстармен күресуде күштерді біріктіру туралы Бағдарлама бекітілді. Осы кезеңде сонымен қатар, ТМД елдерінің қылмыспен күресетін арнайы органдарының қызметін реттейтін құқықтық актілердің заман талабына сай қабылданып, бір-бірімен ақпарат алмасуын жетілдіру, қылмыспен күресте нақты қимылдарын анықтау сияқты маңызды жұмыстар да атқарылды.

1996 жылдың мамырында ынтымақтастық елдердің басшыларының Кеңесінің шешімі бойынша ТМД елдерінің аумағында 2000 жылға дейін ұйымдасқан қылмыс және басқа да қауіпті қылмыстармен күреске бағытталған біріккен шаралар жөнінде жаңа Халықаралық бағдарлама бекітілді. Осы бағдарламаға сай терроризм, тапсырыспен кісі өлтіру, есірткі заттарымен заңсыз айналысу, қылмыстық жолмен келген табыстарды заңдастыру, заңсыз қару-жарақ тасу, мәдени мұраларды ұрлау, сату сияқты қауіпті қылмыстармен күрес өз нәтижелерін берді.

2000 жылдың 25 қаңтарында ынтымақтастық елдердің басшыларының Кеңесі 2000-2003 жылдарға арналған осы бағыттағы жаңа Халықаралық бағдарламаны бекітіп, осы құжат негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі оны іске асыруға бағытталған ұлттық жоспарын жасап, оны іске асырды.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы мемлекет қабылдаған халықаралық шарттарды жүзеге асыру мақсатында сол елдердің прокурорларымен көпжақты және екіжақты шарттар жасасып, қылмыспен күресте күшті біріктіре отырып, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға, мемлекеттің мүддесін қорғауға бағытталған елеулі жұмыстар атқаруда.

Прокуратура органдары арасындағы ынтымақтастық туралы шарттар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы мен Қытай

Халық Республикасы (10.04.1994 ж), Корея Республикасының Жоғарғы прокуратурасымен (10.01.2004 ж), Словакия Республикасы Бас прокуратурасы арасында (27.10.2007 ж) түзілген. Сол сияқты өзара ынтымақтастық туралы Чехия Республикасының Жоғарғы мемлекеттік прокуратурасы (26.10.2009 ж), Америка Құрама Штаттарының Әділет Министрлігінің Федералдық тергеу бюросы және Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы арасында меморандум (халықаралық қатынаста қол қойылып, талқылауға жататын мәселелерді баяндаған хат) қабылданған.

Ұйымдасқан қылмыспен күрес және қылмыстық жолмен тапқан кірістерді жасыру жөніндегі мәселелер бойынша өзара ынтымақтастық Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы мен Италия Республикасының Ұлттық Мафияға қарсы прокуратурасы арасында меморандумға 2003 жылы Рим қаласында қол қойылған.

Қазақстан халықаралық Конвенцияларға қосыла отырып, өзіне біраз маңызды міндеттерді алды. Мысалы, 1963 жылғы Вена Конвенциясының талабына сай шетел азаматтары қылмыс жасағаны үшін ұсталып, қамауға алынатын жағдайда Республика сол елдің дипломатиялық өкілдеріне хабарлауға кепілдік берді.

Қазақстан Республикасы Конституциясына сай шетелдің азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Республика азаматтарымен тең бостандық пен құқыққа ие бола отырып, заңда көрсетілген міндеттерді де орындауға тиіс.

Шетел азаматтары барлық құқық бұзушылық, қылмыс үшін жауапты. Кейбір шетел азаматтары өзінің қызметтік жағдайын байланысты иммунитетке ие. Олар жөнінде Минск Конвенциясында көрсетіліп, олардың жауапкершілігін шешу Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінің 501, 502-баптарында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 692, 693-баптарында көрсетілген.

Халықаралық шарттарда қылмыстық қудалау түсінігі берілмеген. Бұл түсінік Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 7-бабында көрсетілген.

Қылмыстық қудалау прокурор, анықтаушы, тергеуші және сот арқылы жүзеге асады және Республиканың Бас Прокуроры арқылы жүзеге асатын мемлекеттің құқығы болып табылады.

Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың шет мемлекеттердің қылмыстық істер бойынша құзыретті мекемелерімен және лауазымды адамдарымен өзара іс-қимылының тәртібі туралы негізгі ережелер Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 55-тарауында көрсетілген.

Республиканың Бас Прокуроры және ол уәкілеттік берген прокурорлар халықаралық құқықтық ынтымақтастық шеңберінде Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңның 47-2 бабымен реттелген өкілеттіктерді жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының жобаларын, сондай-ақ қолданыстағы шарттарды өзгерту және толықтыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге қатысады. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шет мемлекеттердің прокуратура органдарымен құқықтық көмек, ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы шарттар жасап, оларға қол қояды. Прокуратура органдарының құзыреті шегінде басқа мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың тиісті мекемелерімен ынтымақтастықты жүзеге асырады және прокурорлардың халықаралық ұйымдарының қызметіне қатысады. Ынтымақтастық жасаушы мемлекеттердің аумағында қылмысқа қарсы күрес жөніндегі бірлескен шаралардың мемлекетаралық бағдарламаларының жобаларын әзірлеуге және оларды орындауға қатысады. Шет мемлекеттердің құзыретті мекемелерінің өтініші бойынша Қазақстан Республикасының басқа да құқық қорғау органдарының қатысуымен ұстап беру, қылмыстық қудалау, тергеу әрекеттерін жүргізу, сотталғандарды ауыстыру, қылмыстың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге, қылмыскерлерді іздестіруге, жазаны орындауға бағытталған өзге де іс-қимылдарды орындау мәселелері бойынша құқықтық көмек көрсетеді. Қазақстан Республикасы заңнамасында көрсетілген тәртіппен шет мемлекеттердің құзыретті мекемелеріне Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының ұстап беру, қылмыстық қудалау, тергеу әрекеттерін жүргізу, сотталғандарды ауыстыру мәселелері бойынша құқықтық көмек көрсету, қылмыстың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге, қылмыскерлерді іздестіруге, жазаны орындауға бағытталған өзге де іс-қимылдарды орындау жөніндегі тапсырмаларын, өті-

німдерін, өтініштерін жібереді. Қазақстан Республикасының мүдделерін қозғайтын қылмыстық істерді қарау кезінде шет мемлекеттердің соттарында және халықаралық соттарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді.

Прокуратура органдары халықаралық шарттарда, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қылмыстық қудалау органдарының тергеу және өзге де іс жүргізушілік әрекеттер жүргізу туралы тапсырмалары Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы арқылы немесе егер халықаралық шарттармен өзгеше көзделмесе уәкілетті облыстық прокуратуралар арқылы шет мемлекеттердің құзыретті мекемелеріне жолданады. Тапсырма облыс прокурорының не оның міндетін атқарушы тұлғаның шет мемлекеттің құзыретті органына оны жолдағаны туралы өтінішімен Бас прокуратураға ұсынылады. Қазақстан Республикасы құзыретті органдарының тапсырмаларын Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасары, Департамент бастығы, оның орынбасары, облыстардың уәкілетті прокурорлары не олардың міндетін атқарушы тұлғалар шет мемлекеттерге жолдайды, ол туралы бастамашыға ақпарат береді. Шет мемлекеттерге жолдануға жататын, Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамаларының талаптарына жауап бермейтін тапсырмалар себептері көрсетіле отырып, кері қайтарылады.

Шет мемлекеттің құзыретті мекемесінің Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына келіп түскен тапсырмаларын оны орындауға кедергі келтіретін себептер болмаған кезде, Департамент бастығы орындауды ұйымдастыру үшін облыстық прокуратураға немесе шет мемлекеттің құзыретті мекемесіне хабарлай отырып, құзыретіне сауалды орындау кіретін орталық аппаратқа жолдайды. Облыстық прокуратураларға халықаралық шарттарға сәйкес келіп түскен тапсырмаларды облыс прокурорлары тиісті қадағалау органына жолдайды, ол туралы шет мемлекеттің құзыретті мекемесіне ақпарат береді. Егер шет мемлекеттің құзыретті мекемесінің тапсырмасын орындау Қазақстан Республикасының егемендігіне немесе қауіпсіздігіне зиян келтіруі не халықаралық шарттар бойынша Қазақстан Рес-



публикасының заңнамаларына және оның міндеттемелеріне қайшы келуі мүмкін, сондай-ақ ол халықаралық шарттар мен ұлттық заңнамаларда белгіленген тәртіпті бұза отырып, келіп түсетін болса, онда тапсырманы орындаудан бас тартады және орындалмау себептері көрсетіліп шет елдің құзыретті мекемесіне кері қайтарылады.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы Қазақстан Республикасы азаматтарын шетел аумағында жасаған қылмысы үшін шетелдік әріптестер іздеу салған, сол мемлекеттер тапсырмасы жүзеге асырылатын қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалайды. Сонымен қатар, бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың жазаны өз елінде өтеуіне және есі дұрыс еместігіне байланысты мәжбүрлеу түрінде емдеу тағайындалған адамдарды өз елінің мемлекетіне беру жөніндегі халықаралық шарттардың орындалуына прокурорлық қадағалау жасайды.

Жазасын өзі азаматы болып табылатын мемлекетте өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамды берудің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен және Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінің 56-тарауымен айқындалады.

Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын бас бостандығынан айыруға сотталған адам, оның заңды өкілі немесе жақын туысы, адвокаты **сотталғанды жазасын одан әрі өтеу үшін шет мемлекетке беру туралы** өтінішпен облыстық прокуратураға жүгінген не осы мәселе бойынша Бас прокуратураның Департаментінің сауалы келіп түскен кезде облыстық прокуратура бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына халықаралық шарттармен және ұлттық заңнамалармен көзделген сотталғандарға қатысты қолтаңбамен расталған және құзырлы органның елтаңбалық мөрімен бекітілген керекті құжаттардан жасақталған материалды ұсынады. Осындай өтініш пен оған қажетті құжаттар сотталғанның жазасын өтеу орны мекемесі арқылы облыстық прокуратураға түскен кезде, облыстық прокуратура олардың халықаралық шарттар мен ұлттық заңнамаларға сәйкестігін зерделейді. Зерделеу нәтижелері бойынша тиісті өтініші бар материалдарды Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы-

на жолдау туралы не өтінішті қанағаттандырудан бас тарту немесе анықталған кемшіліктерді жою үшін оларды бастамашыға қайтару туралы шешім қабылдайды. Бас прокуратураның Департаменті келіп түскен материалдарды зерделеп, өзі азаматы болып табылатын Қазақстан Республикасы аумағында жазасын өтеп жүрген адамды беру мәселесін қарау туралы өтінішпен бірге шет мемлекеттің құзыретті органына жолдайды, егер адамның азаматтығы жоқ болса, онда өтініш оның тұрақты тұратын мемлекетіне жолданады. Шет мемлекеттен қазақстандық соттың үкімін оны қайта қарамастан орындау кепілі келіп түскен соң Департамент Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі комитетіне бір ай мерзімде сотталған адамды сұрау салынған тараптың аумағына беруді жүзеге асыруды тапсырады.

Департамент бас бостандығынан айыруға сотталған Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын немесе Қазақстанның аумағында тұрақты тұратын, азаматтығы жоқ адамнан, оның заңды өкілінен немесе жақын туысынан сотталған жазасын одан әрі өтеу үшін Қазақстан Республикасының аумағына беру мәселесі бойынша өтініші келіп түскен кезде бір ай мерзімде шет мемлекеттің құзыретті органына тиісті құжаттарды халықаралық шартта көрсетілген тәртіппен рәсімдеп, ұсыну туралы сауал жолдайды. Ол құжаттар түскен жағдайда Департамент Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының қол белгісімен шет мемлекеттің үкімін Қазақстан Республикасы аумағында орындау туралы адамның тұрғылықты жері бойынша облыстық немесе оған теңестірілген сотқа ұсыныс жолдайды. Шет мемлекеттің үкімін орындау туралы сот қаулысы және басқа да сұратылған құжаттар кепіл ретінде адамды жазасын одан әрі өтеу үшін Қазақстан Республикасына беру мәселесін қарау үшін үкім шығарған елдің құзыретті органына жолданады. Шет мемлекеттің құзыретті органы адамды Қазақстан Республикасының аумағына беру мәселесін оң қараған жағдайда Департамент Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне бір ай мерзім ішінде сұратылған адамды қабылдап алуды жүзеге асыру туралы тапсырма береді.

Аудандық прокуратура, облыстық прокуратура қылмыстық

жауапкершілікке тарту немесе сот үкімін орындау үшін шет мемлекеттің құзыретті мекемелері іздеу жариялауға байланысты, адамды қадағалауындағы аймақта ұстағаны туралы жоғары тұрған прокуратураға арнаулы баяндамамен дереу хабарлауға міндетті. Ұсталған сәттен бастап, жетпіс екі сағат ішінде және ұстау мерзімі аяқталғанға дейінгі жиырма сағаттан кешіктірмей экстрадициялық қамауға алуды қолдану туралы мәселе прокурордың тиісті өтінішімен сотқа жолдау жолымен шешілуі керек. **Экстрадициялық қамауға алуды қолдану туралы** мәселені шешкен кезде сот алдында өтініш жасайтын прокурор барлық материалдармен, қамауға алуға арналған негіздеменің мазмұнымен мұқият танысуы, ұсталғаннан жауап алу жолымен оның Қазақстан Республикасына келу мақсатын, тұрғылықты жерін, уақытын және тіркелімін, азаматтығын, оны қылмыстық қудалаудың мән-жайларын анықтауы тиіс. Экстрадициялық қамауға алуды қолдану туралы мәселені шешкенге дейін құзыретті аумақтық органдардан Қазақстан Республикасы азаматтығының болуы немесе болмауы туралы және Қазақстан Республикасының «Босқындар туралы» Заңына сәйкес оның босқын мәртебесін алу үшін өтініш жасауы туралы тиісті қорытынды алады. Ұсталған немесе пана іздеген адамдарда босқын мәртебесі болған кезде оған экстрадициялық қамауға алуды қолдану және оны одан әрі қамауда ұстау туралы сотқа өтініш жасау мәселесін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының келісімі бойынша облыстық прокуратура шешеді. Қазақстан Республикасының прокуратура органдары экстрадициялық қамауға алынған адамдардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, соның ішінде, оларға білікті заң көмегін алуға арналған құқығын сақтауын қамтамасыз етеді. Экстрадициялық қамауға алуды қолдану туралы немесе одан бас тарту туралы аудандық немесе оған теңестірілген сот шығарған қаулыны экстрадициялық қамауға алу туралы өтініш қозғаған прокурор орындау үшін қамауда ұстау орнының әкімшілігіне жолдайды. Ұсталған адамды беруді болдырмайтын Қазақстан Республикасының заңнамаларымен және халықаралық шарттарымен көзделген мән-жайлар анықталған жағдайда ұсталған адамды прокурор қамаудан босатады және жоғары тұрған прокурорға баяндайды. Департамент арнаулы баяндама келіп түскеннен

кейін үш тәуліктің ішінде алынған шара жөнінде ұсталғанды іздестіруші шет мемлекеттің құзыретті мекемесіне жедел почта арқылы хабарлайды.

Шет мемлекеттің аумағында қылмыс жасағаны үшін айыпталған немесе сотталған **шет мемлекеттің азаматын беру туралы** талапты Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе уәкілетті прокурор қарайды. Адамды беру туралы шет мемлекеттің өтініші бойынша соңғы шешім қабылдауға кедергі келтіретін негіздемелер болмаған жағдайда Департамент сұратылған адамды беру немесе беруден бас тарту туралы дәлелдемелері бар қаулы жасайды және оған Бас Прокурор немесе уәкілетті прокурор қол қояды. Шығарылған қаулыны облыстық прокуратураға хабарлай отырып, осы шешімді қабылдауға қатысы бар адамға хабарлау және оның сотқа шағымдануы құқығын түсіндіру үшін адамды қамауда ұстау орнының әкімшілігіне дереу жолдайды. Беру туралы қаулы өзіне қатысты қабылданған адамға хабарлаған сәттен бастап он тәуліктің өтуі бойынша заңды күшіне енеді.

Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың адамды **ұстап беру туралы өтініші** Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі мен халықаралық шарттарының талаптарына қатаң сәйкес Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында қаралады.

**Соттардың іс жүргізуіндегі қылмыстық істерді шет мемлекеттерге жолдау** Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының 2003 жылғы 23 желтоқсандағы №61-17/2159 және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 24 желтоқсандағы №36-906-03 «Соттардың іс жүргізуіндегі қылмыстық істерді шет мемлекеттерге жолдау тәртібі туралы» бірлескен нұсқауына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын, Қазақстан Республикасынан тыс кеткен айыпталушыларды қылмыстық қудалауды жүзеге асыру үшін шет мемлекеттердің құзыретті мекемелеріне қылмыстық істерді жолдау туралы қылмыстық процесті жүргізуші органдардың өтініштерін Қазақстан Республикасының прокуратура органдары отыз тәуліктен аспайтын мерзімде қарауы керек. Қылмыстық іс материалдары көп болған ерекше жағдайларда ол мерзім екі айға дейін ұзарғылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын адамдарға қатысты, сондай-ақ шет мемлекеттердің аумағында жасалған қылмыстардың фактілері бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін қажетті материалдарды шет мемлекеттердің құзыретті мекемелеріне жолдау туралы қылмыстық қудалау органдарының өтініштері де осындай мерзім ішінде қаралуға жатады. Қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін қажетті материалдарды шет мемлекетке жолдау тәртібі қылмыстық істерді қудалауды жүзеге асыру үшін шет мемлекетке жолдау тәртібімен ұқсас болып келеді.

Қылмыстық жауапкершілікке тарту және сот үкімін орындауды іске асыру үшін үшінші мемлекетке берілген адамдарды Қазақстан Республикасының аумағы бойынша **транзиттік тасымалдауға**, сондай-ақ жазасын өзі азаматы болып табылатын мемлекетте өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамды беруге байланысты мәселелерді қараудың тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен және Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 55-таруымен реттеледі.

## **15-тарау. Құқықтық статистика мен арнайы есеп жүргізудің жүйесі**

### **§1. Құқықтық статистиканың тарихы, құқықтық статистиканы қалыптастыру мен арнайы есеп жүргізудегі прокуратура органдарының мақсаты**

Статистика “status” - статус деген латын сөзінен пайда болған, ол белгілі бір жағдай деген мағынаны білдіреді.

Статистика - мемлекетте болып жатқан құбылыстар жөнінде жинақталған мағлұматтар. Құқықтық статистика құқық саласындағы, оның ішінде, әсіресе, қылмыстық жағдайдың жалпы көрінісін сипаттайды.

Қазақстанда құқықтық статистиканың ұйымдық құрылымы кешегі Кеңестер Одағы кезінде құрылып, кеңестік заң статистикалық қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Статистика органдарын ол кезде біртіндеп жаңарту жалпы мемлекеттік көлемде құқықтық статистика саласындағы қызмет аясын тарылта түсті. Статистика тар ведомстволық шеңберде, яғни КСРО (Кеңестік социалистік республикалар одағы) милициясының Бас басқармасы мен КСРО Прокуратурасының қарауында болды. Ал еңбекпен түзеу мекемелерінің статистикасы КСРО Әділет халық комиссариатына, кәмелетке жасы толмағандардың құқық бұзушылығы одақтас республикалардың білім беру халық комиссариаттарына қарады. КСРО тарағанша статистика құрылымы көптеген өзгерістерге ұшыраумен болды.

1997 жылғы 22 сәуірге дейін қылмыс туралы, әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мәліметтер жинақталған түрде тек Республиканың Ішкі істер министрлігі Ақпарат орталығында, Мемлекеттік тергеу комитетінің Қылмыстық ақпарат орталығында, соттар қарауына жататын мәліметтер Әділет министрлігінде тіркелді.

1997 жылы 22 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің “Құқық қорғау органдары жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы” Жарлығы шығып, соған сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанынан Құқықтық статистика және ақпарат

орталығы құрылды. Бұл актінің қабылдануы құқықтық реформаны аяқтаудағы маңызды кезең болды, әрі құқықтық статистика өз тарихында бірінші рет қадағалау органы қарауына берілді.

Салалық, қызметтік және ұйымдық ерекшелігі бар мұндай органды құру қажеттілігі қылмыспен күресте қылмыстық ахуалды бұрмалап көрсетіп келген бұрынғы ақпараттық-статистикалық жүйенің жіберген кемшіліктерін жою мақсатынан туындады. Ондай олқылыққа тосқауыл қойып оның орнын толтыратын тек прокуратура органы еді.

Қазақстан Республикасының “Прокуратура туралы” Заңының 4-бабының 12-тармағына сай, прокуратура органдары мемлекет атынан статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады, арнайы есепке алуды жүргізеді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады, әрі бұл прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып саналады. Құқықтық статистика және ақпарат орталығы алдымен Бас прокуратураның дербес Департаменті болды.

Құқықтық статистиканы ары қарай дамыту мақсатында 2003 жылдың 28 наурызындағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен аталған орталықтың негізінде дербес мемлекеттік мекеме - Бас Прокуратура жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті құрылды. Бұл Комитет Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құзыреті шегінде құқықтық статистиканы түзу және арнайы есепке алу жөніндегі мемлекеттік органның функциялары мен өкілеттігін жүзеге асыратын мекеме болып табылады. Көрсетілген Жарлықпен Комитеттің ережесі мен құрылымы бекітілді.

Қазіргі уақытта Комитет және оның құрылымдары прокуратура органдарында өзіндік ерекшелігі бар міндеттерді орындайтын мемлекеттік институтқа айналып үлгерді.

Комитет құрылымы: басшылық; ұйымдастыру-кадр жұмысы басқармасы, талдау және құқықтық реттеу жұмысы басқармасы; қаржы және бухгалтерлік есеп басқармасынан тұрады.

Комитеттің негізгі міндеттері: бірыңғай статистикалық прин-

циптер мен стандарттар негізінде елдегі заңдылық пен құқық тәртібінің жай-күйі туралы мемлекеттік органдарды, заңды және жеке тұлғаларды тиімді және жеткілікті ақпаратпен қамтамасыз ету; мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені жетілдіру мен дамыту.

Құқықтық статистика органдары үшін ең бірінші сынақ болған, оның кәсіби, әрі шығармашылық қуатын дәлелдейтін тұс «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ақпараттық-статистикалық міндеттерін орындау болып табылады. Кәсіпкерлік субъектілер қызметін мемлекеттік органдардың тексеруіне есеп жүргізудің де маңызы зор. Ол кәсіпкерлердің жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасап, мемлекеттік органдардың заңсыз тексерулерінен қорғайды.

Комитеттің күшімен баламасы жоқ статистикалық жүйе құрылып, оның бақылау қызметі аясында қырыққа жуық мемлекеттік орган есеп береді.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заң талаптарына қызмет ететін ақпараттық-статистикалық жүйе енгізіліп, мемлекеттік қызметке тұратын адамдар туралы толық мағлұмат алуға мүмкіндік жасалған. Республикадағы қылмыстық ахуал, әкімшілік құқық бұзушылық, прокурорлық қадағалау нәтижесі бойынша заңдылық жағдайы осы Комитетте жинақталады. Сонымен қатар сотталғандар мен қылмыс жасап, іздеуде жүрген, іс-түзсіз жоғалып кеткен адамдар мен анықталмаған мәйіттер туралы ақпараттар да осы саланың қызметіне жатады.

Алғаш рет бірыңғай республикалық мәліметтердің статистикалық банк жүйесі құрылды. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады.

## **§2. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің қызметін ұйымдастыру**

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті өзіне жүктелген міндетті заң талаптарына сай орындауы оның жұмысының дұрыс ұйымдастырылуымен тығыз байланысты.



Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне және өзге де актілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28 наурызындағы №1050 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті туралы» Ережеге сәйкес жүзеге асырады. Бұл Ережеге Қазақстан Республикасы Президентінің 2011.06.27. №105 Жарлығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Комитетті Қазақстан Республикасының Бас прокурорының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады. Комитет Төрағасының орынбасарлары болады, оларды Комитет Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Бас прокуроры қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Комитеттің Астана, Алматы қалаларында және облыстарда құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі басқармалары және оларға теңестірілген мамандандырылған бөлімшелері болады, олар өз қызметінде Комитет Төрағасына бағынады. Комитет Төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады, оған басшылық жасайды, оның аумақтық органдарының қызметіне бақылауды жүзеге асырады, Комитетке жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуы үшін дербес жауапты болады. Төраға осы мақсатта өз орынбасарлары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің міндеттері мен өкілеттігін айқындайды. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Комитет пен оның аумақтық органдарының қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Комитеттің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының ережелерін, бекітілген құрылым мен мөлшер шегінде штат кестесін бекітеді. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Комитет пен оның аумақтық органдарының қызметкерлерін көтермелеу, оларға материалдық көмек көрсету, тәртіпті жазалар белгілеу мен алып тастау мәселелерін шешеді. Төраға, сонымен қатар Комитет атынан мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда өкілдік етуге құқылы. Комитет қызметі туралы Бас прокурорды хабардар етеді.

Комитет бірыңғай статистикалық принциптер мен стандарттар негізінде елдегі заңдылық пен құқық тәртібінің жай-күйі туралы мемлекеттік органдарды, заңды және жеке тұлғаларды тиімді және жеткілікті ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік, құқықтық, ақпараттық-статистикалық жүйені үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға міндетті.

Комитет Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік құқықтық статистиканы түзу;
- 2) құқықтық статистика ақпаратын жинақтау, жүргізу және іздеу;
- 3) жедел және ведомстволық есепке алуды қоспағанда, арнайы есеп жүргізу;
- 4) құқықтық статистика мәселері бойынша статистикалық байқаулар жүргізу;
- 5) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуын қадағалауды жүзеге асыру;
- 6) жедел және ведомстволық есепке алуды қоспағанда, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында ақпараттық-талдау қызметін жүзеге асыру;
- 7) шаруашылық жүргізуші субъектілерде өткізілетін барлық тексерулердің бірыңғай статистикалық есебін жүргізу;
- 7-1) тексеру тағайындау туралы актілерді тіркеуді жүзеге асыру барысында бақылау және қадағалау органдары жүзеге асыратын заңсыз тексерулерден тексерілетін субъектілер, оның ішінде жеке кәсіпкерлік субъектілері құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету;
- 8) аумақтық органдар жұмысына басшылық пен бақылау жасау, оларды есепке алу, статистикалық, ақпараттық, талдау, қадағалау және бақылау қызметін жүзеге асыруға практикалық әрі әдістемелік көмек көрсету;
- 9) жедел және ведомстволық есепке алуды қоспағанда, құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері жөнінде мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;
- 10) жедел және ведомстволық есепке алуды қоспағанда, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

10-1) мемлекеттік қызметтен жағымсыз себептермен босатылған адамдарды арнайы есепке алу ісін жүргізу;

10-2) мемлекеттік органдарға жасалған өтініштерінің қабылдану, тіркелу, қаралу және шешілу сатысында жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету;

11) Қазақстан Республикасы заңнамаларымен жүктелген өзге де функцияларды орындауды жүзеге асырады.

Комитет Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен статистикалық деректер мен арнайы есепке алу жүргізу үшін құқықтық статистика субъектілері мен басқа да мемлекеттік органдардан құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері жөнінде статистикалық және талдау ақпаратын, құқықтық мемлекеттік статистикалық есептілікті, бастапқы есепке алу құжаттары мен нысандарын өтеусіз (тегін) алады. Құқықтық статистика субъектілерінен бастапқы есепке алу және есептілік актілерінің толықтығы мен сенімділігін, олардың Қазақстан Республикасы Бас прокурорының нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген мерзімде ұсынылуын талап етуге құқылы. Бұл субъектілер табыс ететін құқықтық статистикалық ақпараттың толықтығына, сенімділігіне және нақтылығына бақылау және қадағалауды жүзеге асырады. Комитет статистикалық жинақтардың шығарылуын ұйымдастыруды және құқықтық-статистикалық ақпаратты практикалық және ғылыми-зерттеу мақсатында пайдалануға және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

Комитет өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдарды статистикалық және талдау ақпаратымен және заңнамамен белгіленген шекте, көлемде, мерзімде жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетеді. Комитет өз қызметін атқару кезінде мемлекеттік құпияларды құрайтын алынған мәліметтердің және заңмен қорғалатын құпияның сақталуын, ақпараттық жүйелердің рұқсатсыз қол сұғуынан, құқықтық статистика және арнайы есепке алу объектілері туралы мәліметтерді бүлінуден немесе жою-

дан қорғалуын қамтамасыз етеді. Комитет құқықтық статистиканы түзуде және арнайы есепке алуды жүргізуде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, азаматтардың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Қылмыстың деңгейі және онымен күрес проблемасы, қылмыс туралы хабарламаларды қабылдау, есепке алу және тіркеу заң талаптарына сай жүргізілуімен шешіледі. Осы талапты іске асыруда Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры өз жұмысын үнемі жетілдіріп отырады.

Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды және өзге ақпаратты қабылдаудың, есепке алудың, соның ішінде электронды форматта және қараудың бірыңғай тәртібін қамтамасыз ету мақсатында, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4-1)-тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры 2011 жылдың 12 қыркүйектегі №83 бұйрығымен Нұсқаулықты бекітіп, оның орындалуын Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетке жүктеп, Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін, ресми жариялауын және арнайы есепке алу субъектілеріне орындау үшін жолдауды тапсырған.

Комитет жинақтайтын құқықтық статистикалық ақпарат прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ барлық мемлекеттік органдар шешімдер қабылдаған кездерде де негізгі дереккөздің бірінен саналады. Сонымен қатар, ол жеке және заңды тұлғаларды қоса алғанда барлық пайдаланушыларға ақпарат жеткізіп беруші.

2011 жылдың тамыз айындағы мәлімет бойынша Комитетте 5 ақпараттық жүйе жұмыс істейді, олар: «Біртұтас біріктірілген статистикалық жүйе», «Тұрғындардың арыз-шағымдарының біртұтас есебі», «Арнайы есептер», «Автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық жүйе», сондай-ақ 24 мемлекеттік және 8 құқық қорғау органдарына қызмет көрсететін «Ақпараттық сервис».

## **16-тарау. Қылмыспен және басқа құқық бұзушылықпен күресте құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру**

### **§1. Құқық қорғау органдарының қызметін үйлестірудің маңызы мен мақсаты**

Үйлестіру сөзі - координация (со - бірге, ordinatio – жөнге салу немесе тәртіпке салу) бірге жөнге салу деген латын сөзінен шыққан.

Прокурорлық қадағалау тәжірибесі жергілікті жерде қылмыспен және басқа да құқық бұзушылықпен күрес, оның алдын алуға бағытталған жұмыстардың пәрменділігін арттыруда барлық құқық қорғау органдарының осы саладағы жұмыстарын үйлестіріп, бірігіп шешетін мәселелерді анықтап, оны уағында іске асырып отыруы қажеттілігін көрсетті. Бұл жұмысты ұйымдастыру прокуратура органына жүктелген. Оның тарихы 1922 жылдан басталады. 1922 жылы ССРО Юстиция Халық комиссариаты прокуратураға қылмыспен күрес мәселелерін үнемі барлық құқық қорғау органдарының қатысуымен қарап, тиісті шешімдер алу жүктелген.

Үйлестіру прокуратура органы қызметінің бір саласы ретінде 1979 жылы 30 қарашада қабылданған «ССРО прокуратурасы туралы» Заңда көрсетіліп, нақты құқықтық бекітуге ие болды. Осы Заңның 3-бабында прокуратура құқық қорғау органдарының қылмыспен басқа құқық бұзушылықпен күрестегі жұмысын үйлестіреді деп көрсетті.

Үйлестіру жұмысы Үйлестіру кеңесі арқылы жүзеге асырылды. Үйлестіру кеңесі құқық қорғау органдарының басшыларының кеңесу органы ретінде жұмыс істеп, қылмыспен, құқық бұзушылықпен күресті күшейтуге бағытталған жұмыс жоспарын бірге жасақтап, оны іске асыру жолдарын кеңесе отырып шешті. 1989-1991 жылдары аралығында прокуратураны қылмыспен күрестегі үйлестіру қызметінен шектеп, бұл жұмысты басқа арнайы құрылған әртүрлі комитеттер мен комиссиялардың құзыретіне де беріп көрді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 1992 жылдың 17 қаңтарында қабылданған Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» Заңында прокурордың үйлестіру

жұмысын жүргізу құқығы қарастырылмады. Тек, 1994 жылы 14 шілдедегі қабылданған Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының прокуратура органдары қызметкерлерінің материалдық және зейнеткерлікпен қамтамасыз етуге байланысты Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі» Заңында прокуратураға қылмыспен және басқа құқық бұзушылықпен күресте құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру жүктелді. 1995 жылдың 21 желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің заңды күші бар Жарлығында прокуратура қайтадан үйлестіру құзыретінен шектелді. Бұл заңгерлер арасындағы прокурордың үйлестіру қызметіне көзқарастың әртүрлі болуынан туындады. Кейбір заңгерлер прокурор заңдар мен заң актілерінің қолданылуындағы заңдылықты қадағалап отыратын, ешкімге тәуелсіз тұлға, ал қылмыстықпен күрес, оның ашылуын қамтамасыз ететін тиісті құқық қорғау органдары ғана айналысуы керек деген пікірде болды. Бірақ олар прокурор жоғары қадағалау жасай отырып, қылмыспен және басқа құқық бұзушылықпен күрестегі заңдылықтың сақталу деңгейін ертерек байқап, бұл саладағы күрделі мәселелерді шешу жолдарын басқа құқық қорғау органдарымен кеңесе отырып қарап, оны тіпті керек болған жағдайда мемлекеттік деңгейде шешуге ықпал ете алатынын ескермеді. Іс жүзінде өзі прокурорлық қадағалау жасап отырған аймақта қылмыспен және басқа құқық бұзушылықтың болу себептерін, олармен күрестегі тиісті органдар мен мекемелердің қызметінің жетістігі мен кемшілігін кәсіби деңгейде көріп, олардың осы саладағы жұмыстарының пәрменділігін арттыруға ықпал етуге құзыреті жететін де прокуратура органы.

1998 жылдың 2 шілдесіндегі №266-1 Қазақстан Республикасы Заңымен «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» Заңына өзгерістер енгізіліп, оның 12-бабының 5-тармақшасында «Бас прокуратура заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етуде жедел іздестіру қызметін, анықтауды және тергеуді жүзеге асыратын басқа да республикалық құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасайды және олардың қызметін үйлестіріп отырады» деп бекіткен.

Құқық қорғау органдарының қызметін үйлестірудің басты мақсаты - заңдылық пен тәртіпті нығайтуға, қылмыспен, басқа да құқық бұзушылықпен күресте, олардың алдын алуда, болу себептерін жою жолындағы актуалды мәселерді шешуге бағытталған бірлескен жұмыстарды жоспарлап, іске асыру. Үйлестіру жұмысының мазмұны – құқық қорғау органдарының негізгі мақсатқа жету жолындағы бір - бірімен өзара келісімі, қызметкерлерді, құралдарды соған шоғырландыру.

1998 жылдың 23 шілдесінде Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының басшыларының қол қойған Қаулысымен «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының Үйлестіру Кеңесі туралы Ереже» бекітілді. Оған 19.03.1999 жылы, 14.03.2001 жылы, 21.10.2002 жылы өзгерістер енгізіліп, Үйлестіру Кеңесінің мүшелері төмендегі құрамда бекітілді: ҚР Бас Прокуроры, Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің төрағасы, Ішкі Істер Министрі, Әділет Министрі, Қаржы вице-министрі, Кеден Комитетінің, Салық Комитетінің, Қаржы полициясының төрағалары және Жоғарғы Сот жанындағы сот әкімшілігі Комитетінің төрағасы. Үйлестіру Кеңесінің төрағасы – Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры.

2010 жылдың 29 желтоқсанында Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңы 8-1-баппен толықтырылып, прокуратура органдарының заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру мақсатын айқындады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 2 мамырдағы №68 Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы» Ереже бекітілді.

Осы ережеге сай Үйлестіру кеңесі Қазақстан Республикасында заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру және тиімділігін арттыру мақсатында, оның ішінде жедел іздестіру қызметін, қылмысқа қарсы күресте анықтауды және тергеуді жүзеге асыратын құқық қорғау органдарының күш-жігері мен өзара іс-қимылын біріктіру үшін құрылатын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Үйлестіру заңдылықты сақтау; қылмысқа қарсы күресті

күшейту жөніндегі мақсаттар мен міндеттердің біртұтастығы, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту бойынша мемлекеттік органдардың күш-жігерін біріктіру; мәселелер қоюда, ұсыныстар енгізуде және шешімдер қабылдауда әрбір ведомствоның теңдігі; келісілген іс-шаралар мен ұсынымдарды іске асырған кезде мемлекеттік органның қызметіне ұйымдастық-өкімдік араласпау; күрделі құқықтық проблемаларды шешуге деген біртұтас көзқарасты орнықтыру; туындаған мәселелерді шешкен кезде жұмыстағы және ведомстволық көзқарастағы қосарлануды жою; адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы, мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнамалардың талаптарына қайшы келмейтін жариялылық Үйлестіру кеңесінің келісілген шешімдерін орындау үшін әрбір мемлекеттік орган басшысының жауапкершілігі негізінде жүзеге асырылады.

## **§2. Үйлестіру кеңесінің міндеттері, функциялары және өкілеттіктері**

Үйлестіру кеңесінің негізгі міндеттері:

1) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, сондай-ақ қылмысқа қарсы күресте құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;

2) құқық қорғау қызметінің тиімділігін арттыруға, оның құқықтық реттелуін жетілдіруге бағытталған келісілген ұсыныстар мен іс-қимылды пысықтау;

3) қылмыстың жай-күйін, оның құрылымы мен серпінін талдау және талқылау, сондай-ақ қылмыстың және өзге де құқық бұзушылықтың даму үрдісін болжау негізінде қылмысқа қарсы күрестің негізгі бағыттарын айқындау болып табылады.

Негізгі міндеттерге сәйкес Үйлестіру кеңесіне мынадай функциялар жүктеледі:

1) қылмысқа және құқық бұзушылыққа қарсы күрестің стратегиясын тұжырымдау, осы жұмысқа мемлекеттік органдарды, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарын тарту. Неғұрлым қолайсыз қылмыстық жағдайы бар өңірлердің



құқық қорғау органдары жүйесінің жұмысында негізгі басымдылықтарды айқындау, осы өңірлерде және тұтастай алғанда елімізде қылмыстардың профилактикасы және алдын алу бойынша кешенді шараларды іске асыру;

2) келісілген шешімдерді іске асырудың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында қылмыстың және құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі профилактикалық жұмыстарға тартылатын тікелей құқық қорғау органдары, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардың функционалдық мүмкіндіктерін және материалдық-техникалық базасын келісім бойынша пайдалану;

3) азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, мемлекет пен қоғамның мүддесін қорғау бағытындағы құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдарының қызметін, қылмысқа қарсы күрес бағдарламаларының орындалуын талдау;

4) неғұрлым қауіпті және кең таралған қылмыстық қол сұғушылықтарға, ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қылмыстық сыбайластықтардың (қылмыстық ұйымдардың) қызметіне қарсы күрес бойынша бірлескен іс-шараларды әзірлеу, келісім беру және орындау;

5) қылмысты анықтау, тергеу, ашу, алдын алу және жолын кесу тәжірибесін зерделеу;

6) қылмысқа және басқа да құқық бұзушылықтарға қарсы күреске бағытталған заңнамаларды қолданудың біркелкі практикасын қалыптастыру. Заңдылықты және құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталған заңнамаларды жетілдіру туралы Қазақстан Республикасы Президентіне, Қазақстан Республикасы Парламентіне және Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныстар әзірлеу және енгізу;

7) Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесімен өзара іс-қимыл жасау, оның құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру мәселелері бойынша тапсырмаларын іске асыру;

8) кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру шараларын әзірлеу және оны келісімді түрде орындаудағы ынтымақтастық функциялары жүктеледі.

Үйлестіру кеңесі жүктелген міндеттерді орындау мақсатында:

1) Үйлестіру кеңесінің отырысын шақыруға және мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың басшылары мен өзге де

лауазымды тұлғалардың оның жұмысына қатысу үшін шақыра отырып кеңес өткізуге;

2) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекет пен қоғамның мүддесін қорғаудағы құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардың қызмет қорытындыларын кеңес отырысында талқылауға;

3) заңдылықты, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің және қылмысқа қарсы күрестің әдістемелері мен тәжірибелерін жетілдіру бойынша, сондай-ақ жұмыста орын алған кемшіліктерді жою бойынша үйлестіру кеңесінің мүшелеріне және мемлекеттік органдарға ұсынымдар беруге;

4) мемлекеттік органдарға неғұрлым өзекті және шұғыл профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және қаржылық қамтамасыз ету бойынша негізделген ұсыныстар енгізуге;

5) мемлекеттік органдарға заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

6) қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алудағы перспективті, келешегі бар әдістер мәселелерін қарау және оларды мемлекеттік ақпараттық тұрғыда қолдау бойынша шараларын тұжырымдауға уәкілетті.

Үйлестірудің негізгі нысандары;

1) қылмыстың және заңдылықтың жай-күйі туралы жедел және басқа да ақпараттармен өзара алмасу;

2) қылмысқа және құқық бұзушылыққа қарсы күресті жандандыруға бағытталған үйлестірілген іс-шараларды жоспарлау және іске асыру;

3) жекелеген өңірлерде және тұтастай алғанда елімізде қылмыс пен құқықтық тәртіптің жай-күйін бірлесіп талқылау;

4) ведомствоаралық жұмыс топтар құру;

5) қылмысқа қарсы күресті ұйымдастыруда тексеру жүргізу және жергілікті мемлекеттік органдарға практикалық көмек көрсету үшін республика өңірінде бірлесіп сапарға шығу;

6) Үйлестіру кеңесінің отырыстарында құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізген жұмыстары туралы есептерін тыңдау;

7) бірлескен актілер шығару;

8) қылмысқа қарсы күрестің проблемаларын талқылай отырып, баспасөз конференцияларын, «дөңгелек үстелдерді» бірлесіп өткізу;

9) қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін құқық қорғау және өзге мемлекеттік органдардың мүмкіндіктерін өзара пайдалану;

10) қылмысқа қарсы күрес процесінде құқық қорғау органдарының өзіндік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өзара көмек көрсету;

11) тәжірибе арқылы қалыптасқан және Үйлестіру кеңесі туралы ережеге қайшы келмейтін үйлестірудің өзге де нысандарын пайдалану.

Үйлестіру қызметінің аталған және өзге де нысандарын таңдауды нақты мән-жайды ескере отырып, оның қатысушылары айқындайды. Үйлестіру кеңесі қызметіне жетекшілік ететін төраға Үйлестіру кеңесіне басшылық жасайды. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қызметі бойынша оның төрағасы болып табылады. Төраға Үйлестіру кеңесінің қызметіне басшылық жасаумен қатар, оның отырыстарында төрағалық етеді, Үйлестіру кеңесі жұмысының келісілген жоспарын бекітеді, Үйлестіру кеңесінің шешімін орындау мәселері бойынша хатшылықтың есебін тыңдайды. Сонымен қатар, төраға аумақтық үйлестіру кеңестері мен олардың құрамдары туралы ережелерін бекітеді және Қазақстан Республикасы Президентін Үйлестіру кеңесінің жұмысы туралы хабардар етеді.

Үйлестіру кеңесі тұрақты мүшелерден және уақытша өкілеттіктер берілген мүшелерден тұрады. Үйлестіру кеңесінің тұрақты мүшелері: Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) төрағасы, Қазақстан Республикасының «Сырбар» Сыртқы барлау қызметінің директоры, Қазақстан Республикасының Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, Қазақстан Республикасының Әділет министрі.

Уақытша өкілеттіктер берілген Үйлестіру кеңесінің мүшелері: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері

агенттігінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Кедендік бақылау комитетінің төрағасы, Салық комитетінің төрағасы.

Үйлестіру кеңесінің уақытша өкілеттіктер берілген мүшелері шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығына ие және қаралатын мәселенің сипатына қарай отырыстарға қатысады.

Төраға Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы қызметкерлерінің ішінен Үйлестіру кеңесінің хатшысын тағайындайды, ол үйлестіру кеңесінің хатшылығына басшылық жасайды. Хатшылықтың құрамына басшылары Үйлестіру кеңесінің тұрақты мүшесі болып табылатын мемлекеттік органдардың бір-бір қызметкерлері кіреді. Хатшылық Үйлестіру кеңесінің тиісті жұмыстарын, оның ішінде кеңестің жұмыс жоспарын қалыптастырады. Кеңес шешімінің орындалуын ұйымдастырады және бақылайды. Сонымен қатар хатшылыққа аумақтық үйлестіру кеңестерінің қызметін бақылау жүктеледі.

Үйлестіру кеңесінің жұмысы жарты жылдық жоспарға сай жүргізіледі. Кеңестің отырысы, кем дегенде, тоқсанына бір рет өтуі керек және ол туралы хаттама толтырылады. Кеңестің жұмысына атқару органдарының, бақылау органдарының, бұқаралық аппараттардың өкілдері шақырылуы мүмкін. Үйлестіру Кеңесі барлық құқық қорғау органдарының жұмысының тәуелсіздігін сақтай отырып, алған шешімдерінде әрбір құқық қорғау органы өзінің құзыреті шегінде, заңдылықты сақтай отырып жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Негізгі мақсат актуалды мәселелерді шешуде күштерін біріктіріп, тез әрі сапалы жұмыс атқарып, алға қойған мақсатқа жету.

Үйлестіру кеңесі қылмысқа және құқық бұзушылыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі үйлестіру қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында соттардың тәуелсіздігі, сот төрелігін жүзеге асыру бойынша соттың қызметіне араласпаушылық қағидатын ұстана отырып, соттармен өзара іс-қимылды төмендегі нысанда жүзеге асырады:

- 1) қылмыстың және соттылықтың жай-күйі туралы өзара хабарлау;
- 2) қылмысқа және құқық бұзушылыққа қарсы күресті күшейту

жөніндегі шараларды әзірлеген кезде сот статикасы мен сот практикасы материалдарының деректерін пайдалану;

3) нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуде бірлесіп жұмыс істеу;

4) бірлескен семинарлар мен конференциялар өткізу, кадрлардың біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысқа қатысу;

5) бірлескен ақпараттық хаттарды, анықтамаларды, шолуларды жолдау;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де нысандарда жүргізеді.

Облыстық прокурорлар мен оларға теңестірілген прокурорлардың төрағалық етуімен үйлестіру кеңестері құрылады. Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлардың үйлестіру қызметтері үйлестіру кеңестерін құрмастан, ведомствоаралық жиналыстар арқылы жүзеге асырылады.

# ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ АКТІЛЕРІНІҢ ҮЛГІСІ

## Ү Н Д Е У

*Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы»  
Заңының 25-2 бабының тәртібі бойынша*

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы 2012 жылдың 15 және 16 қаңтарында тағайындалған Парламент мәжілісіне және Қазақстан Республикасының маслихаттарына сайлауға байланысты прокуратура органдары конституциялық өкілеттіктеріне сәйкес барлық сайлау процесінің қатысушыларымен сайлау туралы заңнаманың дәл және бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыратынын мәлімдейді.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына (бұдан әрі – Конституциялық заң) сай 2011 жылдың 16 желтоқсаны мен 2012 жылдың 13 қаңтары аралығында кандидаттармен, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялармен сайлау алдындағы үгіт жүргізіледі.

Осыған байланысты, заңдылықты қамтамасыз етіп, заң бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында сайлау процесіне қатысушылардың назарын сайлау алдындағы шараларға қатысты келесі заңнама нормаларына аударамыз.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 32-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы. Бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін.

Конституциялық заңның 27-бабы 3-тармағының 2-тармақшасына сай сайлау алдындағы үгіт сайлау алдындағы жария іс-шараларды (сайлау алдындағы жиналыстарды және сайлаушылармен (таңдаушылармен) кездесулерді сайлау алдындағы жария пікірталастар мен пікір алысуларды, митингілерді, шеру-

лерді, демонстрацияларды және заңнамада белгіленген тәртіппен және осы Конституциялық заңда тыйым салынбаған өзге де сайлау алдындағы іс-шараларды), сондай-ақ кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен (таңдаушылармен) жеке кездесулерін өткізу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Жариялы сайлау алдындағы шаралар кезінде, соның ішінде сайлау алдындағы жиналыс және сайлаушылармен кездесу кезінде формалары жиналыстар, митингілер, шерулер және демонстрациялар болып табылатын қоғамдық, топтық немесе жеке мүдделерді білдіру орын алады.

Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы №2126 «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Заңымен реттеледі.

Бұл заң қоғамдық тәртіпті, тұрғындардың денсаулықтары мен өмірлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға бағытталуына байланысты жаппай жария шаралар алдын ала ескертіп, жергілікті атқару органдарының рұқсатымен арнайы белгіленген жерлерде көліктің, өзге де инфрақұрылым объектілерінің қалыпты жұмыс істеуіне нұқсан келтіретін бөгеттерді жоя отырып өткізілуі тиіс.

Жоғарғыда айтылғандардың негізінде Бас прокуратура сайлау процесіне қатысушылардың назарына жабық ғимараттардан тыс жерлердегі Конституциялық заңның 27-бабы 3-тармағының 2-тармақшасында көрсетілген жариялы сайлау алдындағы шаралар Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Заңымен белгіленген тәртіпте өткізілуі тиіс екендігін жеткізеді.

Белгіленген жиналыстар, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібін бұзу заңнамалық актілермен көзделген жауапкершілікке әкеліп соқтырады.

Сайлау алдындағы шараларды ұйымдастыру және өткізу кезінде Конституциялық заңның 6-тарауына сәйкес партиялық

тізімдер негізінде сайланатын Парламент Мәжілісінің депутаттарын және Қазақстан Республикасының маслихат депутаттарын сайлау, соның ішінде сайлау алдындағы үгіт жүргізу екі көзден қаржыландыратындығын ескерту қажет:

1) сайлау комиссияларымен республикалық бюджет қаражатынан мемлекеттік қаржыландыру;

2) кандидаттардың сайлау қорлары қаражатынан мемлекеттік емес қаржыландыру.

Конституциялық заңның 34-бабына сәйкес кандидаттардың сайлау алдындағы үгіті сайлау қорлары қаражаттарынан қаржыландырылады. Сайлау қорын құрайтын ақша қаражаты кандидат, партиялық тізім тіркелгеннен кейін тиісті сайлау комиссиясы банк мекемелерінде ашылған арнаулы уақытша шоттарға түсіріледі.

Сайлау қорларынан тыс сайлау науқанын қаржыландыру немесе кандидаттарға басқа материалдық көмек көрсету, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен кандидаттарға, саяси партияларға олардың сайлау алды қызметіне байланысты олардың жазбаша келісімінсіз қызмет көрсетуге тыйым салынады. Мұндай әрекеттер Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 108-1, 109-1 баптарымен көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтардың құрамын құрайды.

Бас прокуратура барлық сайлау процесіне қатысушыларды Қазақстан Республикасының жаппай жариялы шараларды өткізу тәртібі туралы заңнаманы мүлтіксіз сақтауға, азаматтардың және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының, сондай-ақ қоғамның мүдделерінің бұзылуына жол бермеуге шақырады.

**Қазақстан Республикасының  
Бас прокуратурасы  
2011 жылғы 17 желтоқсан  
(Егемен Қазақстан газетінде жарияланды)**



## Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

### НАРАЗЫЛЫҚ

*(С. Сатбаевтың өтініші негізінде)*

С. Сатбаев сотқа берген талап арызында Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінен капиталға айналдыру жолымен өзіне тиесілі 1 342 584 теңге өндіруді сұраған. Талаптық өтінішін Алматы облысы Алакөл ауданында орналасқан «Коммунизм» совхозында шопанның көмекшісі болып жұмыс істеп жүріп, жұмыста зақым алғанына байланысты 2-ші топтағы мүгедек болып қалып, 80 пайыз жұмыс жасау қабілетінен айырылғанымен негіздеген.

Алматы облысы Алакөл аудандық сотының 2010 жылдың 30 наурызындағы шешімімен талап арыз қанағаттандырусыз қалдырылған. Азаматтық іс апелляциялық, кассациялық және қадағалау сатысындағы соттарда қаралмаған. Сот актілері АІЖК-нің 218 бабының және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылдың 11 шілдесіндегі №5 «Сот шешімі туралы» нормативтік қаулысының 5, 11 тармақтарының талаптарына қайшы болғандықтан күшін жоюға жатады.

Сот конкурстық басқарушы Д. Чильдебаевтың мекеме банкрот деп жарияланған соң жиналыс өткізіп, оған ауыл тұрғындарының барлығы қатысып банкрот жайлы баспасөз басылымдарына ақпарат бергені жөнінде жауабын басшылыққа алып, С. Сатбаевтың талап арызын қанағаттандырусыз қалдырған.

Азаматтық іс құжаттарына қарағанда, 1981 жылдың 8 қазанында жасақталған өндірістегі жазатайым оқиғаның орын алғаны туралы №Н-1 актісіне сай 1981 жылдың 7 қазанында сағат 02.00-де Семей қаласындағы ет комбинатына жөнелту үшін қойларды поезға тиеу кезінде қатты жел тұруы салдарынан С. Сатбаев поездың астына түсіп, сол аяғы тізесінен жоғары 25 см., оң аяғы тізесінен төмен 20 см. кесілген түрдегі ауыр жарақат алған. 2004 жылдың 9 маусымындағы медициналық әлеуметтік сараптама бөлімінің еңбек қабілетін жоғалтудың пайызын куәландыру

актісінің үзіндісіне сай С. Сатбаев қайта қуәландыруға жатпайтын 80 пайыз жұмыс жасау қабілетінен айырылған.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 28-бабының 1-бөлігінің талаптарына сай Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі.

АК-тің 945-бабының 2-ші және 3-ші бөліктеріне сай өмір мен денсаулыққа келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты болып танылған заңды тұлға таратылған жағдайда тиісті төлемдер заң немесе өзге де нормативтік құқықтық актілермен белгіленген ережелер бойынша оларды жәбірленушіге төлеу үшін капиталдандырылуы тиіс. Таратылатын заңды тұлғада мүліктің болмауы немесе жеткіліксіз болуы себепті төлемдерді капиталдандыруды жүргізу мүмкін болмаған жағдайларда тағайындалған сомаларды жәбірленушіге заң актілерінде белгіленген тәртіппен мемлекет төлейді. Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 21 қаңтарындағы №67 «Банкроттық туралы» Заңының 77-бабының 1-бөлімінде борышкер өміріне және денсаулығына залал келтіргені үшін жауапты болатын азаматтар талаптарының сомасын айқындау азаматқа жетпіс жасқа жеткенге дейін, бірақ он жылдан кем емес уақытта төленуге тиісті мерзімді төлемдерді (борышкерді банкрот деп таныған күнгі мөлшерде) капиталға айналдыру жолымен жүзеге асырылады. Егер азаматтың жасы жетпістен асса, онда тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру кезеңі он жыл болады деп көрсетілген. «Банкроттық салдарынан заңды тұлғаны тарату кезінде азаматтардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу заңнамасын қолдану тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылдың 28 қазанындағы №4 Нормативтік қаулысының 8 тармағына сай, егер мерзімдік төлемдерді капиталға айналдыру конкурстық басқарушының кінәсінен жүргізілмесе және бұл қатені сот конкурстық іс жүргізуді аяқтау туралы ұйғарым шығарған кезде түземесе немесе кәсіби ауруға шалдығуы салдарынан азамат еңбек қабілеттілігін жоғалтқандығы заңды тұлға банкроттық негіз бойынша таратылғаннан кейін анықталса,

азамат заңмен белгіленген тәртіпте мемлекетке зиянды өтеу туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

Аталған Нормативтік қаулының 2-тармағына сай АҚ-тің 944-бабының 3-тармағына сәйкес, азаматтардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге құқығы бар азаматтар банкрот деп жарияланған заңды тұлғадан тиісті мерзімдік төлемдерді капиталға айналдыру жолымен зиянды өтеу арқылы міндеттемелерін тоқтатуын немесе мерзімінен бұрын орындауын талап етуге құқылы. Осы орайда, келтірген зиян үшін жауапты заңды тұлғаның АҚ-тің 937-944 баптарымен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша ай сайынғы және басқа да қосымша төлемдер жасау міндеттемесі жаңаша - жәбірленуші тұлғаға капиталға айналдырылған соманы бір уақытта төлеу міндеттемесімен ауыстырылады. Мұндай төлемді жәбірленушінің талабы бойынша келтірілген зиянның орнын толтыру үшін төленген өтемақы ретінде түсіну керек.

Алматы облыстық сотының шаруашылық істерді қарайтын алқасының 1999 жылдың 16 маусымындағы шешімімен ПСК «Дархан» банкрот болып жарияланып, осы облыстық соттың 2000 жылдың 29 наурызындағы ұйғарымымен таратылған.

АІЖК-нің 71-бабының 2- бөлігіне сай соттың бұрын қаралған азаматтық іс бойынша заңды күшіне енген шешімімен белгіленген мән-жайлар сот үшін міндетті және сол адамдар қатысатын басқа азаматтық істерді талқылау кезінде қайтадан дәлелденбейді.

Алматы облысының Алакөл аудандық сотының 2009 жылдың 25 тамызындағы шешімімен С. Сатбаевтың атына 1981 жылдың 20 қарашасында толтырылған ЕТ№1104145 еңбек кітапшасындағы совхоздан зейнеткерлікке шығуына байланысты жұмыстан босатылды деген №2 жазудың қате екендігі, сондай-ақ С.Сатбаев «Коммунизм» совхозында 1981 жылдың 1 тамызынан бастап 1996 жылы совхоз тарағанға дейін және «Дархан» ӨК-нде 1999 жылдың 16 маусымында ол банкрот болып жарияланға дейін жұмыс жасағаны, осы ұжымдардан еңбекақы және қосымша зейнетақы алып жүргені туралы заңдық маңызы бар фактілер анықталған. Бұл сот шешімі 2009 жылдың 10 қыркүйегінде заңды күшіне енген.

С. Сатбаев конкурстық басқарушының кінәсінен ПСК «Дархан» банкрот болып жарияланғанда бірінші кезектегі кредиторлар тізіміне кірмей қалған. Сол себепті, конкурс басқарушысымен С. Сатбаевқа капиталға айналдыру жолымен тиісті төлемдер төленбеген. Осыған орай, талапкер С. Сатбаев қазіргі кезге дейін денсаулығына келтірілген зиян үшін мемлекеттен тиісті біржолғы төлемақы алмаған. Аталған іс бойынша жаңа дәлелдемелердің жиналуы қажет болып табылмайды. Іс үшін маңызы бар мән-жайлар толықтай анықталғанымен, сотпен оларға тиісті құқықтық баға берілмей, материалдық және процессуалдық құқық нормалары дұрыс қолданылмаған.

Бұл заң бұзушылықтар істің дұрыс шешілуіне кедергі келтіргендіктен АІЖК-нің 387-бабының 3-тармағына және ҚР-сы Жоғарғы Сотының 2003 жылдың 20 наурызындағы №2 «Соттардың азаматтық іс жүргізу заңнамасының кейбір нормаларын қолдануы туралы» Нормативтік қаулысының 30-тармағына сәйкес істің қайта қаралуына негіз болып табылады.

АІЖК-нің 128-бабының және 388-бабының 3-бөлігінің талаптарына сай, егер наразылық келтіру жөніндегі өтінім прокурорға заңмен белгіленген біржылдық мерзімде беріліп, шешім қабылданбаған жағдайда, аталған мерзім ұзартылады.

С. Сатбаевтың өтініші Бас прокуратураға заңда белгіленген мерзімде түсуіне байланысты наразылық келтіру мерзімі дәлелді себептермен өткізілді деп есептеліп, аталған мерзім ұзартылуға жатады.

Қазақстан Республикасы АІЖК-нің 128-бабын, 385-бабының 2-ші және 3-ші бөліктерін, 388-бабының 3-бөлігін, 387, 389-баптарын басшылыққа алып,

### **СҰРАЙМЫН:**

Наразылық келтіру мерзімін ұзартуды.

Алматы облысының Алакөл аудандық сотының 2010 жылдың 30 наурызындағы шешімінің күшін жоюды.

Талапкер С. Сатбаевтың жауапкер Қазақстан Республикасы-

ның Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігіне денсаулыққа келтірілген зиянның орнын толтыруға 1 342 584 теңге өндіру туралы талап арыз қанағаттандыру жөнінде жаңа шешім қабылдауды.

*Тіркеме: реестрден үзінді, №2-43/10 санды азаматтық іс 124 парақта, С. Сәтбаевтың өтінішінің көшірмесі.*

**Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры А. Дауылбаев**

**Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының  
қадағалау алқасына  
Қадағалау тәртібімен**

**Н А Р А З Ы Л Ы Қ**

Алматы облыстық сотының 8 тамыз 2008 жылғы үкімімен **Муканов Серік Берикович**, 08.06.1987 жылы туған, **Алпысбаев Нурлан Имаханович**, 11.10.1983 жылы туған, қазақ, орта білімді, екеуіде Алматы облысы Іргелі ауылында тұрған, бұрын сотталмаған, ҚР ҚК-нің 96-бабының 2-бөлігінің «а,ж,з» тармақтарымен мүлкі тәркіленіп 18 жылға бас бостандығынан айыруға, 179-бабының 2-бөлігінің «а,г» тармақтарымен мүлкі тәркіленіп 8 жылға бас бостандығынан айыруға, 175-бабының 2-бөлігінің «а» тармағымен 2 жылға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 58-бабының 4-бөлігінің негізінде түпкілікті мүлкі тәркіленіп, 22 жылға бас бостандығынан айыруға, жазаларын түзеу колониясының қатаң режимінде өтеуге сотталған.

Осы үкіммен Д. Ташенова және А. Сырлыбекова сотталған, олар жөнінде іс апелляциялық алқада қаралмаған және қадағалау тәртібімен наразылық келтірмейді.

Сот үкімімен С. Муканов және Н. Алпысбаев, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы болып, қару ретінде пышақ қолданып, қарақшылықпен ұштастырып, екі адамды, яғни жәбірленуші А. Асаханов пен М. Оралбаевты қасақана өлтіріп, олардың мүлкін жасырын ұрлағандары үшін кінәлі деп танылған.

Сотталғандардың қылмыстық әрекеттері бірінші сатылы сотпен дұрыс дәрежеленбей, оларға ҚК-нің 96-бабының 2-бөлігімен тағайындалған жазаның мөлшері қылмыстардың ауырлығына сай келмейтіндігіне байланысты прокуратура тарапынан апелляциялық наразылық келтірілген.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасының 14 қазан 2008 жылғы қаулысымен үкім өзгертіліп, С. Муканов және Н. Алпысбаевтың әрекеттері ҚК-нің 179-бабының 2-бөлігінің «а,г» тармақтарынан 175-бабының

2-бөлігінің «а» тармағына қайта дәрежеленіп, осы бап бойынша әрқайсысына 2 жылдан бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, айыптарынан ҚК-нің 96-бабының 2-бөлігінің «з» тармағы алынып, ҚК-нің 96-бабының 2-бөлігінің «а, ж» тармақтарымен сотталғандарға тағайындалған жазаның мөлшері 18 жылдан 20 жылға дейін көбейтіліп, ҚК-нің 58-бабының 4-бөлігінің негізінде қылмыстардың ішінара жиынтығымен түпкілікті 21 жыл 6 айға әрқайсысы бас бостандығынан айырылып, үкімнің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылған.

Алайда, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасы еш себепсіз, өз ынтасымен 18 наурызы 2009 жылы қосымша қаулы қабылдап, 14 қазан 2008 жылы қабылданған қаулыны өзгертіп, қаулының қорытынды бөлігіндегі С. Муканов және Н. Алпысбаевты ҚК-нің 96-бабының 2-бөлігінің «а, ж» тармақтарымен 18 жылға бас бостандығынан айыруға деп санау үшін түсініктеме берген.

Аталған қосымша қаулы бойынша ҚР ҚІЖК-нің 459-бабының 1-бөлігінің 4-тармағының талабы дұрыс қолданылмай сот тағайындаған жазаның қылмыстың ауырлығына және сотталғандардың жеке басына сәйкес келмеуіне әкеп соғуы негіз болып табылғандықтан төмендегі себептерге байланысты бұзылуға жатады.

Атап айтқанда, өзгеріс енгізілген қосымша қаулы бойынша С. Муканов және Н. Алпысбаевқа ҚК-нің 96-бабының 2-бөлігінің «а, ж» тармақтарымен 18 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалып, ҚК-нің 175 - бабының 2-бөлігінің «а» тармағымен тағайындалған 2 жылға бас бостандығынан айыру жазасы мен ҚК-нің 58 бабының 4 бөлігінің негізінде қылмыстардың ішінара қосылу жиынтығымен тағайындаған түпкілікті жаза 21 жыл 6 ай мерзімі өзгеріссіз қалдырылған.

Осы қосымша қаулыдағы енгізілген өзгерістер бойынша сотталғандарға ҚК-нің 96-бабының 2-бөлігінің «а, ж» тармақтарымен тағайындалған 18 жыл мен ҚК-нің 175-бабының 2-бөлігінің «а» тармағымен тағайындалған 2 жылды, ҚК-нің 58-бабының 4-бөлігінің талабына сай ішінара қосу жиынтығымен тағайындаған жағдайда түпкілікті жаза мөлшері 19

жыл 6 айдан аспауы тиіс еді, сондықтан сотталғандарға ҚК-нің 96 бабының 2 бөлігінің «а, ж» тармағымен тағайындалған 18 жылға бас бостандығынан айыру жазасы, күшінде қалдырылған қылмыстардың ішінара қосылу жиынтығымен тағайындаған түпкілікті жаза 21 жыл 6 айға тура келмейді.

Аталған жағдайға байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасының 18 наурыз 2009 жылы қосымша қаулысы негізсіз қабылданған.

Жоғарғыда көрсетілгендердің негізінде, ҚР ҚІЖК-нің 458, 459, 460-бабының 2-бөлігінің 1-тармағын басшылыққа алып,

### **С У Р А Й М Ы Н:**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасының 18 наурыз 2009 жылғы сотталғандар Муканов Серік Берикович және Алпысбаев Нурлан Имахановичке қатысты қосымша қаулысын бұзып, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасының 14 қазан 2008 жылғы қаулысын күшінде қалдыруды.

**Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры 13.07.2009 ж.**



## Қ А У Л Ы

тексеру жүргізу туралы

*Қаскелең қаласы*

*15 сәуір 2004 жыл*

Қарасай ауданының прокуроры аға әділет кеңесшісі Т. Қ. Калиакберов «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабын басшылыққа алып,

## ҚАУЛЫ ЕТТІМ

Қарасай ауданындағы мемлекеттік мекемелерде әйелдер мен балалардың құқығын қорғауға бағытталған заңдар мен заң актілерінің қолданылуындағы заңдылықтың сақталуын тексеру кезінде Қаскелең қаласындағы қосалқы мектеп интернатта мүмкіндігі шектеулі балалардың мектеп бітіргеннен кейін еш жерге орналаспайтындығы, оларға тиісті мемлекеттік көмектердің көрсетілмейтініне байланысты, тексеру тағайындауға.

Тексеру жүргізуді аудан прокурорының бірінші орынбасары аға әділет кеңесшісі М. Сейтқазықызына жүктеуге.

Тиісті мекеме басшылары тексеру кезінде заң талаптарына сай барлық керекті құжаттар, хабарламалармен қамтамасыз етіп, керегіне қарай мамандар бөлуге міндетті.

**Қарасай ауданының прокуроры  
аға әділет кеңесшісі**

**Т. Қ. Калиакберов**

## Қ А У Л Ы

қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулыны бұзып,  
қылмыстық іс қозғау туралы

*Қаскелең қаласы*

*15 тамыз 2004 жыл*

Қарасай ауданы прокурорының міндетін атқарушы аға әділет кеңесшісі М. Сейтқазықызы азаматша Г. Жандаулетованың арызы бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы №60 материалды қарап,

## А Н Ы Қ Т А Д Ы М

15 шілде 2004 жылы Қаскелең қаласының тұрғыны Гүлжан Жандаулетова 2004 жылдың шілде айының 14-нен 15-не қараған түні сағат 02 шамасында жұмыстан қайтып келе жатқан кезде өзіне таныс емес екі жас жігіт кездесіп, қараңғы жерге сүйреп, өлтіреміз деп қорқытып, күш көрсетіп, қолындағы сумкасын тартып алып, ішіндегі әмияннан 25000 теңге ақшасын, Нокиа маркалы ұялы телефонын алып, оқиға болған жерден қашып кеткен адамдарды анықтап, жауапқа тартуды сұрап арызданған.

26 шілде 2004 жылы Қарасай аудандық ІІБ-ң тергеушісі полиция лейтенанты С. Маметалиев қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулы қабылдаған.

Бұл қаулы заңсыз, төмендегі негізде бұзылуға жатады.

Тексеру жұмысы өте үстіртін жүргізіліп, ҚР ҚІЖК-ң 24-бабының талаптары өрескел бұзылып, азаматша Г. Жандаулетованың арызында көрсетілген мән-жайды толық, объективті түрде тексеруге шара алынбаған.

Сот-дәрігерлік сараптаманың қорытындысы бойынша азаматша Г. Жандаулетованың денесіне дене жарақаттары түскен. Киімдері үстіртін қаралған, олар бойынша сараптама тағайындалмаған. Оқиға болған жер дұрыс анықталмай, үстіртін қаралып, ол жерде түсіп қалған косметикалық заттары, басқа да дәлелді заттар ізделініп, алынбаған. Жәбірленушінің берген жауабындағы мән-жайлар толық тексерілмеген.

Прокуратура тарапынан жүргізілген тексеру кезінде азаматша Г. Жандаулетова өзінің алғашқы берген жауаптарын бекітіп, өзін тонаған адамдарды көрсе тани алатындығын, олардың біреуінің лақап атын естіп қалғанын, оның бетін тырнап, шаштарынан жұлғанын және өзі айғайлаған кезде, сол маңайдағы бір үйдің иті қатты үріп, үй иелері шам жаққандарын көрсетті. Жәбірленушіні оқиғадан кейін үйіне жеткізген такси жүргізушісі анықталып, сұралмаған.

Жинақталған материал бойынша азаматша Г. Жандаулетованың өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетіп, жеке мүлкін ұрлаумен ұштасқан шабуыл жасаған белгісіз екі адамның іс-әрекетінде ҚР ҚК-ң 179-бабының 2-бөлігінің «а»- тармақшасында көрсетілген қылмыстың құрамы бар.

Осы негізде, ҚР ҚІЖК-ң 190-бабының 2-тармақшасын басшылыққа алып,

## ҚАУЛЫ ЕТТІМ

1. Қарасай аудандық ІІБ-ң тергеушісі полиция лейтенанты С. Маметалиевтың азаматша Г. Жандаулетованың арызы бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулысын бұзуға;

2. Азаматша Г. Жандаулетованың арызы бойынша жинақталған материал бойынша ҚР ҚК-ң 179-бабының 2-бөлімінің «а»-тармақшасымен қылмыстық іс қозғауға;

3. Бұл қылмыстық істі алдын ала тергеу жұмысын жүргізу үшін Қарасай аудандық ІІБ-на жолдауға;

4. Алынған шешім бойынша арыз иесіне хабарлауға.

**Қарасай ауданы прокурорының міндетін**

**атқарушы аға әділет кеңесшісі**

**М. Сейтқазықызы**

## Қ А У Л Ы

әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау.

*Қаскелең қаласы*

*16 тамыз 2004 жыл*

Қарасай ауданының прокурорының міндетін атқарушы аға әділет кеңесшісі М. Сейтқазықызы тұтынушылардың құқықтары мен денсаулықтарын қорғауға бағытталған заңдар мен заң актілерінің қолданылуындағы заңдылықты тексеру жөніндегі материалдарды қарап,

## А Н Ы Қ Т А Д Ы М

12.08.2004 жылы Қарасай ауданы Қаскелең қаласының Абылайхан көшесінде орналасқан ЖК Саламатова Айнагүлдің жеке меншігіндегі азық-түліктерді топтап сататын қойма-дүкенінде сәйкестік сертификатсыз сатылып жатқан сусындар барлығы туралы хабар бойынша, қаржы полициясы қызметкерлерімен сатып алу жүргізілген. ЖК Саламатованың өкілі – сатушы П. Таненова Қаскелең қаласының тұрғыны Асқар Нұрдаулетовке 0,5 литрлік

әрбір данасы 15 теңгеден барлығы 192 дана «Буратино», «Қайсар сүт» тағамдары, балмұздақ, сусындар тауарлық белгісі бар лимонадты сатып, 2870 теңге ақша алып, кассадан өткізген кезде, қалыс адамдардың қатысуымен ол туралы хаттама толтырылып, белгі қойған ақшалар кассадан алынған. Қосымша қарау кезінде сатуға дайындап қойылған тағы да 180 дана осы лимонадтар табылып, барлығы 5580 теңге тұратын 372 дана лимонад хаттамамен алынған. Сапалық сәйкестігі туралы сертификат пен ол лимонадтарды әкелген құжат болмаған.

Санитарлық-эпидемиологиялық зертхананың қорытындысы бойынша “Қайсар сүт” тауарлық белгісімен белгіленген “Буратино” лимонады сапасы жағынан мемлекеттік стандартқа сәйкес келмейді. Бұл сусындар заңсыз шығарылып жатқандықтан, сәйкестік сертификат берілмеген.

Осы жөнінде түсінік берген ЖК Саламатова лимонадтарды ЖК Қ. Орынбасаровтың қоймасынан ешбір құжатсыз, сертификатсыз алғанын, оның сапасының төмен екенін білмей, саудаға қойғанын түсіндірді.

Сонымен, жеке кәсіпкер Саламатова Айнагүл тұтынушылардың өмірі мен денсаулығына тауарлардың қауіпсіздігін куәландыратын сәйкестік сертификатсыз азық-түліктерді, яғни сапасыз сусындарды сатып, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 161-бабының 3-тармағында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабын, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 541-бабы, 637-бабын және «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 20-бабын басшылыққа алып,

## ҚАУЛЫ ЕТТІМ

Қаскелең қаласы, Т. Рысқұлов көшесі, 5 үйде тұратын, ҚР азаматы, жеке кәсіпкер Айнагүл Саламатоваға қатысты Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 161-бабының 3-тармағымен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы бұл істі Қарасай ауданы сотының қарауына жіберуге.

Алынған шара жөнінде тиісті жақтарға хабарлауға.

**Қарасай ауданы прокурорының  
міндетін атқарушы**

**Аға әділет кеңесшісі**

**М. Сейтқазықызы**

«Қаулымен, барлық материалдармен таныстым, орыс тілінде жазылған құжаттардың мазмұны түсінікті, аудармашы керек емес, құқықтарым мен міндетім туралы түсіндірілді, бір данасын алдым» \_\_\_\_\_ Саламатова А.

Қарасай ауданы сотының төрағасы

(аты-жөні)-----

ЖК А. Саламатоваға қатысты ҚР ӘҚБ Кодексінің 161-бабының 3-тармағымен қозғалған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау жөніндегі материалды қарау үшін жолдаймын.

Айғақты заттар лимонад «Буратино» ҚР ҚК 199-б қозғалған №0406050099 қылмыстық іске тіркелген.

Тіркеледі: материал 10 бет.

**Қарасай ауданы прокурорының**

**міндетін атқарушы аға әділет кеңесшісі**

**М. Сейтқазықызы**

**Қ А У Л Ы**

**қылмыстық іс қозғау туралы**

*Қаскелең қаласы*

*27 қыркүйек 2004 жыл*

Қарасай ауданының прокурорының міндетін атқарушы аға әділет кеңесшісі М. Сейтқазықызы тұтынушылардың құқықтары мен денсаулықтарын қорғауға бағытталған заңдар мен заң актілерінің қолданылуындағы заңдылықты тексеру жөніндегі материалдарды қарап,

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М**

Қарасай аудандық Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық станциясының қызметкерлерімен бірлескен тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған заңдардың қолданылуын

тексеру кезінде аудан көлемінде белгісіз адамдар «Қайсар сүт» ЖШС-нің товарлық белгісін пайдаланып 0,5 л «Дюшес», «Буратино» аттарымен сусындарды сатып жатқаны анықталды.

17.09.2004 жылы Іргелі ауылдық округінде орналасқан дүкенде құжатсыз сатылып жатқан 50 шөлмек аталған сусындар алынды.

19.09.2004 жылы Қаскелең қаласының орталық базарында орналасқан ЖК «Өсербаев» қоймасынан 145 шөлмек «Дюшес», 100 шөлмек «Буратино» сусыны алынды.

21.09.2004 жылы Шамалған ауылындағы сауда орталығында орналасқан ЖК Т. Темирбаевтың жеке меншік дүкенінен «Қайсар сүт» ЖШС-ң товарлық белгісімен 948 шөлмек «Буратино» сусыны тәркіленді.

«Қайсар сүт» ЖШС басшысының хатына сай, осы сусындағы товарлық белгілер соларға тиісті, бірақ оны пайдалану құқығын ешкімге бермеген.

Сонымен, осы сусындарды жасап, сатып жатқан белгісіз адамдардың іс-әрекетінде ҚР ҚК-ң 199-бабының 1-бөлімінде көрсетілген қылмыстың құрамы бар.

Осы негізде, ҚК ҚДЖК-ң 177-бабының 5-бөлігі, 182-бабын және ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 20-бабын басшылыққа алып,

## ҚАУЛЫ ЕТТІМ

«Қайсар сүт» ЖШС-ң товарлық белгісін заңсыз пайдаланып жүрген белгісіз адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 199-бабының 1-бөлімімен қылмыстық іс қозғауға.

Қылмыстық істі алдын ала тергеу жұмысын жүргізу үшін Қаржы полициясының Қарасай ауданы бойынша тергеу бөліміне жолдауға.

Алынған шешім бойынша мүдделі жақтарға хабарлауға.

**Қарасай ауданы прокурорының м.а.  
Аға әділет кеңесшісі**

**М. Сейтқазықызы**

**«Шәй орталығы» ЖШС  
басшысына**

## Заңды түсіндіру

Прокуратура мен аудандық мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық басқарма тарапынан жүргізілген тексеру кезінде Сіз басқарып отырған тамақ өнімдерін шығаратын өндірісте «Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және басқа да тұтынушылардың құқығын қорғауға бағытталған заңдар мен заң актілерінің талаптары толық сақталмайтыны анықталды.

Негізгі шикізаттар Қытай мен Индонезия елінен әкелінген. Оларға берілген сәйкестік сертификаттардың мерзімі өтіп кеткен. Шетелден келген шикізаттар Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылық Министрлігінің Қарасай аудандық аймақтық басқармасының өсімдік жөніндегі карантиндік бақылаудан өтпеген. Шығып жатқан өнімдерді орайтын қораптарға сәйкестік сертификаттар тексеру кезінде ұсынылмады.

Аталған заң талаптарының толық орындалмауынан шәй өнімдерінің сапасына кері әсер етіп, тұтынушылардың құқығына зиян келіп, денсаулықтарына қауіп төнуі мүмкін.

Осы негізде, Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 26-бабын басшылыққа алып,

## ТҮСІНДІРЕМ

Нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетін және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуден өткен өнімдер, материалдар мен бұйымдар айналымда бола алады.

Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған заңдары мен заң актілерінің талаптары бойынша жеке және заңды тұлғалар әзірлейтін техникалық құжаттамаға тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігінің көрсеткіштері, олардың жарамдылық мерзімдері, орауға, таңбалауға қойылатын талаптар дайындалуы мен айналуының шарттары, олардың сапасы мен қауіпсіздігін өндірістік бақылау бағдарламалары, сынақтар әдістемесі, сапасыз және қауіпті тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды кәдеге жарату немесе жою тәсілдері енгізілуге тиіс.

Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жауапты болады.

**Қарасай ауданының прокуроры**  
**Аға әділет кеңесшісі**

**Т. Қ. Калиакберов**

**Қарасай аудандық Мемлекеттік**  
**Санитарлық эпидемиология**  
**қадағалау басқармасының бастығы**

---

**Заң бұзушылықты жою туралы**  
**ҰЙҒАРЫМ**

Алматы облыстық прокуратурасының тапсырмасына сай аудандағы мемлекеттік қадағалау мекемелерімен бірлесіп жүргізілген тексеру кезінде «Алтын-Орда» ЖШС әмбебап сауда кешенінде, «Жер-ана» базарында», Қаскелең қаласында орналасқан дүкендер мен кондитерлік өнімдер шығаратын жеке жұмыс істеп тұрған азаматтар, жеке кәсіпкерлер тұтынушылардың құқығын қорғауға, денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған заңдардың талаптарын өрескел бұзатындығы анықталды. Бұл сауда орындарында тез бұзылатын азық-түліктер сатылады. Сауда орындарында көрмелік және тұрмыстық тоңазытқыштар орнатылған, бірақ сатушылар тез бұзылатын тағамдарды тоңазытқыштарда сақтамай, сатып алушыларға көрініп тұру үшін, тоңазытқыштардан шығарып қойған. Дүңгіршіктерде азық-түліктердің сақталу ережесі де бұзылған. Сөрелер орнатылмаған, азық-түліктің көршілік сақталу ережесі сақталмай, дайын тағам мен дайындалмаған шикі тағамдар қатар сақталады, кесу құралдары белгіленбеген және сауда орындарын таза ұстауға жағдай жасалмаған. Кондитерлік өнімдердің шығу, сақталу уақыттары көрсетілмеген.

Азық-түліктерді, алкогольді заттарды сәйкестік сертификатсыз сату орын алған. Сатушылар арнайы киімдермен қамтамасыз етілмей, дәрігерлік тексеруден өтпеген. Шыққан мерзімі, жасал-



ған уақыты, орны көрсетілмеген кремдік тағамдар сатылуда. Тексеру кезінде 117 заң бұзушылық фактісі анықталып, құжаттар рәсімделді.

Осы негізде, адамдардың денсаулығына қауіпті тамақ өнімдерінің сатылып, жаппай улану қаупі болуының мүмкіндігін ескеріп, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 24-бабын басшылыққа алып,

## ҰЙҒАРАМЫН

Тексеру кезінде анықталған заң бұзушылықты жоюға шұғыл шара алуға;

Заң бұзушылыққа жол берген барлығы 117 факт бойынша жеке адамдар, жеке кәсіпкерлердің әкімшілік жауапкершілігін шешіп, оларға заң бұзушылықты жою туралы нұсқау беруге;

Ұйғарымның орындалуы туралы аудандық прокуратураға жазбаша хабарлауға.

Тіркелді: 117 материал

**Қарасай ауданының прокуроры**

**Аға әділет кеңесшісі**

**Т. Қ. Калиакберов**

**Қарасай ауданының әкімі**

---

*2003 жылдың 6 қаңтарындағы*

*№1-3 шешімге*

## НАРАЗЫЛЫҚ

Қарасай аудандық прокуратура аудандағы әкімияттың актілерінің, өзге де нормативтік-құқықтық сипаттағы актілерінің заңдылығын тексеру кезінде төмендегі заң талаптарының бұзылуын анықтады.

2003 жылдың 6 қаңтарында «1986 жылы туылған азаматтарды шақыру учаскелерінде тізімге алу және жастарды жедел әскери қызметке шақыруға дайындау туралы» аудан әкімнің шешімі қабылданған.

Бұл шешім заң талаптарына қайшы шығарылуына байланысты төмендегі негізде бұзылуға жатады.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 7-тармағының талабына сай әкімияттың және (немесе) әкімнің азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты актілері заңдарда белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органдарының мемлекеттік тіркеуіне жатады. Бұл заң талабы орындалмай, шешім тіркеуден өтпеген. Сонымен қатар осы баптың 6-шы тармағының талаптары да өрескел бұзылып, шешім еш баспасөзде ресми жарияланбаған.

Қазақстан Республикасының «Нормативтік-құқықтық актілері туралы» Заңының 38-бабының 1-тармағының талаптарына сай, жоғарыда көрсетілген сипаттағы нормативтік-құқықтық актілер Әділет министрлігінің аумақтық органдарында тіркелуі қажет. Мұндай тіркеу олардың орындалуының міндетті шарты болып есептеледі. Тіркелмеген нормативтік-құқықтық актілердің заңды күші болмайды.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 19-бабын басшылыққа алып,

#### ТАЛАП ЕТЕМІН:

1. 2003 жылдың 6 қаңтарындағы 1-3 санды «1986 жылы туылған азаматтарды шақыру учаскелерінде тізімге алу және жастарды жедел әскери қызметке шақыруға дайындау туралы» шешімнің орындалуын тоқтатып, оны заң талабына сәйкес келтіруді.

2. Наразылықтың қаралу нәтижесі және оған жүргізілген шаралар туралы аудандық прокуратураға заңмен белгіленген он күн мерзім ішінде хабарлауды.

**Қарасай ауданы прокурорының  
міндетін атқарушы  
Аға әділет кеңесшісі**

**М. Сейтқазықызы**

*Түркістан қаласының әкімі*

## Ұ С Ы Н Ы С

### Заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы

Түркістан қалалық прокуратурасымен облыс прокуратурасының тапсырмасына сәйкес, Түркістан қалалық білім бөлімінде (бұдан әрі – Бөлім) 2010, 2011 жылдары және 2012 жылдың өткен мерзімінде балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқумен қамтамасыз ету бойынша «Балапан» бағдарламасын жүзеге асыру барысында заңдылықтың сақталуына тексеру жүргізіліп, заңбұзушылықтардың орын алғандығы анықталды.

Атап айтқанда, Түркістан қаласының аумағында «Балапан» мемлекеттік бағдарламасы аясында құрылысы аяқталмаған мектепке дейінгі ұйымдарды пайдалануға қабылданғанға дейін ашып, бала қабылдау деректері орын алған.

Мемлекеттік қабылдау комиссиясының 14.09.2011 жылғы №3 құрылыс объектісін пайдалануға қабылдау туралы актісінің негізінде Түркістан қаласы әкімінің 07.10.2011 ж. №914 санды қаулысымен Түркістан қаласы, Яссы селосы, Балтакөл-Түркістан тас жолы бойындағы 280 орындық бала бақша құрылыс нысаны пайдалануға қабылданған.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 1-бабының 6-тармақшасына сәйкес, аяқталмаған құрылысты пайдалануға беру үшін тапсырысшы белгілеген тәртіппен қабылдамаған құрылыс объектісі болып табылады.

Осы Заңның 73-бабының 3-тармақшасында мемлекеттік қабылдау комиссиясының немесе қабылдау комиссиясының оң шешімі болмайынша, салынған объектіні пайдалануға жол берілмейтіні белгіленген.

Алайда, «Балапан» ясли бақшасы» МКҚК-ы пайдалануға тиісті тәртіппен қабылдауға дейін 36 күн бұрын 09 қаңтар 2012 ж. Салтанатты түрде ашылып, заң талаптарына сай пайдалануға жол берілмейтін бала бақша ғимаратына 280 бала тәрбиеленуге қабылданған.

«Балапан» ясли бақшасы» МКҚК-н, «Балғын» ясли бақшасы» МКҚК-н ашу барысында орын алған.

Нәтижесінде ғимарат пен орналасқан жер телімі уақытылы

балабақша теңгеріміне рәсімделмей, балалардың тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз) медициналық қызмет алуына жол берілуде.

Атап айтқанда, Түркістан қаласы әкімінің 19.10.2011 ж. №930 санды қаулысымен Түркістан қаласы білім бөлімінің «Күншуақ» ясли бақшасы» МКҚК құрылған.

Қазақстан Республикасы «Лицензиялау туралы» Заңының 11-бабында «Денсаулық сақтау саласының лицензиялауға жататыны, ал осы Заңның 26-бабында алғашқы медициналық-санитарлық көмек, дәрігерге дейінгі, білікті, жедел медициналық көмекпен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі» деп көрсетілсе, 4-51-бабына сай «Қазақстан Республикасының лицензиялау заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғатындығы» көрсетілген.

Алайда, «Күншуақ» ясли бақшасы» МКҚК-ның меңгерушісі С. Жунусова өз түсінігінде ясли бақша 2011 жылдың желтоқсан айының алтысы күнінен бастап ашылғанын, 2 топқа барлығы 100 бала қабылданғанын, бірақ ясли бақшаның медициналық кабинетіне мемлекеттік лицензия алынбағанын көрсеткен.

Мағыналас заң бұзушылықтар Түркістан қаласы Тұран ауылы «Балдырған» ясли бақшасы» МКҚК, «Балғын» ясли бақшасы» МКҚК, «Бәйшешек» ясли бақшасы» МКҚК, «Балапан» бала бақшасы» МКҚК және «Балбөбек» бала бақшасы» МКҚК-да орын алған.

Сондықтан 2010-2011 жылдары «Балапан» мемлекеттік бағдарламасы аясында пайдалануға қабылданған мектепке дейінгі ұйымдардың меншікке құқығын растайтын құжаттарын (жер табыстау жөніндегі қала әкімінің қаулысы, мемлекеттік акті, ғимаратты пайдалануға қабылдау актісі, ғимараттық техникалық құжаты және т.б.) рәсімделуін және мемлекеттік тіркеуден өтуін қамтамасыз ету қажет.

Бөліммен 2010 жылы 2741 бала мектепке дейінгі балалар ұйымдарына кезекке тұрғызылып, 1761 балаға жолдама берілген. 2011 жылы кезекке тұрғызылған балалар саны 3562 құраған. Бөлімде 2011 жылдың тамыз айынан желтоқсан айына дейінгі есепке алынған балалар саны 2885 болған.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабының 3-бөлігіне сәйкес мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер,

лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жолдама беру үшін мектеп жасына дейінгі балаларды тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 15-тармағының 3-тармақшасында қалалық білім басқармасының интернет ресурсынан, ауылдық жерде әкімдіктердің ақпараттық стенділерінен, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарынан алатыны белгіленген.

Алайда, 2010-2011 жылдары аралығында бөлім және жергілікті атқарушы органдармен кезектің жылжуы туралы ақпаратты стандартта белгіленген тәртіппен өтініш білдірушілерге жеткізбей, олардың конституциямен белгіленген ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігі шектелген.

Түркістан қаласы бойынша «Балапан» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2011 жылы атқарылған жұмыс есебіне сәйкес Түркістан қаласында 3-6 жастағы мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылмаған балалар саны 15550, осы жастағы қамтылмағандар саны 7777 бала, яғни 50,01 пайыз құрағаны, мемлекеттік бағдарламамен 2011 жылға белгіленген тапсырманың орындалғаны көрсетілген.

Алайда, «Түркістан қаласының білім бөлімі» 09.02.2012 ж. №49 санды бұйрығымен шағын орталықтардың балалардың санын анықтау үшін құрылған комиссия тобы құрылып, аталған комиссиямен тексеру барысында 39 шағын жинақталған орталықтардың титулдық тізімінде белгіленген 2614 бала санынан 183-ке кем екендігі анықталған.

Бұл жағдайда жұмыс есебінде көрсетілген мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылған балалар саны 7777 емес, 7494 бала деп көрсетілуі тиіс. Бұл жалпы қамтылған балалар санының 48,8 пайызын құрайды.

Осылайша бөлім қызметкерлерімен «Балапан» мемлекеттік бағдарламасында белгіленген межеге жету үшін, бала санын көбейту арқылы статистикалық есептің бұрмалануына жол берілген.

Аталған заңбұзушылықтар жауапты қызметкерлермен жұмыстарды Заң талаптарына сәйкес жүргізбейтіндігінен орын алған.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабын және Қазақстан Республикасының «Прокуратура утралы» Заңының 25-бабын басшылыққа алып,

## Ұ С Ы Н А М Ы Н

Осы ұсынысты заңда көрсетілген бір ай мерзім ішінде прокурордың қатысуымен қарап, ұсыныста көрсетілген заң бұзушылықтарды жоюға шаралар қарастыруды.

2010-2011 жылдары «Балапан» мемлекеттік бағдарламасы аясында пайдалануға қабылданған мектепке дейінгі ұйымдардың меншікке құқығын растайтын құжаттарын рәсімделуін және мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етуді.

Ұсыныстың қаралу орны мен уақытын үш күн бұрын Түркістан қалалық прокуратурасына хабарлауды.

Ұсыныстың қаралу нәтижесі мен олар бойынша көрілген шаралардың көшірмесін жазбаша түрде қалалық прокуратураға жолдауды.

**Түркістан қаласының прокуроры**  
**Аға әділет кеңесшісі**  
**Түркістан қалалық «Sulpak» сауда**  
**орталығының басшысына**

**А. Пашаев**

## ЗАҢДЫ ТҮСІНДІРУ

ҚР «Прокуратура туралы» Заңының  
26-бабына сәйкес

Түркістан қаласы Тәуке хан даңғылы бойында орналасқан «Sulpak» сауда орталығы ғимаратының үстінің екі шетінен Қазақстан Республикасының тулары «Sulpak» сауда орталығының туларымен қатар орналастырылған.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік рәміздер туралы» Заңының 2-бабында «мемлекеттік рәміздерді орналастыру және пайдалану тәртібі Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде айқындалады» делінген.

Осы Заңның 5-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын шет мемлекеттердің, қоғамдық бірлестіктердің және басқа да ұйымдардың туларымен бір мезгілде көтергенде (тіккенде, орналастырғанда) Қазақстан Республикасының мемлекеттік туының көлемі басқа тулардың көлемінен кіші болмауға және мемлекеттік ту басқа тулардан төмен орналастырылмауы, қоғамдық бірлестіктердің және басқа ұйымдардың тулары Қазақстан Республикасының мемлекеттік туымен бірдей болмауға тиіс» екендігі көрсетілген.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.10.2007 жылғы №873 санды Қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын, мемлекеттік елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік гимнінің мәтінін орналастыру туралы» Ережесінің 5-тармағында ғимараттарға тұрақты тігілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік туына тәуліктің қараңғы мерзімінде жарық түсіп тұруға тиіс» делінген.

Алайда «Sulpak» сауда орталығы ғимаратының үстінде орналасқан Қазақстан Республикасының тулары «Sulpak» сауда орталығының туларымен бірдей етіп орналастырылғандығы және тәуліктің қараңғы мерзімінде жарық түсіп тұруға жағдай жасалмағандығы анықталған.

Аталған Заңның 13-бабының 1-бөлігінде «Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Республика аумағында жүрген адамдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті» екендігі көрсетілген.

Осы Заңның 15-бабында «осы Конституциялық заңның талаптарын бұза отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын, мемлекеттік елтаңбасын және олардың бейнелерін пайдалану, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік гимнің орындау және оның мәтінін пайдалану не Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін қорлау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылыққа әкеп соғады» деп белгіленген.

Сонымен қатар, жеке және заңды тұлғалармен мемлекеттік нышандарды (рәміздерді) пайдалану тәртібін бұзғандығы үшін Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық ту-

ралы кодексінің 354-1-бабының бірінші бөлігінде әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Жоғарыдағылардың негізінде Қазақстан Республикасы «Прокуратура туралы» Заңының 26-бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік рәміздер туралы» Заңының талаптарына сәйкес, «Sulprak» сауда орталығы ғимаратында орналастырылған Қазақстан Республикасының туын заң талаптарын сақтай отырып орналастыру қажет екендігін түсіндіремін.

**Түркістан қаласының прокуроры**  
**Аға әділет кеңесшісі**

**А. Пашаев**

**Қ А У Л Ы**  
сотқа беру туралы

Түркістан қаласы «\_\_» \_\_\_\_\_ 2012 жыл

Түркістан қаласының прокуроры аға әділет кеңесшісі А. Пашаев ҚР ҚК-ң 175-бабының 3-бөлігінің «б» тармағымен айыпталған Исламов Данияр Каримовичке қатысты №12512603100267 санды қылмыстық ісін қарап,

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М**

Айыпкер Д. Исламовтың іс-әрекетінде ҚР ҚК-ң 175-бабының 3-бөлігінің «б» тармағында көрсетілген қылмыстық құрамы бар.

Істі өндірістен қысқартатындай жағдайлар қылмыстық іс бойынша жоқ.

Айыпкердің барлық іс-әрекеті бойынша заң тұрғысынан баға беріліп, толық дәлелденіп айып тағылған.

Қылмыс жасағаны туралы дәлелдемелер толық жинақталып, айыпкер ретінде жауапқа тартылған.

Айыпкерге қарсы бұлтартпау шарасы дұрыс қолданылған, өзгертуге негіз жоқ.

Айыптау қорытындысы ҚР ҚІЖК-ң 278, 279-баптарының талаптарына және жинақталған құжаттарға сәйкес түзілген.

Алдын ала тергеу барысында қылмыстық істі жүргізу заңының талаптары елеулі түрде бұзылғаны анықталмады.



Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, ҚР ҚДЖК-ң 284-бабының талаптарын басшылыққа алып,

### Қ А У Л Ы Е Т Т І М

Айыпкер Исламов Данияр Каримовичті ҚР ҚК-ң 175-бабының 3-бөлігінің «б» тармағымен сотқа беруге.

Айыпкер Д. Исламовтың бұлтартпау шарасы өзін-өзі дұрыс ұстау және ешқайда кетпеу қолхатында қалдыруға.

№12512603100267 санды қылмыстық істі айыптау қорытындысымен Түркістан қалалық сотына жолдауға.

Қылмыстық істің сотқа жолдануын мүдделі жақтарға хабарлауға.

**Түркістан қаласының прокуроры**

**Аға әділет кеңесшісі**

**А. Пашаев**

## Қазақстан Республикасының прокуратура органдары мен мекемелері қызметкерлерінің

### АР-НАМЫС КОДЕКСІ

#### (Прокуратура органдары мен мекемелері қызметкерлерінің қызметтік әдеп ережесі)

Қазақстан Республикасының прокуратура органдары мен мекемелерінде (бұдан әрі - прокуратура органдары) қызмет атқару қоғам және мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру туралы болып табылады және прокуратура органдарының қызметкерлерінің адамгершілігі мен моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Прокуратура органдарының қызметкері Қазақстан Республикасы прокуратурасының беделі мен абыройын нығайтуға, қызметтік міндеттерін адал атқаруға, сондай-ақ қызметте және тұрмыста Қазақстан Республикасының прокуратура органдары қызметкерлерінің ар-намыс кодексін (Прокуратура органдары мен мекемелерінің қызметкерлерінің қызметтік әдеп ережесі) (бұдан әрі - Кодекс) талаптарын және басқа да моральдық-этикалық нормаларды бұлжытпай сақтауға тиіс.

Осы Кодекс «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы №1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексіне (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп ережесі), Қазақстан Республикасы Президентінің 2008

жылғы 20 мамырдағы №595 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында қызмет өткеру туралы ережесіне және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының прокуратура органдары қызметкерлерінің міндетті түрде сақтауы тиіс мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді.

## **1. Прокуратура органдарының қызметкерлеріне қойылатын жалпы талаптар**

1. Прокуратура органдарының қызметкерлері мемлекет, қоғам және азаматтар алдындағы жауаптылықты сезіне отырып, олар:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын заңдарын және өзге де нормативтік-құқықтық актілерін бұлжытпай сақтауға;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын жақтауға және оны дәйекті жүзеге асыруға, өзінің іс-әрекетімен мемлекеттік биліктің беделін, азаматтар мен қоғамның мемлекет институттарына сенімін нығайтуға ықпал етуге;

3) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, мемлекет және қоғамның, заңды тұлғалардың заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау мен қорғауды қамтамасыз етуге, оларды бұзуға бастайтын іс-әрекеттерге жол бермеуге;

4) шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қарым-қатынасына, сеніміне, тұрғылықты жеріне және өзге де жағдайларға қарамастан адамның және азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

5) Қазақстан Республикасының, мемлекеттік биліктің және прокуратура органдарының беделін түсіретін іс-әрекеттердің жасалуына жол бермеуге;

6) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық татулықты нығайтуға жәрдемдесуге;

7) мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

8) жалпы қабылданған адамгершіліктің қағидалары мен нормаларын сақтауға, қызметте және тұрмыста жоғары парасат пен мәдениеттің үлгісі болуға ұмтылуы тиіс.

## **2. Қызметтік міндеттерін жүзеге асырумен байланысты прокуратура органдарының қызметкерлеріне қойылатын талаптар**

2. Прокуратура органдарының қызметкерлері өздерінің қызметтік іс-әрекетінде:

1) өз қызметін адалдық, әділдік және турашылдықпен жүзеге асыруға, прокурорлық қадағалаудың тиімділігін арттыруға, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға;

2) кез келген заң бұзушылықтарды, олардың себептері мен жағдайларын анықтауға және жоюға, бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге заңмен қарастырылған барлық шараларды қабылдауға;

3) өзінің кәсіби қызметінде мемлекеттік және қызметтік мүдделерді жеке мүддесінен жоғары ұстауға;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың жасалуына жол бермеуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға, кімнен туындағанына қарамастан оның кез келген көріністеріне төзбеуге;

5) өздеріне мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеу мақсатында қандай да бір адамдардың өтініштер білдіру фактілері туралы прокуратура органдарының басшыларына дереу хабарлауға;

6) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тыйым салуларды және шектеулерді, сондай-ақ прокуратура органдарында қызмет атқарумен байланысты талаптарды бұлжытпай сақтауға;

7) мүдделер қақтығысының алдын алуға және реттеп отыруға байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген шараларды қабылдауға;

8) мемлекеттік құпиялардың, қызметтік немесе заңмен қор-

ғалатын басқа мәліметтердің жариялануына жол бермеуге, басқа адамдар тарапынан мұндай фактілерді жасаудың жолын кесуге;

9) өтініштерді шынайылықпен, біліктілікпен, төрешілдік пен сөзбұйдаға жол бермей қарауға және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде қажетті шараларды қолдануға;

10) әріптестері және басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілерінің жолын кесуге;

11) қызметтік, әскери және еңбек тәртібін сақтауға, Қазақстан Республикасы прокуратура органдары қызметкерлерінің Антына адал болуға, прокуратура органдарының беделін және имиджін арттыруға, өзінің кәсіби ар-намысын қорғауға;

12) қоғам тарапынан сынға ұшырамауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, сын-ескертпелер негізді болған жағдайда оны кемшіліктерін жою үшін пайдалануға тиіс;

13) моральдық-психологиялық тұрғыдан ұстамды және төзімді болуға, субординацияны сақтауға, әріптестерімен тілектестік қарым-қатынаста жүруге, азаматтар және заңды тұлғалармен қарым-қатынас жасауда сыпайылық пен ұқыптылық танытуға;

14) нысанды киім киюдің тәртібін сақтауға, өзінің сыртқы келбетімен жалпы қабылданған іскерлік әдеп стандарттарына сәйкес келуге тиіс.

### **3. Прокуратура органдары қызметкерлеріне қызметтен тыс уақытта қойылатын талаптар**

3. Прокуратура органдарының қызметкерлері қызметтен тыс уақытта:

1) теріс қоғамдық пікірталас тудыратын әрекеттерге жол бермеуге, олардың атағына нұқсан келтіруі мүмкін мінез-құлықтардан тартынып жүруге;

2) қарапайымдылық танытуға, өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға;

3) прокуратура органының қызметкері жоғары атағына нұқсан келтіретін кез келген жеке қарым-қатынастарға бармауға;

4) кәсіби міндетін атқарудың шынайылығы мен мінсіздігіне ықпал етуі мүмкін іскерлік және қаржылық қарым-қатынастардан тартынып жүруге.

#### **4. Ұйымдастыру-билік ету өкілеттігі берілген прокуратура органдары қызметкерлеріне қойылатын талаптар**

4. Ұйымдастыру-билік ету өкілеттігі берілген прокуратура органдарының қызметкерлері:

1) бағынысты қызметкерлерге анық орындай алмайтын өкімдер бермеуге және олардан қызметтік міндеттерінің шеңберінен тыс тапсырмалар орындауды талап етпеуге;

2) бағынысты қызметкерлерге қатысты негізсіз тәртіптік жауаптылыққа тартуға, жұмыстан шығаруға, қызметі бойынша жоғарылауда кедергі жасауға, сыныптық шендер мен әскери атақтар беру, аттестациядан өту кезінде кәсіби, іскерлік және жеке қасиеттерін шынайы бағаламау фактілеріне, дөрекілікке, адамдық қадір-қасиетін кемсітуге, жөнсіздікке жол бермеуге;

3) бағынысты қызметкерлерді құқыққа қайшы теріс қылықтар немесе жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормалармен үйлеспейтін теріс қылықтар жасауға мәжбүр етпеуге;

4) бағынысты қызметкерлердің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларын сақтауына жеке бақылауды қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлықтың көріністерінің алдын алу бойынша уақытылы және түпкілікті шараларды қабылдауға;

5) қатардағы қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте белсенді көмек көрсететін бағынысты қызметкерлерді қудалаудан қорғау және оларды ынталандыру шараларын қабылдауға;

6) бағынысты қызметкерлердің осы Кодекстің талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге, оның бұзылу фактілеріне қағидаттық тұрғыдан назар аударып, кінәлі адамдардың жауаптылығы туралы мәселені шешуге;

7) бағынысты қызметкерлерді жоғары деңгейдегі жалпы және кәсіби мәдениетке тәрбиелеуге, осы Кодекстің талаптарын бұлжытпай сақтаудың үлгісін көрсетуге тиіс.

### **5. Прокуратура органдары қызметкерлеріне көпшілік алдында сөйлеу кезінде қойылатын талаптар**

5. Прокуратура органдары қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында оның басшылары немесе бұған уәкілеттік берілген лауазымды тұлғалары сөйлейді.

Қызметкерлер прокуратура органдарының беделіне нұқсан келтірмей, пікірталасты әдепті түрде жүргізуге тиіс.

6. Прокуратура органдарының қызметкерлері мемлекеттік саясат және қызметтік ісінің мәселелері жөніндегі өз пікірін, егер ол:

- 1) мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмесе;
- 2) жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпараттарды ашатын болса;
- 3) жеке және заңды тұлғалардың атына әдепсіз сөздер айтудан тұрса, көпшілік алдында білмеуі тиіс.

7. Прокуратура органының қызметкерін сыбайлас жемқорлық жасаған деп көпшілік алдында негізсіз айыптаған жағдайда, ол бұл айыптауларды теріске шығару, соның ішінде сот арқылы теріске шығару шараларын қабылдауы қажет.

### **6. Қорытынды ережелер**

8. Прокуратура органдары қызметкерлерінің осы Кодекстің талаптарын білуі мен сақтауы олардың міндеті және прокуратура органдарында қызмет атқарудың шарты, сондай-ақ олардың іскерлік және моральдық-этикалық қасиеттерін бағалау белгілерінің бірі болып табылады.

9. Прокуратура органдарының қызметкерлері осы Кодексте көзделген талаптарды бұзғаны немесе орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР

1. Прокурорлық қадағалаудың маңызы мен мақсаты
2. Прокуратура органдарының жүйесі, ұйымдастырылуы мен қызметінің принциптері
3. Прокурорлық қадағалаудың негізгі бағыттары, маңызы мен мақсаты
4. Заң бұзушылыққа шара алу жөніндегі прокурордың құқықтық актілері
5. Прокуратура органдарының жұмысын ұйымдастырудың құқықтық негіздері
6. Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдардың қолданылуын прокурорлық қадағалаудың маңызы мен мақсаты
7. Жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын субъектілердің заңдарды қолданылуын прокурорлық қадағалау
8. Тергеу мен анықтама заңдылығын прокурорлық қадағалау
9. Тергеуге дейінгі тексерістің заңдылығын прокурорлық қадағалау
10. Тергеу мен анықтама органдарының сезікті адамды ұстауының заңдылығын прокурорлық қадағалау
11. Прокурордың сотта мемлекеттің мүддесін білдіруінің маңызы мен мақсаты
12. Прокурордың қылмыстық істер бойынша бірінші сатыдағы сотқа қатысуының мақсаты, өкілеттігі
13. Апелляциялық, кассациялық және қадағалау сот алқасында прокурордың өкілеттігі мен қадағалау актілері
14. Прокурордың азаматтық істер бойынша сотта мемлекеттің мүддесін білдірудегі өкілеттігі мен құқықтық актілері
15. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына прокурорлық қадағалаудың маңызы мен мақсаты
16. Прокуратура қызметкерлеріне қойылатын талаптар, құқықтық статусы
17. Азаматтық істер бойынша сот шешімдерінің орындалуына прокурорлық қадағалау
18. Әкімшілік іс жүргізудің заңдылығын прокурорлық қадағалау
19. Сезіктіні (айыпкерді) ұстау мен қамаудың заңдылығын прокурорлық қадағалау
20. Бас бостандығымен байланыссыз қылмыстық жазаның орындалуын прокурорлық қадағалау



21. Көлікте заңның қолданылуын прокурорлық қадағалаудың маңызы мен мақсаты

22. ҚР Қарулы Күштерінде заңның қолданылуын прокурорлық қадағалау

23. Ұсталған, қамауға алынған және қылмыстық жазаны өтеуші адамдардың құқықтарының сақталуын прокурорлық қадағалау

24. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың қолданылуына прокурорлық қадағалауды жүзеге асыратын субъектілер және олардың құқықтық актілері

25. Сыбайлас жемқорлықпен күрес, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған заңдардың нақты және бірыңғай қолданылуына прокурорлық қадағалаудың маңызы мен мақсаты

26. Кәсіпкерлікті қолдау және қорғауға бағытталған заңдардың қолданылуын прокурорлық қадағалау

27. Прокуратурада азаматтардың арыздары, өтініштері мен талап-тілектерін қарау тәртібі

28. Прокурорлық құқықтық актілер үндеу, алдын ала ескертудің түсінігі, маңызы мен мақсаты

29. Үкімнің орындалу кезеңіндегі прокурорлық қадағалаудың маңызы мен мақсаты

30. Әкімшілік істер бойынша сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру

31. Атқару өндірісінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырудағы прокуратура органдары қызметінің басымды бағыттары

32. Қылмыстық қудалауды жүзеге асырудағы прокурордың өкілеттігі

33. Құқықтық статистика мен арнайы есеп жүргізудің жүйесі

34. Халықаралық ынтымақтастықтың мақсаты мен міндеттері

35. Прокуратураның қылмыспен күрес саласында халықаралық ынтымақтастығы

36. Прокурордың сотта іс қараудағы құзыреті

37. Прокурорлық қадағалау актілері ұсыныс пен ұйғарымның түсінігі мен қолдану тәртібі

38. Қазақстан Республикасы прокуратурасының конституциялық орны

38. Прокурорлық қадағалауды жүзеге асыратын субъектілер және олардың өкілеттігі

39. Тергеу мен анықтама заңдылығын прокурорлық қадағалаудың объектісі

40. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының

сақталуына прокурорлық қадағалауды жүзеге асырудағы прокурордың өкілеттігі мен құқықтық актілері

41. Прокурорлық қадағалау актісі санкцияның мазмұны мен мақсаты

42. Құқық қорғау органдарының Үйлестіру кеңесінің міндеттері, функциялары және өкілеттіктері

43. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының өкілеттігі және құқықтық актілері

44. Бас Көлік прокуратурасының қадағалау объектілері мен құзыреті

45. Бас Әскери прокуратураның өкілеттігі мен құқықтық актілері

46. Аудан, қала және оларға теңестірілген прокурорлардың құқықтық статусы

47. Прокуратура органдары қызметкерлерін кәсіптік даярлау және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру

48. Қылмыстық істі сотқа жіберу

49. Прокуратура органдарының жоғары қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметі және қызметінің құқықтық кепілдігі

50. Прокурорлық қадағалау актілері үндеу, алдын ала ескерту мен заңды түсіндіру түсінігі, маңызы мен мақсаты

51. Органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың құқықтық актілері мен іс-әрекеттерінің заңға сәйкес келуін қадағалау

52. Халықаралық келісімдердің қолданылуында Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстанда тұрақты тұратын адамдардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын прокурорлық қадағалау

53. Қазақстан Республикасы прокуратура органдары мен мекемелерінде жеке және заңды тұлғалардың өтінішін қарау

54. Прокуратура органдарындағы алқа және оның қызметі

55. Прокурорлық қадағалаудың принциптері

56. Артықшылықтары мен қылмыстық ізге түсуден иммунитеті бар адамдардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына прокурорлық қадағалау

57. Прокуратура органдарының бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынасының маңызы мен мақсаты

58. Прокуратура Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық институттарының жүйесінде

59. Шетелдегі прокуратура органдарының ұйымдастырылуы мен қызметі

60. Арнайы прокурорлар және олардың өкілеттігі

## ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ. ЖАУАПТАРДЫҢ НҰСҚАЛАРЫ

“Қазақстан Республикасындағы прокурорлық  
қадағалау курсы” пәні

1. Заң бұзушылыққа шара қолдану жөніндегі прокурордың құқықтық актілері:

- а) шешім
- б) қаулы
- в) үкім
- г) жарлық
- д) заң

2. Прокуратураның мемлекеттік органдар жүйесіндегі орны:

- а) атқарушы органның құрамына кіреді
- б) сот жүйесіне жатады
- в) мемлекеттік орган болып табылады
- г) Президентке ғана бағынады
- д) жеке мемлекеттік орган

3. Қылмыстық істердің қозғалуының заңдылығына прокурорлық қадағалау нәтижесі бойынша алынатын шешімдер:

- а) алдын ала тергеу жұмыстарын жүргізеді
- б) істі қосымша тергеуге қайтарады
- в) қылмыстық іс қозғауға келісім береді
- г) қылмыстық істі басқа тергеушіге жолдайды
- д) сотқа өтініш береді

4. Прокурордың қылмыстық істер бойынша сотта мемлекеттің мүддесін білдірудегі өкілеттігі:

- а) іс бойынша кейбір тергеу амалдарын орындайды
- б) қорытынды береді
- в) шешім шығарады
- г) экспертиза тағайындайды
- д) наразылық келтіреді

5. Прокуратура қызметінің құқықтық негіздері:

- а) Халықаралық шарттар
- б) Парламент қаулысы
- в) Президент Жарлығы
- г) Үкімет қаулысы
- д) ҚР Конституциясы

6. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына қадағалау жасаудағы прокурордың өкілеттігі:

- а) өкім қабылдайды
- б) сот шешімдерін бұзады

- в) заңсыз актіге наразылық келтіреді
- г) нұсқаулық қабылдайды
- д) бұйрық шығарады

7. Азаматтық істер бойынша сот шешімдерінің орындалуына қай прокурор қадағалау жасайды?

- а) тек прокуратура басшылары
- б) тек сол істердің сотта қаралуына қатысқан прокурорлар
- в) өз құзыреті шегінде барлық прокурорлар
- г) жоғарғы тұрған прокурорлар
- д) осы міндет жүктелген прокурорлар

8. Сотта әкімшілік іс жүргізудің заңдылығына қадағалау нәтижесі бойынша алынатын прокурорлық актілер:

- а) бұйрық
- б) шешім
- в) ереже
- г) ұйғарым
- д) наразылық

9. Сезіктіні (айыпкерді) ұстау мен қамаудың заңдылығын қадағалаудағы прокурордың өкілеттігі:

- а) тергеу жұмыстарын жүргізеді
- б) сараптама жүргізеді
- в) ұйғарым жолдайды
- г) санкция жөнінде қорытынды береді
- д) сотқа өтініш береді

10. Жедел іздестіру қызметін жүзеге асырған кезде заңның, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылғаны анықталған жағдайда прокурор қандай шара қолданады?

- а) өзінің қаулысымен жедел іздестіру шараларын тоқтатады
- б) сотқа өтініш береді
- в) наразылық келтіреді
- г) үндеу қабылдайды
- д) ұйғарым береді

11. Анықтау мен алдын ала тергеудің заңдылығын прокурорлық қадағалау нәтижесі бойынша прокурордың актілері:

- а) ұйғарым
- б) шешім
- в) бұйрық
- г) өтініш
- д) нұсқау

13. Соттың заңды күшіне енбеген заңсыз үкіміне прокурор қандай шара қолданады?

- а) сол сотқа ұсыныс енгізеді
- б) жоғарғы тұрған сотқа ұсыныс енгізеді

- в) жоғарғы тұрған прокурорға ұсыныс енгізеді
- г) апелляциялық наразылық келтіреді
- д) қадағалау наразылығын келтіреді

14. Прокурорлық қадағалау актілері қабылданбаған немесе олар заңда көрсетілген мерзімде қаралмаған жағдайларда прокурор қандай шара қолданады?

- а) жоғарғы тұрған прокурорға шағымданады
- б) жоғарғы тұрған органға шағымданады
- в) сотқа өтініш береді
- г) қарамаған лауазым иесін тәртіптік жауапқа тартады
- д) әкімшілік жауапқа тартады

15. Прокурорлық қадағалау актісі ұйғарымы қандай жағдайда қолданылады?

- а) заңсыз актінің күшін жою үшін
- б) соттың заңсыз шешіміне
- в) мекеме басшысының заңсыз бұйрығын бұзуға
- г) заңмен қорғалатын мүдделерге елеулі зиян келтіретін ашық сипаттағы заң бұзушылықты дереу жою үшін
- д) заңсыз қамауға алынған адамды босату үшін

16. Облыс прокурорларын және оларға теңестірілген прокурорларды қызметке кім тағайындайды?

- а) Бас Прокурордың ұсынысымен ҚР Президенті
- б) Сенаттың келісімімен ҚР Президенті
- в) ҚР Бас Прокуроры
- г) ҚР Парламенті Мәжілісінің келісімімен Бас Прокурор
- д) ҚР Президентінің келісімімен ҚР Бас Прокуроры

17. Аудандық, қалалық және оған теңестірілген прокурорларды осы қызметке кім, қандай мерзімге тағайындайды?

- а) 4 жылға облыс прокуроры
- б) 4 жылға Бас Прокурордың келісімімен облыс прокуроры
- в) 4 жылға ҚР Бас Прокуроры
- г) 5 жылға ҚР Бас Прокуроры
- д) 5 жылға Парламент келісімімен ҚР Бас Прокуроры.

18. Соттың заңды күшіне енген заңсыз қаулысына прокурор қандай шара көреді?

- а) сол сотқа ұсыныс енгізеді
- б) жоғарғы тұрған сотқа ұсыныс енгізеді
- в) жоғарғы тұрған прокурорға ұсыныс енгізеді
- г) қадағалау наразылығын келтіреді
- д) апелляциялық наразылық келтіреді

19. Республика Бас Прокурорының орынбасарларын қызметке кім тағайындайды және қызметтен босатады?

- а) ҚР Парламент Сенатының келісімімен ҚР Президенті

- б) Бас Прокурордың ұсынысы бойынша ҚР Президенті
- в) ҚР Бас Прокуроры
- г) Президенттің келісімімен ҚР Бас Прокуроры
- д) Парламент Мәжілісінің келісімімен ҚР Президенті

20. Прокурорлық қадағалау актісі:

- а) алдын ала ескерту
- б) бұйрық
- в) өкім
- г) нұсқаулық
- д) ережелер

21. Прокуратураны ұйымдастыру және оның қызмет мәселелерін реттейтін актілер:

- а) наразылық
- б) қаулы
- в) ұйғарым
- г) өкімдер
- д) өтініш

22. Заңды тұлғалардың заңсыз актісіне келтірілген прокурордың наразылығы неше күнде қаралуға тиіс?

- а) бір айда
- б) бір аптада
- в) үш тәулік ішінде
- д) он күнде
- г) өз қарауы бойынша

23. Прокурордың қылмыстық қудалауды жүзеге асырудағы өкілеттігі:

- а) наразылық келтіреді
- б) сотқа өтініш береді
- в) қылмыстық іс қозғайды
- г) өкім шығарады
- д) ұсыныс береді

24. Әкімшілік іс жүргізудің заңдылығын қадағалаудағы прокурордың өкілеттігі:

- а) бұйрық шығарады
- б) нұсқаулар береді
- в) өтініш береді
- г) санкция береді
- д) наразылық келтіреді

25. Бас бостандығынан айыру орындары мен мекемелерінде тексеру жұмысын жүргізу үшін прокурор ол жерлерге қай уақыттарда кіре алады?

- а) жұмыс уақытында
- б) әкімшілік белгілеген күндері

- в) жасақталған кесте уақытында
- г) кез келген уақытта
- д) күндізгі мезгілде ғана

26. Төменгі тұрған прокурорлардың актілерінің күшін кім жоя алады?

- а) ҚР Бас Прокуроры
- б) Облыстар мен оған теңестірілген прокурорлар
- в) Соттың шешімдері арқылы
- г) Жоғарғы тұрған прокурорлар
- д) Бас прокуратураның қызметкерлері

27. Республика Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысына қай прокурор наразылық келтіруге құқылы?

- а) Осы міндет жүктелген прокурор
- б) ҚР Бас Прокуроры мен оның орынбасарлары
- в) ҚР Бас Прокуроры
- г) ҚР Бас Прокурорының бірінші орынбасары
- д) Барлық прокурорлар

28. Жедел іздестіру қызметінің заңдылығына қадағалауды қай прокурор жүзеге асырады?

- а) ҚР Бас Прокуроры
- б) Облыс прокурорлары
- в) Арнайы прокурорлар
- г) ҚР Бас Прокуроры мен өзге де прокурорлар
- д) Осы міндет жүктелген прокурорлар

29. Тергеу мен анықтама жүргізуші адамдардың заңсыз қаулыларына прокурор қандай шара алады?

- а) сотқа өтініш береді
- б) өз қаулысымен күшін жояды
- в) жоғарғы тұрған органға ұсыныс енгізеді
- г) жоғарғы тұрған прокуратураға хабарлайды
- д) тәртіптік жауапкершілік туралы мәселе қояды

30. Заңсыз қамауға алынған адам жөнінде прокурор қандай шешім қабылдайды?

- а) сотқа өтініш береді
- б) жоғарғы тұрған прокурорға хабарлайды
- в) қамаудан босату туралы ұсыныс береді
- г) наразылық келтіреді
- д) қамаудан босатады

31. Айыптау қортындысымен түскен қылмыстық істі сотқа жіберу кезіндегі прокурордың өкілеттігі:

- а) жоғарғы тұрған прокурорға баяндайды
- б) қосымша тергеуге қайтарады

- в) сотқа өтініш береді
- г) айыптау қортындыны бұзады
- д) заңды түсіндіреді

32. Прокуратура қызметкерлері кімдер?

- а) жоғарғы заң білімі бар адамдар
- б) кемінде үш жыл стажы бар адамдар
- в) арнайы емтихан тапсырған адамдар
- г) прокурорлар қызметіне аттестациядан өткен адамдар
- д) бұрын сотты болмаған адамдар

33. Соттың азаматтық істер бойынша шешімімен келіспеген жағдайда прокурор қандай шара алады?

- а) жоғарғы тұрған сотқа наразылық береді
- б) жоғарғы тұрған прокурорға хабарлайды
- в) істі қараған сотқа ұсыныс береді
- г) өзінің қаулысымен күшін жояды
- д) ұйғарым келтіреді

34. Көлікте заңның қолданылуына прокурорлық қадағалауды қай прокурор жүзеге асырады?

- а) өз құзыреті шегінде барлық прокурорлар
- б) арнайы прокурорлар
- в) тек ҚР Бас Прокуроры
- г) осы міндет жүктелген прокурорлар
- д) облыс прокурорлары

35. ҚР Қарулы Күштерінде заңның қолданылуына прокурорлық қадағалауды қай прокурор жүзеге асырады?

- а) барлық прокурорлар
- б) тек ҚР Бас Прокуроры
- в) әскери прокурорлар
- г) мамандандырылған прокурорлар
- д) облыс және аудан прокурорлары

36. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың қолданылуына прокурорлық қадағалауды қай прокуратура жүзеге асырады?

- а) тек мамандандырылған прокуратура
- б) мамандандырылған және аумақтық прокуратура
- в) облыс прокуратуралары
- г) өз құзыреті шегінде барлық прокуратура
- д) облыс, қала, аудан прокуратуралары

37. Сыбайлас жемқорлықпен күрес, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған заңдардың нақты және бірыңғай қолданылуына прокурорлық қадағалауды қай прокурор жүзеге асыруға міндетті?

- а) ҚР Бас Прокуроры мен оның орынбасарлары
- б) Облыс және оған теңестірілген прокурорлар
- в) барлық прокурорлар



- г) мамандандырылған прокурорлар
- д) осы міндет жүктелген прокурорлар

38. Соттың заңды күшіне енген қаулыларына наразылық жасау өз құзыреті шегінен асып кеткен кезде прокурор қандай шешім алады?

- а) сотқа өтініш жасайды
- б) сотқа қатысушыларға заңды түсіндіреді
- в) заңсыз қаулының орындалуын тоқтатады
- г) наразылық жасау жөнінде жоғарғы тұрған прокурорға ұсыныс жасайды
- д) жоғарғы тұрған прокурорға хабарлайды.

39. Санкция беру қай прокурордың құзыреті

- а) өз құзыреті шегінде барлық прокурорлар
- б) осы міндет жүктелген прокурорлар
- в) тек Бас Прокурор
- г) арнайы прокурорлар
- д) тек облыс прокурорлары

40. Сотта мемлекет мүддесін білдірудегі прокурордың өкілеттігі

- а) шешім қабылдайды
- б) үкім шығаруға ықпал етеді
- в) жоғарғы прокурордың өкілеттігін іске асырады
- г) заңдылықтың сақталуын қадағалайды
- д) ұсыныс береді

41. Республика Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысына қай прокурор наразылық жасауға құқылы

- а) Бас прокуратура қызметкерлері
- б) Бас Прокурор және оның орынбасарлары
- в) Бас Прокурор осы міндетті жүктеген орынбасары
- г) Бас прокуратураның арнайы Департаменті қызметкерлері
- д) ҚР Бас Прокуроры

42. Сезікті мен айыпкерлерді қамауға санкция берудегі прокурордың құзыреті

- а) қамауға санкция береді
- б) қамау жөнінде тергеу органына тапсырма береді
- в) қамау жөнінде ұйғарым қабылдайды
- г) санкция жайлы тергеушінің талап-тілегін қолдау туралы қаулы қабылдайды
- д) санкция жайлы тергеушінің талап-тілегін қолдау туралы сотқа жаз-баша өтініш жібереді

43. Қылмыстық қудалауды жүзеге асырудағы прокурордың өкілеттігі

- а) ұйғарым шығарады
- б) тергеу тобын басқарады
- в) тергеу тобын жасақтау жөнінде бұйрық шығарады
- г) тергеушіні ауыстырады
- д) ұсыныс енгізеді

44. Артықшылықтары мен қылмыстық ізге түсуден иммунитеттері бар адамдарды қылмыстық жауапқа тартуға, қамауға алуға, мәжбүрлеп келтіруге ҚР Бас Прокуроры қандай құқықтық акті қабылдайды?

- а) үндеу жариялайды
- б) ҚР Президентінен келісім алады
- в) ҚР Парламентінің Сенатына немесе Мәжілісіне ұсыныс енгізеді
- г) ҚР Парламентінің тиісті Палатасына ұйғарым жолдайды
- д) ҚР Парламентінің Сенатына заңды түсіндіреді

45. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты қылмыстық істі қай құқық қорғау органы қозғайды?

- а) Ішкі Істер органы
- б) Қаржы полициясы
- в) қылмысты ашқан тергеу органы
- г) Бас Прокурордың бірінші орынбасары
- д) қылмыс туралы арыз немесе хабар түскен орган

46. Судьяларға қатысты қылмыстық істі қай орган қозғай алады?

- а) барлық анықтау мен тергеу органдары
- б) тек қаржы полициясы
- в) тек Ұлттық қауіпсіздік комитеті
- г) арыз бен хабар түскен орган
- д) ҚР Бас Прокуроры

47. Қазақстан Республикасының Сенат пен Парламент Мәжілісінің басшыларынан түскен өтінішке жауапты қай прокурор беруге құқылы?

- а) осы өтінішті қараған прокурор
- б) Бас прокуратураның Департамент бастығы
- в) ҚР Бас Прокуроры
- г) ҚР Бас Прокурорының орынбасарлары
- д) Бас Прокурордың тапсырмасымен облыс прокурорлары

48. ҚР Бас Әскери прокурорын кім, қандай мерзімге тағайындайды?

- а) ҚР Бас Прокурорының ұсынысымен ҚР Президенті 5 жыл мерзімге
- б) ҚР Бас Прокуроры 5 жыл мерзімге
- в) ҚР Бас прокуратурасының алқа мүшелерінің келісімімен Бас Прокурор 4 жыл мерзімге
- г) ҚР Президентінің келісімімен Бас Прокурор 5 жыл мерзімге
- д) ҚР Парламенті Сенатының келісімімен Бас Прокурор 4 жыл мерзімге

50. Әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша заңды күшіне енген сот актілеріне қай прокурор наразылық келтіруге құқылы?

- а) іс қаралған аумақтың прокуроры
- б) жоғары тұрған прокурор
- в) ҚР Бас Прокуроры
- г) облыс прокурорлары
- д) Бас Прокурор тапсырма берген прокурор

## **Қолданылған нормативтік-құқықтық актілер мен әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30.08.1995 жыл
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 16.07.1997 жыл
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі, 13.12.1997 жыл
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі, 13.12.1997 жыл
5. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, 27.12.1994 жыл
6. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі, 13.07.1999 жыл
7. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 30.01.2001 жыл
8. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, 15.05.2007 жыл
9. Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңы, 30.06.1998 жыл
10. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңы, 21.12.1995 жыл (07.22.2011 жыл соңғы редакция)
11. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы, 23.07.1999 жыл
12. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы, 02.07.1998 жыл
13. Қазақстан Республикасының «Жедел іздестіру қызметі туралы» Заңы, 15.09.1994 жыл
14. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы, 08.08.2002 жыл
15. Қазақстан Республикасының «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Заңы, 19.06.1995 жыл
16. Қазақстан Республикасының «Халықаралық шарттар туралы» Заңы, 30.05.2005 жыл
17. Қазақстан Республикасы Президентінің 28.03.2003 жылғы №1050 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті туралы» Ереже
18. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Жарлығы 31.08.2011 жыл №146
19. Қазақстан Республикасы Президентінің 02.06.2011 жылғы №68 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ереже»

20. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010 жылғы 12.08. №47 бұйрығымен бекітілген «Әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша мемлекет мүддесіне өкілдік ету және сот актілеруінің заңдылығын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі» Нұсқаулық

21. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 12.08.2010 жылғы №46 бұйрығымен бекітілген «Азаматтық істер бойынша сот актілерінің заңдылығын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру және азаматтық іс жүргізуде мемлекеттің мүддесіне өкілдік ету жөніндегі» Нұсқаулық

22. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 12.10.2010 жылғы №71 бұйрығымен бекітілген «Ұсталған, қамауға алынған және қылмыстық жазаны өтеуші адамдардың құқықтарының сақталуына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы» Нұсқаулық

23. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының «Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру бойынша нұсқаулықты бекіту туралы» 28.12.2010 жылғы №88 бұйрығы

24. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 07.02.2011 жылғы №16 бұйрығымен бекітілген «Қылмыстық процесте заңдылықты қадағалауды ұйымдастыру туралы» Нұсқаулық

25. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының «Қылмыстық істер бойынша мемлекет мүддесіне өкілдік ету және сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы» 07.11. 2011 жылғы №105 бұйрығы

26. Қазақстан Республикасы прокуратура органдары мен мекемелері қызметкерлерінің АР-НАМЫС кодексі, ҚР Бас Прокурорының 13.10.2009 жылғы №1034 бұйрығымен бекітілген

27. Қазақстан Республикасының Бас әскери прокуратура туралы Ереже, ҚР Бас Прокурорының 08.10.2009 жылғы №566 бұйрығымен бекітілген

28. ҚР Бас Прокурорының 12.09.2011 жылғы №83 бұйрығымен бекітілген «Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге ақпаратты қабылдау, тіркеу, есепке алу, соның ішінде электронды форматта және қарау жөніндегі Нұсқаулық»

29. Халықаралық ынтымақтастық саласында қадағалауды ұйымдастыру туралы нұсқаулық, ҚР Бас Прокурорының 06.04.2011 жылғы №30 бұйрығымен бекітілген

30. Тергеу мен анықтау заңдылығын қадағалау Департаменті туралы Ереже, ҚР Бас Прокурорының 13.03.2012 жылғы №29 бұйрығымен бекітілген

31. Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі шарттар

32. Альдекеев А. А. История становления и развития органов прокуратуры Республик Казахстан. Алматы, Қазақ университеті 2000.

33. Ахпарова Р. Н. Органы прокуратуры Республики Казахстан. Алматы, 2000

34. Басков В. И. Прокурорский надзор. Учебник. Издательство БЕК Москва, 1995
35. Прокурорский надзор. Учебник шестое издание. Закон и право Москва, 2010
36. Бактыбаев И. Ж. Конституционный надзор прокуратуры Республики Казахстан. Алматы, Жеті Жарғы, 2000
37. Журсинбаев С. К. Обеспечение прокурором прав личности на предварительном следствии, Алматы, 2000
38. Журсинбаев С. К. Прокурорский надзор в Казахстане. Учебник. Алматы 2003
39. Сапарғалиев Г. С. Место и роль прокуратуры в механизме государства Казахстан. Астана, 1999
40. Туякбаев Ж. А. Развитие прокуратуры Казахстана в период государственно-правой реформы. Алматы, 1997
41. Темирбулатов С. Г. Роль и место прокуратуры в системе обеспечения конституционной законности. Астана, 1999
42. Хитрин Ю. А. Проблемы совершенствования прокурорского надзора на современном этапе. Астана, 1999
43. Чувилев А. А., Чувилев Ан. А. Прокурорский надзор (вопросы и ответы), Москва, 1999 год
44. М. Сейтқазықызы. Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау курсы, (оқу құралы). Алматы, 2006

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	3
---------------	---

### ЖАЛПЫ БӨЛІМ

<b>1-тарау. «Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсының пәні мен жүйесі .....</b>	<b>6</b>
§1. «Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсының пәні, жүйесі мен мазмұны.....	6
§2. Прокуратура Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық институттарының жүйесінде .....	9
<b>2-тарау. Прокуратураның қалыптасуы мен даму тарихы .....</b>	<b>15</b>
§1. Прокуратураның пайда болуы және оның дамуының негізгі тарихи кезеңдері .....	15
§2. Қазақстан Республикасының прокуратурасының даму тарихы.....	20
§3. Шетелдердегі прокуратура органдарының ұйымдастырылуы мен қызметі .....	23
<b>3-тарау. Қазақстан Республикасы прокуратура органдарын ұйымдастырудың және қызметінің құқықтық негізі, принциптері.....</b>	<b>27</b>
§1. Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және қызметінің құқықтық негіздері.....	27
§2. Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің принциптері .....	29
<b>4-тарау. Прокуратура органдарының жүйесі, құрылымы және олардың ұйымдастырылуы .....</b>	<b>32</b>
§1. Прокуратура органдары жүйесі, құрылымы түсінігі, олардың ұйымдастырылу принципі.....	32
§2. Әскери және мамандандырылған прокуратураларды ұйымдастыру мен қызметінің мақсаты .....	37
§3. Прокуратура органдарында жұмысты ұйымдастыру .....	45
<b>5-тарау. Прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттары Прокуратураның құқықтық актілері.....</b>	<b>47</b>
§1. Прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттарының түсінігі мен мақсаты .....	47
§2. Прокуратура органдарының жоғары қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметі және қызметінің құқықтық кепілдігі.....	49
§3. Прокуратураның құқықтық актілерінің жүйесі мен мазмұны.....	51
<b>6-тарау. Прокуратура органдарындағы қызмет .....</b>	<b>59</b>
§1. Прокурорлар, прокуратура органдарының қызметкерлері, оларға қойылатын талаптар.....	59
§2. Прокуратура органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, тәрбиелеу және әлеуметтік, құқықтық қорғау.....	61

## ЕРЕКШЕ БӨЛІМ

<b>7-тарау. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, заңды тұлғалардың және мемлекеттің мүдделерінің сақталуын қадағалау</b> .....	66
§1. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, заңды тұлғалардың және мемлекеттің мүдделерінің сақталуын қадағалаудың маңызы мен міндеті.....	66
§2. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуының құқықтық негіздері.....	68
§3. Органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың құқықтық актілері мен іс-әрекеттерінің заңға сәйкес келуін қадағалау.....	73
§4. Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдардың қолданылуына, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру.....	75
§5. Қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі прокурорлардың өкілеттігі мен қадағалау актілері.....	86
§6. Қазақстан Республикасы прокуратура органдары мен мекемелерінде жеке және заңды тұлғалардың өтінішін қарау.....	90
<b>8-тарау. Жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың заңдарды қолдануын прокурорлық қадағалау</b> .....	95
§1. Прокурорлық қадағалаудың маңызы мен міндеті.....	95
§2. Прокурордың өкілеттігі және құқықтық актілері.....	98
§3. Жедел іздестіру қызметінің заңдылығына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру.....	100
<b>9-тарау. Тергеу мен анықтама заңдылығына прокурорлық қадағалау</b> .....	103
§1. Тергеу мен анықтама заңдылығына прокурорлық қадағалаудың объектісі, маңызы мен мақсаты.....	103
§2. Тергеуге дейінгі тексерістің заңдылығын қадағалау.....	107
§3. Прокурордың анықтама мен тергеу заңдылығын қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттігі.....	110
§4. Прокурорлық қадағалауды жүзеге асыратын субъектілер және құқықтық актілері.....	116
§5. Тергеу мен анықтама органдарының сезікті адамдарды ұстауының заңдылығына прокурорлық қадағалау.....	120
<b>10-тарау. Сотта мемлекеттің мүддесін білдіру</b> .....	126
§1. Прокуратура органдарының сотта мемлекеттің мүддесін білдіруінің маңызы мен мақсаты.....	126
§2. Прокурордың сотта мемлекеттің мүддесін білдіру жөніндегі қызметін ұйымдастыруының маңызы.....	127
§3. Прокурордың қылмыстық істер бойынша бірінші сатыдағы сотқа қатысуы.....	129
§4. Апелляциялық, кассациялық және қадағалау сот алқаларында прокурордың қатысуы.....	133

§5. Прокурордың сотта азаматтық істер бойынша қатысуының маңызы мен мақсаты .....	136
<b>11-тарау. Әкімшілік іс жүргізудің заңдылығына прокурорлық қадағалау</b> .....	142
§1. Әкімшілік іс жүргізудің заңдылығына прокурорлық қадағалаудың маңызы мен мақсаты.....	142
§2. Әкімшілік іс жүргізудің заңдылығына қадағалау жасаудағы прокурордың өкілеттігі, құқықтық актілері және осы бағыттағы жұмысын ұйымдастыру .....	144
<b>12-тарау. Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына прокурорлық қадағалау</b> .....	152
§1. Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын прокурорлық қадағалаудың маңызы мен мақсаты .....	152
§2. Қылмыстық істер бойынша тағайындалған жазалардың орындалуы кезеңіндегі заңдылықтың сақталуына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру .....	154
§3. Азаматтық және өзге істер жөніндегі сот шешімдерін атқару заңдылығына прокурорлық қадағалаудың маңызы мен мақсаты.....	158
<b>13-тарау. Қылмыстық қудалау</b> .....	167
§1. Қылмыстық қудалау жөніндегі өкілеттік.....	167
§ 2. Қылмыстық істі сотқа жіберу .....	172
<b>14-тарау. Қазақстан прокуратурасының халықаралық құқықтық ынтымақтастығы</b> .....	175
§1. Халықаралық құқықтық ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде заңдардың қолдануын прокурорлық қадағалаудың маңызы мен міндеттері.....	175
§2. Прокуратураның қылмыспен күрес саласында халықаралық ынтымақтастығы және өкілеттігі .....	179
<b>15-тарау. Құқықтық статистика мен арнайы есеп жүргізудің жүйесі</b> .....	189
§1. Құқықтық статистиканың тарихы, құқықтық статистиканы қалыптастыру мен арнайы есеп жүргізудегі прокуратура органдарының мақсаты .....	189
§2. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің қызметін ұйымдастыру .....	191
<b>16-тарау. Қылмыспен және басқа құқық бұзушылықпен күресте құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру</b> .....	196
§1.Құқық қорғау органдарының қызметін үйлестірудің маңызы мен мақсаты .....	196
§2. Үйлестіру кеңесінің міндеттері, функциялары және өкілеттіктері.....	199
Прокурорлық қадағалау актілерінің үлгісі .....	205
Өзіндік жұмыстардың тақырыбы, сұрақтар .....	242
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	250



**Мәрзия Сейтқазықызы**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ**  
**ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ**

*Оқулық*

Басуға 08.10.2012 қол қойылды. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times».  
Пішіні 60х90<sup>1/16</sup>. Офсеттік басылым. Баспа табағы 16.  
Таралымы 1200 дана. Тапсырыс 1067.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: rpik-daur81@mail.ru

## Мәрзия Сейтқазықызы



1977 жылы С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітіргеннен кейін, 1977-2004 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында: Маңғышлақ, Оңтүстік Қазақстан, Ақмола, Алматы облысы прокуратураларында аға тергеуші, аудан прокурорларының бірінші орынбасары, 7,5 жыл Түркістан қаласының прокуроры, облыстық прокуратуралардың басқарма бастығы, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының аға көмекшісі қызметтерінде болған.

1993-1996 жылдары прокурорлық қызметімен қоса Түркістанда жаңа ашылған А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің заң факультетінде прокурорлық қадағалау пәнінен дәріс берген.

Астана қаласында Бас Прокуратурада қызмет жасай жүріп, «Қайнар», «Орта Азия» университеттерінде сабақ берген. «Қайнар» университетінің доценті.

2004 жылдың қазан айынан М. Сейтқазықызы А. Ясауи атындағы университетінің заң факультетінде сабақ береді, университет доценті.

«Ізгілік жолында» атты әдеби кітап пен 2006 жылы баспадан шыққан «Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау курсы» оқу құралының авторы.

Қадағалау қызметін дамытуға, елде заңдылық және құқықтық тәртіпті нығайту ісіне қосқан үлесі үшін ҚР Президентінің алғыс хатымен, ҚР Бас Прокурорының, Білім және ғылым министрінің алғыс хаттарымен, Қазақстан Республикасы прокуратурасына 20 жыл мерекелік медалімен марапатталған.

КСРО прокуратура органдарының үздік тергеушісі, ҚР прокуратурасының құрметті қызметкері, аға әділет кеңесшісі, мемлекеттік лицензиялы адвокат, Түркістан қаласының құрметті азаматы.